

ISSN 2306-7365 (Print)  
ISSN 2664-0686 (Online)  
Индекс 75637  
DOI prefix: 10.47526

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ

HOCA AHMET YESEVI  
ULUSLARARASI TÜRK-KAZAK ÜNİVERSİTESİ



**1150 жыл**  
Әл-Фарабидің мерейтойы



**175 жыл**  
Абай Құнанбайұлының  
мерейтойы

**YESEVI**  
**ÜNİVERSİTESİ**  
**HABARŞISI**  
**Bilimsel Dergisi**

**ЯСАУИ**  
**УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**  
**ХАБАРШЫСЫ**  
**ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**  
**№3 (117) 2020**  
**шілде-тамыз-қыркүйек**

**БАС РЕДАКТОР**

биология ғылымдарының докторы, профессор  
**АБДРАСИЛОВ БОЛАТБЕК СЕРІКБАЙҰЛЫ**

**YAYIN YÖNETMENİ**

Prof. Dr.

**ABDRASILOV BOLATBEK SERIKBAYULI**

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

доктор биологических наук, профессор  
**АБДРАСИЛОВ БОЛАТБЕК СЕРИКБАЕВИЧ**

**CHIEF EDITOR**

Professor, Doctor of Biological Sciences  
**ABDRASSILOV BOLATBEK SERIKBAYEVICH**

**Индекстеледі/Tarama indeksli/ Индексируется/ Scanned indexes:**  
Directory of Research Journals Indexing



## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

### Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Журнал Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1996 жылғы 8 қазанда тіркеліп, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің №232-Ж куәлігі берілген.

Шығу жиілігі: 3 айда 1 рет. МББ тілі: қазақша, түрікше, ағылшынша, орысша. Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы, алыс және жақын шетел. **Индекс №75637**. Журнал 2013 жылдың қаңтар айынан бастап Париж қаласындағы ISSN орталығында тіркелген. **ISSN 2306-7365 (Print), ISSN 2664-0686 (Online)**.

Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің 2018 жылдың 11 желтоқсандағы №1945 және 14 желтоқсандағы №1992 бұйрықтарымен журнал Комитет ұсынатын ғылыми басылымдар тізіміне Философия, Тарих, Педагогика және Филология бағыттары бойынша енгізілді.

## KURUCU:

### Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi

Dergi 8 Ekim 1996'da Kazakistan Cumhuriyeti Basın ve Medya İletişim Ajansı tarafından tescillenmiş, Kazakistan Cumhuriyeti Yatırım ve Gelişim Bakanlığının, İletişim, Bilişim ve Bilgilendirme Komitesinin 232-J numaralı kimliği verilmiştir. Yayın Süresi: 3 ayda 1 defadır. Süreli Basın Yayın Dili: Kazakça, Türkçe, İngilizce ve Rusça. Dağıtım Bölgesi: Kazakistan Cumhuriyeti, uzak ve yakın yabancı ülkeler. **İndeks: 75637**. Dergi, Ocak 2013'ten bu yana Paris'teki ISSN Merkezi'nde kayıtlıdır. **ISSN 2306-7365 (Print), ISSN 2664-0686 (Online)**.

Bu dergi, Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanlığı'nın 11/12/2018 tarih ve 1945 sayılı kararı ile 14/12/2018 tarih ve 1992 nolu kararı çerçevesinde Felsefe, Tarih, Pedagoji ve Filoloji alanlarında KC EBB tarafından tavsiye edilen bilimsel dergiler listesine dahil edilmiştir.

## УЧРЕДИТЕЛЬ:

### Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави

Журнал зарегистрирован в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации Республики Казахстан 8 октября 1996 года. Комитетом связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан выдано свидетельство №232-Ж.

Периодичность издания: 1 раз в 3 месяца. Язык ППИ: казахский, турецкий, английский, русский. Территория распространения: Республика Казахстан, дальнее и ближнее зарубежье. **Индекс №75637**.

Журнал с января 2013 года был зарегистрирован в Центре ISSN в городе Париже.

**ISSN 2306-7365 (Print), ISSN 2664-0686 (Online)**.

Приказами Комитета по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан от 11 декабря 2018 года №1945 и от 14 декабря 2018 года №1992 журнал включен в перечень научных изданий в области Философии, Истории, Педагогики и Филологии, рекомендуемых Комитетом.

## FOUNDER:

### Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

The Journal was registered by the Communication, Informatization and Information Committee Periodical press and information agency of the Republic of Kazakhstan on October 8, 1996, Ministry of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan issued a certificate № 232-G. Publication: 1 time in 3 months. Language PPP: Kazakh, Turkish, English, Russian. Territory of distribution: the Republic of Kazakhstan, near and far abroad. **Index №75637**.

The journal has been registered since January 2013 at the ISSN Center in Paris.

**ISSN 2306-7365 (Print), ISSN 2664-0686 (Online)**.

Pursuant to the Order of the Committee for Control in Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated December 11, 2018 №1945 and December 14, 2018 №1992, the journal is included in the list of scientific publications in the field of Philosophy, History, Pedagogy and Philology, recommended by the Committee.

### **Бас редактордың орынбасары**

педагогика ғылымдарының докторы, профессор Беркимбаев К.М.

### **Бас редактордың орынбасары**

доцент, Ph.D. Пилтен Пусат

### **Жауапты хатшы**

философия ғылымдарының кандидаты, доцент Балтабаева А.Ю.

### **РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА**

Жұрынов Мұрат	- ҚР ҰҒА президенті, академик /Қазақстан/
Демиркөз Мелахат Білге	- профессор, доктор /Түркия/
Гржибовский Андрей	- м.ғ.д., профессор /Норвегия/
Капилла Хосе Э.	- профессор, доктор /Испания/
Корнилов Виктор	- п.ғ.д., профессор /Ресей/
Мырзақұлов Рэтбай	- ф.-м.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Мейер Бургхард	- профессор, доктор /Германия/
Турметов Батирхан	- ф.-м.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ташпынар Мехмет	- профессор, доктор /Түркия/
Сагироглу Шереф	- профессор, доктор /Түркия/

### **РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Абуов Әміреқұл	- филос.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ақбасова Аманкүл	- техн.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ақйол Хаяти	- профессор, доктор /Түркия/
Атемова Қалипа	- п.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Бөлеев Талант	- психол.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Бұлбұл Ибрагим	- профессор, доктор /Түркия/
Булуч Бекир	- профессор, доктор /Түркия/
Батырбаев Нұрлан	- з.ғ.к., доцент /Қазақстан/
Гелишли Юджел	- профессор, доктор /Түркия/
Ергөбек Құлбек	- ф.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Еркибаева Гульфайруз	- п.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Есімова Шолпан	- э.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Жетібаев Көпжасар	- т.ғ.к., доцент /Қазақстан/
Жетпісбаева Бахытгүл	- п.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Йылдыз Мұса	- профессор, доктор /Түркия/
Кенжетай Досай	- филос.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Молдалиев Ықылас	- м.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Мырзалиев Бораш	- э.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Накипов Балғабай	- з.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ниязов Талғат	- э.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Томар Женгиз	- профессор, доктор /Түркия/
Торыбаева Жәмила	- п.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Умбетов Әмірбек	- техн.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ұзақбаева Сақыпжамал	- п.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ыдырыс Серікбай	- э.ғ.д., профессор /Қазақстан/

**Yayın Yönetmen Yardımcısı**

Prof. Dr. Berkimbayev K.M.

**Yayın Yönetmen Yardımcısı**

Doç. Dr. Pilten Pusat

**Yayın Kurulunun Sorumlu Sekreteri**

Doç. Dr. Baltabayeva A.Y.

**DANIŞMA KURULU**

Jurinov Murat	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Demirköz Melahat Bilge	- Prof. Dr. /Türkiye/
Grjibovskiy Andrey	- Prof. Dr. /Norveç/
Kapilla Jose E.	- Prof. Dr. /İspanya/
Kornilov Viktor	- Prof. Dr. /Rusya/
Myrzakulov Ratbay	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Meyer Burghard	- Prof. Dr. /Almanya/
Turmetov Batırhan	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Taşpınar Mehmet	- Prof. Dr. /Türkiye/
Sağıroğlu Şeref	- Prof. Dr. /Türkiye/

**EDİTÖR KURULU**

Abuov Amrekul	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Akbasova Amankül	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Akyol Hayati	- Prof. Dr. /Türkiye/
Atemova Kalipa	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Böleyev Talant	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Bülbül İbrahim	- Prof. Dr. /Türkiye/
Buluç Bekir	- Prof. Dr. /Türkiye/
Batırbayev Nurlan	- Doç. Dr. /Kazakistan/
Gelişli Yücel	- Prof. Dr. /Türkiye/
Ergöbek Kulbek	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Erkibayeva Gulfayruz	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Esimova Şolpan	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Jetibayev Köpjasar	- Doç. Dr. /Kazakistan/
Jetpisbayeva Bahtıgül	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Yıldız Musa	- Prof. Dr. /Türkiye/
Kenjetay Dosay	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Moldaliyev İkilas	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Myrzaliyev Boraş	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Nakipov Balgabay	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Niyazov Talğat	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Tomar Cengiz	- Prof. Dr. /Türkiye/
Torıbayeva Jamila	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Umbetov Ömirbek	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Uzakbayeva Sahıpjamal	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Idiris Serikbay	- Prof. Dr. /Kazakistan/

### **Заместитель главного редактора**

доктор педагогических наук, профессор Беркимбаев К.М.

### **Заместитель главного редактора**

доцент, Ph.D. Пилтен Пусат

### **Ответственный секретарь**

кандидат философских наук, доцент Балтабаева А.Ю.

### **РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

Журинов Мурат	- президент НАН РК, академик /Казахстан/
Демиркоз Мелахат Билге	- профессор, доктор /Турция/
Гржибовский Андрей	- д.м.н., профессор /Норвегия/
Капилла Хосе Э.	- профессор, доктор /Испания/
Корнилов Виктор	- д.п.н., профессор /Россия/
Мирзакулов Ратбай	- д.ф.-м.н., профессор /Казахстан/
Мейер Бургхард	- профессор, доктор /Германия/
Турметов Батирхан	- д.ф.-м.н., профессор /Казахстан/
Ташпынар Мехмет	- профессор, доктор /Турция/
Сагироглу Шереф	- профессор, доктор /Турция/

### **РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ**

Абуов Амрекул	- д.филос.н., профессор /Казахстан/
Акбасова Аманкул	- д.техн.н., профессор /Казахстан/
Акйол Хаяти	- профессор, доктор /Турция/
Атемова Калипа	- д.п.н., профессор /Казахстан/
Болеев Талант	- д.психол.н., профессор /Казахстан/
Булбул Ибрагим	- профессор, доктор /Турция/
Булуч Бекир	- профессор, доктор /Турция/
Батырбаев Нурлан	- к.ю.н., доцент /Казахстан/
Гелишли Юджел	- профессор, доктор /Турция/
Ергобек Кулбек	- д.ф.н., профессор /Казахстан/
Еркибаева Гульфайруз	- д.п.н., профессор /Казахстан/
Есимова Шолпан	- д.э.н., профессор /Казахстан/
Жетибаев Копжасар	- к.и.н., доцент /Казахстан/
Жетписбаева Бахытгул	- д.п.н., профессор /Казахстан/
Йылдыз Муса	- профессор, доктор /Турция/
Кенжетай Досай	- д.филос.н., профессор /Казахстан/
Молдалиев Ыкылас	- д.м.н., профессор /Казахстан/
Мырзалиев Борап	- д.э.н., профессор /Казахстан/
Накипов Балгабай	- д.ю.н., профессор /Казахстан/
Ниязов Талгат	- д.э.н., профессор /Казахстан/
Томар Женгиз	- профессор, доктор /Турция/
Торыбаева Жамила	- д.п.н., профессор /Казахстан/
Умбетов Умирбек	- д.техн.н., профессор /Казахстан/
Узакбаева Сахипжамал	- д.п.н., профессор /Казахстан/
Ыдырыс Серикбай	- д.э.н., профессор /Казахстан/

### **Deputy chief editor**

Professor, Doctor of Pedagogical Sciences Berkimbayev K.M.

### **Deputy chief editor**

Associate Professor, Ph.D. Pilten Pusat

### **Responsible secretary**

Associate Professor, Ph.D. Baltabayeva A.Yu.

## **EDITORIAL BOARD**

Zhurynov Murat	- President of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, academician /Kazakhstan/
Demirkoz Melahat Bilge	- Professor, Doctor /Turkey/
Grijibovsky Andrey	- Doctor of Medical Sciences, Professor /Norway/
Kapilla Hose	- Professor, Doctor /Spain/
Kornilov Viktor	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Russia/
Myrzakulov Ratbay	- Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Meyer Burghard	- Professor, Doctor /Germany/
Turmetov Batyrhan	- Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Tashpinar Mehmet	- Professor, Doctor /Turkey/
Sagiroglu Sheref	- Professor, Doctor /Turkey/

## **EDITORIAL COUNCIL**

Abuov Amirekul	- Doctor of Philosophy, Professor /Kazakhstan/
Akbasova Amankul	- Doctor of Technical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Akyol Hayati	- Professor, Doctor /Turkey/
Atemova Kalypa	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Boleyev Talant	- Doctor of Psychology, Professor /Kazakhstan/
Bulbul Ibrahim	- Professor, Doctor /Turkey/
Buluc Bekir	- Professor, Doctor /Turkey/
Batyrbayev Nurlan	- Candidate of Law, Associate Professor /Kazakhstan/
Gelisli Yucel	- Professor, Doctor /Turkey/
Yergobek Kulbek	- Doctor of Philology, Professor /Kazakhstan/
Yerkybayeva Gulfayruz	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Essimova Sholpan	- Doctor of Economics, Professor /Kazakhstan/
Zhetibayev Kopzhasar	- Candidate of Historical Sciences, Associate Professor /Kazakhstan/
Zhetpisbayeva Bakhytgul	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Yildiz Musa	- Professor, Doctor /Turkey/
Kenzhetay Dosay	- Doctor of Philosophy, Professor /Kazakhstan/
Moldaliyev Ykylas	- Doctor of Medical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Myrzaliyev Borash	- Doctor of Economics, Professor /Kazakhstan/
Nakipov Balgabay	- Doctor of Law Sciences, Professor /Kazakhstan/
Niyazov Talgat	- Doctor of Economics, Professor /Kazakhstan/
Tomar Cengiz	- Professor, Doctor /Turkey/
Torybayeva Zhamilya	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Umbetov Omirbek	- Doctor of Technical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Uzabayeva Sakhipzhamal	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Ydyrys Serikbay	- Doctor of Economics, Professor /Kazakhstan/

ФИЛОСОФИЯ, ДІНТАНУ

ӘОЖ 2:14; МҒТАР 21.31;  
<https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.001>

Ж.С. САНДЫБАЕВ<sup>1</sup>, С.У. АБЖАЛОВ<sup>2</sup>✉, К.М. БЕРКИМБАЕВ<sup>3\*</sup>

<sup>1</sup>философия ғылымдарының кандидаты, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті (Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: kaz\_astana74@mail.ru

<sup>2</sup>философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: sultano81@mail.ru

<sup>3</sup>педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz  
<https://orcid.org/0000-0002-5191-8140>

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ БАҚЫТҚА ЖЕТЕЛЕЙТІН «ТӨРТ ІЗГІЛІК» ФИЛОСОФИЯСЫ

Мақала ұлы ойшыл әл-Фарабидің қала тұрғындарын бақытқа жетелейтін «төрт ізгілік» философиясына арналған. Ғалым қала тұрғындарын бұл дүниеде рахат өмірге, о дүниеде асқақ бақытқа жеткізетін «төрт ізгіліктің» сырын айтады. Бұл қаланың тұрғындары қылмыс жасамайды, ізгілік қылғанды жақсы көреді, қоғам мүшелері әдепті, басшысы әділ. Осындай қоғамды құру үшін халық «төрт ізгілікті» – теориялық, ойшылық, этикалық және практикалық өнерлерді игерулері қажет. Әл-Фараби бұл төрт ізгілікті жеке ашып, оларды халыққа дарыту әдістерін баяндайды. Кейін адамдардың бақытқа жетуі үшін әуелі «бақыттың» не екенін және оған жету жолын түсіндіреді.

Философ мұндай ізгі халықты бақытқа бастайтын басшының қандай болуы керектігін суреттейді. Ол – әділ, әдепті, білімді, шешен сөзді және философ.

**Кілт сөздер:** әл-Фараби, адам, қоғам, имам, төрт ізгілік, басшы, бақыт, білім, философ, әділ, грек ойшылдары, ғалым.

Zh.S. Sandybayev<sup>1</sup>, S.U. Abzhalov<sup>2</sup>, B.K. Berkimbayev<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Candidate of Philosophical Sciences, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Kazakhstan, Almaty), e-mail: kaz\_astana74@mail.ru

<sup>2</sup>Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkestan), e-mail: sultano81@mail.ru

<sup>3</sup>Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkestan), e-mail: kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz

Al-Farabi's Philosophy of the «Four Virtues» that Lead to Happiness

The article is dedicated to the great philosopher al-Farabi's philosophy of the “four virtues” that lead to happiness in the city. The scientist tells the secret of the «four virtues» that lead the people of the city to a happy life in this world and great happiness in the next. The people of this city do not commit crimes, they love to do good, the members of the society are polite and the leader is fair. In order to create such a society, people need to master the «four virtues» –

\* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Сандыбаев Ж.С., Абжалов С.У., Беркимбаев К.М. Әл-Фарабидің бақытқа жетелейтін «төрт ізгілік» философиясы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №3 (117). – Б. 7–14. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.001>

\* **Cite us correctly:**

Sandybaev J.S., Abjalov S.Ū., Berkimbayev K.M. Al-Farabıdın baqytqa jeteleitın «tört izgilik» filosofıasy [Al-Farabi's Philosophy of the «Four Virtues» that Lead to Happiness] // Iasayı úniversitetiniń habarshysy. – 2020. – №3 (117). – B. 7–14. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.001>

theoretical, intellectual, ethical and practical arts. Al-Farabi personally reveals these four virtues and describes the methods of imparting them to the people. He then explains what «happiness» is and how to achieve it in order for people to be happy.

The philosopher describes what it means to be a leader who leads such a good nation to happiness. He is fair, polite, educated, eloquent and a philosopher.

**Keywords:** Al-Farabi, a person, society, Imam, four virtues, leader, happiness, knowledge, philosopher, fair, Greek thinkers, scientist.

**Ж.С. Сандыбаев<sup>1</sup>, С.У. Абжалов<sup>2</sup>, К.М. Беркимбаев<sup>3</sup>**

*<sup>1</sup>кандидат философских наук, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак (Казахстан, г. Алматы), e-mail: kaz\_astana74@mail.ru*

*<sup>2</sup>кандидат философских наук, доцент, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г. Туркестан), e-mail: sultano81@mail.ru*

*<sup>3</sup>доктор педагогических наук, профессор, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г. Туркестан), e-mail: kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz*

**Философия аль-Фараби о «четырёх добродетелях»,  
которые служат достижению счастья**

Статья посвящена философии великого мыслителя аль-Фараби о «четырёх добродетелях», которые ведут жителей горада к достижению счастья. Ученый раскрывает секрет «четырёх добродетелей», которые служат достижению дальнего счастья в этой жизни и высшего блаженства – в потусторонней. Люди такого горада не совершают преступлений и любят делать добро, они вежливы, а их лидер справедлив. Чтобы создать такое общество, людям необходимо овладеть искусством добродетельности – это теоретические добродетели, мыслительные добродетели, этические добродетели и практические искусства. Аль-Фараби отдельно останавливается на каждой добродетели и описывает методы передачи их людям. Далее он дает толкование понятию «счастье» и объясняет пути его достижения.

Философ рисует идеальный образ лидера, способного привести добродетельную нацию к счастливой жизни. Это справедливый, воспитанный, образованный и красноречивый человек и философ.

**Ключевые слова:** аль-Фараби, человек, общество, имам, четыре добродетели, лидер, счастье, знание, философ, справедливый, греческие мыслители, ученый.

**Кіріспе**

Құдай, адам, қоғам, мемлекет өміріндегі саясат, гуманизм, мораль мәселелері ғасырлар бойы заманынан озық туған ғалымдардың басты мәселелерінің бірі. Бұл мәселелерді айналып өткен философ жоқ десек қателеспейміз. Тіпті сонау антикалық дәуірден бастау алған «Құдай», «бақытты қоғам», «бірінші басшы», «ізгілік және зұлымдық», «әрекетшіл ақыл», «интеллект» сияқты т.б. категорияларды зерделеген грек ойшылдары өздерінен кейінгі ғалымдарға көптеген ойлар салып кетті. Бұл ұғымдарды жаңаша пайымдап ақылға салып, жаңа қырынан таныту қажеттілігі туды. Осы аралықта қоғамда факиһтер (мұсылман құқықтанушылары), араб тілді перипатетиктер және саяси-әдептік теорияларды негіздеушілер топтары қалыптасты. Дана, ұлы ойшыл, ғалым-энциклопедист Әбу Насыр әл-Фараби жоғарыда аталған перипатетиктердің қатарында еді. Кейде бұларды утопиялық теориялардың негізінде түрлі «қайырымды қалаларды» жасаушылар деп те атайды.

Мысалы, әл-Фарабидің «Тахсил әс-сағада» (Бақытқа жету жайында) [1], «Әро-у әхлу әл-мәдинати әл-фазилә» (Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары) [2], «Әс-Сиясату әл-Мәдәния» (Азаматтық саясат) [3] сияқты т.б. шығармаларының барлығы осыған дәлел.

Ғалым бұл дүниеде рахат өмірге, о дүниеде асқақ бақытқа кенелетін, қылмыс жасамайтын, тұрғындары ізгілік қылғанды жақсы көретін, басшысы әділ қоғамды құру



жолын түсіндірді. Ол өзінің «Бақытқа жету жайында» атты еңбегінің алғашқы бетінде былай деп айтады: «Адамның басына дарыған төрт түрлі нәрсеге халықтар мен қала тұрғындары қол жеткізсе, олар бұл өмірде дүние бақытына, арғы өмірде ұлық бақытқа жетеді. Бұлар: теориялық ізгіліктер, ойшылдық ізгіліктер, этикалық ізгіліктер және практикалық өнерлер» [1, 415-б].

Әл-Фараби мұнда негізгі эстетикалық категорияны негіздеуге үлкен мән береді, дәлірек айтқанда басқаларға үлгі болатын басшыға лайық сұлулық категориясы. Сұлулық, бұл адам сұлулығының, рухани және адамгершілік пен физикалық көрінісі. Ойшылды діни мистиктермен салыстырғанда, адам баласының бақытқа кенелуін тек арғы дүниеде емес, керісінше оның бұл дүниеде бақытқа қол жеткізуіне себеп-салдарды іздеді.

Ғалымның пікірінше, қоғам бақытқа жетуі үшін әрбір азамат қол жеткізуі тиіс төрт ізгілік бар. Мұндағы бұл дүниеде һәм арғы дүниеде бақытқа кенеледі деп отырған төрт нәрсе: теориялық ізгіліктер, ойшылдық ізгіліктер, этикалық ізгіліктер және практикалық өнерлер. [4] Әл-Фарабидің ойын жақсырақ түсіну үшін осы аталған төрт ізгілікке қысқаша анықтама бергеніміз жөн болар. Сонымен, ізгілік деп не нәрсені түсінуіміз қажет?

Әл-Фарабидің тілімен айтқанда: «Теориялық ізгіліктер дегеніміздің түпкі мақсаты өмірде бар нәрселерді рационалды қамтып және сонымен ғана көз жеткізетін білімдер. Бұл білімдердің ішінде адам ана құрсағынан дүниеге келген кездегі әуел бастан көңілге тоқылған білімдер бар», [1, 417-б]. Демек кейбір ғылымның түрі адаммен бірге ана құрсағынан келетін болғандықтан, ол бұл білімдердің қалайша және қайдан келгенін білмей де қалады. Сондықтан бұларды әл-Фараби «алғашқы білімдер», – деп айтады. Алғашқы білімдер үшін арнайы уақыт бөліп оқу шарт емес. Бұл – өмірмен, тәжірибемен келетін білімдер. Адам әуелі осы білімдерге ие болады.

Алғашқы білімдерден кейін бұларды тексеру, зерттеу және оқу арқылы келетін ғылымдар қалыптасады – деп әл-Фараби адамның ақыл-ойын жоғары қояды. Ол теориялық ізгіліктердің ішіне азаматтық білімді де жатқызды, себебі адам алғашқы білімнен кейін «қалайша?» (кәйфа?) және «бұл не нәрсе?» (мә һәзә?) деген сұрақтарға жауап іздеп, өзінің адами тұлғасын қалыптастырады.

### **Зерттеу әдістемесі**

Мақалада әл-Фарабидің бақытқа жету философиясындағы «төрт ізгілік» тұжырымдамасына философиялық талдау жасалды. Ол үшін ғалымның түпнұсқадағы «Тахсил әс-сағада» (Бақытқа жету жайында), «Әро-у әхлу әл-мәдинати әл-фазилә» (Қайырымды қала тұрғындары), «Әс-Сиясату әл-Мәдәния» (Азаматтық саясат) трактаттары зерделеніп, олардағы бақытқа жетелейтін ізгілік категорияларының нақты тұтастық, жүйелілік қағидалары және бүтіндік пен бөліктік күйлері көрініс тапты. Сонымен тақырыптың мазмұнын аша түсу мақсатында тарихи және логикалық әдістеме тәсілі қолданылды. Сол арқылы әл-Фараби заманындағы ғалымдардың бақытқа жету жайындағы пайымдарына салыстырмалы шолу жасадық.

### **Негізгі бөлім**

Әл-Фарабиде азаматтық ғылым – адамды «кәміл инсан» (инсанун кәмилун) болу мақсатына алып баратын жолды қарастырады. Бұл жол қайырымдылық пен ізгі амал жолы яғни, адамның кәміл болуы үшін дем беретін немесе соған жету үшін адамға игілік, ізгілік, қайырымдылық түрінде пайда келтіретін барлық зат біткенді зерттейді. Бұларды кемелдікке жетуге тосқауыл болатын жамандық, шалағайлық, қаскүнемдік сияқты заттардан бөлек алып қарайды. Сөйтіп ойшыл адамның кемелдікке жетуі үшін оның бойында болуы қажет қасиеттерді жеке дара атап көрсетеді де оның қандай сипаттардан арылу керектігін айтады. Бұл жерде қайырымдылық пен дос болу, ізгілік амалдарын орындау, игілікпен бірге жүру сияқты әл-Фарабидің гуманистік идеялары анық көрінеді.

Себебі әл-Фарабидің «адам» философиясында «әрбір адам баласы болмысынан бақытты болуды қалайды» теориясына сүйенді. Ол осы пікірді негізге ала отырып, бақытқа жету концепциясын жалғастырады. Ғалымның бұл философиялық әдісі логикадан (мантық) бастап метафизикаға дейінгі аралықты қамтыды. Бақытқа жету ізгілік арқылы іске асады. Мұндағы ізгілік әдетте адам баласы түсінетін амалдағы ізгілік қана емес, керісінше адамның ойы, амалы, жүрісі мен тұрысы, мақсаты барлығы ізгі болуы тиіс. Өйткені бақыт тек материалды затпен шектелмейді, оның өлшемі кең екенін түсіндіруге тырысты. Мұндағы теориялық ізгіліктердің орны айрықша.

«Теориялық білімді не имамдар мен әкімдер, не теориялық білім меңгеруге қабілетті адамдар үйрене алады. Осы екі топ, жоғарыда айтылғандай, көптеген әдіспен тәлім алады. Алғашында олар теориялық білімдердің әрбір тегіндегі бастапқы алғы шарттар мен алғашқы білімдер туралы, онан соң алғы шарттардың түрлері мен тәртібі жайында мағлұмат алады» [5, 56-б.]. Сонымен теориялық білімді қарапайым адамнан бұрын имам мен әкім немесе білім алуға қабілетті жандар ғана алады.

Әл-Фарабидің мұнда *имам* деп отырғаны – «көшбасшы», «тұлға», «алдағы адам», «бастаушы адам», «жамағаттың алдында намаз қылушы», «адамдар үшін жауапты кісі». Ғалым бұл жерде «әкім» сөзінен бұрын «имам» сөзін жәй келтірмеді. Ортағасырда имам сөзінің мағынасы кең еді. Имам тек мешітпен немесе құлшылық жасау рәсімдерімен шектелген жоқ. Имам – басшы әрі ұстаз. Ол басқаларға қарағанда философ сияқты жүйрік ойлы, шешен сияқты өткір сөзді, тапқыр әрі зерек. Имам бір мәселеге қатысты шешім шығармас бұрын, оған осы дүние һәм о дүниенің өлшемдерімен қарап, салмақтап барып шешім шығарады.

Ойшылдың сөзімен айтқанда: «...оның өнері ең күшті өнер, ойлауы ең күшті ойлау, білімі ең күшті білім болады, әйтпесе ол өз мақсатын жүзеге асыру үшін өз бойындағыдан тыс басқалардың күштерін жинауға тиісті болар еді» [5, 64-6]. Әл-Фараби де өзінен бұрынғы грек ойшылдары сияқты философтарды ерекше орынға қойды. Ойшыл «имам», «әкім» және «философ» туралы былай деп айтады: «Олар – өздерінің теориялық танымдарында жалпы жұрт қостаған пікірімен шектеліп қала алмайтын таңдаулы жандар» [6, 44-б.]. Күні бүгінге дейін «философ» деп айтса атеист, құдайды жоққа шығаратын адам деген стереотип бар. Бірақ, ғалымның айтып отырған «философы» кеңес өкіметінің тұсында әдейі қалыптастырған «атеист философ» ұғымынан басқа, даналық пен ақыл иесі, ақиқатты, жаратылысты зерттейтін философ. «Әлбетте, «философ», «бірінші басшы», «әкім», «заң шығарушы» және «имам» деген ұғымдар бір ұғым» [6, 92-б.].

Енді, әл-Фараби айтқан халықты бақытқа жетелейтін төрт ізгіліктің екіншісі – ойшылдық ізгілікке келер болсақ: «Ойшылдық ізгілік дегеніміз – әлде нендей бір ізгі мақсатта барынша көп пайда келтіретін нәрсені анықтауға жұмсалатын ізгілік», – деп адамның ойлау қабілетіне қатысты айтқан [6, 128-б.]. Ол ойшылдық ізгілікке тек адамға, қоғамға пайда келтіретін нәрсенің жолында ғана жұмсалатын ақылдың қабілетін жатқызды. Ал жамандықты көздейтін мақсат үшін жұмсалған ақылды және бұзықтық, пасықтық үшін ұтымды жолдарын іздеу үшін барынша, жұмсалған ойлау қабілетін ойшылдық ізгілік деп атамай, оған басқа есім іздеді.

Егер ойлау қабілеті адамдарды алдау-арбау жолында көп пайда келтіретін нәрсені анықтау үшін жұмсалатын болса, онда мұны ойдағы жалған ізгілік – деп атады. Әл-Фарабидің ізгі адамы сыртқы көрінісінде қайырымды адам болуымен қатар оның ақыл-ойы да игілік мақсатында жұмыс жасап, қоғамға, адамдарға оңды әсер етіп, пайда келтіруі тиіс. Ізгі мақсатқа қажет және ізгі мақсаттағы ең пайдалы нәрсе, сол мақсаттағы ең әдемі нәрсе – дейді ойшыл [5, 58-б.]. Себебі ізгілік, жақсылық ұғымдарының өзегі және олардың сондай ізгілік пен жақсылық аталуының басты себебі – жақсылық, басқаға, қасындағыларға, қоғамға пайда келтіру. Қасындағыларға ізгілік жасау арқылы өзіңе жақсылық жасаған боласың, ол бұл өз кезегінде сені бақытқа жетелейді. Адамның және қоғамның бақытқа жетуінде

ойшылдықтың, ізгіліктің маңызы зор. Барлық жақсылық пен ізгілік әуелі адамның ойында көрініс тауып, кейін іске асады.

Әл-Фарабидің пайымдауынша, өзге адамға жақсылық жасап немесе оған игі іс үшін жәрдем беру мақсатында тілектес болмайынша, адамның қалаған ізгілігі нақ ойдағы ізгілік бола алмайды. Ойдағы ізгілік қабілет адамның жеке басында кездеседі. Оның қаншалықты жаман-жақсылығын адамның таңдап алған мақсатынан анықтауға болады. Ізгілік қабілеті бір адамның бойында немесе әр түрлі адамдардың бойында да болуы мүмкін. Бірақ, басшы болатын кісіде ізгілік басым болуы тиіс. Ізгілік қасиеті мен қабілеті жоқ адам, – дейді ғалым, – басшы бола алмайды, халық басында отырмайды.

Адамдардың тектері олардың жаратылысынан, өнерлер, ғылымдар сатыларына жіктелуіне сәйкес ажыратылады. Олар осы нәрселерге жаратылысынан бейім болады. Қайсыбір текке жаратылысынан әзір тұратындар сол тектің бөлшектеріне сәйкес жіктеледі. Бұл тектің неғұрлым пәс бөлшектеріне жаратылысынан бейім адамдар, сол тектің неғұрлым лайықты бөлшектеріне бейімделгендерден өзгеше болады. Қайсыбір текке және тектің қайсыбір бөлшегіне жаратылысынан бейім адамдар, өзінің алдын ала бейімдігінің жетілген/жетілмегеніне сәйкес ажыратылады. Соған орай әл-Фарабидің «төрт ізгілік» тұжырымдамасының үшіншісі – этикалық ізгіліктер.

### **Этикалық ізгілік**

Этикалық ізгіліктер мен акциденциялар түрлі халықтарда әр түрлі болып және мезгіл мен мекен өзгерген сайын ол екеуі өзгеріп отырады. Мысалы, инабаттылық, байлық сияқты нәрселердің бәрінің де ерікке қатысы бар. Ақыл-оймен пайымдалатын ұғымдарды алатын болса, онда бұлармен бір мезгілде нақты байланысты акциденциялар басқа уақытта байланысты болған акциденциялардан өзгеше келеді. Бір халықтың қолында дағдылы саналатын нәрсе екінші бір халықта кездесетін нақты акциденциялардан басқа болады. Сондықтан да жаратылысында берілген қасиеттері жағынан тепе-тең адамдар өздері бейім тұратын нәрселер арқылы алатын тәрбиесіне қарай ажыратылады. Әдептілік пен тәрбиесі әр түрлі болғандықтан адамдардың мінезі де әркелкі. Ғалымның пікірінше әрбір адамның тәрбиесі әр түрлі. Бұл оның отбасына, қоғамына, ортасына, жағрафиялық орналасуына, тіпті ауа-райына да қатысты. Рас, табиғаттың жиі ыстық, суық немесе тұрақты орташа болуы да адамның мінез-құлқына әсер етеді.

Әл-Фараби жәй ғана ақиқатты іздеген жоқ, оған ақиқатты тауып, оны адамдардың игілігіне жұмсау маңызды. Ол адамның бақытқа кенелу жолдары жайында ой жүгірткен кезде экономика, саясат, мемлекеттік құрылым, отбасы, жанұя мәселелерін рационалды түрде ақыл елегінен өткізіп отырды. Ойшыл өз ілімінде жақсылықты жамандықтан айыратын ғылым сияқты түсінген этикаға да көп мән берді. Себебі этика, адамдардың бір-бірімен келісіп, тіл табысып отыруы үшін ауадай қажет дүние деп санады. Әл-Фараби сол кездегі дәстүрді ұстана отырып, барлық ғылымдарды теоретикалық және практикалық деп екіге бөледі. Теоретикалық – математиканы, физиканы, метафизиканы қамтыды; практикалық (азаматтық) өз ішіне – этика мен саясатты алды [5, 12-б].

Әділеттіліктің қалыптасқан нормасы, әмбебап заңдар (құқық) қажет екендігін ескерте келе, ол заңдардың тәрбие арқылы жүзеге асатындығын дәйектейді. Оның ойынша, еңбексіз заң да, қоғам да ілгері дами алмайды. Ұлы ойшылдың заң күші туралы осы айтқандарынан қоғамдық келісімдер туралы идеяның алғашқы ұрығы жатқандығын аңғару қиын емес. Бұл идея Еуропада көп кейін өріс алды. Қоғам азаматтарының қарым-қатынас этикасын реттейтін әмбебап заңдар, заңнамалық актілер бар.

Исламның да әлеуметтік-саяси теорияларындағы мемлекет туралы барлық ілімдері өз бастауын құдіретті заң – шариғаттан алады. Шариғат теориялық тұрғыда мәңгі, қоғам мен мемлекеттің алдында абсолюттік игілік деп қарастырылды. Билеуші мен өзге де билік өкілдерінің негізгі мақсаты мен қызметі шариғат заңдарын өмірге енгізумен сипатталды. Демек, фикх пен исламның барлық әлеуметтік-саяси доктриналары мемлекет қалай пайда

болды, ол неге және не үшін өмір сүреді деген сұрақтарды қоймайды. Бұл доктриналардың негізі адамның бір-бірімен қарым-қатынасы, құқықтары мен міндеттері күдіретті аянмен анықталған, демек құдайдың заңы жалғыз абсолютті бедел (авторитет) деген қағида болып табылады. Сонымен қоғамда, мемлекетте азаматтардың, қала тұрғындарының өзара қарым-қатынас этикасын реттеп отыратын заңдар жиынтығы өмір сүреді.

Әл-Фараби қала тұрғындарын бақытқа жетелейтін ойшылдық ізгілік пен этикалық ізгіліктің бір-бірінен ерекшелі болғаны сияқты, олардың арасындағы тығыз байланысты да атап көрсетеді. Адамның ақылындағы ойшылдық, ізгілік неғұрлым жақсы болса, соғұрлым адамның амалдағы этикалық ізгіліктері де кемелдене түседі. Ал енді адамның ойшылдық ізгілігі өзінің жеке мақсатымен шектеліп әрі жеке жағдайына ғана қатысты болса, онда оның этикалық ізгілігі де осыған сәйкес келуге тиіс. Адамның іс-әрекеттері оның ниетіне қарай көрініс табады.

Негізінде ежелгі грек ойшылдары әлеуметтік-саяси мәселелерді этиканың шеңбері мен терминдерінде қарастырса, ал мұсылман ойшылдары бұл мәселелерді діни пәндердің шеңбері мен терминдерінде талқылады. Бұлардың екеуі де қоғамдық моральды біртұтас, жалпы моральдық мақсат тұрғысынан қарастырды: адам үшін ізгілік – қоғам үшін игілік. Басқаша айтқанда, жеке индивид үшін жасалған ізгілік, қоғамның дамуына, әлеуметтік жағдайына көрсеткен жақсылық саналмақ. Себебі ол индивид сол қоғамды қалыптастырушы, оны құрушы қоғам мүшесі. Сол сияқты қоғам үшін жасалған ізгілік, қала тұрғындарына, қоғам мүшелеріне көрсетілген ізгілік. Қала тұрғындары осы қоғамда өмір сүріп, өсіп-өнеді. Ғалымның философиясына сәйкес осылай ойлап, әрекет ету – этикалық ізгілік.

Индивидтің жақсы қасиеттері мемлекет үшін де жақсы қасиет, ал мораль тек ұжымдық күш-жігер арқылы ғана іске асырылатын абсолюттік игілікке бағытталады деп қарастырылды. Кеңестік танымал философия тарихшысы В.Ф. Асмустың айтуынша, «тек Платонға ғана емес, ежелгі грек ойлауы мен дүниетанымына мейлінше тән көзқарас – бұл қоғамның ерікті мүшесі өзінің тиесілі болған мемлекеттік бүтіндігінен ажырамас тұтастыққа орайлас шешілуі тиіс» [7].

Діл сол сияқты этикалық ізгілікке сәйкес әл-Фараби үшін де мемлекеттің игілігі туралы ілімнен тыс индивидтің игілігі туралы ілімнің болмайтыны белгілі. «Бақытқа жету жайында» атты трактатта ғалым өз бетінше этика, мемлекеттік формалардан ғана емес, адамгершілікті қарастырудан тұратын саясат (политика) ретінде талданады. Фараби үшін мемлекет – өмірдің жетілген формасы, «бақытты өмірдің ортасы». Мемлекет «әділеттілік» деп саналатын жалпы игілікке қызмет етеді.

Әл-Фарабише данышпан-философқа берілген және данышпан қабылдаған заңдар ғана мемлекет игілігін қамтамасыз етеді. Демек, бақытқа ұмтылу – бұл практикалық мақсаттарды да, теориялық мақсаттарды да қамтитын кемелдікке ұмтылу.

Бұл жолда ойшылдың пікіріне сәйкес халықты бақытқа жетелеуде білімнің төрт түрі бар, олар: біріншісі – теориялық ізгілік, осының арқасында өмірдегі заттар анық дәлелдемелер арқылы ақылмен пайымдалады; бұдан кейінгісі – иландыру арқылы қол жететін нәрсенің мәнін ақылмен пайымдау; онан соң – осы ақылмен пайымдалатын мәндердің бейнелерін арқау еткен, иландыру арқылы расталған білім; бұдан кейін – осы аталған үш білімнің түрінен белгілі бір халықтардың арасында тараған білім. Бұлардың әрбірі бір-бірін қамтып, соның арқасында халық кемелденіп, бақытқа жетеді дейді.

Ал Батыс перипатетигі Ибн Рушд болса бұл мәселе туралы сөз қозғағанда ол бұл білімдердің әрбірін адамдардың ақыл деңгейлеріне байланысты белгілі топтарға меншіктеп берген. Олар: дәлелдеу, тартысу, мысал келтіру және практикада қолдану. Дәлелдеу білімі – таңдаулы адамдар үшін, яғни философтар үшін, тартыс білімі – мутакаллимдер үшін, мысал келтіру мен көркем сөз – бұқара халық үшін [8].

Осы орайда әл-Фараби қайсыбір салада оң нәтижеге жетуге қабілетті адамдар қабілеті жоқ адамдардың басшысы болады – деген ойды алға тартты. Бұл адамдар тәрбиенің

нәтижесінде қол жеткізген жақсы немесе нашар басқару, кеңесші болу қабілетіне қарай бөлінеді. Жақсы басшылық жасап, жақсы ақылгөй болуға қабілеті бар адамдар басқалар үшін басшы болмақ: «Қайсыбір салада неғұрлым жетілген тәрбие көргендер нақ сол салада соғұрлым кәміл емес тәрбие алғандарға басшы болады. Осындай салада жаратылысынан ең абзал қасиеттері бар және жаратылысынан өзі бейім нәрселердің бәріне сәйкес тәрбие алғанда осы салада жаратылысынан тамаша қасиеті еш уақытта болмағандарға басшы бола алмайды; олар жаратылысынан тамаша қасиеті бар, бірақ тиісті тәрбие алмағандарға ғана немесе жеткілікті тәрбие алмағандарға ғана басшы бола алады», – дейді ғалым [5, 23-6].

Ғалым бақытқа жету жолын және оған жетелейтін төрт түрлі білімді немесе ізгіліктерді баяндағанымен, оны әрбір ақыл иесі түсіне бермейтінін де айтады. Сол үшін адам бақытқа жетелейтін ұстазға мұқтаж. Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғарғы бақытқа жету болатын болса, ол адам бақыттың не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы тиіс. Қала тұрғыны ол бақытқа жету үшін не істеуі керек екенін біліп, соған әрекет жасауы тиіс. Ойшыл бұған қатысты өзінен бұрынғы ғалымдардың айтқан пікірлерін талдай келіп, мынадай айқын қорытынды жасайды: білуі тиіс болған нәрселер мен бақытты кез-келген адам біле бермейді. Бұл әрбір адамға берілетін қасиет емес. Ол үшін ақылгөй ұстаз керек [5].

Осыдан келіп, әл-Фараби айтқан қала тұрғындарының басына дарыған «төрт ізгіліктің» төртіншісі – практикалық өнер келеді. Бұл өнерді игеруі тиіс индивиттер, олар – ұстаз (ғалым), патша, әкім, басшы жалпы басқаруға қабілетті азаматтар. Ойшыл бұл өнерді пайдаланып, адамдарға жеткізудің екі әдісін ұсынады: біріншісі, шешендік өнер, қызыл тіл арқылы халықты иландыру әдісі. Олардың көңілінен ойып тұрып орын алатындай сиқырлы, қанатты сөздерді қолдана білу. Оларға осы әдісті қолдана отырып, шынайы бақыттың не екенін түсіндіру, оған жететін жолды ашықтап айту, қоғамдағы ортақ құндылықтар мен асқақ мақсатты баяндау және т.б. Ғалымның айтуынша, көптеген әкімдер бақыттың не екенін айтып, бірақ, оған жету жолын түсіндірмейді. Халық әкімнің сөзіне сеніп, оның артынан еруі үшін алдымен оның өзі соған лайық болуы шарт.

Практикалық өнерді халыққа дарытудың екінші әдісі – өз ерік-қалауымен, көңілімен оңалуға немесе жақсаруға келмейтін, бүлікшіл, бұзықтыққа бейім қала тұрғындарын күштеп тәрбиелеу. Ізгілікті, жақсы мен жаманды айыру жолдарын үйренгісі келмейтін азаматтарды мәжбүрлеп тәлім беру тәсілі [9].

### **Қорытынды**

Басқа адамға басшылық ету де әр адамның қолынан келмейтін ауыр іс. Сол сияқты әкімге жақсы кеңесші болу қабілеті де әрбір адамда болмайды. Ал енді басшы болуға қабілетсіз, басшыға кеңесші қызметін көрсетуге қабілеті жоқ адам ешбір жағдайда басшы бола алмайды. Ол тек басқаға бағынышты, қызметші болады. Басшылық қылуға, басқа адамдарға үлгі әрі жетекші болуға білімі де, қабілеті де жеткілікті адам – басшы. Егер басшылық қабілеті бар, бірақ өздігімен көтеріле алмайтын адамға кеңес беріп, оны көтермелеп басшы қылса, онда ол біреулерге басшы бола тұра, басқалардың басшылығында болады [10].

Ғалымның айтуынша, билікте отырғандардың кейбірі шағын билікті қанағат тұтса, басқалары – биліктің ұзақ және мол болуын қалайды. Басшылықтың қайсы түрі болса да сырттан пікірлес кеңесші немесе сол билікке демеуші біреулердің болуы заңды. Бірақ, басшы олардың берген ақыл-кеңесінің бәрін орындай бермейді. Бұл жағдай адамдардың басым бөлігіне тән. Сондықтан адам осының барлығын үйрететін және тиісті амалдарды орындауға кеңес беретін, кеңесшіге (ұстазға) зәру. Расында да мемлекет азаматтарына ізгілік үйретуші адам – ұстаз [11]. Егер біздер ортағасыр мұсылман ойшылдарының еңбектеріне шолу жасар болсақ, онда ілім үйреніп, кейін басқа адамдардың үйренуіне жәрдемші болу ең үлкен шарапат болғанын байқаймыз.

Сонымен ұлы ойшыл айтқан «төрт ізгілік» философиясы қала тұрғындары бұл дүниеде бақытқа һәм ақыретте мәңгі шаттыққа жетулері үшін бастарына дарыған ізгілік. Сондықтан, қоғам мүшелері өздерінің қабілеттеріне сай осы теориялық, ойшылдық, этикалық ізгіліктер мен практикалық өнерлерді игерулері тиіс болды.

Әл-Фарабидің теориялық қалалары қанша жерден утопиялық деп айтылғанымен ондағы негізгі ой тұжырымдары күні бүгінге дейін өзекті [12]. Оның бір ғана «төрт ізгілік» концепциясы осыған мысал. Мұнда қамтылған ұғымдар мен әдіс-тәсілдерді ел басқаруда, билік саясатында, бақыт үшін күрес жолында, қоғамды дамытуда, әлеуметтік өмірде, сол сияқты т.б. салаларда практикалық негізде қолданылып келеді. Данышпан әл-Фарабидің мұрасы рухани жаңғыру аясында жаңаша зерттеулерді қажет етеді.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / Құраст.: Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев. – Алматы: Арыс, 2009. – 656 б.
2. Әл-Фараби. Әро-у әхлу әл-мәдинати әл-фазилә. – Бейрут-Любнан: Дар-уа-мактабатұль-хиләль, 1995. – 198 б.
3. Әл-Фараби. Азаматтық саясат. – Бейрут-Любнан: Дар-уа-мактабатұль-хиләль, 1996. – 127 б.
4. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – А., 1975. – 414 б.
5. Әл-Фараби. Китаб тахсилъ әс-саада. – Бейрут-Любнан: Дар-уа-мактабатұль-хиләль, 1995. – 102 б.
6. Аль-Фараби. Избранные трактаты / Перевод с арабского. – Алматы: ИФ АН РК, 1994. – 460 с.
7. Асмус В.Ф. Комментарии к «Государству». – в кн.: Платон. Сочинения. – Т. 3 (1). М., 1971. – С. 579.
8. Huriye Tefvik Mucahid. Farabiden Abdullaha siyasi Düşünce. – Istanbul: Hikmet, 1995. – 262 s.
9. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 245 б.
10. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 216 б.
11. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 336 б.
12. Бурабаев М. Әл-Фараби / Қысқаша энциклопедия. – Алматы: Қазақ ССР, 1988. – 112 б.

### **REFERENCES**

1. Abu Nasir al-Farabi. Tandamaly traktattar / Qurast.: A. Nısanbayev, G. Qurmandaliyeva, Zh. Sandybayev. – Almaty: Arys, 2009. – 656 b.
2. Al-Farabi. Aro-u al-madinati al-fazila. – Beyrut-Lubnan: Dar-ua-maktabatul-hilal, 1995. – 198 b.
3. Al-Farabi. Azamattyq sayasat. – Beyrut-Lubnan: Dar-ua-maktabatul-hilal, 1996. – 127 b.
4. Al-Farabi. Aleumettik-etikalyq traktattar. – A., 1975. – 414 b.
5. Al-Farabi. Kitab tehsil as-saada. – Beyrut-Lubnan: Dar-ua-maktabatul-hilal, 1995. – 102 b.
6. Al-Farabi. İzbrannie traktaty / Perevod s arabskogo. – Almaty. İF AN RK, 1994. – 460 s.
7. Asmus V.F. Kommentarii k «Gosudarstvu». – v kn.: Platon. Sochineniya. – T.3 (1). M., 1971. – S. 579.
8. Huriye Tefvik Mucahid. Farabiden Abdullaha siyasi Düşünce. – Istanbul: Hikmet, 1995. – 262 s.
9. Mirzahmetov M. Mukhtar Auezov jane Abaytanu problemalary. – Almaty: Gylym, 1982. – 245 b.
10. Kelimbetov N. Qazaq adebiyetinin ejelgi dauiri. – Almaty: Mektep, 1986. – 216 b.
11. Qonyratbayev A. Qazaq eposy jane turkologiya. – Almaty: Gylym, 1987. – 336 b.
12. Burabayev M. Al-Farabi / Qysqasha ensiklopediya. – Almaty: Qazaq SSR, 1988. – 112 b.

Е.А. АЗИ\*

*PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), e-mail: Esentygel73@mail.ru*

### САЛ-СЕРІЛІК ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЗӘКӘРИЯНЫҢ ТАҒДЫРЫ

Қазақ халқының өзіне ғана тән ұлттық өнерлерінің бірі – салдық, серілік дәстүр. XIX ғасыр белесінде айрықша көзге шалынар хас өнердің қайнары қайдан? «Сал-сері» деген атқа ие болып, көшпенді жұрттың өнер көшіне өзгеше рең берген, түрлі өнер иелерінің сахара мәдениетіне қосқан үлестері қандай еді? Кешегі өткен абыз ғалымдарымыздың келелі ойларын кеңеске алып, осынау ойлары бөлек сал-серілердің тылсым әлемін терең зерделеу мақсат. Қазақстанның батыс аймағында серілік құрып өткен өнерпаздар аз болмаған. Соның бірі Зәкәрия Сағындықұлының серілік қасиеттері зерделенді.

Мақалада сонымен қатар қазақ халқының әмбебап өнерпаздарының атауы – «сал» мен «сері» салтының ерекше көріністері және өзегі үзілмей бүгінге ұласуының себептері қарастырылған.

**Кілт сөздер:** сал, сері, өнерпаз, қайқы, мәдениет, ноян, ақын, композитор.

Е.А. Azi

*PhD Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(Kazakhstan, Nur-Sultan), e-mail: Esentygel73@mail.ru*

### The Sal-Seri Tradition and the Fate of Zakaria

One of the traditions that is peculiar only to the Kazakh people is the tradition of «Sal-Seri». Where do the roots of true art, which was clearly expressed in the middle of the XIX century, come from? What contribution did the masters of art who gave a special tone to the art of the nomadic people, who have the title «Sal-Seri», make to the tradition of the steppe? The purpose of this article is to take into account the thoughts of our leading scientists, to explore the mysterious world of Sal-Seri more deeply. There were many skilled Seri masters in the Western region of Kazakhstan. One of them was Zakaria Sagyndykuly, whose «Seri» features were studied in this article.

In addition, the names of Kazakh universal masters «Sal» and «Seri» were considered, and the features of this manifestation and the reasons for the inheritance of this tradition through the centuries.

**Keywords:** Sal, Seri, craftsman, master craftsman, culture, hero, poet, composer.

Е.А. Ази

*PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
(Казakhstan, г.Нур-Султан), e-mail: Esentygel73@mail.ru*

### Традиция «салов и сери» и судьба Закарии

Одна из традиций, которая свойственна только казахскому народу, это – традиция «сал-сері». Откуда исходят корни этого подлинного искусства, которое получило особо яркое

---

\* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Ази Е.А. Сал-серілік дәстүр және Зәкәрияның тағдыры // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2020. – №3 (117). – Б. 15–27. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.002>

\* **Cite us correctly:**

Azi E.A. Sal-serilik dástúr jáne Zákariyanın tağdyry [The Sal-Seri Tradition and the Fate of Zakaria] // *Iasayı úniversitetiniń habarshysy*. – 2020. – №3 (117). – B. 15–27. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.002>

проявление в середине XIX века? Какой вклад внесли в традицию степи именовавшиеся салами и сери мастера, которые придавали особый облик культуре кочевого народа? Цель настоящей статьи состоит в том, чтобы, принимая во внимание мнения наших ведущих ученых, глубже изучить таинственный мир салов и сери. В Западном регионе Казахстана насчитывалось немало мастеров этого жанра. Одним из них был Закария Сагындыкулы, чья личность изучена нами с точки зрения качеств, присущих сери.

Кроме того, были рассмотрены названия казахских универсальных мастеров «сал» и «сери», и особенности этого проявления и причины наследования этой традиции на протяжении веков.

**Ключевые слова:** сал, сери, умелец, искусный мастер, культура, богатырь, поэт, композитор.

### Кіріспе

Өткенсіз тарих та, болашақ та жоқ. Кешегімізді танымай, санаға сіңірмей қай салада болсын бір биікке жетемін деу әбестік болар еді. Жұқана жеткен көнерген мәдени-әдеби жәдігерлеріміздің де бүгінге, келер күнге берері мол. Онсыз қазақ болып қалыптасуымыз кәдік. Ұлттық өнеріміз бен мәдениетімізді танып, салт-дәстүрімізді ескермей, рухани мұраларымызды ұлықтамай ұшпаққа ұшпасымыз бесенеден белгілі. «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс» екендігін айтқан еді Елбасы [1].

«Біз жасампаз түрде көне мәдениетті тірілтудің маңызына бір сәтке де немқұрайлы қарай алмаймыз. Оны жүзеге асырмай қоюға да хақымыз жоқ. Өйткені тарихи құндылық жаңа әрі маңызды бірегейлікке жол ашады» [2, 345-б.].

Ендеше кешегімізді қадірлеп, жиып-теріп, зерделеп, жарқыратып көрсете алсақ көпке үлгі болары хақ. Айтарлық көне мәдени мұраларымыздың бірі салдық, серілік дәстүр. Киіз туырлықты, көшпенді жұрттың арғы-бергі мәдениетінде сал-серілердің өзіндік орны бар. Бұл, ел ішінде бұрыннан белгілі атау болса, кейінгі ғалымдар көзімен де зерде көрген ұғым. Кейінгі дәуірде «Сал-сері» десе әр қазақтың көз алдына әсем киінген маңғаз, келбетті кербез адам елестейтін болды. Әріде паңдығымен қоса үлкен өнер иесі, «сегіз қырлы, бір сырлы» жанды айтар еді. Бағзыда өнері мен бекзаттығына үстемелеп батырлығын дәріптеген де сияқты. Яғни, «сал-сері» дегеніміз – бойына талай өнер тоғысқан ақын, әнші, жыршы, батыл да алғыр, паң, сырбаз, аңшы, мерген, сейіс, найзагер, әсемшіл, көңілді, шешен жігіт. «Осынша өнер түрлері бір адамның бойына қалай бітеді?» – деген күмәнмен қарауыңыз зандылық. Жалпы, жұмыр басты пендені Құдай Тағала мүмкіндігі зор тұлға етіп жаратқан. Адам баласы қай нәрсеге де епті. Жалқаулығын жеңіп, жастайынан машықтанса түрлі өнер-кәсіпті дөңгелетіп әкететіні сөзсіз. Тек, күнделікті, қалыпты дағды керек. Әнші, ақындардың, серілердің өмірлік ұстанымы ізгілік, имандылық. Негізі адам баласы өмірге ізгілікті, қарапайымдылықты, адамгершілікті, кісілікті арқалап келеді. Қатыгездік пен жауыздықты, сұмпайылық пен аярлықты көре бара үйренеді. «Қарапайым өмір сүрудің өзінде қандай да бір ізгілік болса керек» [3, 128-б.].

Сал мен серінің тарих сахнасына шығу дәуірін ғалымдар әріге сілтейді. Және бұл шындыққа саяды. Бұл тақырыпқа қазақ зиялыларының ішінде қалам тартқандары біршама. Ә. Марғұлан, Е. Ысмаилов, С. Қирабаев, Қ. Сыдықов, С. Негимов, Т. Жұртбай, Т. Әсемқұлов, т.б. белгілі ғалымдар зерделесе, М. Мағауин (*«Көкбалақ» романы*), С. Жүнісов (*«Ақан сері» романы*) сияқты қазақтың көрнекті жазушылары көркем шығармаларына арқау еткен.

Е. Турсунов біраз ұлттардың серілікті серік еткен өнерпаздарымен салғастырып, ұқсастық іздейді және «сал», «сері» атауының шығу тарихын тереңнен тартып, серілік дәстүрдің қыры мен сырына үңіліп, оларды рухани әлеммен астастырып, бағзыдағы жауынгер топқа шенеп, ұлы даланың мәдени феномені ретінде қарастырады [4].



Үрімжілік ғалым Я. Құмарұлы «сал», «сері» атауларының этимологиясына ерекше тоқталып, қытай мұрағаттары деректеріне сүйеніп, тым әріге құлаш ұрады. Сақ дәуірінен шым тартып, көңілге қонымды тарихи шолу жасайды [5, 38-б.].

«Салдық салттың ежелден халықтың дағдыланған дәстүрлі ісі екендігін айта келіп, ғұлама Ә.Марғұлан: салдықтың соңғылары Біржан мен Мұхит сал дегенге саяды.

бойынша жүргізілгендігі байқалады: діни-мифологиялық; этномәдени; хронологиялық; әлеуметтік. Біздің ойымызша, мәселе бойынша жүргізілетін археологиялық, философиялық, мәдениеттанулық, этнографиялық, дінтанулық көзқарастардағы әдістер мен тәсілдерді пәнаралық байланыста қолданудың келешегі зор. Өйткені, бұл пәнаралық байланыстар жерлеу рәсімдерін тарихи-мәдени контекстте талдауға мүмкіндік беріп қана қоймай, түсініктің жеке бөлімдері, бөлшектері мен құбылыстарын зерттеуге ықпал жасайды. Сонымен қатар, әр дәуірдің және аймақтың жерлеу рәсімдері заңдылықтарын анықтап, осы заңдылықтардың кейбір бөлшектерін тануға көмектеседі. Демек, жоғарыда аталған әдістер мен тәсілдер арқылы жерлеу рәсімдерін кешенді талдаудағы күрделі міндеттерді шешуге болады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Taylor E. The Primitive Culture: Researches Into the Development of Mythology, Philosophy, Religion, Art, and Custom. – London, 1871. – Volume 1. – 426 p.; Volume 2. – 426 p.
2. Frazer J.G. The Golden Bough. – London: Macmillan & Co., 1890. – 768 p.
3. Woodthorpe K. Family and funerals: Taking a relational perspective // *Death Studies*. – 2017. – №41 (9). – P. 592–601.
4. Bliujiene A., Stančikaite M., Piličiauskiene G., Mažeika J., Butkus D. Human-Horse Burials in Lithuania in the Late Second to Seventh Century ad: A Multidisciplinary Approach // *European Journal of Archaeology*. – 2017. – №20 (4). – P. 682–709.
5. Romaniszyn J., Niculică B.P., Ignat I. Funeral rites on the southern boundary of the Komarov culture // *Sprawozdania Archeologiczne*. – 2017. – №69. – P. 83–112.
6. Beard V.R., Burger W.C. Change and Innovation in the Funeral Industry // *Omega (United States)*. – 2017. – 75 (1). – P. 47–68.
7. Amanik A. «All will be fine, jewish and promptly attended»: Tradition and the rise of new york jewish undertakers, 1890–1950 // *Shofar*. – 2017. – №35 (4). – P. 91–109.
8. Pijl Yvon van der. The birth of a multicultural funeral home // *Death Studies*. – 2017. – №41 (1). – P. 42–50.
9. Бизнес на смерти – похоронная индустрия по-алматински // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://inbusiness.kz/ru/news/biznes-na-smerti-pohoronnaya-industriya-po-almatinski>.
10. Генинг В.Ф., Борзунов В.А. Методика статистической характеристики и сравнительного анализа погребального обряда // *Вопросы археологии Урала*. – №13. – 1975. – С. 42–72.
11. Shkredova I.N., Chikhachyova M.M., Ekard L.D. The rites and songs of the life cycle in the yenisey area of the Krasnoyarsk Region (based on the Results of the Folk Music Expeditions of the Krasnoyarsk Institute of Arts) // *Music Scholarship*. – 2018. – №1. – P. 104–111.
12. Мохов С.В. Похоронная индустрия: роль инфраструктуры в создании национальных моделей // *Социологический журнал*. – 2017. – №23 (4). – С. 51–68.
13. Гуляев В.И. Изучение погребального обряда в зарубежной археологии // *Краткие сообщения Института археологии*. – 2010. – №224. – С. 5–19.
14. Косарев М.Ф. Мировоззренческие аспекты традиционной погребальной обрядности (по Сибирским материалам) // *Краткие сообщения Института археологии*. – 2010. – №224. – С. 33–51.
15. Мельник В.И. Символика элементов погребальной обрядности по этнографическим и археологическим данным // *Краткие сообщения Института археологии*. – 2010. – №224. – С. 52–59.
16. Бакшеев Е.С., Смирнов Ю.А. Двустадийная погребальная обрядность Окинавы как археологическая и культурно-историческая реальность // *Краткие сообщения Института археологии*. – 2010. – №224. – С. 60–76.

17. Лагуткина Е.В. Изучение погребальных памятников в археологии: подходы и методы исследования // Краткие сообщения Института археологии. – 2010. – №224. – С. 19–32.
18. Краснов С.В. Методика исследования погребального обряда // Известия Пензенского государственного педагогического университета имени В.Г. Белинского. Гуманитарные науки. – 2012. – №27. – С. 744–747.
19. Omarov G.K., Yegizbayeva M.K., Kozghanbayeva G.B. Funeral rites of Kazakhs of Tarbagatai region (in the late 19th century and beginning of the 20th century) // Milli Folklor. – 2018. – №119. – P. 73–85.
20. Kozbagarova, N.Z., Onichshenko, Y.V., Shilderkhanov, B.K., Amangeldievna, A.R., Amandykova, D.A. To the history of the museumification of burial mounds // Astra Salvensis. – 2018. – 6 (12). – P. 141–148.
21. Камалқызы Ж. Мәңгірттік – ұлттық санаға түскен дерт // Ясауи университетінің хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы. – 2013. – №2 (83). – 28–35-бб.
22. Мургабаев С., Бахтыбаев М., Нурханов Б., Малдыбекова Л. Результаты исследования на могильнике Шербай I // Ясауи университетінің хабаршысы. Серия общественных наук. – 2014. – №2 (89). – С. 211–222.
23. Қасымбеков А.С. XIX ғасыр жазба дерек көздеріндегі Қазақстанның мәдени мұрасы: «е-Каталог» // Ясауи университетінің Хабаршысы. – 2019. – №3 (109). – 39–43 бб.
24. Жолдасбаев С.Ж., Жетібаев К.М., Бахтыбаев М.М., Арынов Қ.С. Сығанақ қалашығының шығыс қақпасында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2019. – №1 (111). – 7–17-бб.
25. Сәдібеков А.К., Ергубекова Ж.С., Атикол Б.У. Ежелгі түрік ру-тайпаларының танбалары негізінде қалыптасқан көне түрік жазуы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2019. – №1 (111). – 231–239-бб.

## REFERENCES

1. Taylor E. The Primitive Culture: Researches Into the Development of Mythology, Philosophy, Religion, Art, and Custom. – London, 1871. – Volume 1. – 426 p.; Volume 2. – 426 p.
2. Frazer J.G. The Golden Bough. – London: Macmillan & Co., 1890. – 768 p.
3. Woodthorpe K. Family and funerals: Taking a relational perspective // Death Studies. – 2017. – №41 (9). – P. 592–601.
4. Bliujiene A., Stančikaite M., Piličiauskiene G., Mažeika J., Butkus D. Human-Horse Burials in Lithuania in the Late Second to Seventh Century ad: A Multidisciplinary Approach // European Journal of Archaeology. – 2017. – №20 (4). – P. 682–709.
5. Romaniszyn J., Niculică B.P., Ignat I. Funeral rites on the southern boundary of the Komarov culture // Sprawozdania Archeologiczne. – 2017. – №69. – P. 83–112.
6. Beard V.R., Burger W.C. Change and Innovation in the Funeral Industry // Omega (United States). – 2017. – 75 (1). – P. 47–68.
7. Amanik A. «All will be fine, jewish and promptly attended»: Tradition and the rise of new york jewish undertakers, 1890–1950 // Shofar. - 2017. – №35 (4). – P. 91–109.
8. Pijl Yvon van der. The birth of a multicultural funeral home // Death Studies. – 2017. – №41 (1). – P. 42–50.
9. Biznes na smerti – pohoronnaja indýstrija po-almatinskı // [Elektronnyı resýrs]. – Rejim dostýpa: <https://inbusiness.kz/ru/news/biznes-na-smerti-pohoronnaya-industriya-po-almatinski>.
10. Gening V.F., Borzýnov V.A. Metodika statisticheskoı harakterıstıkı ı sravnitelnoġo analiza pogrebalnoġo obriada // Voprosy arheologii Ýrala. – №13. – 1975. – S. 42–72.
11. Shkredova I.N., Chikhachyova M.M., Ekard L.D. The rites and songs of the life cycle in the yenisey area of the Krasnoyarsk Region (based on the Results of the Folk Music Expeditions of the Krasnoyarsk Institute of Arts) // Music Scholarship. – 2018. – №1. – P. 104–111.

12. Mohov S.V. Pohoronnaia indýstriia: rol infrastrýktýry v sozdanii natsionalnykh modelei // Sotsiologicheskii jýrnal. – 2017. – №23 (4). – С. 51–68.
13. Gýliaev V.I. Izýchenie pogrebalnogo obriada v zarýbejnoi arheologii // Kratkie soobeniia Institutýta arheologii. – 2010. – №224. – S. 5–19.
14. Kosarev M.F. Mirovozzrencheskie aspekty traditsionnoi pogrebalnoi obriadnosti (po Sibirskim materialam) // Kratkie soobeniia Institutýta arheologii. – 2010. – №224. – S. 33–51.
15. Melnik V.I. Simvolika elementov pogrebalnoi obriadnosti po etnograficheskim i arheologicheskim dannym // Kratkie soobeniia Institutýta arheologii. – 2010. – №224. – S. 52–59.
16. Baksheev E.S., Smirnov Iý.A. Dvýstadinaia pogrebalnaia obriadnost Okinavy kak arheologicheskaiia i kýltýrno-istoricheskaiia realnost // Kratkie soobeniia Institutýta arheologii. – 2010. – №224. – S. 60–76.
17. Lagýtkina E.V. Izýchenie pogrebalnykh pamiatnikov v arheologii: podhody i metody issledovaniia // Kratkie soobeniia Institutýta arheologii. – 2010. – №224. – S. 19–32.
18. Krasnov S.V. Metodika issledovaniia pogrebalnogo obriada // Izvestiia Penzenskogo gosýdarstvennogo pedagogicheskogo ýniversiteta imeni V.G. Belinskogo. Gýmanitarnye naýki. – 2012. – №27. – S. 744–747.
19. Omarov G.K., Yegizbayeva M.K., Kozghanbayeva G.B. Funeral rites of Kazakhs of Tarbagatai region (in the late 19th century and beginning of the 20th century) // Milli Folklor. – 2018. – №119. – P. 73–85.
20. Kozbagarova, N.Z., Onichshenko, Y.V., Shilderkhanov, B.K., Amangeldievna, A.R., Amandykova, D.A. To the history of the museumification of burial mounds // Astra Salvensis. – 2018. – 6 (12). – P. 141–148.
21. Kamalqyzy J. Mángúrttik – ulttyq sanaǵa túsken dert // Iasaýi ýniversitetiniń habarshysy. Qoǵamdyq ǵylymdar seriasy. – 2013. – №2 (83). – 28–35-bb.
22. Mýrgabaev S., Bahtybaev M., Nýrhanov B., Maldybekova L. Rezýltaty issledovaniia na mogilnike Sherbai I // Iasaýi ýniversitetiniń habarshysy. Seriia obestvennykh naýk. – 2014. – №2 (89). – S. 211–222.
23. Qasymbekov A.S. HIIH ǵasyr jazba derek kózderindegi Qazaqstannyń mádeni murasy: «e-Katalog» // Iasaýi ýniversitetiniń Habarshysy. – 2019. – №3 (109). – 39–43 bb.
24. Joldasbaev S.J., Jetibaev K.M., Bahtybaev M.M., Arynov Q.S. Syǵanaq qalashyǵynyń shyǵys qaqpasynda júrgizilgen arheologualyq qazba jumystary // Iasaýi ýniversitetiniń habarshysy. – 2019. – №1 (111). – 7–17-bb.
25. Sádibekov A.K., Ergýbekova J.S., Atkol B.Ý. Ejelgi túrik rý-taıpalarynyń tańbalary negizinde qalyptasqan kóne túrik jazýy // Iasaýi ýniversitetiniń habarshysy. – 2019. – №1 (111). – 231–239-bb.



**Б.З. ИМАНМОЛДАЕВА\***

*PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: zamanhankyzy@mail.ru*

## ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУДАҒЫ ДІНИ НАНЫМДАРДЫҢ РӨЛІ

Бұл мақалада халқымыздың дүниетанымындағы ұрпақтар сабақтастығы туралы идеялар сараланды. Оның жеке отбасынан бастау алып, ұлт руханияты арқылы жүзеге асатындығына шолу жасалды, көне түркілік діни сенімдердің ұлттық бірегейлікті сақтай отыра, ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасатындығы философиялық тұрғыдан талданды. Көне тәңіршілдік сенімнің көне түркі жазба ескерткіштеріндегі көріністерінің ұрпақтар арқылы жалғасқан менталитеттік көріністері сарапталды. Сонымен қатар, көк бөрі тотемінің көнеден бері сабақтасқан дүниетанымдық қырлары да ұлттық бірегейлікті сақтауға айтарлықтай ықпал еткендігі дәйектелді. Күнге (Митра) табыну дәстүрлері көне түркілік руханияттық бірегейлікті сақтауда айтарлықтай қызмет атқарғандығы да бұл сенімнің сабақтасқандығы бойынша ашып көрсетілді. Нәтижесінде, діни сенімдердің ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтаудағы негізгі қызметтері ұсынылды.

**Кілт сөздер:** ұрпақтар сабақтастығы, ұлттық бірегейлік, көне түркі, діни сенімдер, тәңіршілдік, бөрі тотемі, Күнге табыну.

**B.Z. Imanmoldayeva**

*PhD Doctoral Student, Abai Kazakh National Pedagogical University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: zamanhankyzy@mail.ru*

## The Role of Religious Beliefs in the Preservation of National Identity Through the Succession of Generations

This article analyzes the worldview of our nation formed by generations. The analysis was conducted from the philosophical point of view and on the basis of the particular family's attitude towards ancient Turk religious beliefs and preservation of national identity. The article also discusses the evidences of ancient people's faith left on old Turkic manuscripts, and its trail left on the mentality of further generations. Moreover, it was found that the perception of the blue wolf totem, played a significant role in the preservation of the national identity. It was also revealed that a succession of generation to the Sun (Mitra), in ancient Turk worships, has a significance in keeping spiritual unity. As a result, the basic functions of preserving a national identity through succession of faith across generations were suggested.

**Keywords:** a succession of generations, national identity, ancient Turkic, worship, religious belief, totem of the blue wolf, cult of Mitra.

\* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

- Иманмолдаева Б.З. Ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтаудағы діни нанымдардың рөлі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2020. – №3 (117). – Б. 49–59. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.005>

\* **Cite us correctly:**

- Imanmoldayeva B.Z. Urpaqtar sabaqtastygy arqyly ulttyq biregeilikti saqtaýdaғы dini nanymdardyń róli [The Role of Religious Beliefs in the Preservation of National Identity Through the Succession of Generations] // *Iasayı úniversitetiniń habarshysy*. – 2020. – №3 (117). – B. 49–59. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.005>

**Б.З. Иманмолдаева**

*PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет им. Абая  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: zamanhankyzy@mail.ru*

**Роль религиозных убеждений в сохранении национальной идентичности  
через преемственность поколений**

В статье анализируется мировоззрение нашего народа, формирующееся из поколения в поколение. Анализ с философской точки зрения проводился на основе частной семьи, отношении древнетюркских религиозных верований, сохранения национальной идентичности. Особенности менталитета, верования, передающиеся через поколения, раскрываются в анализе древнетюркских письменных памятников. Кроме того, выяснилось, что мировоззрения на тотем синего волка с древних времен значительно влияет на формирование национальной идентичности. Раскрыта также преемственность поклонения Солнцу (Культ Митры) в древнетюркских вероисповеданиях, имеющая значимость в сохранении духовного единства. В результате были предложены основные функции по сохранению национальной идентичности через преемственность вероисповеданий поколений.

**Ключевые слова:** преемственность поколений, национальная идентичность, древнетюркский, вероисповедание, тенгрианство, тотем синего волка, культ Митры.

**Кіріспе**

Қазіргі жаһандану заманында әлемдегі көптеген халықтар мен ұлттар ұлттық бірегейлікке ұмтылып отырғандықтан, кейбір мемлекеттер мультикультурализм идеясын аса қолдамайтындығы да рас. Сондықтан да, ұлттық бірегейлікті сақтау және оны нығайта түсу заман талаптарының бірі болып отырған шақта қойылып отырған мәселе көкейкесті ахуалды философиялық тұрғыдан зерделей түсуді талап етеді.

Екіншіден, адамзат табиғи-тарихи сабақтастығын сақтауға тиісті. Бұл сабақтастық пен рухани-мәдени мирасқорлық әлем дамуының заңдылығымен түйіседі. Сондықтан, осы еңбектегі сабақтастық идеясы қашанда, бүкіл жалпы адамзаттың өміршеңдігінің жалғастығы екендігі жөнінде айтылады. Олай болса, біздің тандаған тақырыбымыз өзінің осы ахуалдарға қатысты көкейкестілігін жариялай алады.

Үшіншіден, қазіргі кезде, мемлекетіміздің ұлттық идеясы қанат жайып келе жатқан кезеңде «Ұлы Даланың жеті қыры» деп аталған озық тарихи өркениеттік құндылықтарымыз халқымыз бірегейлікке ұмтылған сәттерде ұрпақтар сабақтастығы арқылы оны сақтау мен өркендете түсу аса маңызды фактор екендігі сөзсіз. Осыған байланысты, бұл диссертация тақырыбы аталған мәселелерді теориялық тұрғыдан зерттеумен байланысты болғандықтан, жұмыс қазіргі заман үшін өзекті болып табылады.

Төртіншіден, біз қарастырып отырған зерттеулер қазіргі заман талабының сұраныстарынан туындап отыр. Өйткені, ұрпақтар сабақтастығының кейбір рухани-мәдени және табиғи-биологиялық негіздері құлдырап келеді. Мәселен, еуропа халықтарындағы адам санының азаюы, өткен ұрпақ пен жас ұрпақ арасындағы кейбір түсінбеушілік арқылы туындайтын қайшылықтар, т.б. ұрпақтар сабақтастығының игілікті, оңды түрде сақталуын қалайды. Біздің жұмысымыз осындай мәселелердің шешілу қажеттілігінен туындайды.

Жастар мен өткен ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың тарихи тағдыры эволюциялық үдерістің заңды талабы болғандықтан қазіргі таңда оның шынайы мәні мен мағынасын ашып көрсетудің қажеттілігі артып отыр. Ендеше, аталған мәселелерді ғылыми философиялық тұрғыдан негіздеу кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып саналады.

**Мақсаты**

Ұлттық бірегейлікті сақтау қазіргі жаһандану заманында одан әрі өзекті бола түсті. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, ұлттық бірегейлікті сақтауға табиғи және саяси-әлеуметтік

талаптар бойынша да ден қойды, ол сыртқы қатерлер мен ұлттық рухтың жандануына тікелей байланысты түрде құрылады. Еліміз ұстанып отырған Мәңгілік Ел идеясының да тарихи тамырлары тереңде жатыр, бүгін де осы идея аясындағы ұлттық біргеілікті одан әрі нығайта түсудің перспективасы құрылып, теориялық тұрғыдан болжамдар жасалуы тиіс.

### **Шешу жолдары**

Сабақтастық, оның ішінде ұрпақтар сабақтастығы тек адамзатта ғана емес, бүкіл тірі табиғат пен биосфераға да тән қайталанып тұрған құбылыс. Ал жоғарыдағы катаклизм, ақырзаман туралы теорияларда, диалектикадағы шеңбер бойымен даму ілімінде, шындығында да, сабақтастық салыстырмалы, уақытша болып ұғынылады.

Ендеше, сабақтастықтың құрылымдық-семантикалық негіздеріне келсек, жуықтайтын ұғымдар мен негізгі атрибуттарын былайша жинақтап ұсына аламыз: үздіксіздік, жалғастық, мирасқорлық, іргелестік, ескі мен жаңаның ауысуы, берілу, трансформациялану, тасымалдану, үнемі қайталану, жаңару, даму, ілгерілеу, прогресс, байланыс және оның түрлері, т.б.

### **Әдістер**

Философиялық тәсілдер қолданылды. Атап айтқанда, тарихилық пен логикалықтың бірлігі – көне замандардан бергі қалыптасқан ұлттық рух пен қазіргі дәуірдегі ұлттық идеяның сабақтастығы мәселесін зерделеуде, тұтастық пен жүйелілік – осы мирасқорлықтың өзіндік қисынын ашып беруде, синергетикалық тәсіл – И. Стенгерс пен И. Пригожиннің өздігінен реттелетін жүйе және ашық жүйелердің бифуркациясы, философиялық герменевтика мен феноменология – ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық бірегейлік мәселелерін түсіндіріп беріп, оның санадағы көріністерін саралауда, психоанализ – сана астарындағы түйткілдерді түсіндіріп беруде, интеграция – әлеуметтану, саясаттану және т.б. жаратылыстану ғылымдарының пән аралық қатынастарын қолдану негізінде, генетикалық әдіс – аталған тақырып бойынша әрбір құбылыстың шығу тегін тереңірек ашып көрсетуде пайдаланылады.

### **Талқылау**

Сабақтасу, яғни, өткенді тікелей қайталау немесе жай ғана механикалық жалғастық емес, ол қоғам дамуында жаңаруды керек ететін әлеуметтік прогрессивті құбылыс болып табылады. Сабақтасу сонымен қатар, көп жағдайда жағымды мәнде айтылады. Қарама-қарсы түсініктер үзілу, үздіктілік, қайталамалылық, жойылу, құру, т.б. жағымсыз мәнде айтылатын түсініктер. Бірақ қазіргі діндегі теософиядағы, діни философиядағы құдай болмысы үшін сабақтастық түсінігі қолданылмайды, себебі, құдай жалғыз, ол біреу, сабақтаспайды, ұрпағы да болмайды.

Бірақ, көне Гректердің құдайлар туралы аңыздарында, әсіресе, политеистік сарындағы діни дүниетанымдарында олардың ұрпақтары бар, тіпті, әкесі, анасы, баласы, т.б. болатын жайттар да кездеседі. Кейіннен, бұл ұғым жойылып, «антропоморфтанған құдайлар» болмысындағы сабақтастық қағидасы да бірте-бірте ұмыт бола бастады.

Сонымен қатар, сабақтастық кей сәттерде қағида, ұстын ретінде ғылыми айналымда қолданылатын түсінік екендігін де ескеруіміз керек. Мәселен, «сабақтастық қағидасы» синергетика, диалектика, логика, т.б. ілімдерде қолданылатын пәнаралық ұстанымдардың бірі болып табылады.

Халқымыздағы ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейліктің көне дәуірлеріне үңілген тарихшылар сақтар-ғұндар-түркілер-қыпшақтар-Алтын Орда-Қазақ хандығы болып сабақтасқандығын дәйектейді. Ғалымдар б.э. V ғасырларында ғұндар империясы ыдырағаннан кейін, 100-150 жылдан кейін олардың орнын басқан, генетикалық жағынан туыс түркі халықтары өздерінің Түркі қағанаты деп аталатын мемлекеттерін құрғандығын, олар да саяси-тарихи сахнада беделге ие болғандығын дәлелдеп жүр. Шыңғыс хан бастап,

оның ұрпақтарының құрған Алтын Орда мемлекеті, ол ыдырағаннан соң құрылған Қазақ хандығындағы өмір сүру ұстанымдарының, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерінің, діни сенімдерінің сәйкес келетіндігі, географиялық жағынан бір аймақты қамтып жатқандығы, т.б. ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейліктің сақталуының көрінісі деп түсіндіреді.

Ұлттық бірегейлік қазіргі таңда белгілі бір этностың, халықтың, ұлттың өзіне-өзі сәйкес келуінен туындап жататын көп құрылымды құбылыс. Ол саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани, экономикалық-тәжірибелік негіздері бар түсінік. Оның мәнін ашып алу үшін, алдымен, ұлттық бірегейлік ұғымын, біз, концепт ретінде қарастырамыз. Өйткені, ұлттық бірегейлік атауымен берілген жалпыға біріккен жеке құбылыстардың мағынасын жинақтайтын, мазмұны кеңірек, түбегейлі ашып көрсетуді қажет ететін жалпылама түсінік, мәнін толықтай танытын ұғым болып табылады.

Қорқыт Ата жырларында айтылғандай, ұрпақтар осындай табиғи заңдылықтың үш сатысы арқылы сабақтаса береді: «Атам өлді, Мен қалдым, Жері, жұрты менде қалды, Күні ертең мен де өлермін, Сен қаларсың» [1, 76-б.]. Бұл заңдылық тек түркі ғана емес, бүкіл адамзат баласына тән болуы тиіс құбылыс: аға ұрпақ – бүгінгі ұрпақ – келер ұрпақтың үздіксіз жалғастығы. Бұл тұстағы «Жері», «Жұрты» деген сөздің ішкі мағынасына ойыссақ, әрине, ол басқа халықтардың немесе ұлттардың жері мен жұрты емес, сол өзінің атасынан қалған жері, ол да кейіннен өзінің ұрпақтарына тағайындалады. Бұл толғаулар тек отбасына ғана қатысты айтылған сөздер емес, жалпы ұлтқа қарата бағытталған үндеулер. Яғни, философиялық астарлары ұрпақтар сабақтастығының бір нақты ақиқи куәсі сол – мекен еткен Жері екендігі. Мәселен, географиялық детерминизм бағытын қолдаушы Ш.Л. Монтескьенің пікірінше, ауа райы, тіршілік ортасы, т.б. сыртқы факторлар халықтың мінез-құлқын қалыптастырады дейді [2, 541-б.]. Олай болса, қоршаған орта ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейліктен айнымаудың жалпылама алғышарты болып табылады деп түсінуімізге болады.

Осыдан халқымызда: «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне» деген отансүйгіштікті насихаттайтын мақал қалыптасқан. Бұл орайда: «Сонымен түркілердің келесі бір ғибадаты отаны мен туған жеріне деген кәміл сенімі мен махаббатынан туындап, ол Жер мен Суды культ ретінде қарауға алып келді», – деп атап көрсетілген пікірлерді [3, 18-б.] атауымызға болады.

Бұл ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейліктің тарихымыздағы геофизикалық негізге сүйенген көрінісі деп айта аламыз. Сондай-ақ, халқымызда ұрпақтар сабақтастығының биологиялық-әлеуметтік негіздерін толғаған идеялар да бар. Мәселен, Абай: «Жас қартаймақ, жоқ – тумас, туған – өлмек» [4, 23-б.],-деп адамзат эволюциясындағы ұрпақтардың алмасу заңдылығының табиғи негіздерін ашып көрсетеді. Немесе ол: «Дүние - үлкен көл, Заман - соққан жел, Алдыңғы толқын - ағалар, Артқы толқын - інілер, Кезекпенен өлінер, Баяғыдай көрінер»,-деп [4, 44-б.] ұрпақтар алмасқанмен, тұтас ұлттың сақталып отыратындығы туралы идеяны меңзейтін тәрізді. «Баяғыдай көрінер» деген жолдардың өзі сол халықтың өзінің тұтастай алғанда тұрақтылығын сақтап қалатындығын толғайды. Осыған орай, халқымыздағы ұрпақтар сабақтастығы мен бірегейлікті біз жеке мен жалпы қатынасына қарай былайша бөліп көрсетуді жөн көрдік: геофизикалық – тұтас ұлттық – әлеуметтік институттық (рухани және антопологиялық), құндылықтық – жеке отбасылық.

Жеке отбасылық ұрпақтар сабақтастығы сол шаңырақтағы ұрпақтарының дүниеге келіп, ата-анасының ізін жалғастыратын репродуктивтік қызметімен байланысты. Көптеген халықтарда, сондай-ақ, қазақ халқында да ұрпақсыздық іргелі өмірлік қайғы болып саналған. Сондықтан, ұрпағы жоқтар кей сәттерде қазақ қоғамында тұрмыс жағдайына қарамастан өмірлік мәртебесі де кей сәттерде төмендеу болып саналған.

Діни-мистикалық дүниетанымға, оның ішінде, аруаққа табыну салтымызға орай, ұрпақсыздар қайтыс болған әулие-әнбилердің мәйітінің басына түнеп, бала тілеген немесе халық емшілеріне барып жәрдем сұраған. Бұл дәстүр, шындығында, бүгінгі күнге дейін де

кездесіп отыратын жайт. Қорқыт ата жырларында «Дірсе хан ұлы Бұқаш хан әңгімесінің баяны» әңгімесінде Хандардың ханы Байындырдың қонақтау дәстүрінде «ұлы барларды – ақ отауға, қызы барларды – қызыл отауға кіргізіп, ұлы-қызы жоқтарды – қара отауға қондырыңдар, астына қара киіз төсеңдер, қара қойдың етін тартыңдар, жесе жесін, жемесе тұрсын да жүре берсін. «Ұлы-қызы жоқтарды Тәңірі де қарғайды, біз де қарғаймыз», - деп халыққа жар салған сәттен кейін, ұрпақсыз Дірсе ханның қайғырып жапа шегіп, Тәңірден жалбарынып бала сұрауы, ақырында ұрпақты болғандығы туралы оқиға [1, 17-18-бб.] осының айғағы.

Бұл екінші бір қырынан алғанда, бірегейлікке де қатысты. Генетикалық заңдылық бойынша, отбасындағы дүниеге келген ұрпақ анасына немесе әкесіне, қазақ халқы айтқандай, қанына тартады немесе ұрпағына «аузынан түскендей» деп қарата айтылған мәтелдер арқылы сипаттайды. Әрине, ұрпағы нақ сол тұлғаның өзі емес, бейне бір жаңартылған көшірмесі деуге де болады. Бұл да ұлт өкілі болған субъекті үшін ұлттық физиологиялық-психологиялық-ділдік ұлттық бірегейлікке ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұмтылудың бүтін мен бөлшек қатынасындағы бөлшектер болып табылады. Мәселен, нақтырақ айтсақ, әр отбасы өзінің ұрпақтарын ұлттық рух пен ұлттық болмыс талаптарына сай тәрбиелесе, онда тұтас ұлтымыз бірегейленеді деген сөз.

Сондықтан да халқымыз ұрпақ тәрбиесіне баса көңіл бөлген. «Қызға қырық үйден, Ұлға отыз үйден тиым» салу дәстүрі бірнеше жүздеген жылдар бойы сақталып келе жатқан дәстүр. Дүниеге келген әрбір ұрпақ бір қырынан отбасының мүшесі болса, екінші бір қырынан халқының азаматы мен азаматшасы ретінде қабылданған. Ұрпақтардың қоғамдық өмірде әлеуметтенуі үшін салт-дәстүр мен әдет-ғұрып институты қондалған ережелер түрінде белгіленген. Ұрпақтардың биологиялық сабақтастығымен қатар олар ұлттық болмыс пен тіршілік ету дәстүрлерін, ұлт руханиятын алып жүруші субъектілер ретінде белгіленген.

Осы руханияттың арғы бастаулары діни сенімдерде жатыр. Көне алғашқы діни сенімдер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып мыңдаған жылдар бойы сақталып келді. Себебі, діни сенімдер ұлт руханиятының бірегейлігінде басты роль атқарған еді. Ә. Нысанбаев пен Н. Аюпов атап өткендей: «Түркітілдес халықтардың философиялық ойындағы діни синкретизм және дүниетанымдық бағдардағы діндарлықтың басымдылығы. Түркілерде тәңіршілдік алдыңғы орында тұрғанымен, олардың мәдени тарихынан зороастризмнің де, буддизмнің де, манихейліктің де іздерін аңғаруға болады. Қатаң монотеистік ислам дінінің өзі бұл аймақта таза ортодоксалды күйінде тарала қоймады. Түркі халықтарының діни дүниетанымының дәстүршілдігі, оның жоғары синкреттілігі исламның түркілік реңге боялуына ықпал етті» [5, 5-б.] Түркілердің дүниетанымын және орта ғасырдағы ойшылдардың пікірлерін зерттеуші Жанұзақ Әкім: «Түркілер туралы орта ғасырдағы ұлы ғалым Махмұд Қашғаридің «Түрік тілдерінің лұғатында» былай деген: «Ұлы Тәңір айтады: «Менің бір тайпа қосыным бар. Оларды түрік деп атап, күншығысқа қоныстандырдым. Кейбір тайпаларға ренжісем, түріктерімді қарсы аттандырамын», - деген жолдарды негізге ала отырып, Түркі мен Тәңірі арасындағы өзіндік үндестікті ұсынады және Аттиланьың «құдайдың қамшысы» деп аталғандығына да тоқталып өтеді [6, 9-б.]»

Шындығында, әсіресе, тәңіршілдік сенімінде сол көне Түркі халықтарының дүниетанымы арқылы тұтас ділі құрылған еді. Көне түркілер өздерін Көк Тәңірінің ұлдарымыз деп түйсінген. Көне Түркі жазба ескерткіштеріндегі: «Жоғарыда көк тәңірі, Төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы, Адам баласын басқаруға ата-бабам жаралды» [7, 56-б.], – деп басталатын жолдар ұлттық бірегейлену мен тәңіршілдік сенімінен айнымауды көздейтін ұстанымды білдіреді. Осы жолдар бірнеше ғасырлар бойы Түркі халқының рухтануы үшін қажетті және ұрпақтар сабақтастығы арқылы сақталған қағида болып айшықталды.

Күлтегін мен Білге қаған елдік идеясын басты орынға қойды. Халқының санының өсіп-өнуіне айрықша мән берді: «Аш халықты тойындырдым, Жалаңаш халықты киіндірдім» [7,

106-б.]. Түркі билеушілері халқының болашағы мен олардың тәуелсіздігіне алаңдады. Ол ұрпақтарының да отаншылдық сезімде тәрбиеленіп, елдікті сақтап қалу идеясынан туындап жатады.

Ғ. Есім де тәңіршілдіктің ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып, оның ұлттық рухтанушылықты үнемі-үздіксіз сақтап отырғандығы туралы өз ойын былайша тұжырымдайды: «Түркілердің Тәңір дүниеге көзқарасы қол жеткізілмейтін сыр. Көк Тәңіріне табыну адамды өркөкірек, келісімпаз емес болуға жетелейді, қаһармандық философиясын уағыздайды» [8, 20-б.].

Ұлттық бірегейліктің ұрпақтар сабақтастығы арқылы жалғасуындағы оның діни сенімдерге негізделген көріністерін халық тәлім-тәрбиесінің негіздері деп бағамдаған У. Жомирова өз ойын былайша тиянақтайды: «Түркі қағанаты, қарахан дәуіріндегі халық тәлім-тәрбиесі ежелгі формаларға – миф, шаманизм, зороастризм, суфизм, діни наным-сенімдерге негізделген» [9, 9-б.].

Себебі, көне діни сенімдер ғасырлар бойы руханияттық мәдениетте халық жадында сақталып келе жатқан ұлттық бірегейліктің басты түпнегіздерінің бірі. Тәңіршілдік арқылы бірегейленген ұлттық діл, кейде күңгірттеніп, кейде ықпалды фактор ретінде өріс алып отырған. Дегенмен, оның сарқыншақтары кейінгі түркі ұрпақтарының жадында, аретиптерінде сақталып қалып отырды.

Тәңіршілдік аңыздарында «Ақ Жол», «Қара Жол», «Ала жол» деп аталған рухтар болған. Олар жолға шыққандарды желеп жебеуші және кейде қиындыққа душар етуші ретінде түсінілген. Бүгінгі таңда да осы рухтарға қатысты түсініктер мен ұғымдардың сарқыншақтары жоқ емес. Себебі, алыс жолға шығу бір қырынан қатерлі болса, екінші бір қырынан жолаушы үйіне қайтқан сәтте мақсатына жетіп, «олжалы» оралуы тиіс. Осыған байланысты, сол көне дәуірлерден бері сақталып келе жатқан тәңіршілдік элементтерінің жолға байланысты айтылатын бата-тілектерінің бірі «Жортқанда жолың болсын, Қыдыр ата жолдасың болсын», «Аман барып, сау қайт!». Егер сапар ұзақ және қиыншылықты болса, сол рудың, ауылдың халқы жиналып, ас беріп, ақсақалдар оларға бата тілектер айтатын болған. Осы дәстүр бүгінгі күні де еліміздің көптеген өлкелерінде кездеседі.

Ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейліктің түпнегізі көне діни тотемдік сенімдердің бірі – көк бөріні құрмет тұту. Бұның пайда болу себебі, көне дәуірлердегі түркі халықтарының ата-бабаларының қасқырдан тарағандығы туралы мифтердің [10, 413–423-бб.] мазмұнымен байланысты. Осы аңыздың әрине, ұрпақтар сабақтастығындағы биологиялық қыры – мифтік сипат алуы мүмкін, ал экзистенциалдық қыры – ұрпақтар сабақтастығындағы бөрі рухын өздеріне көшірген халықтық сенімдермен келіп орайласады.

«Оғызнаме» мен «Қорқыт ата кітабында» қасқыр хайуанаттан гөрі, жағымды мифтік бейне түрінде сипатталады. Бірақ бөріге арнап құрбандық шалу, оған жалбарыну мен Аллаға сиынғандай тәуба ету сияқты сенім элементтері сол дәуірлерден бері тұрмыс-тіршілікте байқалмаған, тек оны тотем ретінде бағалаған. Бөрі тотемі тек ұрпақтардың тарихи жадысы арқылы жай ғана сақталып қойған жоқ, Түркі халқының тұрмысы мен жауынгерлік рухының бірегейлігін жалғастыруда да елеулі қызмет атқарды, бұл кейіннен де бірнеше ғасырларға ұласып, ХІХ-ХХ ғасырларда күңгірттен бастады.

Ә. Марғұлан да бөрі тотемінің тым көне замандардан бері сабақтасып келе жатқан дәстүр екендігін атап өте келе, оның элементтері қазіргі таңда айқынсыздау болып келетіндігіне де тоқталады [11, 12-б.]. Бұл бөрі тотемінің дүниетанымымыздағы сабақтастығы, әрине, Кеңес өкіметі тұсында жойылды деуімізге де болады. Тек халық арасында оны тікелей қасқыр деп атамай, «Итқұс», «Құртқа» деген атаулар берген. Бүгінгі таңдағы түсірілген «Шал» атты фильмде де осы бөрі рухы қылаң беріп отырады.

Ал оның ұрпақтар жадысы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтауының мәні – мифологиялық қырында емес, тұрмысмәнділік жағында болып отыр. Бөрінің зоопсихологиясын зерттеушілер оның өміршең, алғыр, айлакер, намысшыл хайуан екендігін

атап өтіп жүр. Осындай сапаларды бойына жинақтаған түркі халқы бірнеше мың жылдықтар бойы өздерінің өршіл рухын сақтап келген.

Көне дәуірден алмасқан ұрпақтардың жадында сақталған сенімдердің бірі – Күнге табыну дәстүрі болған. Ол көне ғұн-сақ замандарынан бастау алып, кейінгі түркілердің сенімімен жалғасын тапқанмен, бүгінгі таңда жойылып кеткен деуімізге де болады. Дереккөздерде Ғұндар жайлы былай делінген: «Шаньюй ертемен күнге табыну үшін, кешке қарай айға табыну үшін шығады». Ғұндардан қалған бұл дәстүр түріктерге ауысты. Бұл ғұндардың алғашқы түріктер екендігі жайлы болжамды қуаттайды. Киіз үйлерінің есігі әрқашан оңтүстікке ашылған, Монғолиядан айырмашылығы осында. Таным бағдарында шығысты құрмет тұтушылық көне тас балбалдардан көрінеді. Тіптен, көне Түркі тілінде Шығыс алдыңғы жақ, батыс (кейінгі) арқа бет, ал оңтүстік – оң, солтүстік – сол жақ болып саналады. Күлтегін ескерткішінде былай делінеді: «Ілгері-күншығыс, оңға-түстік, кейін-батыс, солға-терістік». Бұл кеңістік орналасуының қатаң тәртібін бекітті» [12]. Күнге табынудың ұрпақтар алмасуындағы ділдік көріністері бірнеше ғасырлар бойы сақталғанмен, ол да бірте-бірте солғынданып, қазіргі таңда ол мүлде жойылды деп айта аламыз. Тек ділдік ұжымдық бейсанадағы сарқыншақтары бар. Мәселен, күн батып бара жатқан сәттегі ұйықтауға болмайтын табу – Күнмен талас ұйықтама; жиі сипатталатын күннің бейнесі – Күннің көзі; өмір сүрудің төменгі деңгейі – күн көріс (яғни, күннің жарығын көріп, тірі жүру); ұзақ өмір сүруге деген тілек – шырағың сөнбесін; өзгеге қарата айтылған эмоционалдық лебізді сөздер – күнім, айым, т.б. қазақ қыздарының есімдері – Күнсұлу, Күнім, т.б.

Сонымен қатар, «күн нұры» деген тіркеспен байланысты «Нұр» да қастерлі, кейде мистикалық тұрпатты болып келетін көнеден келе жатқан ұғым. Түркілердің мифологиялық санасында әйелдердің күн нұрынан жүкті болуы кездесіп қалатын жайт. С. Қондыбайдың зерттеулерінде айтылғандай: «Бәйтеректің түбінде, Нұрбұлақтың қасында Нұрдан жүкті болған Қанбибі» тоғыз айдан соң босанатындығы туралы миф» [13, 160-б.]. осының айғағы. Бүгінгі таңдағы «Нұрберген» деген ер адам есімі де осы сюжеттен қалған архетип болуы ықтимал.

Ал Ғ. Ақпанбек Нұрдың түрлерін айта келе, оның көне замандардан ислам дініне, одан бүгінгі заманға дейін сабақтасқан формаларын былайша көрсетеді: «Нұр сыддық – адалдық, әділеттілік, шындық; Нұр сабыр – төзімділік, табандылық, шыдамдылық; Нұр шәкір – қадірлеу, құрметтеу және қастерлеу; Нұр фәкір – тәкаппарлық, асқақтық; Нұр зәкір - көркем келбет, сипат. Аллаға мадақ; Нұр намаз – ғибадат ету, құлшылық жасау; Нұр ораза – өзін тыю, қанағат ету; Нұр иман – ақиқатты түсіну және сену; Нұр садақа – қайырымдылық жасау; Нұр пәк жан - әрқашан таза болу [14, 39-б.]. Шәкәрім Құдайбердиев Нұр туралы пайымдауларын қысқаша былайша сипаттап береді: «Нұр Жарық. Нұр Күннен, не оттан шықса да, жан-жағының бәріне күлтеленіп шығады» [15, 60-б.].

Ұрпақтар сабақтастығына тікелей қатысты және діни-мистикалық сипат алатын түркі халықтарындағы сенімнің бір түрі – ата-баба аруақтарына (онгондарға) табыну. Бұл тұста аруаққа табынуды фәнилік және бақилық деп ажыратып алуымызға болады. Яғни, осы дүниеде өмір сүріп жатқан әулие-әнбилер, аруақ қонған адамдар, қасиетті емшілер т.б. мен о дүниелік болған ата-баба рухының кеңістік пен уақыттан тыс әлемдегі кейінгі ұрпақтарын желеп-жебеуші ретінде және күнәһарларды жазалаушы түріндегі тарихи-әлеуметтік келбеті деп түсіндіруімізге болады.

Мәселен, С. Оспанов аруақ феноменін былайша тарқатып өтеді: «Аруақтылыққа ие болған адамның да, оны көріп, соның ықпалына енген, ерекшеліктерін көрген адамдардың да санасы, сенімі ерекше сапалық сипаттарға ие болады. Мысалы, аруақты батырдың соғыс кезінде сол аруағын шақырып, орасан күш пен батылдыққа ие болып жаудың шебіне тиіп, оны қақыратуы өзгелерге қуат берсе, жаудың үрейін ұшырады, басқаша айтқанда жеңіс айқын, күмәнсіз жақындайды... Міне осы айтылғандардың барлығы ертедегі тәңіршілдердің

ғана емес, соларды мойындайтын біздердің де саналарымызға онтологиялық әсер етеді. Яғни, бұл құбылыстарды тәңірлік тұрғысынан қаралған сана онтологиясының көріністері дей аламыз» [16, 265-б.].

Осыған байланысты, аруаққа табыну көне түркілік дәуірден бері сабақтасып келе жатқан ұрпақтар сабақтастығы мен оның дүниетанымындағы бірегей бірізділіктілігінің айқын нышаны екендігін көреміз. Бұл ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірігейлікті ерікті-еріксіз, саналы-бейсаналы түрде сақтаудың халқымыздағы діни сенімдік және тарихи-әлеуметтік көрінісі екендігі туралы тұжырым жасауымызға болады.

Бұнда, біріншіден, аруақтарға сыйыну арқылы ұрпақтардың жалғасуының генетикалық тұрғыдан негізделген, канондалған ұстанымдары жатыр. Себебі, басқа этнос немесе ұлттар өзінің тарихи эволюциясына, туысқандық тамырларынан тыс о дүниелік болғандарға сыйынбайтындығы белгілі жайт. Сондықтан да, қандай да болмасын аруаққа сыйыну сол аруақтың өзімен туыстық байланысын түйсінеді, сезінеді. Бұл ұлттық бірегейлікті сақтаудың, аруақтардың рухын өзіне көшірмелеудің халықтық дүниетаным мен өміріндегі маңызды буыны еді. Мәселен, Абылай хан жауға шапқан сәтте өзінің атасы Абылайдың атын атап аруақтар шақырады. Осы мысалдан ұрпақтар сабақтастығы негізіндегі ұлттық бірегейліктің сақталуының генетикалық шарттарын анық аңғаруға болады.

Бұндай өз ата-бабасының аруағына сыйыну дәстүрлері бүгінгі таңда да еліміздің кейбір өлкелерінде көрініс тапқан немесе көмескіленген күйде болса да байқалып қалады.

Екіншіден, бұл тұстағы ұрпақтардың ділі мен дүниетанымы арқылы жалғасқан сол халықтың болмысын сақтауға деген ұмтылыс, әрі мистикалық, әрі императивті түрде тағайындалған деуімізге де болады. Санаға бұйырылған жағымды императивтер «Аруақ қолдасын», «Ата-бабаның аруағы желеп-жебеп жүре берсін» деген сияқты ыңғайлармен қолданыс тапса, үрей туғызатын императивтер «Аруақ атсын», «Аруақ атқан оңалмас», «Ата-баба аруағын қорлама», т.б. қуатты сөздер арқылы берілген. Себебі, аруақтардың кейінгі ұрпақтарына ықпал етуінің магиялық ықпалы бар деген ұғым қазіргі таңда да сақталып қалған. Ол ұлттық бірегейлікті сақтап отыратын о дүние әлеміндегі әрі «өлі», әрі «тірі» тұлғаларға қатысты құбылыс. Халықтық дүниетанымдағы аңыздарда да Қорқыт ата туралы «Өлі десем өлі емес, тірі десем тірі емес» деген сөздердің халық жадында сақталып қалуы осыдан болса керек.

Үшіншіден, кейінгі ұрпақтар аруақтарға сыйыну арқылы өздерінің және одан кейінгі ұрпақтарының ұлттық бірегейлігін сақтап қалуға ұмтылады, ол халықтың ділі мен өмір сүру салттарының сақтаушысы мен дұрыс жолдан ауытқымауының кепілі іспеттес болған. Бүгінгі таңда да аруаққа табыну кең құлаш жайған күйде сақталмаса да, кездесіп қалады. Батырлардың, билердің, әулиелердің, тіпті өзінің марқұм болған ата-бабасының рухына құран бағыштау, жеті шелпек пісіру сияқты дәстүрлер осының айғағы. Бұл тек дәстүр сабақтастығы емес, биологиялық та, мистикалық та дүниетаным бойынша жалғасқан ұлттық бірегейлікке деген ұмтылыстың көріністері деп айта аламыз.

Төртіншіден, бұл құбылыстың біз қарастырып отырған мәселеге тікелей қатысты қыры – ұрпақтан-ұрпаққа берілетін адам бойындағы осы тылсым қасиет. Жоғарыда атап өткендей, тірі аруақтар о дүниелік болар сәтінде немесе қайтыс болған соң, өзінің осы емшілік немесе көрегендік қасиетін өзінің ұл-қыздарының немесе жақын туыстарының біріне «аманаттайды», «мұраға қалдырады», «тасымалдайды» деген ұғымдармен айтуымызға да болады. Осыған орай, қазіргі таңда да тарихи дәуірлердегі әйгілі, елге сыйлы аруақты адамдардың ұрпақтары осы құндылықты сақтап, өзінің бойына дарыта алған сәтте оның қоғамдық ортадағы беделі өсе түседі немесе сол әулеттің ұрпағы ретінде қастерленеді.

Дегенмен, бұл құбылыстағы уақыттың шарттылығы ауысып келе жатқан бірнеше ұрпақтардың тарихи жадысында сақталып отыратындығымен ерекшеленеді. Ол мүмкін, үшінші, төртінші, т.б. атасы болуы мүмкін. Бірақ, болашақ келер ұрпақтарға сыйыну кездеспейді, демек, ол тек тарихи-ретроспективтік танымның шеңберінде сақталады.



Осыдан, қазақ халқында «жеті ата» феномені қалыптасқан. Әрбір «осы заманғы» ұрпақ өзінің жеті атасын білуі шартталған. Осыған орай, Қазақ халқында «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген қатаң салтқа негізделген «дала білімдері» сақталған. Сондықтан да, жеті атаның өткен мен болашақ үлгісіндегі көрнекті үлгісі құрастырылған.

«Жеті атаңды білмей қалсаң әке кіретін жерден тесік таба алмайтын, жетесіз баланы өсіргені үшін. Қазір атасын, әкесін ғана біліп, қалған аталас ағайындарын білмей жатқан балалар көбеюде. Біз бұнымызбен сүмелек жастардың кесірінен, мүгедек ұрпақ таратамыз. Бұрын қазақ оқымаса да таза қанды ұрпақ тарату үшін салт-дәстүрге жеті атаны енгізген. Қазір біз оқып, тоқысақ та ата-бабамыздың жолын ұмытудамыз, ол үшін кәсіптік білім тоқып, диплом алмай тұрып, адамгершілікті үйреніп алғанымыз жөн. Ойланайық, дені сау ұрпақтың ата-бабасы болғымыз келсе. Билік қолға түссе, осы жеті атаны Конституцияға бап қылып енгізер едім» [17] деген сияқты қоғамдық пікірлер ұрпақтар сабақтастығындағы ұлттық бірегейлікті сақтауды заңдастыру қажет деген тұжырым жасап отыр.

Бұнда «Бала, әке, ата, арғы ата, баба, текті ата, түп ата» деген түзілім арқылы ретроспективті бағдар құрылса, «Ата, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат» тізбегі арқылы ұрпақтардың перспективті жобасы жасалады және олардың әрқайсысының өзіндік атаулары болғандығы да белгілі жайт.

Бұндай ұрпақтар сабақтастығы біздің халқымызда тек вертикалды уақыт бойынша емес, горизонталды үлгіде де қатаң сақталған, олар сабақтастықтың генетикалық байланысы мен қатынасына негізделген: «Баба – арғы ата, үлкен ата Ата – әкесінің әкесі, бергі ата Әже – әкенің шешесі, үлкен әже Әке – өзінің туған әкесі, Ана – өзінің туған шешесі, Аға – өзінен үлкен ер бала, Апа – өзінен үлкен қыз бала, Қарындас – өзінен кіші қыз бала, Іні – өзінен кіші ер бала, Сіңлі – ападан кейінгі қыз бала, Ағайын – бауырлас, аталас адамдар, Нағашы – шешесінің туыстары, Қайын жұрт – әйелінің немесе күйеуінің туыстары, Жеңге – ағаның әйелі, Жезде – апасының күйеуі, Келін – інісінің әйелі, Күйеу бала – сіңлінің күйеуі, Жиен – ападан не қарындастан туған бала, Жиеншар – жиеннен туған бала, Бөле – шешенің апасы не сіңлісінің ұл-қыздары, Балдыз – әйелінің інісі, не сіңлісі, Бажа – әйелінің әпкесінің не сіңлісінің күйеуі, Абысын – қайын ағасының әйелі, Ажын – қайын інісінің әйелі, Құда – күйеу мен қалыңдықтың аталары мен әкелері, аға-інілері мен туған-туысқандары, Құдағи – қарама-қарсы жақтың әжелері, шешелері, апалары, Құдаша – қарама-қарсы жақтың сіңлілері, Бел құда – туылмаған (белдегі) балаға ниет қылысқан құдалар, Бесік құда – бала туылған кезден ниеттескен құдалар, Қарсы құда – екі құда бір-бірінен қыз алысуы, Бас құда – бір-бірімен қыз алысып, қыз беріскен қат-қабат құдалар, Жанама құда – екі жақтың сөзін сөйлер құдалар (Бас құданың жанына еріп келген жора-жолдастары), Бауыздау құда – мал бауыздағанда бата берген құда, Немере – ата-ананың ұлынан туған бала, Шөбере – немереден туған бала, Шөпшек – шөбереден туған бала, Немене – шөпшектен туған бала Туажат – неменеден туған бала, Жүрежат – туажаттан туған бала, Жегжат – жүрежаттан туған Жұрттың Баласы» [18]. Бұл бүкіл қазақ халқына ортақ туыстық құрылымдық жүйе ретінде бүгінгі заманға дейін сабақтасқан этикалық, генетикалық, дифференциациялық жүйе деуімізге болады.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, діни сенімдердің ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтаудағы негізгі қызметтерін былайша жинақтап көрсетуімізге болады.

1. Дін мен діни сенім санаға қуатты ықпал ете алатын халықтық руханият болып табылады. Ол көне замандардағы ата-бабалар дәуірінен бері сақталған бұлтартпас канондар мен «бұйрықтардың» жиынтығы болғандықтан, келер ұрпақ оны сөзсіз мойындауы және сақтауы тиіс. Сондықтан, сабақтасқан ұрпақтар үшін өмір сүрудің дәстүрлі жолы болып белгіленгендіктен, олар діни сенімдерді тарихи жадыда тасымалдаушылар ғана болып табылады. Олай болса, ұлттық руханияттық бірегейлікті осы тасымалдаушылар сақтап отырады.

2. Діни сенім мен діндер бұған дейінгі тарихи дамуда ұлт руханиятының негізі болған, қазір де сол қызметін сақтап келеді. Көне дәуірлерде халықтық дүниетаным мен діл, әсіресе, дінге қарай бағдарланды. Ол кезеңде, әрине, арнайы білім беру жүйесі, ғылым, саяси күрделі жүйе, т.б. рухани мәдениет салалары болмағандықтан, дін тарихи жадыда басымдылық алып, ұрпақтарымыздың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыратын бірден-бір құрал болатын. Сондықтан да ұрпақтар ерікті-еріксіз түрде діни руханияттан сусындап, оны өз еріктерімен мойындап, келер ұрпаққа жеткізіп отырды.

3. Этностық генетикалық тұтастық та айтарлықтай ықпал етті. Жоғарыда айтқандай, ғұндар-түркілер-қыпшақтар-Алтын ордалықтар-қазақтар болып сабақтасқан атауы басқаша, бірақ түбі бір түркілік діл қандастық пен биологиялық сабақтастыққа да негізделгендіктен, ол халықтардың руханияттығы, әсіресе, діни сенімдері өздігінен-ақ сабақтасатындығы белгілі жайт.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Қорқыт ата кітабы / Түрік тілінен аударған Б. Ысқақов. – Алматы: Жазушы, 1994. – 160 б.
2. Монтескье. О духе законов // Антология мировой философии. В 4-х т. – Т.2. – М.: Мысль, 1970. – 776 с.
3. Рыскиева С. Көне Түркілердің діни дүниетанымы // Қазіргі заман: Пікірлер әлемі. Философия альманахы. – 2009. – №1. – 15–21-бб.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармалары. Екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002. – Т2. – 336 б.
5. Нысанбаев А., Аюпов Н. О тюркской фальсафе. Тюркское мировоззрение и ислам. Тюркская философия: десять вопросов и ответов. – Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, 2006. – С. 5–76.
6. Әкім Ж. Қазақ идеясы. Түркі өркениеті негізінде. – Алматы: Өлке, 2006. – 232 б.
7. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 220 б.
8. Есім Ғ. Хақим Абай. – Алматы: Білім, 1995. – 192 б.
9. Жомирова У. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы халықтық педагогика негіздері: пед. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 24 б.
10. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Жиырма томдық. – 1-том. – Астана: Аударма, 2005. – 496 б.
11. Марғұлан Ә. Шығармалары. 14 т. – Т.3. – Сарыарқа петроглифтері. Бөрі тотемі бейнеленген жартастар гравюралар. – Т.4. Ислам дінінің келуіне дейінгі Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер / Құрастырған Д.А. Марғұлан. – Алматы: Дайк-Пресс, 2003. – 246 б.
12. Исламға дейінгі Қазақстандағы діни наным-сенімдер тарихы // <https://e-history.kz/kz/contents/view/692> [Электронды ресурс]
13. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – Бірінші кітап. – 516 б.
14. Ғұзыхан Ақпанбек. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 56 б.
15. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы: Қазақстан: Ғақлия. ғыл.-әдеби орталығы, 1991. – 80 б.
16. Оспанов С. Арғытектану негіздері: тәңірлік пен жаратушылық ілімді зерттеудің ғылыми-практикалық мәселелері. – Алматы: Арыс, 2009. – 424 б.
17. Құскенов С. Ата, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат немесе бала, әке, ата, арғы ата, баба, текті ата, түп ата деп қазақ халқы айтушы еді [Электронды ресурс] <https://interesnoe.me/source-72058501/post-1193986>
18. Қазақ халқының туыстық атаулары: Баба – арғы ата, үлкен ата [Электронды ресурс] <https://interesnoe.me/source-31643537/post-4996788>.

REFERENCES

1. Qorqyt ata kitaby / Túrık tilinen aýdarǵan B. Ysqaqov. – Almaty: Jazýshy, 1994. – 160 b.
2. Monteske. O dýhe zakonov // Antologua mirovoi filosofii. V 4-h t. T.2. – M: Mysl, 1970. – 776 s.
3. Ryskieva S. Kóne Túrıkilerdiń dini dúnietanymy // Qazirgi zaman: Pikirler álemi. Filosofua almanahy. – 2009. – №1. –15-21-bb.
4. Abai (Ibrahim) Qunanbaev. Shyǵarmalary. Eki tomdyq tolyq jinaǵy. – Almaty: Jazýshy, 2002. – T2. – 336 b.
5. Nysanbaev A., Aıǵpov N. O tıyrkskoi falsafe. Tıyrkskoe mirovozzrenie i islam. Tıyrkskaia filosofua: desiat voprosov i otvetov. – Almaty: KITs IFiP MON RK, 2006. – S. 5-76.
6. Ákim J. Qazaq ıdeiasy. Túrki órkenieti negizinde. – Almaty: Ólke, 2006. – 232 b.
7. Aıdarov Ğ. Orhon eskertkishteriniń teksı. – Almaty: Ğylym, 1990. – 220 b.
8. Esim Ğ. Hakım Abai. – Almaty: Bilim, 1995. – 192 b.
9. Jomirova Ý. Júsip Balasaǵunnyń «Qutty bilik» dastanyndaǵy halyqtyq pedagogıka negizderi: ped. ğyl. kand. diss... avtoref. – Almaty, 2007. – 24 b.
10. Ejelgi kóshpeliler dúnietanymy. Jıyrma tomdyq. –1-tom. Astana: Aýdarma, 2005. – 496 b.
11. Marǵulan Á. Shyǵarmalary. – 14 t. – T.3. – Saryarqa petroglıfteri. Bóri totemi beinelengen jartastar graviýralar. – T.4. Islam dininiń kelýine deingi Ulytaı tóniregindegi tas músinder / Qurastyrǵan D.A. Marǵulan. – Almaty: Daik-Press, 2003. – 246 b.
12. Islamǵa deingi Qazaqstandaǵy dini nanyım-senimder tarihy // <https://e-history.kz/kz/contents/view/692> [Elektrondy resýrs]
13. Qondybai S. Arǵyqazaq mifologiasy. – Almaty: Daik-Press, 2004. – Birinshi kitap. – 516 b.
14. Ğuzyhan Aqpanbek. Qazaqtardyń dúnietanymy. – Almaty: Qazaq ýniversiteti, 1993. – 56 b.
15. Qudaiberdiuly Sh. Úsh anyq. – Almaty: Qazaqstan: Ğaqlıua. ğyl.-ádebı ortalyǵy, 1991. – 80 b.
16. Ospanov S. Arǵytektaný negizderi: táńirlik pen jaratýshylyq ilimdi zertteýdiń ğylymı-praktıkalyq máseleleri. – Almaty: Arys, 2009. – 424 b.
17. Quskenov S. Ata, bala, nemere, shóbere, shópshek, nemene, týajat nemese bala, áke, ata, arǵy ata, baba, tekti ata, túp ata dep qazaq halqy aıtýshy edi [Elektrondy resýrs] <https://interesnoe.me/source-72058501/post-1193986>.
18. Qazaq halqynyń týystyq ataýlary: Baba – arǵy ata, úlken ata [Elektrondy resýrs] <https://interesnoe.me/source-31643537/post-4996788>.

Ж. АСХАТҰЛЫ<sup>1</sup>✉, О. САМЕТ<sup>2</sup>\*

<sup>1</sup>PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті  
(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), e-mail: [jalgas8787@mail.ru](mailto:jalgas8787@mail.ru)

<sup>2</sup>PhD доктор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің доцент м.а.  
(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.)

## ЖИҒАД ҰҒЫМЫНЫҢ БАЛАМА АНЫҚТАМАСЫ

Бүгінде жиһад термині тек бір бағытта алпауыт елдердің мүддесін көздеген геосаяси сипатта ғана тұжырымдама ретінде қарастырылып келеді. ХХІ ғасырдың басында орын алған 11 қыркүйек (2001 ж.) оқиғасының нәтижесінде бұл термин Батыста көптеген еңбектердің мазмұнында терроризммен бара-бар түсіндірілуде. Соңғы уақытта исламдық ғылым айналымына да бұл термин анықтамасы еніп үлгерді және саясиланып тұжырымдалуда. Осының салдарынан жиһадтың ұғымы тарылып, дін жолындағы «қасиетті соғыс» анықтамасына айналып, нағыз зұлымдыққа апарар жол ретінде түсіндірілуде. Осыған байланысты бүгінгі заманауи технологияны тиімді пайдалану арқылы бұқаралық ақпараттар құралдары тарапынан қандай да бір мәліметті тез таратуға болатынын ескерсек, БАҚ арқылы жиһад сөзінің анықтамасын дұрыс бағытта насихаттау заман талабына айналып отыр.

Адамзат өмір сүріп жатқан қоғамды мейлінше жақсы жаққа өзгерту, реттеу үшін жиһадтың басты қағидаларын негізге ала отырып, қол жеткізуге болады. Дәл осындай қағидалар жұмыстың мазмұнында үшке бөлініп жеке қарастырылған. Олар: экологиялық саяси жиһад, гуманитарлық жиһад және халықаралық терроризмге қарсы жиһад. Осы ретте аталмыш тақырыптар аясында белгілі әлеуметтанушы Энтони Гидденс пен дінтанушы Ризван Максим, Рашид Рида секілді ғалымдардың көзқарасы және халықаралық ұйымдардың зерттеу жұмыстарының нәтижесі негізге алынған.

Жалпы, жиһадтың бұдан басқа да қырларын жіті талқылау арқылы оны заманауи қалыптасқан теріс анықтамадан ажыратып, позитивті бағытын айқындауға болады. Сол үшін бұл еңбекте «жиһад» сөзі көптеген мағына беретіндігін және оның классикалық ислам ғалымдары бекіткен негізгі концепциясы әрбір қоғамды ілгерілетуге игі ықпалын тигізетіні туралы жан-жақты талқыланады.

Сондай-ақ, аталмыш концепцияны бүгінде жаһандық кеңістікте орын алып жатқан экология, әділетсіздік, адамзат құқын бұзу секілді келеңсіздіктердің жолын кесуге елеулі ықпал ететін механизм ретінде қарастырып, жиһадтың ислам дініндегі орны мен маңыздылығын, адамның тұлға ретінде қалыптасудағы оның ерекше рөлі жөнінде кеңірек баяндалады.

**Кілт сөздер:** жиһад, Құран, ислам, пайғамбар, буквализм, радикализм, дін, концепция, фард айн, фард кифая, харб, қитал, экологиялық саяси жиһад, гуманитарлық жиһад, халықаралық терроризмге қарсы жиһад, фасад, фитна, жиһад кәбир, жиһад сағир.

---

\* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Асхатұлы Ж., Самет О. Жиһад ұғымының балама анықтамасы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2020. – №3 (117). – Б. 60–68. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.006>

\* **Cite us correctly:**

Ashatuly J., Samet O. Jihad ugymynyń balama anyqtamasy [Alternative Definition of Understanding Jihad] // *Iasayı ıniversitetiniń habarshysy*. – 2020. – №3 (117). – B. 60–68. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.006>

**Zh. Askhatuly<sup>1</sup>, O. Samet<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>PhD Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(Kazakhstan, Nur-Sultan), e-mail: jalgas8787@mail.ru*

*<sup>2</sup>PhD, Acting Associate Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(Kazakhstan, Nur-Sultan)*

### **Alternative Definition of Understanding Jihad**

Today, the term jihad is considered a unilaterally geopolitical concept in the interests of powers. In the beginning of the XXI century in the result of the 11<sup>th</sup> of September this term is interpreted as part of the war in the West. In recent years, this term has also been introduced into the circle of Islamic science and it has a political character. As a result, the concept of jihad has become narrower, is defined regarding the holy war of Islam and is formed as a way of manifesting true evil. Thanks to the rapid dissemination of any information, today it becomes necessary to correctly define the term «jihad» in the media.

The basic principles of jihad can be used in the daily life of any society. These principles are set out in the article: environmental political jihad, humanitarian jihad and international anti-terrorism jihad. Examples from scientific studies of such outstanding scientists as sociologist Anthony Giddens and theologians Rizvan Maxim and Rashid Reed, as well as the results of studies of international organizations are given.

In general, having carefully studied other aspects, it is possible to distinguish jihad from its modern definition and highlight new areas through which jihad can have a positive impact on societies. That is why the article carefully considers the semantic concept of the term «jihad», adopted by classical Islamic scholars, with examples of the positive impact of jihad on the development of society as a whole.

In addition, the concept of jihad can be considered as a mechanism that plays an important role in solving environmental problems, ecology, injustice, human rights violations, as well as the importance and peculiarity of jihad in Islam and its unique role in the person.

**Keywords:** jihad, Qur'an, Islam, prophet, literalism, radicalism, religion, concept, fard ain, fard kifaya, harb, kital, environmental political jihad, humanitarian jihad, international anti-terrorism jihad, fasad, fitna.

**Ж. Асхатулы<sup>1</sup>, О. Самет<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева  
(Казakhstan, г. Нур-Султан), e-mail: jalgas8787@mail.ru*

*<sup>2</sup>PhD доктор, и.о. доцента Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева  
(Казakhstan, г. Нур-Султан)*

### **Альтернативное определение понятия «джихад»**

Сегодня термин «джихад» считается геополитическим понятием в одностороннем порядке в интересах держав. В начале XXI века в результате событий 11 сентября 2001 г. этот термин начал часто интерпретироваться на Западе как определение терроризма. В последние годы этот термин также был введен в круг исламской науки, имеющий политический окрас. В конечном итоге, концепция джихада стала более узкой, стала сводиться только к священной войне ислама и формироваться как способ проявления истинного зла. Учитывая быстрое распространение любой информации сегодня, необходимо дать правильное определение термина «джихад» в СМИ.

Базовые принципы джихада могут быть использованы в повседневной жизни любого общества. Данные принципы изложены в содержании статьи: это экологический политический джихад, гуманитарный джихад и международный антитеррористический джихад. Приведены примеры из научных исследований таких выдающихся ученых, как

социолога Энтони Гидденса и богословов Ризван Максима и Рашид Рида, а также результаты исследований международных организаций.

В целом, тщательно изучив и другие аспекты, возможно отличить джихад от его современного определения и выделить новые области, через которые джихад может оказать положительное влияние на общество. Именно поэтому в статье тщательно рассмотрена смысловая концепция термина «джихад», принятая классическими исламскими учеными, с примерами о положительном влиянии джихада на развитие общества в целом.

Кроме того, концепция джихада может рассматриваться как механизм, играющий важную роль в решении проблем окружающей среды, экологии, несправедливости, нарушений прав человека, а также важность и особенность джихада в исламе и ее уникальная роль в личности человека.

**Ключевые слова:** джихад, Коран, ислам, пророк, букализм, радикализм, религия, концепция, фард айн, фард кифая, харб, китал, экологический политический джихад, гуманитарный джихад, международный антитеррористический джихад, фасад, фитнес.

### **Кіріспе**

Қазіргі таңда заманауи халықаралық қатынастардың, конференциялар мен келелі басқосулардың көбісі дерлік «халықаралық терроризм» феноменімен тікелей байланысты қарастырылуда. Себебі, мұндай құбылыс жаһандық дәуірде әрбір мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер тудыруда. Сәйкесінше, түрлі бағыттағы мемлекетаралық қатынастар халықаралық терроризм саясатының ағынымен өзгеріске түсіп отырады. «Әл-Қаида» «Ислам Мемлекеті» секілді халықаралық деңгейде мойындалған террористік ұйымдардың лаңкестік әрекеттерінің салдарынан ислам дінінің тұжырымдасына, қайнар көздеріне толыққанды түсінік беру қажеттілігі артуда. Бұған қарамастан Батыс елдерінде «ислам» дінімен бүгінде «терроризм», «жиһад», «зорлық-зомбылық», «лаңкестік» сөздері байланысып, буквализмдік сипатта түсіндірілуде. Өйткені, жоғарыда ескерілген теріс діни ұйымдар мен ағымдар исламның қайнар көздерін, тұжырымдамаларын, «жиһад» сөзін өз беттерінше түсіндіріп бағуда. Осы тұрғыда мұсылмандардың көзқарасы екіге бөлінгенін көруге болады. Бейтарап жолды ұстанатын мұсылмандар мен саяси тұлғалардың көзқарасы сәләфизм бағытын ұстанушылардан әлдеқайда басқаша [1, 7-б.]. Осыған байланысты исламнан бейхабар бұқара халық дінінің мақсатын теріс түсініп, қайнаған қанды майданмен байланыстырып, оны терроризммен ұштастырып келеді. Сондықтан бүгінде аталған терминдерді исламның негізгі қайнарларымен байланыстырып, талдау, ақ пен қараны ажыратып, бейбітсүйгіш ислам дінін түрлі догмалардан арылтып, исламофобиясына тойтарыс беру үшін кешенді түрде еңбектер жасау керек. Бұл қара даққа малынған таза дінді әлемдік аренада ақтап шығу үшін және адамзаттың санасына тереңдеп тамырланған жиһадқа қатысты теріс стереотиптерді анықтауға септігін тигізеді.

Сондықтан бұл жұмыстың негізгі мақсаты «жиһад» сөзінің аясында қалыптасқан теріс ұғымды қосымша балама анықтамалары арқылы дұрыс бағытта түсіндіріп, талдап, тұжырымдама жасау болып табылады.

### **Негізгі бөлім**

Баршаға белгілі ислам діні әлемдік өзге діндер секілді тек бейбітшілікті көздейді. Исламның негізгі мақсатының бірі қоғамдағы адамдарға тиетін кері құбылыстарды жойып, жеке дара құқықтарды сақтау болып табылады. Қазіргі заманның ағысымен айтар болсақ, ислам әлеуметтік, саяси, экономикалық әділетсіздікке, зорлық-зомбылық, әкімшілік құқық бұзушылық, жемқорлық, экология мен әскери қысымгершілік атаулылардың барлығына дерлік қарсы тұрады. Осы тұрғыда адамзат қоғамын барынша тұрақты әрі қауіпті ету үшін ислам «жиһад» концепциясындағы (тікелей, буквализмді) соғыс түсінігін ең соңғы кезеңде қолданады. Ал бұл терминнің балама мағынасына қарайтын болсақ, аталған

келеңсіздіктермен адамды моральды түрде күресуге ықпал ететін негізі функция ретінде түсіндіріледі. Бұл өз кезегінде жиһадтың ең басты негізгі ұғымы саналады.

Қазіргі таңда жиһад лаңкестік, террористік әрекеттің негізгі қозғаушы күші ретінде танылып үлгерді. Бұл бір жағынан террористерді жігерлендірсе, екінші жағынан Құдай жолында мұсылман еместерге қарсы соғысып, олардың мал-мүлкін тартып алу секілді исламның діни саясаты ретінде қарастырылады. Осылайша, жиһад фундаменталистер үшін моралды догманың қайнар көзіне айналып отыр. Тарихқа қарар болсақ, ертеде XI–XII ғасырда мұсылмандардың Еуропаға қарсы жорықтары, атап айтар болсақ, крест жорықтарына тойтарыс беруі осы жиһад – қасиетті соғыс ұғымымен пайымдалды. Сонымен қатар Батыстың отаршылдық саясаты белең алып тұрған уақытта мұсылмандар мұндай жүйеге қарсы тұруды жиһадпен байланыстырған. Бертін келе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін араб жазираларында Палестина жерін отарлауға қарсы тұратын әрі жиһадты ұран еткен арнайы ұйымдар пайда бола бастады. Әсіресе, 1980–90-жылдары орыстардың Ауғанстан жеріндегі басқындығына қарсы жиһад жалауы тағы желбіреген болатын. Нәтижесінде, әл-Қағида ұйымы құрылып, олардың Батысқа, АҚШ-қа (11 қыркүйек) шабуыл жасауы арқылы жиһад сөзін халықаралық деңгейде мәңгі қатыгездікпен балап, теріс бұрмалап жіберді. Салдарынан қазіргі әлемде жиһадтың философиялық түпкі анықтамасы (мағынасы) ауытқыды.

Шынтуайтында, жиһад ол тек соғыспен, шайқаспен, өліммен ғана байланысты емес, оның анықтамасы әлеуметтік дағдарысқа, әділетсіздік пен қоғамдық тұрақсыздыққа қарсы гуманды әмбебап сипатқа тән. Ендеше мұндай астарлы ұғымды қамтитын жиһадты біз басқаша қырынан қарап, оның жағымды тұстарын анықтауымыз керек.

«Жиһад» сөзі араб тілінде зат есім болып, одан «жаһада», «жаһду» деген етістіктер шығады. Ол тура сөзбе-сөз мағынада «әрекет жасау», «тырысу», «қатты ынталану», «жігерлену» дегенді білдіреді. Бұл Құран мен сүннет мәтіндерінде қандай да бір Құдай жолында жасалатын амалға қажырлық таныту, ынталану, ішкі нәпсімен күресу, соғысу деген мағыналарда келген. Нақтырақ айтар болсақ, ислам ғұламалары тарапынан жиһадқа діни және саяси анықтама берілген. Діни анықтамаға «жиһад кәбир» (үлкен жиһад), ал саяси анықтамаға «жиһад сағир» (кіші жиһад) деп екіге бөліп қарастырылған.

«Жиһад кәбир» – ол әрбір адам өз нәпсісімен, ішкі кертартпа түйсікпен күресуді айтады. Бұл күрес түрі өмірдің соңына дейін жалғасатыны үшін үлкен жиһад болып табылады. Саяси анықтамаға тұспа-тұс келетін «жиһад сағир» – Аллаһ жолындағы қасиетті соғыс деп танылған. Бұл жиһадтың түрі кіші деп сипатталғанның басты себебі қандай да бір соғыс, шайқас белгілі бір мақсатты, уақытты ғана қамтығаннан кейін оның өлшемі сәйкесінше тар қарастырылады. Бұған қоса жиһадтың бұл түрі тек мемлекетті басқарушы тұлға не арнайы басшының бұйрығы бойынша ғана жүзеге асатыны туралы ислам ғалымдар бірауыздан келіскен. Сондықтан жиһад үлкен немесе кіші болса да оның негізгі миссиясы жеке дара тұлғаға бағытталатынын ескеруіміз керек.

Жиһад сөзін ең алғаш мұсылмандардың ортасына алып келген – Құран Кәрім. Алайда, онда жиһад туралы толыққанды түсіндірілген тұжырымдар жоқ. Мұндай терең ізденістер XIII–IX ғасырларда шамамен ислам келгеннен 100 жылдан кейін, ислам құқықтық мектептері қалыптаса бастағанда пайда болды. Атап айтқанда, Имам Әбу Ханифа (699–767), Имам Мәлик (711–795), Имам аш-Шафиғи (767–820) және Имам Ахмет ибн Ханбал (780–855) секілді ғалымдар құқықтық мәселелерді жіті зерттегенде жиһадтың да ұғымына мән беріп, толыққанды түсініктемелер беріп қалдырған. Айталық, ертедегі аталған осындай классик ғалымдар жиһадты екіге бөліп қарастырған. Біріншісі, оның үкімін **фард айн** (әрбір мұсылманға жеке міндет) десе, екіншісі, **фард кифая** (бір мұсылман орындаса басқалардан бұл міндет түсіп қалады) деп пайымдаған. Ғалымдардың айтуынша, жиһадтың фард айн үкіміне енуі бұл жаппай соғыс болған жағдайда жүзеге асады екен. Бұл жағдайда жиһад, яғни соғысқа шығу нәсілге, тілге, жынысқа қарамастан барлық мұсылманға парыз, міндет

болады. Ибн Қудаманың айтуынша, бұл өз кезегінде сыртқы елден шабуыл жасағанда жиһад баршаға ортақ міндет болып бекітіледі екен. Ал, фард кифая жиһадын заманауи ғалымдар елдің алдында кәдімгі әскери міндетті атқарумен пара-пар еткен [2, 50-б.]. Бұл екі бағыт та белгілі бір мемлекеттің басқаруымен ғана орындалады.

«Жиһад» сөзі классикалық ғалымдардың анықтамаларында «харб» (соғыс), «қитал» (соғыста күресу) сөздерімен де алмастырылып түсіндірілген. Айталық, Имам Шафиғи өзінің «әл-Ум» еңбегінде және Шамсиддин әл-Шарақси өзінің «әл-Мабсут» туындысында жиһад сөзі дәл осындай жолмен анықтамалармен берілген. Өйткені, жиһадтың жалпы мағынасы соғысу ұғымынан әлдеқайда кең қарастырылады. Ал, тікелей соғысу мағынасында ертедегі ғалымдар қитал, харб сөздерін қолданған.

Құранда «жиһад» сөзі негізінде Аллаһ Тағаланың әмірлерін орындауда, қоғамда әділеттік орнатып, зұлымдықтың алдын алуға бағытталған тұстарда көп ескерілген. Тек кейбір аяттарда ғана «жиһад» сөзі тікелей соғысуға қатысты айтылған. Бірақ, аталмыш термин Құранда ешбір аятта мұсылман еместермен тікелей соғысу мақсатында ескерілмеген. Осындай жағдайда Құран жоғарыдағы «харб», «қитал» терминдерін пайдаланған. Бұл өз кезегінде мұсылмандар қоғамда барынша әділеттілік орнатуға бағытталған идеологияны ұсынса, екінші жағынан Аллаһтың дінін жоюға қарсы әрекет ететін мұсылман еместерге қарсы тұру керектігін білдіреді.

Қалай дегенде де жиһад ол әуелгі уақытта мұсылмандардың арасында бірден соғыс майданын білдірмеген. Бертін келе бұл термин түрлі анықтамаларды беріп, ақырында соғысу ұғымымен толықтырылды. Мұны үш жолмен түсіндіруге болады: 1) Исламның алғашқы ілгерілеу дәуірінде мұсылмандардың саны артумен қатар көршілес алпауыт Византия, Парсылар секілді державалар оларға қысым көрсете бастады. Бұған қоса ол уақытта ұлтаралық, еларалық өктемдік жүргізу мен үстемдікке ие болу секілді экспансиялық сипаттағы қақтығыстар жиі орын алатын. Нәтижесінде, жиһад яғни, соғысқа шығу мұсылмандар қоғамында милитаризм сипатына ие болды. 2) Византия империясы саны күн санап артып келе жатқан мұсылмандардың жағдайына алаңдаушылық танытты. Империя үшін мұсылмандар христиандардың қас-дұшпаны ретінде танылып, олардың көбеюіне жан-жақты жол бермеу жоспарлары құрылды [3, 152-б.]. Осының салдарынан мұсылмандардың өсуімен, исламның таралуымен оларға қарсы крест жорықтары әскері құрылған болатын. Бұл да болса мұсылмандарды қаруланып, сақ жүруге итермеледі. 3) Ислам территориясы мұсылмандардың өзара ішкі бөліну проблемаларына, түрлі ағымдар мен топтардың пайда болуы ішкі қауіпсіздікке елеулі әсерін тигізді. Осы тұста тұтастық пен бейбітшілікті сақтап қалу үшін ондай іріткі салушыларға қарсы соғысу міндетке айналған болатын. Осылайша жиһад ұғымы моральдық идеология шеңберінен шығып, белгілі бір деңгейде майданға жетелейтін ынталандыру түсінігін алып келді. Бұл өз кезегінде мұсылмандарға жауынгерлік, соғысқұмарлық менталитетін қалыптастырып, ендігі жерде «жиһад» сөзіне «қасиетті», «қарулы» сөзі тіркесіп қолданыла бастады.

Қазіргі таңда исламдағы жиһад концепциясы әлемдік бұқаралық ақпараттар құралдарында екі бағытта түсіндіріліп келеді: біріншісі, исламда қорғану бағыты болса, екіншісі, оны қорлау бағыты. Көптеген заманауи талдаушы мамандардың тұжырымына қарайтын болсақ, жиһад бүгінде исламды қаралаушы факторға айналып үлгерген. Алайда, Әбу Сүлейменнің айтуынша Ханафи бағытының өкілдері жиһадтың соғысу анықтамасын тек қорғану мақсатында ғана қолданылады деп түсіндірген. Осындай ғалымдардың тұжырымдарын бертін келе Сайд Ахмет Берлауи, Шах Абдул Хай, Махмуд Шалтут және Рашид Рида секілді ғалымдар насихаттап, жиһад ұғымын моральды тұрғыда түсіндіріп, оның соғысуға қатысы шамалы деп ұғындырған. Өйтсе де, асыра сілтеуші радикалды топтар жиһадты бір жақты түсініп, мұсылмандарды соғысуға ынталандыру жоспарларын жүргізген. Қалай дегенде де қазіргі заманауи ислам ғалымдары жиһадтың мұндай теріс түсінігін жоққа шығарып, оның концепциясына бірауыздан түзетулер енгізуде. Солардың бірі Әбу



Сүлейменнің ерекше еңбегін атап кетуге болады. Ол исламның сыртқы қатынасындағы саясатын, теориясын қазіргі заманмен салыстыра отырып, «Халықаралық қатынастағы исламның теориясы» атты еңбегінде жіті зерттеген. Оның пайымдауынша жиһад ол әрбір мұсылман ислам принциптеріне сәйкес амал етіп, жүктелген міндеттемелерді бұлжытпай орындап, қоғамдағы жауапкершіліктерді сезініп, оны іс жүзінде көрсету болып табылады.

Біз жиһад сөзіне заманауи талдау жасай отырып, оның көнерген анықтамасын жойып, қазіргі қоғамның ағысымен тікелей байланыстырып, әрбір тұлғаның қалыптасуындағы ажырамас бір бөлігі ретінде қарастыруымыз керек. Екінші жағынан біз жиһад теориясының құндылығы мен әмбебап мақсатын анықтау арқылы қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінің де өзекті тұстарына ықпал ете аламыз. Себебі, қазіргі заман – жаһандық кеңістікке құрылған қоғам. Бұл уақытта мемлекеттер аралық қатынас әлемдік деңгейде стандарттық қатынастар жүйесін талап етеді. Мұндай міндеттемелер халықаралық жүйе деп аталады. Белгілі Вискон университетінің профессоры Мервин Кроуфордтың айтуынша, «Қырғи қабақ соғысы»-нан кейін халықаралық қатынастар ұлттық сипатқа еніп, бертін келе белгілі бір басқарушы жүйенің ықпалынсыз ынтымақтастықтар жүзеге асып жатыр екен. Бұл тұста жиһадтың негізгі әмбебап құндылығын осындай халықаралық деңгейде насихаттауға да болады.

Әсілінде, саяси жүйелер екі түрде жүзеге асады: біріншісі, халықаралық ортақ келісімдерді, мақсатты көздесе, екіншісі, басымдылық таныту арқылы доминантты мемлекеттің мүддесін көздейді. Осындай халықаралық ортақ жүйелердің мысалы ретінде Қазақстанның әлемдік деңгейде Ядролық қарудан бас тарту қарарын баса айтуға болады. Мұндай қарарлар өз кезегінде тек Ядролық қарумен ғана шектелмейді, сондай-ақ, халықаралық сауда-саттық, қоршаған ортаны қорғау, ауа-райының ластануы, адамзат құқығы мен халықаралық терроризммен де күресуді жоспарлайды. Бұл тұста жиһадтың да берер игі тұстары жетерлік. Жиһадтың әмбебап және моралды жүйесі жаһандық көптеген түйткілді мәселелерді шешуге септігін тигізеді.

Бүгінде ХХІ ғасыр көптеген түрлі ауқымды проблемалармен бетпе-бет тұр. Олардың бірі белгілі бір мекенге ғана қатысты яғни, жергілікті локальды сипатта болса, екіншісі барша әлемге қатысты болып отыр. Мәселен, Дүниежүзілік тәртіп моделін зерттеу жобасы (WOMP) өзінің «Адамгершілікпен басқару» атты қорытынды есебінде былай делінген: «Қазіргі адамзат қоғамы нақты игілікке бастар идеологияның жоқтығынан, әлеуметтік-экономикалық және саяси әділетсіздіктің, қажетсіз текетірестер мен қақтығыстар, кедейшіліктің ушығуынан, зорлық-зомбылық пен экологияның ластануынан зардап шегіп отыр» [4, 151-б.]. Баяндама мазмұнында осындай келеңсіздіктердің шешімі ретінде «Адамгершілікпен басқару» жүйесін ұсынған. Бұл жүйенің аясында адамдар арасындағы ымырагершілікті дамыту, ортақ жетістікке жетер жолдарды ойлап табу, қоршаған ортаға қамқорлық таныту және адамзаттың құқығын барлық салада қорғау секілді жоспарлар ұсынылған.

Бүгінде осындай кедергілер жаһандық деңгейде үлкен мәселеге айналғаны жасырын емес. Әсіресе, лаңкестік мақсатты экстремизм мен терроризм, қоршаған ортаның ластануы және кедейшілік кесірі күн тәртібіндегі басты тақырыптар саналады. Айталық, БҰҰ-ның мұрындық болуымен 1992 жылы Рио-де-Жанейрода «Жер Саммиті» ұйымдастырылған. Дәл осындай іс-шара 2007 жылы Балиде «Бали Саммитінде» аталып өткен. Бұған қоса 1996 жылы «Халықаралық қоғамдастыққа көмек беру» (FINCA International) қорының ұйымдастырған іс шарасы әлемдік деңгейдегі кедейлік мәселелерін шешу болатын. Сол сияқты 2001 жыл 11 қыркүйектегі жағдайдан кейін түрлі халықаралық антитеррористік ұйымдар құрылып, қауіпсіздіктің жолдарын қарастырып келеді. Ал, адамзат құқығын қорғайтын Еуропалық конвенция өз кезегінде адамдарды барлық жағынан құқығын қорғау үшін құрылған. Осындай глобалды мәселелердің түйткіл тұстарына елеулі ықпал ете алатын жиһадтың құндылығы мен принципін дұрыс анықтап, қазіргі таңдағы түрлі дағдарыстардың оңды шешімін табуға көмек септігін тигізери сөзсіз. Әсілінде, жиһадтың нақты анықтамасына көптеген халықаралық діни террористік ұйымдар тарапынан қара дақ түскенін атап кеттік.

Сол үшін оған дұрыс анықтама беру арқылы біз жиһатдың жоғарыда аталған мәселелердің шешімін табуға ықпалы бар екенін көрсетіп, оны халықаралық саяси жүйеге енгізуге болатынын тілге тиек еткіміз келеді. Себебі, жиһаттың адамгершілікке негізделген әмбебап басқарма жүйесі көптеген қатынастарға оңды ықпал етіп, жұмыстарды нәтижелі ете алады. Ендеше, осындай мәселелерге жеке тоқталып кетелік.

### Экологиялық саяси жиһад

Қазіргі әлемде экологиялық саясат күттірмейтін шешімдерді табуды керек ететін басты тақырыпқа айналғаны жасырын емес. Қоршаған ортаның үздіксіз құлдырауы, табиғи ресурстардың тапшы болуы – орманды алқаптарды сақтау, жабайы табиғатты қорғау, ауаның ластануымен күресу сияқты проблемаларды алып келді. Мұндай дағдарыстарды белгілі әлеуметтанушы Энтони Гидденс «Өндіріс қауіп-қатері» деп атап кеткен [5, 366-б.]. Салдарынан бүгінде халықаралық деңгейде «Жасыл саясат», «Халықаралық саяси жасыл экономика» секілді жаңа концепциялар қабылдануда.

Қоршаған ортаны қорғауға байланысты ислам дінінің концепциясы нақты әрі анық. Ислам қоғамды және табиғатты сақтауға барынша көңіл бөлуге итермелейді. Оның моралды жүйесі әрбір мұсылманға табиғи ресурстарды қолдануда ынсапты болуды, ысырап етпеуді міндеттейді. Бұл жайында Құран Кәрімде былай делінеді: **«Шынында ысырапқорлар шайтанның туысы. Ал шайтан Раббыңа қарсы келген»** (17:27). Бұған қоса Құран әлемде орын алып жатқан табиғи түрлі экологиялық апаттардың кесірі адамдардың ынсапсыздығынан туындайтынын баса айыптайды: **«Адамдардың өз қолдарымен жасағандарының (күнә, қылмыстарының) себебінен құрлықта және теңізде бүліншілік (жер сілкіну, су тасу, аштық, аурулар, эпидемиялар және т.б. келенсіздіктер) пайда болды»** (30:41). Осындай әмбебап-моралды жүйелер жаһандық экологиялық дағдарысқа қарсы тұрар басты принциптер ретінде қарастырылуы керек. Себебі, адамның ынсапты, қанағатты болуы ол өз бойындағы нәпсімен күресуі - шынайы моралды жиһад болып саналады.

### Гуманитарлық жиһад

Қазіргі заманда елірген тирандық, диктаторлық саяси басқару жүйелерінің кесірлерінен адамзат құқығы бұзылған жағдайда оларға қарсы тұратын «Global wishes», «Human Rights» және т.б. секілді халықаралық құқықтық ұйымдар жұмыс жасайтыны белгілі. Бүгінде көптеген елдердің басқару жүйесінде әділеттік қасиеттің төмен деңгейге түскені сонша өтірік демократияның, қисынсыз заңның үстемдік құруымен адамзаттың негізгі құқығын құрметтеу сипаттары әлдеқайда төменгі сатыда [6].

Осы тұрғыда жиһад концепциясы әділеттілікке құрылғанын ескерсек, оның тұғырнамасы әрбір тұлғаның ішкі жан дүниесімен қатар сыртқы халықаралық деңгейде де адамның құқығын қорғауға шақырады. Мұны ислам дінінде «тағұт» немесе «зұлым» деген құқық бұзушылық керітартпа атайды. Құран Кәрімнің мазмұны бұл кесірді қатты сынға алады. Зұлым концепциясы Құранда адамның құқығына қарсы келетін барлық зиянкесті амалдарды қамтиды әрі қоғамның бұзылуына түрткі болатын түрлі себептердің пайда болуын меңзегені сонша «зұлым» сөзі онда 289 рет ескерілген. Орта Азиядағы белгілі дінтанушы Ризван Максимның айтуынша зұлымдық ол біріншіден адамның сеніміне қаяу түсіретін болса, екіншіден діни сенім бостандығына немесе саяси еркіндікке тосқауыл бола алатын құбылыс екен [7, 231-б.].

Осы тұста гуманитарлы яғни, адамгершілікке негізделген жиһад қашан да адамның құқығын бұзуға бағытталған тирандарға қарсы халықаралық деңгейде күресуге итермелейді. Бұл жайында Құран Кәрімде: **«Сендерге Аллаһ жолында соғыспайтын не болды? Мекке қаласындағы қауқарсыз ерлер, әйелдер және балалардан: «Раббымыз! Бізді осы тұрғындары зұлымдық тараған жерден шығар! Және бізге өз қасыңнан пана бер. Әрі өз тарапыңнан көмек бере гөр!» дейтіндер бар»** (4:75). Осылайша жиһад жүйесі мұсылмандарға адам құқығын қорғауға қатысты барлық моралды міндеттерді жүктейтінін

аңғаруға болатын. Жиһадтың дәл осындай рухани демеуші күші жаһандық саяси және құқық қорғау жүйелерінің барлық тұстарына сәйкес келеді деп дәп басып айтуға болады.

### **Халықаралық терроризмге қарсы жиһад**

Терроризм – ұлттық және халықаралық қауіпсіздіктің тұғырын шайқалтқан ең сорақы дертке айналды. Бұл әрбір қоғамның тұрақсыздығына, халықтың татулығына, ауызбіршіліктің бұзылуына алып келді. Нәтижесінде, терроризмге қарсы күрес әлемдік деңгейдегі тұтас проблемаға ұласты.

Ислам қандай болмасын барлық зорлық-зомбылыққа, бұзақы әрекеттерге, бүлік пен жікке салуға үзілді-кесілді қарсы екені белгілі. Құранда қоғамның тыныштығын бұзатын екі терминді баса айтады. Олар: «фасад» (бұзақылық) және «фитна» (бүлік). Бұл екі терминнің аясында шығатын мағыналар өз кезегінде террористік актінің концепциясына саяды. Осы тұста Құран Кәрімнің негізгі міндеті – қоғамда тұрақтылық пен татулықтың өркендеуін көздейтін және түрлі бағыттағы араздықтар, бүліктер мен шиеленістерге қарсы тұратын қоғамдық-саяси жүйесін құру және оған демеу беру болып табылады. Бұған қоса Құран Кәрім «фасад» және «фитна» адам өлімінен де ауыр екенін баса айтады: **«Бүлік – адам өлімінен де ауыр»** (2:217) [8, 125-б.].

«Фасад» пен «фитна» бұл қандай да бір елдің ішкі немесе халықаралық терроризмді өршітуге алып келетін алғышарттар болып саналады. Ішкі дегеніміз ол елдің ішінде орын алып жатқан зорлық-зомбылық, бопсалаушылық, жаппай адам өлтіру немесе билікке қарсы бұзақы әрекеттерді айтуға болады. Ал, халықаралық деп белгілі бір топтың ұйымдастыруымен жүзеге асқан қылмыстық әрекет немесе халықаралық адам, есірткі саудасы және т.б. жатады. Айталық, ислам әлемінде бүгінде сайран салып жүрген «Ислам мемлекеті», «Әл-Қаида» және «Хизбулла» секілді халықаралық ұйымдар бар. Бұлар терроризм мен экстремизм сипатындағы барлық зорлық-зомбылықты, атыс-шабысты жиһадтың қасиетті ұранымен жүзеге асырып жатыр. Қазіргі уақытта әйгілі әл-азһар шейхі Ахмет ат-Тайеб, Рамазан әл-Бути секілді заманауи ислам ғұламалары классикалық ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, жиһадтың мұндай террористік ұйымдарға мүлде қатысы жоқтығын ашып айтып, олардың қылмыстық әрекеттері исламмен жанаспайтынына қатысты тұжырымдамалар [9] шығарған. Осыған байланысты ислам ғалымдары бүгінде терроризммен байланысы бар халықаралық ұйымдар тарапынан орын алып жатқан қандай да бір қылмыстық әрекет мейлі ол зұлымдарға, мұсылман еместерге қарсы болсын, заңсыз саналатынына ортақ келіскен. Сондықтан көздегені бүлік болған кез келген ұйымдардың әрекеті исламға жанаспайды және олар «фасад» пен «фитна» [10, 38-б.] категориясына тікелей еніп кетеді. Сол үшін бұл жерде жиһадтың әмбебап құндылығы осындай қоғамға қарсы жөнелтілген барлық келеңсіздіктерге қарсы тұруға бағытталған иммунитетті қалыптастырып, қоғамның тұрақтылығы мен бейбітшілігін сақтауға ықпал ете алары сөзсіз. Яғни, жиһадтың мұндай жігерлі қағидаларын халықаралық деңгейдегі кез келген террористік және экстремистік құбылыстардың жолын кесуге пайдалануға әбден болады.

### **Қорытынды**

Жиһад бүгінде түрлі ислам бағытындағы лаңкесті топтардың әрекетінің салдарынан, діни тұжырымдарынан әумесерлік сипатқа ие болғанын баса айтуымыз керек. Салдарынан оның негізгі классикалық ұғымы, принциптері мен моралды құндылықтары қолданыстан ұмыт қалып келе жатқан іспетті. Әр нәрсенің екі қыры бар секілді, бұл терминнің де екінші жақсылыққа жетелейтін қырын барынша ашып, оның қоғамның тұрақтылығына, тұтастығына тигізер оңды тұстарын зерттеп, талдап, халық арасында қалыптасқан стереотиптің қараңғы бетін ажырату – қазіргі дінтанушылар, теологтар мен араб тілі мамандарының басты міндеті деп білемін. Себебі, жиһадтың ұғымында адамгершілікке негізделген әмбебап философия жатыр. Бұл философия екі бағытта қызмет етеді. Біріншісі, жеке тұлғаға қатысты, яғни, адам түрлі кесірлі әрекеттерден тыйылу, әрқашан өзін басқару, үздіксіз бақылауда ұстау. Екіншісі, ұжымдық топқа қатысты яғни, қоғамда халықтың игілігі

үшін жасалатын амалдарда ықылас таныту, әділдік орнату, ынтымақтастық арттыру, адамзат құқығын қорғау, пайдалы әлеуметтік жобаларды іске асыру және терроризм мен экстремизм секілді дерттердің алдын алу болып табылады.

Ұлы Абайдың өзі қара сөзінде адам кемелдікке жету үшін алдымен өзінің бойын тәрбиелеу керектігі турасында, бойдағы моралды қасиет ұяттан тұратыны туралы былай деген: «Адамшылыққа кесел қылық, қатеден, яки нәпсіге еріп ғапылдықтан өз бойыңнан шыққандығынан болады» [11, 41-б.]. Демек, Абай Құнанбайұлының мұндағы көздегені жиһад кәбирді яғни, мінез-құлық пен ахлақты жөнге қою ең маңызды іс екені баса айтылған. Өйткені, жақсының да, жаманның да басты себебі адам екенін ескерсек, адамның адам болып қалыптасуы қазіргі келеңсіздіктерге толы қоғам үшін ауадай қажет.

Сондықтан жиһадтың мұндай бағыттарын бүгінде жаһандық кеңістікте орын алып жатқан табиғи экологиялық апаттар, сыбайлас жемқорлық, әділетсіздік, адамзат құқын бұзу, тұрақсыздық, арсыздық және т.б. келеңсіздіктердің жолын кесуге елеулі ықпал ететін механизм ретінде қарастыру керек.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Naidar N. Muhammadiyah's moderation stance in the 2019 general election // *Journal of Islamic Studies*, 7 б.
2. Жалал ад-Дин ас-Суюти, Муътарак ул ақран фи иъжазул Құран. – Бейрут: Китаб аль-илмия баспасы, 1988. – 50 б.
3. Ризванов М. Мухаммед – основатель новой конфессиональной общности арабов. Диссертациялық жұмыс. – Махачкала, 2005. – 152 б.
4. Peter J. Stoett. *International Relations Theory and Ecological Thought: Towards a Synthesis*. – New York, 1999. – 151 б.
5. Giddens A. L. *The class structure of the advanced societies*. – New York, 1973. – 366 б.
6. Дүниежүзілік денсаулық сақтау комиссиясының баяндамасынан // <https://www.who.int/mediacentre/news/releases/2008/pr29/ru/>.
7. Фахриддин ар-Рази, Мафатих әл-ғайб. – Бейрут, Фикр, 1981. – 231 б.
8. Сүлеймен Айдын. әл-Қауайд фи улум әл-Құран. – Ыстамбул; 2015. – 125 б.
9. <http://www.dar-alifta.org/ar/ViewFatwa.aspx?ID=14062&LangID=1&MuftiType=0>.
10. Прозоров С. М. Ал-Батинийа. Ислам: энциклопедический словарь. – М.: Наука, 1991. – С. 38.
11. Абайдың қара сөздері // <https://abai.kz/post/6>.

### **REFERENCES**

1. Naidar N. Muhammadiyah's moderation stance in the 2019 general election // *Journal of Islamic Studies*, 7 б.
2. Jalal ad-Din as-Suyuti, Mu'tarak ul aqran fi ijazul Qur'an. – Beirut: Kitab al-ilmiya baspasy, 1988. – 50 б.
3. Rızvanov M. Mıhammed – osnovatel novoi konfessionalnoi obnosti arabov. Dissertatsıalyq jumys. – Mahachkala, 2005. – 152 б.
4. Peter J. Stoett. *International Relations Theory and Ecological Thought: Towards a Synthesis*. – New York, 1999. – 151 б.
5. Giddens A. L. *The class structure of the advanced societies*. – New York, 1973. – 366 б.
6. Dúniejúzilik densaýlyq saqtaý komissıasynyń barandamasynan // <https://www.who.int/mediacentre/news/releases/2008/pr29/ru/>.
7. Fahriddın ar-Razı, Mafatih ál-ğarb. – Beirut, Fıkr, 1981. – 231 б.
8. Súleimen Aıdyn. ál-Qaıaid fi ýlym ál-Quran. – Ystambıl; 2015. – 125 б.
9. <http://www.dar-alifta.org/ar/ViewFatwa.aspx?ID=14062&LangID=1&MuftiType=0>.
10. Prozorov S. M. al-Batinıa. Islam: entsiklopedicheskuı slovar. – M.: Naýka, 1991. – S. 38.
11. Abaidyn qara sozderi // <https://abai.kz/post/6>.

**А.Ө. ТҮРСЫНБАЕВА<sup>1</sup>, А.Ж. МАЛДЫБЕК<sup>2</sup>✉\***

<sup>1</sup>философия ғылымдарының кандидаты,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры м.а.  
(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), e-mail: aigul\_73kz@mail.ru*

<sup>2</sup>философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,  
*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: akmaral.maldybek@ayu.edu.kz*

### **ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ МЕН АБАЙ «ҚАРА СӨЗДЕРІ» АРАСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК**

Мақалада қазақ мақал-мәтелдері және Абай «Қара сөздері» ой желісіндегі өзара байланыс баяндалады.

Қазақ халқының маңдайына біткен ойшыл дана Абайдың мұрасы – сан ұрпаққа рухани азық болатын сарқылмас мол қазына. Қазақ халқының бүгінгі тарихында, дәстүрі мен мәдениетінде Абайдың алатын орны айрықша, оны бір деммен, бір сөзбен жеткізу мүмкін емес. Абай мұрасы адам тіршілігінің сан-саласын қамтып, қазақ халқының өткені мен бүгінін, болашағын ұштастырған өміршендігімен, мәңгілік өзектілігімен қымбат.

Барлық адамдық ілімді, өмір сүрудің мәнін, адамның адамдығының формуласын барлық шығарамаларына өзек еткен Абай мұрасы, тағлымы қазіргі таңда аса қажетті, көкейтесті мәселе болып отыр. Абай туындыларында түгел дерлік барлық мәселелер сау ақыл арқылы сарапталып, сұрыпталып, басты мазмұн өзегін өмір игілігіне айналдыра білген. Ұлы жаратылысқа деген иман мен үмітті махаббат пен мейірімнің, жақсылықтың көзі ретінде бағалау арқылы қалың жұртын өмірді сүюге, адамдарды аялауға, жастарды білім алуға шақырған болатын.

Абайдың рухани мұрасы, қаншама заман ауысып, уақыт өзгерседе, ешуақытта құндылығы жойылмайды. Абай шығармаларының қанша уақыт өтсе де өз құндылығын жоғалтпауының сыры адамшылық идеясында жатыр. Ал адамның адамшылығы кез келген қоғамның өзекті мәселесі екені анық.

**Кілт сөздер:** Абай Құнанбайұлы, Қазақстан, мәдениет, философия, мақал-мәтелдер, «Қара сөздер», мораль, даналық, руханият, гуманизм.

**A.O. Tursynbayeva<sup>1</sup>, A.Zh. Maldybek<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Candidate of Philosophical Sciences, Acting Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan, Nur-Sultan), e-mail: aigul\_73kz@mail.ru*

<sup>2</sup>*Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor,  
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkestan), e-mail: akmaral.maldybek@ayu.edu.kz*

### **The Relationship of Kazakh Proverbs and «Words of Edification» of Abay**

\* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Тұрсынбаева А.Ө., Малдыбек А.Ж. Қазақ мақал-мәтелдері мен Абай «қара сөздері» арасындағы үндестік // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2020. – №3 (117). – Б. 69–79. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.007>

\* **Cite us correctly:**

Tursynbayeva A.O., Maldybek A.J. Qazaq maqal-máteldepi men Abai «qara sózderi» aracyndaǵy úndectik [The Relationship of Kazakh Proverbs and «Words of Edification» of Abay] // *Iasayı úniversitetiniń habarshysy.* – 2020. – №3 (117). – B. 69–79. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.007>

The article describes the relationship between Kazakh Proverbs and sayings with the «Words of Edification» of Abay.

The heritage of the great Abay is an inexhaustible Treasury, a spiritual source for many generations. It is difficult to assess the significance of his work in one word, but the legacy of Abay occupies a special place in the modern history, culture and literature of our people. Abay and its heritage are the most popular among the people. In his work, all problems were analyzed through the true mind and consciousness, and the main core turned into the good of life. Perceiving as a source of virtue faith, love, kindness, benevolence, he urged the people and young people to love life, respect each other and educate themselves.

Abay's works cover all spheres of life of the people, linking their past, present, and future. Abay's «Words of Edification» have not lost their meaning even now, although several generations and epochs have changed, and if we consider that national characteristics and human values continue to grow and develop, we must recognize that Abay's «Words of Edification» will continue to be a valuable source of knowledge of the truth.

**Keywords:** Abay Kunanbayuly, Kazakhstan, culture, philosophy, proverb, “Words of Edification”, morality, wisdom, spirituality, humanism.

**А.О. Турсынбаева<sup>1</sup>, А.Ж. Малдыбек<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>кандидат философских наук, и.о. профессора Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан, г. Нур-Султан), e-mail: aigul\_73kz@mail.ru*

*<sup>2</sup>кандидат философских наук, ассоциированный профессор, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г. Туркестан), e-mail: aktmaral.maldybek@ayu.edu.kz*

### **Взаимосвязь казахских пословиц и «Слов назиданий» Абая**

В статье охарактеризована связь между казахскими пословицами и поговорками и «Словами назидания» Абая.

Наследие великого Абая – неиссякаемая сокровищница, духовный источник для многих поколений. Трудно оценить значение его творчества одним словом, но наследие А. Кунанбайулы занимает особое место в современной истории, культуре, литературе народа и характеризуется наибольшей востребованностью. В его творчестве все проблемы были проанализированы через истинный ум и сознание, а основной стержень превратился во благо жизни. Воспринимая как источник добродетели веру, любовь, доброту, доброжелательность, он призывал своих соплеменников, в особенности молодежь, любить жизнь, уважать друг друга и заниматься самопросвещением.

Произведения Абая охватывают все сферы жизнедеятельности народа, связывая его прошлое, настоящее, будущее. «Слова назидания» не утратили своего значения и сейчас, хотя сменилось несколько поколений и эпох, а если учесть, что национальные особенности, человеческие ценности продолжают расти и развиваться, то нужно признать, что данное произведение продолжит быть ценным источником познания истины.

**Ключевые слова:** Абай Кунанбайулы, Казахстан, культура, философия, пословица, «Слова назидания», мораль, мудрость, духовность, гуманизм.

Абай секілді ұлы тұлғалардың адамзат тарихындағы алатын орнын нақтылау қиын, ал түсіну үлкен еңбекті қажет етеді. Абайдың ой толғаныстары мен ғақлиялары афоризмдері, нақыл сөздер ретінде қолданып жүрміз. Абай мұрасының көркемдік мәнін ашып, иірімді ойларының түбіне терең бойлап, кәдеге жарата алсақ, Абайдың рухани мұрасы біздің сарқылмас құнды қазынамызға айналады. Сонда ғана, Абайдың ұлылығын көріп, хакімдігін сезініп, оның ілімінің ерекшелігін танып, құндылығына көз жеткіземіз. Абай бабамыздың адам өмірінің түп мақсаты – толық адам болу, рухани жетілу жолы. Егер әр адам іштей өзін

осы ұлы мақсатқа бағыттап, тіршілігінің мәні етсе, сүретін өмірінің босқа кетпейтініне сеніміміз жоғары.

«Қазақта қара сөзге дес бермеген» ғұлама хакім халық даналығының асыл нәрін, рухын өте ұтымды пайдалана білді. Мақал- мәтелдерді, нақыл, өсиет сөздерді пайдалану тәсілі ерекше болды. «Қара сөздеріндегі» көптеген сөз тіркестері, ой-тұжырымдары мақал-мәтелдей, шешендік сөздей әсер қалдырды. Бірақ Абай ойлары бұрын соңды болмаған мақсат мұратқа моральдық, адамгершілік философиясының халықтық озық жүйесін, ұлттық ар намыстың шындалу бағытын, білім мен ғылым бәсекесіне түсіп, өркениет төрінен орын алуға бастау беретін жүйесін жасауға бағытталады.

Хакім Абайдың философиялық дүниетанымын айғақтайтын ерекше жазылған қарасөздерінің мән-мағынасы ерекше сипатқа ие болды. Абайдың «Қара сөздері», Абай мұрасын жаңа бір белеске көтерді.

Абайдың қара сөздері қазақ үшін қастерлі кітап және солай болуға тиіс. Ғұламаның қара сөздеріндегі шындық, ұлттың болмысы – Абай түйсінген шындық деп қана түсіну үлкен қате, себебі Абай бүгінгі қазақтың мінезінде, танымында, заманында нақты көре білген хакім. Бұл – өткен ғасырдағы қазақтың табиғаты деп өзімізді өзіміз алдап, жұбатуға болмайды, Абай көзге шұқып көрсеткен ұлттық мінез-құлқымыздағы жаман қасиеттеріміз бүгінгі қазақтың да қасіреті, айықпас бір әдеті болып отыр.

Абайдың қара сөздері – оның ақындық мұраларына қосылған, хакімдік дәрежесін шындаған бағалы қазына болып табылады. Абайдың өзінің заманында ерекше орын алған тарихи маңыздылығымен, қоғамдық қозғалыстармен, күнделікті алуан түрлі надандық, қатыгездік, басқыншылық зорлық-зомбылық секілді мәселелерге байланысты туындаған шығармаларды оқып, таныдық. Қара сөздердің үлесі Абай заманындағы жағдайды, тарихи маңызды шынайылықты өз қалпында бұлжытпай толығымен танытқан аса құнды дүние.

### **Әдістеме**

Мақаланың әдістемелік негізі ретінде қазақ мақал-мәтелдері және Абай «Қара сөздері» ой желісіндегі өзара байланыс, гуманистік дүниетанымына қатысты пайымдары алынып, тұжырымдарына талдау жасалынды. Қазақ мақал-мәтелдері мен Абай даналығының дүниетанымдық мазмұнына тарихи-философиялық тараптан баға беріліп, сын ойлау мен салыстырмалы әдістер жүзеге асырылды. Салыстырмалы-тарихи талдау әдістері арқылы Абай идеясының, «Қара сөздерінің» құндылығы жаңғыру жолындағы қазіргі құндылықтарымызбен, болмысымызбен байланыстырылды.

### **Негізгі бөлім**

Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінің» мазмұны оның ақындық мұрасымен тығыз байланысты десек қателеспейміз. Абайдың қара сөздеріндегі ой-пікірлер өлеңдерімен байланысып, оның мағыналары кейде қайталанып, пысықталып, әрі қарай ерекше жалғасын табады.

Хакімнің «Қара сөздері» ақын шағармашылығының маңызды бөлігі, яғни, прозаның шағын түрі деп атасақ болады. Еңбектерімен мұндас, идеялары сай келетін, бір-бірін толықтырып тұратын көркем әдебиеттің саласы.

Бұл «қара сөздер» өнерлік, көркемдік жағынан алуан түрлі. Бұл жерде терең көсемсөздік бір тебіреністерде, жүйелілік философия толғауларыда, ойға ыңғайлы ғақлия сөздерде, ғибратты жазылған аңыздарда, тарихи шығармаларда табылады.

Абайдың Қара сөздерін атауға байланысты бірнеше пікірлер бар. Х.Ж. Сүйіншалиевтің «Абайдың қара сөздері» атты монографиясында бұл сөз жеке қарастырылмайды. Автор: «Өсиет ретінде, кеңес сөз үлгісіне жатқызуды дұрыс деп санадық», – деп өтеді [1]. Көбесов «Абай сыры оңай мәселе емес» деген мақаласында тың бір ой айтады. Оның пікірінше, қара сөздерді, кеңес беретін сөз немесе қарапайым «ғақлияға» қисыны келмейді. Абайдың өзі қойған «Китаб тасдиқ» аты дәлме дәл келіп тұр. «Тасдиқ» деген араб сөзінен «сенім»,

«растау», «бекіту» деген мағынаны білдіреді. Қара сөздердің өзі толыққанды дербес бір ғылыми танымдық шығарма. Мазмұнынан бөлек көптеген ғылыми танымдық терминдердің хакім, ғалым, хауас, хұлық, жауанмарт, инсаният, наклия, ғақлия, ғибрат, ишарат жиі кездесетіндігі мәлім. Данышпан бабамыз әл-Фараби салып кеткен Шығыстың классикалық педагогикалық трактаты Абай еңбегінің түпнұсқасы деп айтуға негіз бар. Себебі, мұндағы тұнып тұрған педагогикалық сарынды байқамау мүмкін емес екені анық.

Абай шығармашылығының ең басты зерттеушісі академик М. Әуезов «Қара сөздерді» түпкілікті сараптаған бірден-бір ғалым. Оның пікірінше, Абайдың осы барлық қара сөз дейтін мұралары көркем прозаның өзінен бөлек, бір алуаны боп қалыптасады. Бұлар біріңғай сюжетті шығармалар емес, бұрынғы жазушылар қолданған естелік те, мемуар да емес. «Шығармалары, Абай Құнанбайұлының өзі тапқан, алуан көркем сөздің түрі. Кей-кейде бұл сыншылдық, ойшылдық пен адами қасиеттілік, мораль мәселелері бойынша ғақлия, өсиет тәрізді» [2, 210-б.].

Абай қара сөздерін зерттеуші ғалымдар өсиет сөз, кеңес сөз, педагогикалық трактат, рисалат, ойшылдық жүрекжарды сөз, сыр, тек Абайға тән көркем сөз түрі дегенге тоқтайды.

Аталған төрт ой-пікірдің барлығында да, келісуге негіз бар, өйткені әрқайсысында терең мағына жатыр. Абай шығармалары қазақ халқының дәстүрлі мәдениет пен әдеби шығармаларында кездесетін Күлтегін және Білге жазба ескерткіштерінен бастауын алып, кейін Майқы би, Төле би, Әйтеке би және Қазыбек би қалдырған ұлағатты, өнегелі өсиет сөздермен жалғасқан өнердің ең жоғарғы шоқтығы биік, ерекше жазба формасы деп айта аламыз. Абай үндестікті ұлы ғұлама әл-Фарабиден жалпы шығыс философиясынан тапты десек болады.

Абай өмірінің соңында дүниеге келген «Қара сөздерінде» адамшылық, «жарым адам», «адам», «толық адам» деген жүйені қалыптастыра отырып, осы идеяларын тыңғылықты жан-жақты қарастырады.

Абай қазақ елін, өз жұртын басқа халықтардан, ұлыстардан ешқашан кем санамаған, керісінше халқын өте ойлы, мәдениеті жоғары, ілімі мен ғылымы жетік мемлекеттер санатына қосып, олардан білімі, ғылымы, өнері асып түссе екен деп армандады. Осы асқақ биік арман жолына бүкіл ғұмырын арнады. Өз халқының аяулы ұлы ретінде өз заманында орын алған қаракетсіздікке, озбырлыққа, жалқаулыққа, арсыздыққа қарсы аянбай күресті. Абай даналығына сүйене отырып, білімі бар немесе жоқ адамдар арасындағы байланыстар жайлы Петер Шон өзінің еңбегінде былай дейді: «Abay defined the differences between the educated and non-educated by stating that educated persons would occupy themselves with worthy and serious matters, and they would steadfastly pursue their objectives. These individuals would have few regrets in life and would show poise and restraint even during the most critical times. Whereas educated persons would be reflective about their lives, ignorant people would occupy themselves with trivial things. Abay also realized that for the Kazakhs to become educated, they needed to command respect by cultivating social and cultural norms. With social and cultural capital at hand, Abay hoped that someday a leader with sufficient influence and resources would apply his or her own vision in reforming Kazakhstan. It had to be someone who wielded “great power and immense influence” and “enormous riches” to convince all parents to send their children to school» [3, 40-б.].

Абай ең алдымен бес нәрседен қашық болуға шақырды: өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік және бекер мал шашудан. Әрбір жалқау адам, өсекке бейім, қаракетсіз, қорқақ болады, оның тіршілігімен ғұмыры да мардымсыз, сүреңсіз келеді. Ал мақтаншақ адам ақылсыз, тоғышар, арсыз, надан келеді. Адам баласын қор ететін, кісілік дәрежесінен айыратын, кісі қашық болуы керек осы бес нәрсе деп айғақтай отырып, бұлардан адам алшақ болмаса, әрі қарай көптеген келеңсіз қасиеттерге тап болады. Бұны Хакімнен артық айту тіптен күрделі. Ол былай деп айтады: «Бүкіл ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: Әрбір жалқау кісі қорқақ қайратсыз тартады: Әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ



келеді: Әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді, Әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді: Әрбір арсыз жалқаудан сұрамақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» [4, 148-б.]. Әлемге атақты данышпан кісілер байқаған сөздерге көңіл бөлу тиіс. Кей-кейбір зерттеушілердің айтуындай бұл тек қазақ ұлтына тән жұғымсыз қасиеттер емес, жалпы адамның тозу, азу, азғындау әдісі. Адамшылықтан кету әдісі. Бұлар барлық адамзатқа тән қасиеттер. Алайда, Абай Құнанбайұлы жерлестерінің халін, келешегін ойлағаннан кейін бұл өсиет сөздерді жазғандай.

Бес түрлі жаман қасиеттерге қарама-қайшы бес түрлі жақсы қасиеттерді де айтып өтеді. Ол тек адамның адамгершілігінің белгісі емес, әдеттегі айтылған жаман қасиеттерден тыйылу үшін қажетті болып табылатын асыл қасиеттер. Адам талап, еңбек, терең ой, қанағат және рахым осы бес қасиетке ұмтылуы тиіс. Сол кезде әр адам мақсат-мұраттарына жетеді, демек халқымыздың болашағынан үміт үзілмейді. Терең ой, талап, еңбекті қай жерге жұмсау қажеттілігін де нық көрсетеді. Аса маңызды білім, ғылым және өнерге ынталанып барлық күш-жігерді, қайратты, қолдағы бар байлықты осыған жұмсай білу абзал деп айтады. Көпшіліктің ойы неде, мақсаты неде? Адамды құртатын нәрсе, төрт аяқты малды көбейтемін деген ниетінде. Басқа ойы жоқтығында. Егер өнерге, саудаға, егінге салынса, адамшылықты ту етіп ұстаса, бұлай болмас еді. Абайдың мал тап, кәсіп тап, деген ойлары бүгінгі әрбір қазақ баласы ойлануға тиісті дүниелер.

Қазақтардың бойындағы тағы бір кертартпа қасиет - билікке таласушылық, мансапқа қызығушылық, бірін-бірі көре алмаушылық, арсыздық. Содан келіп ағайын туыстың арасында бітпес дау-дамай, араздық туады. Тіпті бұл мәселе мемлекет деңгейінде де бүгінгі таңда болып жатқандығы таңқаларлық жағдай емес. Хакім қазағымызда ерте бастан келе жатқан «Би екеу болса, дау төртеу болады» деген мақал-мәтелді айтады. Билікті ойлайтын адамзат тек қана өз қамын жейді, төрт аяқты мал басын көбейтуден бөлек ешбір нәрсені ойламайтын адам, алайда басқалардан жоғары болуды, одан асып түсуді ойлап, ұрлыққа дейін барып, ар-ұятын мүлдем ұмытады. Бұл басқалардың намысына тигенді, қорлауды, оның адамдық құқығын аяққа басқандық, бір адамды екінші бір адамға айдап салушылық, яғни, жалпы айтқанда өзінің адамдық қасиеттерін жоғалту. Билік пен байлыққа ұмтылыс жолдарына бұндай адамдар қастарының өміріне қауіп-қатер төндіруден, өтірік айтудан, қастандықтан да тайынбайды.

Әрине, Абайдың қара сөздерін қопарып айту өте қиын. «Сөз түзелді, тыңдаушым сенде түзел», – дейді Абай. Шындығында, көп нәрсені ойланатын уақыт жетті. Еркін ойлауға ешқандай тосқауыл жоқ. Бір нәрсе нақты, Абайдың ойы қазақтың ойы, жаны, күйі. Абайдың сыншылдығы қазақтың ойын сұрыптап жинағандығы. Абай қазақтың ойын сақтаушы, жинақтаушы және оны көтеріп, асқақтатушы. Сол себепті, біз Абайды әлемдік деңгейге көтеруіміз қажет. Қазақтың ойын, жанын түсіне алмаған адам бойында еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі болмайды. Ондай адамдарда рухтың тәуелсіздігі болмайды. Демек, бұл адамдар мемлекет басқара алмайды, заманға ықпал ете алмайды.

Заманауи теорияда «Рухани дүниетаным» және «Руханилық» категорияларына байланысты түрлі көзқарастар қалыптасқан. Ұғым философия ғылымдарында кеңінен зерттелгенімен, қазіргі таңда педагогика және психология ғылымдарында ерекше мән беріліп келе жатыр. Осы себептерге байланысты, «Рухани дүниетаным» және «Руханилық» категорияларын жеке қарастырғанды жөн санаймыз. Өйткені ғылыми әдебиеттерде осы уақытқа дейін аталмыш категориялар туралы нақты түсініктер берілмеген. Бұл болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы мәселелерін талдау барысында өзектілігі жоғары деп есептейміз.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу жұмысының әдістемелік және теориялық негізін тақырып бойынша жазылған ғалымдардың еңбектері құрайды. Ұғымды ашу үшін Scopus, Science Direct, Jstor және РИНЦ бойынша алынған ғылыми әдебиеттерді шолу әдіс ретінде қолданылып, аталмыш еңбектерде қолданылған материалдар назарға алынды. Ізденіс рухани дүниетаным, руханилық, білім, тәрбие, қоғам, сана, ойлау, болмыс кілт сөздеріне сүйену арқылы жүргізілді. Салыстырмалы

тұрғыдан талдайтын әр түрлі тұжырымдамалар және жүйелік-құрылымдық, тарихи-философиялық, институционалды талдау әдістері нәтижелерге жетуге арқау болды.

### **«Рухани дүниетаным» категориясының түсініктері**

Рухани дүниетаным дүниетанымның күрделі категориясы болғандықтан қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарда көп қарастырылады. Жалпы дүниетаным дүние және осы дүниедегі адамның орнын анықтайтын көзқарастар жүйесі деп ойлаймыз. Сонымен қатар, дүниетаным адамның қоршаған ортаға және өзін-өзі танудың жалпы қатынастары, көзқарастар негізіндегі өмірлік ұстанымдары, сенімдері, таным мен әрекеттер қағидалары, құндылықтық бағыттардың жиынтығын құрайды.

Ұғымды алғаш рет неміс философы И. Кант 1790 жылы жарық көрген «Пікір қабілеттеріне сын» [2] атты еңбегінде қолданған. Бұл еңбегінде ол дүниеге көзқарасты табиғатты ұғыну, дүниені бақылау мағынасында түсіндіреді. Неміс идеализмін құрушылардың бірі Г.В. Гегельдің «Рух феноменологиясы» еңбегінде «моральды дүниетаным» түсінігі қолданылады. Біздің ойымызша, осы «моральды дүниетаным» ұғымы «рухани дүниетаным» түсінігіне жақын сияқты. Жалпы дүниетаным түсінігін неміс ойшылдары көп зерттеген. Мәселен, И. Гёте поэтикалық дүниетаным, Л. Ранке діни дүниетаным, Э. Гартман қазіргі физиканың дүниетаным, В. Дильтей психикалық дүниетаным туралы айтады.

Дүниетаным, ұлттық дүниетаным, рухани дүниетаным мәселелеріне отандық ғалымдардың да көңіл бөлгендігін айта кеткеніміз жөн. Мәселен, Ж.М. Әбділдин өз еңбегінде дүниетаным, дүниеге қатынастың субъектісі ретінде ру, тайпа саналатындығын айта келе, дербес индивид өздігінше дүниетаным жасаудан қашық екендігін дәйектейді. Әруақ, ырым, қыдыр, құт секілді адам түсінігін көрсететін ұғымдар қазақтың дәстүрлі дүниетанымның негізгі түсініктерін білдіретіндігін атап көрсетеді [3, 38-б.].

2013 жылдың 27–28 қыркүйегі аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты «Қазіргі әлемдегі философия: даму стратегиялары» тақырыбында I Қазақстандық философиялық Конгресс өткізген болатын. Аталмыш Конгресте дүниетаным мәселелері ғалымдар арасында терең талданды [4].

Б.Қ. Өтешова педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясында халық тағылымы материалдары негізінде жоғары сынып оқушыларының дүниетанымын дамыту үрдісін теориялық тұрғыдан негіздеп, әдістемесін жасайды. Оқушылардың дүниетанымын дамытуға қажетті халық тағылымдары материалдарының қызметтік-мазмұндық сипаттамасын ұсынады [5, 15-б.].

Бүгінгі заманауи даму кезеңінде әлеуметтік өмірдің маңызды саласы болып табылатын білімнің көмегімен қоғамның рухани дүниетанымның ахуалы қалыптасатыны анық. Білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде озық мәдени жетістіктерге негізделген рухани құндылықтар қалыптастыру саналады. Міне осы құндылықтар қоғамның рухани дүниетанымын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады.

Соңғы жылдары педагогика және психология ғылымдары үшін адамның рухани дүниетаным мәселесі қызығушылық туындатып отыр. Өйткені адамның рухани жағдайы мен ерекшеліктерін зерттеу оның өмірі мен мінез-құлқындағы ахуалдарды айқындайды. Өз кезегінде педагогика ғылымдары психология ғылымдарымен бірге болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын анықтайды. Сондықтан психологиялық ойлардың дамуы барысында адамның өзін-өзі дамытуы, тұлғалық өсуі мен ішкі дүниесінің өзгерісі сынды адам психикасының құрылымдарын зерттеу және айқындау қажеттілігіне әкелді.

Рухани дүниетаным адамзат санасы мен танымының өнімі. Бұл адамзат санасында қалыптасқан ойлардың күрделі жиынтығы. Түрлі ілімдер мен білім, сенімдер мен ойлар, сезімдер мен көңіл-күй, ұмтылыстар мен үміттер дүниетанымға жиынтықталып, адамның дүниені және өзін-өзі тануы түсінігі осы құбылыста қалыптасады. Ал, болашақ мұғалімнің

рухани дүниетанымы адамның ішкі дүниесі мен бойында жиынтықталған білімі негізінде қалыптасқан құбылыс. Рухани дүниетаным адамның өмір мен дүниеге көзқарасы, оны қабылдау көрінісі мен қатынасының сипаттамалық белгісі. Адамның рухани дүниетанымы – тұлғаның, оның ішінде болашақ мұғалімдер мен бүкіл қоғамның рухани тәрбиесінің нәтижесінде көрініс табады.

Зерттеу жұмысы барысында тақырып бойынша ғылыми әдебиеттердің тапшылығы байқалды. Зерттеу жұмыстарының басым бөлігі діни білім берумен байланыстырылады. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы тек дінмен қалыптаспайтындығын ескерсек, мәселенің философиялық, педагогикалық және психологиялық қырларын қарастырған дұрыс деп санаймыз.

«Рухани дүниетаным» және «Руханилық» категорияларының іргетасы қазақ ғұламалары Қорқыт ата [6], әл-Фараби [7], Ж. Баласағұни [8], Қ.А. Ясауи [9] және қазақ ағартушылары Абай Құнанбаев [10], Ш. Уәлиханов [11], Ш. Құдайбердиев [12], А. Байтұрсынов [13], М. Дулатов [14], М. Жұмабаев [15], Ж. Аймауытов [16] еңбектерінде қаланған.

Жалпы «Қорқыт ата кітабы» түркі халықтарының жазба эпикалық ескерткіші болып табылады. Мұндағы әрбір оқиғаның жеке желісі бар және әрбір рухани мұра болып табылатын оқиғалардың негізгі кейіпкері ретінде ойшылдың тұжырымдары ұсынылады. Әл-Фараби тек Аристотель мен Платонның еңбектеріне түсінік беріп қана қоймай, оның еңбектері көптеген ойшылдарға, орта ғасырлық Батыс Еуропаның философиясы мен ғылымының дамуына ықпал етті. Ж. Баласағұнидың «Құтты білік» поэмасы тек әдеби шығарма ғана емес, ол этикалық-дидактикалық және саяси-философиялық трактат. Бұл еңбектегі ойлар негізгі кейіпкерлер – әділдіктің символдық бейнесі Күн туды, бақ-дәулет бейнесіндегі уәзір Айтолды, ақыл-парасат бейнесіндегі уәзір баласы Ұғдүлміш, қанағат-ынсап бейнесіндегі уәзір туысы Ордгүрміш арасындағы сұхбаттар түрінде өрбиді. Қ.А. Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегі діни-философиялық сарындағы шығарма болып табылады. Мұндағы негізгі ойлар исламның басты қағидаларын айқындап, бүгінгі таңда да өз құндылығын жоғалтқан жоқ.

Абай Құнанбаев еуропалық және орыс мәдениетін қазақ мәдениетімен жақындастыра алды. Оның дүниетанымына гуманистік идеяларды ұстанатын Шығыстың ақындары мен ғалымдары, орыс әдебиеті өкілдерінің шығармалары арқылы еуропалық әдебиетпен танысу негізінде әсер етті. Оның көзқарастары қазақ қоғамындағы оң өзгерістердің қалыптасуына мүмкіндік берді деп айтуымызға да негіз бар. Шоқан Уәлиханов ағартушылықпен бірге тарих, этнография, фольклор салалары бойынша ғылымның дамуына ерекше үлесін қосты. Оның зерттеулері Императорлық Орыс географиялық қоғамы еңбектерінде жарық көрді. Шәкәрім Құдайбердиев Батыс пен Шығыс ойшылдарының шығармаларын танысу арқылы өз дүниетанымын қалыптастырды. Оның философиялық еңбектерінің басым бөлігінде адамның руханилығы мен танымы, оны жетілдіру жолдары талданды. Елімізде Ахмет Байтұрсыновты «Ұлт ұстазы» деп атайтындығы баршамызға белгілі. Ол қазақ грамматикасын анықтау үшін қазақ тіліндегі ғылыми терминологияның негізін әзірледі. Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» еңбегін ХХ ғасыр басындағы зиялы қауымның халыққа айтқан үндеуі ретінде санаймыз. Бұл шығармасы бүгінгі таңда да қазақ халқына өзіндік рух беріп отыр. Мағжан Жұмабаевтың да еңбектері өз уақытында ауыр сындардан өтіп, бүгінгі таңда қазақ халқының игілігіне пайдаланылып жатқан тарихи мұра болып табылады. Ол жазушылық және публицистикалық қызметпен қатар, «Педагогика» еңбегін жазуы оның ұстаздық қабілетін де көрсетеді. Жүсіпбек Аймауытов та қазақ педагогикасы мен психологиясының негізін қалаушылардың бірі. Оның педагогика, психология және этикаға байланысты «Тәрбиеге жетекші» еңбегі 1926 жылы Орынбор қаласында, «Дидактика», «Психология» еңбектері 1927 жылы Ташкент қаласында, «Сабақтың комплексті жүйесінің әдістері» еңбегі 1929 жылы Қызылорда қаласында, «Жан жүйесі және өнер таңдау» еңбегі 1929 жылы Мәскеуде жарық көрген.

S. Griffioen [17] пікірінше, дүниетанымның кеменгерлігі дүниеге деген ішкі сенімділіктен тұрады. Дүниетаным жеке және әмбебап сипатты өзіне біріктіреді. Сонымен бірге, ол қарама-қайшы сенімдер мен көзқарастар туғызады. Сәйкесінше, дүниетанымның көптігі жалғыз түсінікке қарағанда өзге пікірлердің қатысуына сәйкес келеді.

Мұғалімдер өз дүниетанымын дамыту және оқытушылық тәжірибеде әріптестері, мектеп, оқушылар, отбасына ықпал ету үшін көбеюші императив ерекше әсер етеді. Оқу тәжірибесіне дайын емес, жеке мәдени тәжірибесінен тыс жұмыс жасайтын мұғалім оқу процесінде шиеленіс те туындатуы мүмкін. Оқушыларының көзқарастарын түсіну мұғалімнің оқыту, білім беру және мінез-құлық алғышарттарын тануға көмектеседі. Ал топ оқу орнының кең мәдени ортасы, достары, студенттер ата-аналарымен ұшырасады. Мұғалім дүниетаным туралы өз пікірін анықтап, дүние туралы көзқарастарын дамыта бастағаннан кейін олардың білім беру тәжірибесі негізінде жатқан пікірлерді сезіну жоғарылайды [18].

Рухани білім беруді оқу бағдарламасына енгізу маңызды болып табылады. Оқу бағдарламаларында руханилықтың жоқтығы білім берудің бекершілігін көрсетеді. Рухани білім студенттердің өмір мен рух жөніндегі сауалдарды зерттеуге мүмкіндік береді. Адам өмірінің рухани өлшемін енгізу арқылы білімгерлер адам мен мәдениеттердің рухани алаңдаушылығы мен мәселелерін айқындай алады [19].

Әмбебап қолданылатын әдістер ізденісі барысында заманауи оқытушы-педагогтардың тұлғалық дүниетанымы мен сенімі туралы жиі арттырып айтады. Постмодерн тұрғысында мұғалімнің бірегейлігі мен тәжірибесі арасындағы байланыс мойындалады және көп зерттеледі. Өйткені, осы екі элемент өзара байланысты және тәжірибелік жағынан бөлінбейтіндігі туралы көп айтылады [20].

Оқытуды ажырамас моральдық әрекет деп қабылдауымыз көптеген түсіндірмелер беруге мүмкіндік береді. Мұғалім шын мәнісінде адамгершілікті қалыптастыратын агент болып табылады: беделділік рөлі арқылы дос моделі, дем беруші, мотиватор, сауал беруші және т.б. қызметтер атқарады. Мұғалім жауапкершілігі өз сенімі жүйесін қайта-қайта, үздіксіз өзін-өзі сұрауды талап етеді. Дүние туралы түсіндірмелерді түрлі әдістермен қарастыру және өмірдің маңызды сауалдарына жауаптар өз дүниетанымна сыни, интроспективті қарауда құндылығы артады. Дүниетаным, шынайылық мұғалімнің жеке моральдық міндеттері түсінігіне әсер етіп, саяси, мәдени, діни және қоғамдық міндеттемелерде көрініс табады [21].

Болашақ мұғалімдердің жоғары сыныптардағы оқушылардың моральды және рухани дамытудағы психологиялық және педагогикалық дайындығы мәселесі тұлғаның барлық аспектілері көрініс табатын жалпылама контекстінде қарастырылуы керек. Жоғары оқу орнындағы «Өзін-өзі тану» пәні арқылы білім алып жатқан болашақ мұғалімдердің дайындығына әсер ететін кәсіби және жеке сипаттамаларын анықтау маңызды міндет болып табылады. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің психологиялық және педагогикалық дайындығының негізі ретінде әмбебап адамзат құндылықтары арқылы рухани және кәсіби өсу, студенттердің дүниетанымы мен мінез-құлқын қалыптастыруға жауапкершілік болуы керек [22]. Негізінен кез келген пән болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде оларды адамгершілік және рухани дамуына ықпал жасауы қажет. Адамгершілік пен рухани тәрбиелеуге негізделген білім ғана ұрпақтың қоғамдық санасын дамытуға үлесін тигізеді.

Ұлттың әл-ауқаты білім берудің сапасымен анықталады. Өз кезегінде білім беру сапасы мұғалімдердің өз кәсібіне қажет құндылықтар сапасымен айқындалады. Өз кәсібін құндылықтар негізінде жүргізетін мұғалімдер ғана үздік мұғалімдер болып табылады. Күнделікті өмірде көрініс табатын құндылықтар білім беру қағидасы ретінде қалыптасып, мұғалімнің шынайы мінезіне айналады [23]. Бұл тұста рухани педагогикаға тәсіл ретінде қарағанды дұрыс санаймыз. Қоғамда қалыптасқан құндылықтар негізінде болашақ ұстаздардың өз мамандығы бойынша жұмыстарын атқару барысындағы руханилықтың тәжірибесін қалыптастыра аламыз. Ал рухани құндылықтар арқылы барлық қоғам

мүшелерінің тәрбиелілігі, жауапкершілігі, шыдамдылығы мен еңбекқорлығын дамыта аламыз.

Педагогикадағы біртұтас білім беру философиялық бағытталу мен педагогикалық тәжірибені кең көлемде қамтиды. Оның назары біртұтастыққа шоғырланатындықтан адам тәжірибесі аспектілерінен алшақтауға тырысады. Осы эклектикалық әрекеттердің негізі болып табылатын идеялар бойынша білім беру тәжірибесі материалистікке қарағанда рухани дүниетанымға, шынайылық туралы динамикалық және біртұтас көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім беру тәжірибесінің тұлғаның түрлі зияткерлік, физикалық, рухани, эмоционалдық, әлеуметтік және эстетикалық аспектілері арасындағы өзара байланыстар шеңберін дамытуды ұсынады [24]. Жалпы біртұтас білім беру оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймай, ел дамуына өз үлесін қосатын болашақ азаматтарды қалыптастырудың іргетасы болуы керек. Ол үшін оқушылардың тұлғалық дамуы, ұстаз бен оқушы арасындағы ашық және демократиялық қатынастардың орнауы, оқушылардың өмірлік тәжірибесінің қалыптасуы, оқушылардың бойында өзгелердің мәдени құндылықтарын сыйлауы секілді дағдыларын жүйелендіреміз.

Жұмыс орнында руханилықты кірістіру бүгінгі күннің маңызды қажеттілігі. Ұйымдастырушылық міндеттер мен жұмыстағы руханилық арасындағы өзара байланыстарға ерекше назар аудару керек. Жұмыстағы руханилықты басқару стилі, жұмыс пен өмір арасындағы тепе-теңдік, мекеменің азаматтық мінез-құлқы мен мәдениеті секілді аспектілермен салыстыруға болады. Эмпирикалық талдаулардан кейін жұмыстағы руханилық ұйымдастырушылық міндеттерге ерекше ықпал ететіндігі айқындалады [25]. Жалпы жұмыс орнындағы руханилық әрбір адамның ұйымдастырушылық қасиеттеріне әсер етеді деп ойлаймыз. Рухани ахуал қалыптасқан орта да ғана адамгершілік белгілері қалыптасады деген ойымыз да бар.

### **«Руханилық» категориясының түсініктері**

Ғылымның түрлі бағыттарында руханилық ұғымын әр түрлі түсіндіреді. Өзінің шығуына байланысты «рух» және «руханилық» түсініктері ежелгі болып табылады және тарих, ғылым мен мәдениетте бай дәстүрлерге ие. Өткен ғасырдың 1990 жылдарынан бастап берілген ұғымдардың ғылыми түсіндірмелері өзгерді. КСРО кезеңінде бұл категориялар отандық ғылымның зайырлы гуманизм мен адамның дамуының ғылыми әдістемелерге жоғары дәрежеде сүйенуіне байланысты дербес мәртебеден айырылған еді [26]. Сонымен бірге, Е.Шагардинова өзінің кезекті еңбегінде тұлғаны тәрбиелеудің философиялық және педагогикалық аспектілеріндегі руханилық феноменінің генезисін талдайды [27]. Мәселені дәйектеу үшін Платон, И.А. Ильин, Б.Т. Лихачев, Е.И. Рерих, Ш.А. Амонашвили, Н.М. Романенко тұжырымдамаларына сүйенеді.

А.Г. Заховаеваның тұжырымдамасы назарымызды қажет етеді: «Философия үшін тәрбие мен білімнің мағынасы (идеясы) маңызды, бұл тиістілік туралы сауал: білім өз мағынасына қарай қандай болуы тиіс, білімнің идеясы қандай болуы тиіс? Мұндай түсіндірме тұлғаның өзегі болып табылатын, білімнің барлық құрамдастары ізгілік мағыналарын иеленетін білім беру процесі тәсілдерінің тұтастығын талап етеді. Сонымен қатар, адамның әлеуметтік ортаға бейімділігін көрсететін тәрбие туралы жай айтып қана қоймай, тәрбиені адамның адами қасиеттерін ояту, «жанды өңдеу», яғни ізгілендіру деп түсіндірген дұрыс. Мұндай тәсілдің нәтижесі адамның руханилығы, өзінің шынайы табиғаты шыңына өрлеуін туындатады. Руханилық тұлға біртұтастығын қалыптастыратын тірекке айналады» [28]. Бұл зерттеу жұмысы ол тұлғаның дамуы оның руханилығы, психикалық және эмоционалдық дамуымен байланысты екенін дәйектейді.

Г.Е. Пазекованың тұлға руханилығын психологиялық феномен ретінде қарастырған еңбегінде мәселенің ұзақ уақыт бойы ғылыми психологияда зерттелмеуін Кеңестер еліндегі психология ғылымдарының бағынышты болған идеологиялық бақылаудың салдары деп есептейді. Ғылымның пайымдауынша, «Сананы болмыс билейді» негізгі постулаты болмыс

сананы билейді кері ұғымының күші мен шынайылығын елемеді [29]. Бұл сараптамалық жұмысында автор рухани болмыс ұғымын талдай келе, руханилық ұғымына қатысты тұжырымдарды жүйелейді:

«М.М. Бахтин адамның өмір болмысы құрылатын үш ұғымның біртұтастығын атайды: нақты экзистенциялық ахуалдағы болмыс қатысушысының ойлауы, эстетикалық көрінісінің тамашалылығы және адамгершілік жауапкершілік. Оның айтуынша, «дене» – индивидтің кеңістіктік өлшемі, «жан» – уақытша өлшем, «рух» – индивидтің мағыналық өлшемі. Руханилық ұғымына өзін-өзі жетілдіру, кез келген істе шеберлікке жету, таным, адамгершілік және жоғары шеберлік кіреді. С.Н. Анисимовтың ойлауынша, руханилықтың ішкі мазмұны шынайы моральдық танымды құрады, ал рухани-адамгершілік сезім оның тек сыртқы көрінісі болып табылады. Ю.Г. Буртин руханилықты эмоциялар әлемімен байланыстырса, ал рухсыздықты эмоциялық сезімталдық шегінің төмендеуі, сезімсіздік, немқұрайлылықпен байланыстырады. П. Симонов Бахтин пікірлерін дамытып, руханилықпен өз санасындағы «өзге Меннің», яғни, әлемдік құндылықтар өлшеміндегі идеалдылық пен байлық, өзін төбе санап, осы өлшемдермен әрдайым ара-қатынастардың болуымен байланыстырады. Руханилық діни және зайырлы түсіндірмелерде дербестендірілген құндылықтар мазмұнын көрсететін «өзге Меннің» бірегейлігі, тұлғаның адамгершілік өзіндік рефлексиясы деп айтылады.

У. Джемс алғаш рет діни қобалжу мен психология арасындағы байланыстарды анықтауға тырысты. Оның негізгі тезісі: адамның Құдаймен байланысы түпсаналы тәжірибенің терең деңгейлеріне сүйенеді. К. Юнг «Менді» біздің түсінігіміздің шегінен шығатын, танылатын болмысты көрсетуге қызмет ететін конструкт ретінде атап көрсетеді. Тең өлшемде ол «Біздің ішіміздегі Құдай» деп аталуы мүмкін, жоғары ең соңғы мақсат оған ұмтыладан тұрады». В. Франклдың сөзінше, «адамның рухани ортасында түпсаналы руханилық деп атауға болатын ұғым бар». М. Боуэн Ішкі Меннің (тұлғалық-орталықтанған тәсілдің рухани аспектілері) бар екендігі туралы айтады. Оның дәйектеуінше, ақыл-ес шегінен шығатын данышпандық пен білімнің қайнар – көзі болады.

Ғылым өкілдері ішкі данышпандықтың болуы туралы сипаттауды бастады. Б. Браунға сәйкес, миды зерттеумен айналысушы ғалымдар мидың органикалық бөлігінен бөлек қуатты ішкі ақыл-ойдың көріністерінің бар екендігін куәландырады. Б. Браун ақыл-ойдың материалды субстраттар өндірісінен тәуелсіз дәрежесіне ие энергетикалық болмысы туралы болжамын алға тартады. Осылайша: а) білім мен данышпандық қайнар – көзінің болуы өз ішімізде; б) оның ақыл-ой шегінен трансценділігі; в) бұл қайнар-көзге тікелей тәжірибенің адам үшін қол жетімділігі айқындалды. Руханилық құрылымында бірнеше компоненттер айтылады, бірақ олардың барлығы жалпылама ортақ.

А.И. Яценко адамның рухани әлемін үш ірі салаға бөледі – сезімдер әлемі, еріктер әлемі және ойлар әлемі. В.Н. Шердаков руханилықтың үш бастауын айтады: танымдық, адамгершілік және эстетикалық. Д.И. Дубровский адамның тұтастай рухани өмірінің бес компоненттер тобын қарастырады: құндылықтық-мағыналық, интуитивтік, эмоционалдық, мақсатты және еріктік. М.С. Каган рухани әрекеттің төрт аспектісі туралы айтады: шынайылықтың, оның танымының, құндылықтық ұғыну мен қатынасының өзгеруі».

Осы жүйеленген ойларға сәйкес ғалым руханилықтың жеті негізгі компоненті туралы айтады:

1) жақсылық пен махаббат адамгершілік категорияларында бекітілетін моральдық-психологиялық сапалар;

2) ойлар мен әрекеттер руханилығына тән идеялық-эмоциялық жоғарылық, жаңаға, жақсыға, үдемелілікке талпынушылық. Руханилықтың бұл компонентіне таусылмайтын еркіндік қызығушылығы жатады;

3) әсемдікті түсіну және сезіну. Әсемдікті табиғат пен мәдениеттің әдемі көріністерінен бөлек адамның адамгершілікті ісінен көруге болады;



4) ар-ұждан, ұятты сезіну, өзінің және қоршаған адамдар алдында өз мінез-құлқы үшін адамгершілік жауапкершілігін түсіну;

5) қайырымдылық, рақымдылық, бірге мазасындану, аяушылық, қамқорлық;

6) ақыл-ой, білім, ғылым, адамдардың шығармашылыққа ұмтылысы, ақиқатты түсіну;

7) экологиялық құрамдас [29, 78–79-бб.].

В.В. Знаков пен Г.В. Залевскийдің [30] редакциялығында жарық көрген еңбекте көрсетілгендей, психологиялық зерттеулерде руханилық адамның өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі іске асырудың қағидасы, тұлғаны құрылымдаудағы жоғары құндылық сатыларына жүгіну ретінде қарастырылады. Адам ақиқат, жақсылық, әсемдік секілді жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды түсіне және анықтай бастайды. Бұл құндылықтарды мойындау осы игіліктерді игеруге дайындықтың қадамы болып табылады. Өз кезегінде бұл өз мінез-құлқын ішкі құндылықтық реттеудегі қадам деп есептейміз.

Негізі педагогикалық білім беру процесінде руханилық шынайы адамгершілік құндылықтарын таңдау және өмір салтын осы құндылықтарға сәйкес құру қабілеті ретінде анықталады. Берілген түсінік өмір-салтында көрініс табатын қарапайым қимылдар, әрекеттер, мінез-құлық нәтижесіндегі рухани деңгейде өзін-өзі жетілдіру мен сана шекарасын кеңейтуге бағытталған адамның белсенді әрекеті арқылы ашылады [31]. Бұл еңбегінде ғалым руханилықтың келесі компоненттерін айқындайды [31, 35–36-бб.]: тұлғаның жаратылыстық белгісі болып табылатын болмыстың жоғары және мәңгі құндылықтарымен байланысу; өзін, жақынын, оқушысын, бүкіл адамзатқа, табиғатқа махаббат; танымға талпынушылық және оқушыларды танымға қозғау; ұстаздың ұмтылысы және тәрбиеленушілердің үйлесімді даму мен өзіндік дамуға түрткі болу.

Ғалым руханилықтың келесі көрсеткіштерін атап көрсетеді:

1) мейірімділік, адалдық, ашықтық, жомарттық, мәрттік, батылдық, эмоциялық тұрақтылық, ұғыну, еріктік, адамдарға махаббат, аңғарымпаздық, оптимизм, көпшілдік, аяушылық білдіру, ұят (ардың дауысы) секілді тұлғалық қасиеттердің болуы;

2) танымдық процестер сапасының жеткілікті дамуы: ойлау, жады, сөйлеу, назар аудару, елестету, қабылдау;

3) руханилықтың маңызды құрамдасы болып табылатын жасампаз шығармашылық әрекетке мұқтаждық; қолайлы шығармашылық көңіл-күй: шабыт, қызығушылықтардың кеңдігі, жұмысқа әуестік, берілгендік, ойдың саралығы, ізденістік белсенділік, қуаныш-шаттық, бақытты сезіну, дұрыс энергетикалық әлеует;

4) ішкі еркіндіктің болуы: қорқыныштан еркіндік, қоғам қойған талаптар мен жұмыс пен оқудың міндеттерін саналы және ерікті орындау; ішкі дүниені өзгеріссіз қабылдау; тәрбиеленушілермен өзара әрекеттер барысындағы жанжалдастық, тәрбиеленушілерге айыптаудың болмауы, ішкі мәселелер себептерін өзінен іздеу, табиғат (Құдай) заңдары бойынша өмір сүру, адамға қызмет ету;

5) тәрбиеленушілермен өзара байытылатын, дамытатын өзара әрекеттерде көрінетін дұрыс мағына;

6) жеткілікті ақыл-ой және физикалық еңбекке қабілеттілік;

7) кәсіби педагогикалық қызметке қызығушылықтың болуы: танымдық және тәрбие процестері, пәндік дайындық;

8) өзі үшін ғана емес, басқалар үшін де өмір сүруге ұмтылыс;

9) адамға (тәрбиеленушіге), дүниеге, табиғатқа қатынастардың гуманизмі.

Бұл зерттеуінде автор ұстаз руханилығы дене құштарлығы (қарсы тұру, өзіне бағындыру, басқара білу) мен жан талаптары, ынтықтық, бейімдік, ниеттіліктен (жеке «Менге» қарсы тұру арқылы маңызды іске ұмтылу) еркіндік дәрежесімен өлшенетіндігін айтады. Ұстаздың руханилығы жақсылық пен жамандық, қайырымдылық пен немқұрайлылық, ақиқат пен жалған, жеке мен әлеуметтік арасындағы тандаумен байланысты.

Өз руханилығының даму дәрежесін педагогтар мен психологтар келесі көрсеткіштердің болуы (жоқтығы) арқылы анықтай алатындығын айқындайды:

- барлық адамзатқа өз махаббатын көрсетудің жоғары мұқтаждығы (жақындарға; тәрбиеленушілерге; бөгделерге; сізге қастық жасаған адамдарға; табиғатқа; жануарларға);
- өзгелер махаббатының өсе түскенін сезінушілік;
- күлімсіреу, ізгі ниеттіліктің көрінуі;
- тұрмыстың әрбір мезетіне, тәрбиеленушілер жетістігіне қуана білу қабілеті;
- табиғат пен адаммен бірлесуден қанағаттанушылық сезімі;
- тәрбиеленушілерді бағалау мұқтаждығы, ең алдымен олардың дұрыс жақтарын байқау, алғыс білдіру, жетістіктері үшін мақтау, өзін-өзі дамытуды алға бастыру;
- балаларды сол қалпында қабылдау және оларға жақсы қатынаста болу;
- шиеленіске ықыластың жоқтығы;
- өзгелердің әрекеттерін талқылау қызығушылығының жоқтығы;
- өзге адамдарды айыптау қызығушылығының жоқтығы;
- өз-өзіне жеткіліктілік, сыртқы ахуалдар, адамдардан тәуелсіздік;
- қорқыныш, өткеннің тәжірибесі немесе өзге адамдардың ақылы негізінде емес, өз қағидаларына сәйкес ойлану және әрекет ету қабілеті;
- айналадағыларды, өз тәрбиеленушілерінді кешіру ықыласы мен ептілігі;
- реніш, қызғаныш, қастық көріністерінің, әсіресе тәрбиеленушілерге жоқтығы [31, 38-б.]. Автордың пайымдауынша, оқу орындарында руханилықтың мұндай түсініктерін үйрету білім беруді жандандыруға бірталай дәрежеде ықпал етеді.

С.П. Штумпфтың [32] пікірінше, руханилық адам өмірі әрекеттерінде мақсаттар, мағыналар құрып, шығармашылық міндеттерін қалыптастыруда шексіз мүмкіндіктер туындатады. Ол адам санасының табиғатта, бірақ мерзімді түрде жігер мен ерік арқылы дамуды талап ететін жоғары психологиялық қабілеті. Бұл үдеріс нәтижесінде сана шекарасының кеңеюі және өмірді саналы түрде қабылдау жүзеге асады.

М.П. Данилкованың пайымдауынша, кез келген мінсіз қоғам адамзаттың үйлесімді дамуы мен тәрбиесін құруға тырысқанымен, оның негіздеріне этикалық және рухани іргетас қалануы тиіс. Тұлғаның жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруды анықтайтын негізгі фактор ретінде адамның рухани әрекеті, оның адамгершілік идеалдары мен қажеттіліктері жатады. Тұлғаның құндылықтар дүниесі оның байланыс мәдениетінің әлемі мен мінез-құлық әдеттерінде көрініс табады. Шынайы адами құндылықтарды қалыптастыру адамның рухани әрекеті процесі, рухани байлық әлемі көрініс табатын бағалаулардың адамгершілік санасы мен мінез-құлқын құруды қамтиды [33].

Н.М. Борытқоның [34] еңбегінде руханилық ұғымы адамның өмір сүрудегі жоғары мағына ізденісіндегі жеке мақсаты мен құндылықтарын асқақтатуға ұмтылыс ретінде түсіндіріледі. Оның пайымдауынша, руханилық – бұл мінездің күш-қайраты және адамгершілік қағидалары бойынша жүру, бұл адамның өмірде толықтай қалыптасып танылуына септігін тигізетін ішкі еріктік арқау. Руханилық адамның динамикалық сипаттамасы ретінде олардың ішкі дүниемен өзара әрекеттерін анықтайтын және осы өзара әрекеттер нәтижесінде жеке-тұлғалық дамуы қалыптасатын құбылыс.

### **Қорытынды**

Рухани дүниетаным адамның дүниеге көзқарасынан туындайтын, барлық деңгейдегі білім беру мекемелері мен қоршаған орта ықпалында қалыптасқан білім негіздеріне сүйенеді. Жоғары білім беру мекемелері барлығын білетін студенттен бұрын сол білгенін тәжірибе жүзінде көрсете алатын, қолынан іс келетін, рухани дүниетанымы кең болашақ мұғалімді тәрбиелеуге тиіс. Қарап отырсақ, қазіргі жас мамандар берілген тапсырманы тез арада бітіріп тастауға тырысады. Әрине, қазіргі заман талабына сай бұл да дұрыс шығар. Бірақ, қоғам үшін білімін әрі қарай шығармашылық тұрғыдан жетілдіретін, рухани

дүниетанымы арқылы рухани көзқарас қалыптастыруға қабілетті болашақ мұғалімдерді тәрбиелеу маңызды болмақ.

Әрине, бір мақала шеңберінде берілген тақырып бойынша барлық көзқарастарды шолу мүмкін емес екендігі анық. Дәйектегеніміздей, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы мен руханилығы адам болмысының әмбебап құндылығы болып табылады. Рухани дүниетаным мен руханилық арқылы болашақ мұғалімнің тұлғалық мәні, маңыздылығы, тұтастығы мен бірегейлігі көрініс табады. Өзін-өзі дамыту, тұлғалық өзін-өзі кемелдендіру, құндылық бағдарлары болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы мен руханилығының деңгейінің көрсеткіші екені даусыз. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыру мен дамытуда қолайлы педагогикалық шарттар жасалуы керек. Өйткені болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы мен руханилығын дамыту олардың кәсіби пайдалылығының жоғарғы көрсеткішін танытумен қатар, мектептегі оқушылармен педагогикалық өзара әрекеттер барысындағы тұлғалық-бағдарлы оқыту қағидаларын қалыптастырады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір.
2. Кант И. Критика способности суждения / Перевод с немецкого Н. Соколова. – СПб: Азбука, 2019. – 444 с.
3. Абдильдин Ж.М. Проблема начала в теоретическом познании. – А.: Наука, 1967. – 259 с.
4. Философия в современном мире: стратегия развития // Материалы I Казахстанского философского конгресса. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – 818 с.
5. Өтешова Б.Қ. Жоғары сынып оқушыларының ұлттық дүниетанымын халық тағылымы материалдары арқылы дамытудың педагогикалық шарттары: Пед. ғыл. кан. ... дис. авторефер.: 13.00.01 – Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы, 2004. – 32 б.
6. Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос / Орыс тілінен аударған Ө. Қоңыратбаев, М. Байділдаев. – А.: Жазушы, 1986. – 128 б.
7. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / Құраст. Ө. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев. – А.: Арыс, 2009. – 656 б.
8. Құтты білік / Көне түрк тілінен аударған, алғы сөзі және түсініктерін жазған А. Егеубай. – А.: Өлке, 2006. – 640 б.
9. Иассауи Қ.А. Диуани хикмет: Ақыл кітабы. – А.: Өнер, 2007. – 312 б.
10. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – А.: Жазушы, 2003. – Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – А.: Жазушы, 2002. – 296 б.; – Т. 2: Өлеңдер мен аудармалар. – 336 б.
11. Уәлиханов Ш. Алты томдық жинақ. – А.: Таймас, 2010.
12. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық / Жауапты ред. А. Сейдімбеков. – А.: Қазақстан, Ғақлия, 1991. – 80 б.
13. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – А.: Жазушы, 1989. – 319 б.
14. Дулатов М. Оян, қазақ! Роман, өлең-жырлар, әңгімелер. – А.: Атамұра, 2003. – 192 б.
15. Жұмабаев М. Педагогика. – А.: Ана тілі, 1992. – 160 б.
16. Қайта оралған қаламгер / Құраст. В.Қ. Күзембаева. – А., 2003. – 272 б.
17. Griffioen, S. (2012). On worldviews. *Philosophia Reformata*, 77(1)7 – P. 19–56.
18. Walker, K. (2004). Teachers and teacher world-views // *International Education Journal*. – №5(3). – P. 433–438.

19. Brummelen, H., Koole, R., Franklin, K. (2004). Transcending the Commonplace: Spirituality in the Curriculum // *Journal of Educational Thought*. – №38(3). – P. 237–254.
20. Glanzer, P., Talbert, T. (2005). The impact and implications of faith or worldview in the classroom. The priority and importance of character // *Journal of Research in Character Education*. – №3(1). – P. 25-42.
21. Hufford, D. (2014). Worldview understandings and teacher authenticity // *Journal of Philosophy and History of Education*. – №64(1). – P. 135–148.
22. Akhmetova, A.I, Shirinbaeva, G.K., Axakalova, Z.K., Tasilova, N.A., Zhubaniyazova, A.O. Experimental study of psychological and pedagogical readiness of the future teachers for moral and spiritual development of senior school students // *International Journal of Environmental and Science Education*. – №11(18). – 2016. – P. 11261–11282.
23. Syihabuddin. Spiritual pedagogy: an analysis of the foundation of values in the perspective of best performing teachers // *International Journal of Education*. – 2017. – №10(1). – P. 27–33. – Doi: 10.17509/ije.v10i1.8022.
24. Mahmoudi, S., Jafari, E., Nasrabadi, H.A., Liaghatdar, M.J. Holistic education: an approach for 21 century // *International Education Studies*. – 2012. – №5(2). – P. 178–186. – Doi:10.5539/ies.v5n3p178.
25. Thakur, K., Singh, J., Kaur, P. A Study of Spirituality at Work and Organisational Commitment of University Teachers // *Pertanika Journal of Social sciences and Humanities*. – 2017. – №25(4). – P. 1501–1514.
26. Шагаринова Е. Генезис феномена духовности в педагогическом и психологическом аспектах воспитания личности // *Научные ведомости. Серия Гуманитарные науки*. – 2014. – №26 (197). – Выпуск 24. – С. 147–153.
27. Шагаринова Е. Генезис феномена духовности в философском и педагогическом аспектах воспитания личности // *Вестник университета*. – 2014. – №17. – С. 347–351.
28. Заховаева А.Г. Девальвация личности: откуда черпать человеческое? // *Философия и общество*. – 2005. – №3 (40). – С. 110–120.
29. Пазекова Г.Е. Духовность личности как психологический феномен // *Акмеология*. – 2005. – №2. – С. 77–79.
30. Ценностные основания психологической науки и психология ценностей / Отв. ред. В.В. Знаков, Г.В. Залевский. – М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2008. – 344 с.
31. Хохлов С.И. К понятию о духовности // *Вестник Московского государственного гуманитарного университета им. М.А. Шолохова. – Педагогика и психология*. – 2010. – №4. – С. 34-39.
32. Штумпф С.П. Творческая составляющая духовности // *Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики*. – 2011. – №4 (10). – Ч. II. – С. 199-203.
33. Данилкова М.П. К вопросу о проблемах духовного обновления общества // *Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики*. – 2012. – №1 (15). – Ч. II. – С. 57-60.
34. Борытко Н.М. Этическая концепция духовно-нравственного воспитания // *Грани познания*. – 2012. – №3 (17). – С. 29-32.

## REFERENCES

1. Nazarbaev N.Á. Bolashaqqa baǵdar: rýhani jańǵyrý // *Egemen Qazaqstan*. – 2017. – 12 sáyir.
2. Kant I. Kritika sposobnosti sýjdeniia / Pervod s nemetskogo N. Sokolova. – SPb: Azbýka, 2019. – 444 s.
3. Abdildin J.M. Problema nachala v teoreticheskom poznanii. – A.: Naýka, 1967. – 259 s.

4. *Filosofia v sovremennom mire: strategiya razvitiya* // Materialy I Kazhastanskogo filosofskogo kongressa. – Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MON RK, 2013. – 818 s.
5. Óteshova B.Q. Joǵary synyp oqýshylarynyń ulttyq dúnietanymyn halyq taǵylymy materialdary arqyly damytýdyń pedagogikalıyq sharttary: Ped. ǵyl. kan. ... dıs. avtorefer.: 13.00.01 – Jalpy pedagogika, pedagogika jáne bilim tarihy, etnopedagogika. – Almaty: Y. Altynsarin atyndaǵy Qazaq bilim akademıasy, 2004. – 32 b.
6. *Qorqyt ata kitaby. Oǵyrdardyń batyrlyq jyrlary: Epos / Orys tilinen aýdarǵan Á. Qońyratbaev, M. Baidildaev.* – A.: Jazyshy, 1986. – 128 b.
7. *Ál-Farabı. Tańdamaly traktattary / Qurast. Á. Nysanbaev, Ğ. Qurmanǵaliev, J. Sandybaev.* – A.: Arys, 2009. – 656 b.
8. *Qutty bilik / Kóne túrk tilinen aýdarǵan, alǵy sózi jáne túsinikterin jazǵan A. Egeýbaı.* – A.: Ólke, 2006. – 640 b.
9. *Iassaýı Q.A. Dıýanı hikmet: Aqyl kitaby.* – A.: Óner, 2007. – 312 b.
10. *Qunanbaıuly A. Shyǵarmalarynyń eki tomdyq tolyq jınaǵy.* – A.: Jazyshy, 2003. – T. 1: Óleńder men aýdarmalar. – A.: Jazyshy, 2002. – 296 b.; – T. 2: Óleńder men aýdarmalar. – 336 b.
11. *Ýalıhanov Sh. Alty tomdyq jınaq.* – A.: Tamas, 2010.
12. *Qudaiberdiuly Sh. Úsh anyq / Jaýapty red. A. Seıdimbekov.* – A.: Qazaqstan, Ğaqlıa, 1991. – 80 b.
13. *Baitursynov A. Shyǵarmalary: óleńder, aýdarmalar, zertteýler.* – A.: Jazyshy, 1989. – 319 b.
14. *Dýlatov M. Oıan, qazaq! Roman, óleń-jyrlar, ángimeler.* – A.: Atamura, 2003. – 192 b.
15. *Jumabaev M. Pedagogika.* – A.: Ana tili, 1992. – 160 b.
16. *Qaita oralǵan qalamger / Qurast. V.Q. Kúzembaeva.* – A., 2003. – 272 b.
17. *Griffioen, S. (2012). On worldviews. Philosophia Reformata.* – №77(1). – P. 19–56.
18. *Walker, K. (2004). Teachers and teacher world-views // International Education Journal.* – №5(3). – P. 433–438.
19. *Brummelen, H., Koole, R., Franklin, K. (2004). Transcending the Commonplace: Spirituality in the Curriculum // Journal of Educational Thought.* – №38(3). – P. 237–254.
20. *Glanzer, P., Talbert, T. (2005). The impact and implications of faith or worldview in the classroom. The priority and importance of character // Journal of Research in Character Education.* – №3(1). – P. 25–42.
21. *Hufford, D. (2014). Worldview understandings and teacher authenticity // Journal of Philosophy and History of Education.* – №64(1). – P. 135–148.
22. *Akhmetova, A.I., Shirinbaeva, G.K., Axakalova, Z.K., Tasilova, N.A., Zhubaniyazova, A.O. Experimental study of psychological and pedagogical readiness of the future teachers for moral and spiritual development of senior school students // International Journal of Environmental and Science Education.* – №11(18). – 2016. – P. 11261–11282.
23. *Syihabuddin. Spiritual pedagogy: an analysis of the foundation of values in the perspective of best performing teachers // International Journal of Education.* – 2017. – №10(1). – P.27–33. – Doi: 10.17509/ije.v10i1.8022.
24. *Mahmoudi, S., Jafari, E., Nasrabadi, H.A., Liaghatdar, M.J. Holistic education: an approach for 21 century // International Education Studies.* – 2012. – №5(2). – P. 178–186. – Doi:10.5539/ies.v5n3p178.
25. *Thakur, K., Singh, J., Kaur, P. A Study of Spirituality at Work and Organisational Commitment of University Teachers // Pertanika Journal of Social sciences and Humanities.* – 2017. – №25(4). – P. 1501–1514.
26. *Shagardinova E. Genesis fenomena dýhovnosti v pedagogicheskom i psihologicheskim aspektah vospitaniya lichnosti // Naýchnye vedomosti. Serıya Gýmanitarnye naýki.* – 2014. – №26 (197). – Vypýsk 24. – S. 147–153.

27. Shagardinova E. Genesis fenomena dýhovnosti v filosofskom i pedagogicheskom aspektah vospitaniia lichnosti // Vestnik ýniversiteta. – 2014. – №17. – S. 347–351.
28. Zahovaeva A.G. Devalvatsiia lichnosti: otkýda cherpat chelovecheskoe? // Filosofii i obestvo. – 2005. – №3 (40). – S. 110–120.
29. Pazeikova G.E. Dýhovnost lichnosti kak psichologicheskii fenomen // Akmeologia. – 2005. – №2. – S. 77–79.
30. Tsennostnye osnovaniia psichologicheskoi naýki i psichologia tsennosti / Otv. red. V.V. Znakov, G.V. Zalevskii. – M.: Izd-vo «Institut psichologii RAN», 2008. – 344 s.
31. Hohlov S.I. K poniatiiú o dýhovnosti // Vestnik Moskovskogo gosýdarstvennogo gýmanitarnogo ýniversiteta im. M.A. Sholohova. – Pedagogika i psichologia. – 2010. – №4. – S. 34–39.
32. Shtýmpf S.P. Tvorcheskaiia sostavliaiúaiia dýhovnosti // Istoricheskie, filosofskie, politicheskie i iúridicheskie naýki, kýltýrologiia i iskýsstvovedenie. Voprosy teorii i praktiki. – 2011. – №4 (10). – Ch. II. – S. 199–203.
33. Danilkova M.P. K voprosý o problemah dýhovnogo obnovleniia obestva // Istoricheskie, filosofskie, politicheskie i iúridicheskie naýki, kýltýrologiia i iskýsstvovedenie. Voprosy teorii i praktiki. – 2012. – №1 (15). – Ch. II. – S. 57–60.
35. Borytko N.M. Eticheskaiia kontseptsiiia dýhovno-nravstvennogo vospitaniia // Graní poznaniia. – 2012. – №3 (17). – S. 29–32.

Г.Б. ИСАБЕКОВА<sup>1</sup>✉, Г.К. АБДРАХМАН<sup>2</sup>, Е.Ж. САРМУРЗИН<sup>3\*</sup>

<sup>1</sup>PhD доктор, Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати  
(Казахстан, г. Тараз), e-mail: [gulnur\\_taraz@mail.ru](mailto:gulnur_taraz@mail.ru)

<sup>2</sup>кандидат филологических наук, доцент, Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати  
(Казахстан, г. Тараз), e-mail: [gulnara.abdrakhman@mail.ru](mailto:gulnara.abdrakhman@mail.ru)

<sup>3</sup>PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева  
(Казахстан, г. Нур-Султан), e-mail: [yerbol.sarmurzin@gmail.com](mailto:yerbol.sarmurzin@gmail.com)

## ПОЛИКУЛЬТУРНАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

В статье рассматривается проблема усиления внимания педагогической общественности к культуре как феномену человеческого бытия. Формирование поликультурной компетенции у педагогов и студентов способствует умению работать и обучаться в условиях инокультуры. Поликультурная компетенция рассматривается как интегративное свойство личности, которое отражает его способность решать профессиональные и повседневные проблемы и задачи на основе культуросцентрированной системы ценностей. Дефиниция «поликультурность» наиболее емко передает взаимодействие принципов диалога и взаимодействия разнообразных культур. Поликультурная личность является одной из составных частей «базовой культуры личности». Формированию «человека культуры», поликультурной личности способствует, прежде всего, определенная культурно-образовательная среда.

**Ключевые слова:** поликультурность, поликультурная компетенция, поликультурная среда, поликультурная личность, гуманизация, культуросообразность, «базовая культура личности».

G.B. Issabekova<sup>1</sup>, G.K. Abdrakhman<sup>2</sup>, E.Zh Sarmurzin<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD, M.H. Dulati Taraz Regional University  
(Kazakhstan, Taraz), e-mail: [gulnur\\_taraz@mail.ru](mailto:gulnur_taraz@mail.ru)

<sup>2</sup>Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, M.H. Dulati Taraz Regional University  
(Kazakhstan, Taraz), e-mail: [gulnara.abdrakhman@mail.ru](mailto:gulnara.abdrakhman@mail.ru)

<sup>3</sup>PhD Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(Kazakhstan, Nur-Sultan), e-mail: [yerbol.sarmurzin@gmail.com](mailto:yerbol.sarmurzin@gmail.com)

## Multicultural Competence in Modern Conditions

The article deals with the problem of increasing the attention of the pedagogical community to culture as a phenomenon of human existence. The formation of multicultural competence among teachers and students contributes to the ability to work and study in a foreign culture. Multicultural competence is considered as an integrative property of the individual, which reflects his ability to solve professional and everyday problems and tasks on the basis of a culture-centered system of

---

\* **Цитируйте нас правильно:**

Исабекова Г.Б., Абдрахман Г.К., Сармурзин Е.Ж. Поликультурная компетенция в современных условиях // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №3 (117). – Б. 175–186. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.017>

\* **Cite us correctly:**

Isabekova G.B., Abdrakhman G.K., Sarmurzin E.J. Polikýltýrnaia kompetentsiia v sovremennyh ýsloviiah [Multicultural Competence in Modern Conditions] // Iasayı úniversitetiniń habarshysy. – 2020. – №3 (117). – B. 175–186. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.017>

values. The definition of «multiculturalism» most succinctly conveys the interaction of the principles of dialogue and interaction of various cultures. Multicultural personality is one of the components of the «basic culture of personality». First of all, a certain cultural and educational environment contributes to the formation of the «person of culture», a multicultural personality.

**Keywords:** multiculturalism, multicultural competence, multicultural environment, multicultural personality, humanization, cultural identity, «basic culture of personality».

**Г.Б. Исабекова<sup>1</sup>, Г.Қ. Абдрахман<sup>2</sup>, Е.Ж. Сармурзин<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*PhD доктор, М.Х. Дулати ат. Тараз өңірлік университеті  
(Қазақстан, Тараз қ.), e-mail: gulnur\_taraz@mail.ru*

<sup>2</sup>*филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Х. Дулати ат. Тараз өңірлік университеті  
(Қазақстан, Тараз қ.), e-mail: gulnara.abdrakhman@mail.ru*

<sup>3</sup>*PhD докторант, Л.Н. Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университеті  
(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), e-mail: yerbol.sarmurzin@gmail.com*

### **Қазіргі жағдайдағы көпмәдениетті күзіреттілік**

Мақалада педагогикалық қоғамдастықтың мәдениетке назарын адамның өмір сүру құбылысы ретінде арттыру мәселесі қарастырылған. Оқытушылар мен студенттер арасында мәдениетті күзіреттіліктің қалыптасуы шетелдік мәдениеттерде жұмыс істеуге және білім алуға мүмкіндік береді. «Көпмәдениеттілік» дефинициясы диалог пен әр түрлі мәдениеттердің өзара іс-қимылы қағидаттарының өзара іс-қимылын барынша кең етіп көрсетеді. Көпмәдениетті тұлға «тұлғаның базалық мәдениетінің» құрамдас бөлігінің бірі болып табылады. Көпмәдениетті тұлғаның «Мәдениет адамы» болып қалыптасуына ең алдымен белгілі бір мәдени-білім беру ортасы ықпал етеді.

**Кілт сөздер:** көпмәдениеттілік, көпмәдениеттік күзіреттілік, көпмәдениеттік орта, көпмәдениеттік тұлға, гуманизация, мәдени ұқсастық, «тұлғаның базалық мәдениеті».

#### **Введение**

Современная социокультурная ситуация в Республике Казахстан и мире характеризуется формированием в общественном сознании новых типов осмысления и способов преобразования действительности. Педагогическая наука и практика выбирает новую стратегию и тактику, связанную с развитием свойств и качеств личности.

В настоящее время в соответствии со стратегией модернизации образования значительно повышается роль и статус педагога. Педагоги и учителя являются главными субъектами всех реформ образования. В условиях обновленного содержания образования созданы благоприятные условия для повышения спектра профессиональных компетенций педагогов, в том числе и поликультурной.

Высшее образование все больше перестает быть только профессиональным, оно становится элементом общей культуры.

Особое место в национальной образовательной системе занимают высшие учебные заведения. Именно в них формируются будущие учителя, которые призваны обеспечить наследование и воспроизводство в новых поколениях основных культурных традиций, ценностей и идеалов, создавать условия и возможности творческого становления и самосовершенствования личности учащихся – иными словами, воспроизводить «культурные клетки» казахстанского общества и нации.

Однако с внедрением принципов Болонского процесса, европейских ориентиров, открытия полиязычных отделений по отдельным образовательным программам, расширения академической свободы вузов возрастает роль педагогов и студентов, умеющих работать и обучаться в условиях инокультуры.



Академическая политика современных вузов создает условия для внедрения поликультурного образования за счет участия преподавателей и студентов по программе «Академическая честность».

В связи с этим формируется новый взгляд на человека, который находит свое отражение в трудах известных философов, педагогов, психологов и др. (М. Мамардашвили, М. Фуко, М. Шелер; А.Г. Асмолов, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев; Е.В. Бондаревская, В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев).

Например, известный психолог Ю.М. Забродин выделил так называемые феномены, определяющие специфику педагога современного периода: реальное расширение индивидуальных свобод, увеличение ответственности человека в определении собственной судьбы, расширяющей нагрузку на самостоятельность личности [1].

Школа диалога культур В.С. Библера пропагандирует мысль о движении от «человека образованного» к «человеку культуры». Суть концепции школы диалога культур В.С. Библера заключается в изменении содержания самой идеи образованности в контексте идеи культуры. По мнению ученого, школа должна перейти от идеи «образованного человека» к идее «человек культуры», поликультурной личности [2].

В трудах крупнейших представителей гуманистической психологии Э. Фромма, А. Маслоу, К. Роджестера, Р. Мэя раскрыты условия, необходимые для гуманизации культуры, способствующие изменению межличностных отношений. К ним они относили: безоценочное позитивное принятие другого человека и его активное эмпатическое отношение к окружающим.

Раскрывая теоретико-методологические основания разработки целей и задач по формированию поликультурной личности, нельзя не остановиться на концепции целостного образовательного процесса, ориентированного на становление личности ребенка в соответствии с возрастными особенностями мировосприятия.

Особый интерес вызывает модель культуротворческой школы гуманитарной парадигмы, которую представляет и апробирует профессор, член-корреспондент РАО А.П. Валицкая. В концепции школы лежит комплексная философско-культурологическая методология, спектр современных теорий и подходов к пониманию личности, образования и культуры, соединенные идеей процессуальности человеческого бытия, представлением этапов становления личности. Название «культуротворческая школа» определяет ряд факторов: с одной стороны, содержание образования как процесса освоения культурной ойкумены, становления культуры личности в последовательности «проживания» опыта отечественной и мировой культуры, а с другой, цель современной школы – подготовить человека к сознательному выбору и созидательному действию в любой избранной им сфере профессиональной деятельности в мире.

Опираясь на исследования О.Н. Хрусталевой [4], Г.Н Кошербаевой, [5], Ш.М. Мухтаровой [6], Л.П. Халяпиной, П.В. Сысоева, И.А. Зимней, П.Д. Павленко, делаем вывод об актуализации проблемы по формированию поликультурной личности и созданию поликультурной среды.

Сформирован большой массив работ по формированию поликультурной компетенции у будущих учителей, методике полилингвального образования, созданию поликультурной среды.

**Цель** статьи – описание содержательных и структурных характеристик дефиниции «поликультурная компетенция», которая включает в себя сумму знаний жизнедеятельности в поликультурном мире.

Поликультурность, поликультурная компетенция, поликультурная среда, поликультурная личность – это основные ценностно-смысловые единицы *обновленного высшего профессионального образования*.

Дефиниция термина «поликультурность» наиболее емко передает взаимодействие принципов диалога и взаимодействия разнообразных культур. Активно идет процесс формирования поликультурной личности, личности, являющейся субъектом диалога культур.

Поликультурный человек – это, прежде всего, человек культуры. Человек, осмысливающий свое культурно-образовательное пространство, должен обладать специфическими способностями, которые определяются условиями его социально-культурной жизни. Эти способности можно определить следующим образом:

- «человек культуры», обладающий духовностью, способен не только осознать мир в идейно-нравственных категориях, но и самосовершенствоваться;
- «человек культуры», знающий мировую и отечественную историю, литературу и иностранные языки;
- «человек культуры» обладает способностями к культуросообразному существованию, определенному культурному образу жизни в конкретном обществе;
- «человек культуры» успешно реализует смысл своего существования в окружающем культурном контексте, во многом его и определяя;
22. Krongart B.A., Nasohova Sh.B. Fizika: Jalpy bilim beretin mekteptin 8-synybyna arnalgan oqylyq. – Almaty: Mektep, 2018. – 232 b.
23. Bakanina L.P. Sily treniya // Kvant. – 1973. – №9. – S. 7–11.
24. Esmuqanov M.E. Fynktsiiany zerttey. – Almaty: Mektep, 2018. – 192 b.
25. Byrlakova O.V. (Abramova O.V.) Ispolzovanie mejpredmetnyh svyazei dlia formirovaniya graficheskikh ymenii shkolnikov [Tekst] / N.I. Odintsova, O.V. Byrlakova (O.V. Abramova) // Fizicheskoe obrazovanie: problemy i perspektivy razvitiya: materialy VIII mejdýnarodnoi naýchno-metodicheskoi konferentsii. – M., 2009. – S. 144–146.
26. Basharyly R., t.b. Fizika jáne astronomiya. Fizika. 7-synyp oqylygy. – Almaty: Mektep, 2003. – 224 b.
27. Egerev V.K., Radýnskiy B.A., Talskiy D.A. Metodika postroeniya grafikov fynktsii. – M.: Vysshaya shkola, 1970
28. Chikýnova O.I., Permiakova M.Iy. Realizatsiya fynktsionalno-graficheskoi liniy v matematike s ispolzovaniem tehnologii vizýalizatsii // Mejdýnarodnyy jýrnal eksperimentalnogo obrazovaniya. – 2011. – № 3. – S. 86–86;
29. Ershov L.V., Raikmist R.B. Postroenie grafikov fynktsii. – M.: Prosveenie, 1984
31. Samoilov V.S. Vzaimosvyaiz matematiki i fiziki v zadachah kýrsa algebry. – M., 1973. – S. 120–137.

**А.Ж. БАТЫРБЕКОВА\***

*PhD докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: aknur.batyrbekova@ayu.edu.kz*

### **БОЛАШАҚ ФИЗИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

Бұл мақалада болашақ физика мұғалімдерінің әдістемелік құзіреттілігін қалыптастыруда оқу-әдістемелік тапсырмаларды қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Түрлі салалар бойынша ғалымдардың құзіреттіліктері бойынша зерттеулері талданған. Оқу-әдістемелік тапсырмаларды дайындау үшін қажетті шарттар берілген. Мысал ретінде бірнеше тапсырма келтіріледі. Болашақ физика мұғалімдерінің әдістемелік қызметі кесте бойынша берілген. Ашық және жабық тапсырмалардың ерекшеліктері қарастырылып, мысалдар берілген.

**Кілт сөздер:** болашақ физика мұғалімі, құзіреттілік, құзіреттілік тәсіл, әдістемелік қызмет, әдістемелік құзіреттілік, тапсырма, оқу-әдістемелік тапсырма.

**A.ZH. BATYRBEKOVA**

*PhD Doctoral Student, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkestan), e-mail: aknur.batyrbekova@ayu.edu.kz*

### **Use of Educational and Methodical Tasks in Formation of Methodical Competence of Future Teachers of Physics**

In this article the features of application of educational and methodical tasks at formation of methodical competence of future teachers of physics are considered. Researches of scientists on competences in various areas are analyzed. There are necessary conditions for the preparation of educational and methodical tasks. As an example, there are several tasks. Methodical activity of future teachers of physics is presented in the table. The features of open and closed tasks were considered, and examples were given.

**Keywords:** future teacher of physics, competence, competence approach, methodical activity, methodical competence, task, educational and methodical task.

**А.Ж. БАТЫРБЕКОВА**

*PhD докторант, Международный казахско-түрецький университет имени Ходжа Ахмеда Ясауи  
(Қазақстан, г. Түркестан), e-mail: aknur.batyrbekova@ayu.edu.kz*

### **Использование учебно-методических заданий в формировании методической компетентности будущих учителей физики**

В данной статье рассматриваются особенности применения учебно-методических заданий при формировании методической компетентности будущих учителей физики.

\* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Батырбекова А.Ж. Болашақ физика мұғалімдерінің әдістемелік құзіреттілігін қалыптастыруда оқу-әдістемелік тапсырмаларды қолдану // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2020. – №3 (117). – Б. 214–223. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.020>

\* **Cite us correctly:**

Batyrbekova A.J. Bolashaq fizika muğalimderiniń ádistemelik quziretiligin qalyptastyryda oqy-ádistemelik tapsyrmalary qoldanu [Use of Educational and Methodical Tasks in Formation of Methodical Competence of Future Teachers of Physics] // *Iasauı úniversitetiniń habarshysy*. – 2020. – №3 (117). – B. 214–223. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.020>

Проанализированы исследования ученых по компетенциям в различных областях. Имеются необходимые условия для подготовки учебно-методических заданий. В качестве примера приводятся несколько заданий. Методическая деятельность будущих учителей физики представлена в табличной форме. Рассмотрены особенности открытых и закрытых заданий, даны примеры.

**Ключевые слова:** будущий учитель физики, компетентность, компетентностный подход, методическая деятельность, методическая компетентность, задание, учебно-методическое задание.

### **Кіріспе**

Педагогикалық білім беру жүйесін реформалау, оқытудың жаңа моделіне көшу жағдайында, болашақ мұғалімдерді даярлау деңгейі ЖОО-да оқытылатын пәндер бойынша білім көлемімен ғана емес, құзіреттілікке негізделген білім негізінде, білім алушылардың әр түрлі күрделі мәселелерді шешу қабілеттерімен анықталады.

Құзіреттілікке негізделген білім беру – білімнің маңыздылығын жоққа шығармайды, алған білімін кәсіби қызметінде пайдалану қабілетіне назар аудартады.

«Құзіреттілік», «құзірет» ұғымдары, сондай-ақ «құзіреттілік тәсіл» ұғымдары білім беруді жаңғырту мәселелері мен ерекшеліктері, Еуропалық және Әлемдік білім беру қауымдастығына ықпалдасу қажеттілігі туралы пікірталастар негізінде, біздің елімізде кеңінен таралды. Бұл ұғымдарға негізделу әлеуметтік-экономикалық, жалпы және кәсіптік білім беруде қажетті өзгерістерді анықтауға ұмтылумен байланысты.

5B011000 – Физика мамандығы бойынша білім бакалаврының құзіреттеріне қойылатын талаптар түйінді, пәндік, арнайы құзіреттер тобы ретінде қарастырылады.

Білім стандартына сәйкес анықталған арнайы құзіреттердің құраушысы ұйымдастыру-әдістемелік құзіреттілік төмендегідей оқыту нәтижелерін қамтиды: «оқу-инструктивті құжаттамалар, білім беру саласындағы нормативті-құқықтық құжаттар туралы білімдерді меңгеру, ағымдық оқу-ұйымдастыру құжаттамаларын (дидактикалық, бақылау-өлшеу материалдары және т.б.) жетілдіру, біліктері мен дағдыларын игеру, жоғары орындаушылық тәртібі мен ұйымдастырушылық қызметті жүзеге асыруға қабілетті болуы жатады» [1].

Құзіреттілік тәсіл – білім беру мақсаттарын анықтаудың, білім беру мазмұнын іріктеудің, білім беру процесін ұйымдастырудың және білім беру нәтижелерін бағалаудың жалпы қағидаларының жиынтығы. Мұндай қағидалардың мазмұнына мынадай ережелер жатады:

- білім берудің мәні – білім алушылардың әлеуметтік тәжірибені пайдалану негізінде, әр түрлі салаларда және қызмет түрлерінде мәселелерді дербес шешу қабілетін дамыту, оның элементі білім алушылардың өзіндік тәжірибесі болып табылады;

- білім беру мазмұнындағы дидактикалық әлеуметтік тәжірибесі, дүниетанымдық, адамгершілік, саяси және басқа да мәселелер;

- білім алушылардың тәжірибесін қалыптастыру үшін жағдай жасау, танымдық, коммуникативтік, білім беру мазмұнын құрайтын ұйымдастырушылық, адамгершілік және т.б.;

- білім беру нәтижелерін бағалау, білім алушылардың оқытудың белгілі бір кезеңдерінде қол жеткізген білім деңгейлерін талдауға негізделеді [2].

### **Негізгі бөлім**

В.М. Зуев құзіреттілікті түсінуге білім алу үдерісінде бар және дамып келе жатқан тұлғалық қасиеттер мен сапалар енгізілгенін атап өтті. Бірақ бұрын да жеке қасиеттер маман моделінің басқа да сипаттамаларында болды. Егер, оның әлеуметтік белсенді және әлеуметтік жауапты тұлға ретінде қалыптасуының тұтастығында, құзіреттілік тәсілінің шын мәнінде маңызды күш-жігері, инновациялық ойлауы, жоғары қарым-қатынасы, бейімделу

қабілеті, кең кәсіби ой-өрісі бар екенін ескерсек, онда біз пәндік кәсіби қызметке бағытталған маман-қызметкерді дайындау қажеттілігін түсінеміз [3].

Американдық және британдық зерттеушілер күзiреттiлiктi қолайлы деңгейде қандай да бiр жұмысты орындауға уәждi қабiлет ретiнде анықтайды [4]; адам тұлғасының терең жатқан және тұрақты бөлiгiн бiлдiретiн индивидуумның базалық сапасы, ол көптеген жағдайлар мен жұмыс мiндеттерiн орындауда адамның мiнез-құлқын алдын ала анықтай алады [5; 6; 7].

Нидерландының бiлiм беру жүйесiнде күзiреттiлiкке: стратегиялық, пәндiк, әдiстемелiк, әлеуметтiк-коммуникативтiк, нормативтiк-мәдени, оқуды жатқызады.

Австрияның бiлiм беру жүйесiнде өзiн-өзi жүзеге асыру, әлеуметтiк, қызмет саласы бойынша күзiреттер деп бөледi.

Швецияда күзiреттiлiк алған бiлiмi бойынша бiлiктiлiгi мен жұмыс тәжiрибесiн ескере отырып, тұлғаның жалпы, мәдени және эстетикалық қорының бiлiм, бiлiк, дағды жиынтығы ретiнде түсiндiрiледi.

ЮНЕСКО-ның құжаттарында, бiлiм берудiң қалаған нәтижесi ретiнде барлығы қарастырылуы тиiс, күзiреттер шеңберi дайындалды. Бес негiзгi, яғни айқындаушы, күзiреттiлiктер бөлiндi:

1) саяси және әлеуметтiк (жауапкершiлiктi өзiне алу, бiрлескен шешiм қабылдауға қатысу, қақтығыстарды күшсiз шешу қабiлетi);

2) көпмәдени қоғамдағы өмiрмен байланысты күзiреттер (айырмашылықтарды қабылдау, басқаларды құрметтеу, басқа мәдениеттердiң, тiлдердiң, дiндердiң адамдарымен өзара iс-қимыл жасау қабiлетi);

3) ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасауға қатысты күзiреттер (бiр тiлден артық тiлдi меңгеру);

4) ақпараттық жүйелердiң пайда болуына байланысты күзiреттер; (жаңа технологияларды меңгеру, олардың мүмкiндiктерiн түсiну)ақпаратқа сыни көзқарас (бұқаралық ақпарат құралдарымен және т.б.);

5) өмiр бойы бiлiм алу қабiлетi кәсiби дайындық мазмұнында да, сондай-ақ әлеуметтiк өмiрге үздiксiз оқыту [7].

Аталған күзiреттердiң әрқайсысы қатаң құрылымдалған тұжырымдаманы емес, тек жалпы ерекшелiктерде белгiленген мәселелердi бiлдiредi, оларды шешуге әр түрлi елдердiң бiлiм беру жүйелерi қамтылды. Бес негiзгi күзiреттiлiк әмбебап деп аталады, өйткенi олар кез келген бағыттағы мамандар даярлау үшiн қажет.

Зерттеушi-ғалымдар адам өмiрiнiң түрлi салаларындағы күзiреттiлiктер (*кәсiби-педагогикалық, әдiстемелiк, коммуникативтiк, құқықтық*, т.б.) туралы жай ғана айтып қоймай, олардың әрқайсысында әр түрлi түрлердi бөлiп көрсетедi.

Күзiреттiлiк, оның әдеттегi түсiндiрмелерiне қарағанда неғұрлым күрделi құрылым екендiгi анық.

Кейiнгi жылдары кәсiби-педагогикалық күзiреттiлiктiң әр түрлi түрлерiн ажырату үрдiсi күшейе түстi,бұл отандық бiлiм беру жүйесiнiң барлық қызмет ету деңгейлерiнде даму ерекшелiктерiмен, оның iшiнде бiлiм беру мазмұнын стандарттаудың қарқынды дамып келе жатқан үдерiстерiмен байланысты болды.

Ю.Г. Татур маманның күзiреттiлiк құрылымы: тиiстi кәсiптiң базасы болып табылатын жалпы ғылыми саладағы күзiреттiлiк; кәсiби қызметтiң кең (түрлi мамандықтарға инвариантты) саласындағы күзiреттiлiк; кәсiби қызметтiң арнайы саласындағы күзiреттiлiк [8] деп анықтады.

Сонымен, болашақ физика мұғалiмдерiнiң кәсiби күзiреттiлiгi – оқытудың интеграцияланған нәтижесi, жоғары оқу орнының бiтiрушiсiнде қалыптасқан түйiндi, пәндiк, арнайы күзiреттiлiктердiң жиынтығы, ол белгiленген талаптарға сәйкес типтiк және стандартты емес жағдайларда кәсiби қызметтi орындау үшiн iшкi және сыртқы ресурстарды тиiмдi пайдалануға қабiлеттiлiгi мен даярлығын бiлдiредi.



Жоғарыда талданған ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, біз «болашақ физика мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігі» терминін «мұғалімнің кәсіби қызметті жүзеге асыруға даярлығы» синонимі ретінде қарастырамыз.

Ендеше, болашақ физика мұғалімдерінің әдістемелік құзіреттілігін – әдістемелік ойлаудың функционалдық құрылымымен анықталатын кәсіби қызметтің барлық түрлерін тиімді орындау қабілеті мен даярлығы деп түсінеміз.

Болашақ физика пәні мұғалімдерінің әдістемелік құзіреттіліктерін, біз оқу-әдістемелік тапсырмаларды орындауда нәтижелі қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім, білік және дағды, жеке қасиеттердің жиынтығы ретінде анықтаймыз.

Әдістемелік құзіреттілікке арналған жоғарыда қарастырылған зерттеулер негізінде, оның функционалдық құрылымына сүйене отырып, біз келесі әдістемелік құзіреттіліктерге бөлуді ұсынамыз, олардың әрқайсысы болашақ физика мұғалімдерінің әдістемелік қызметінің белгілі бір түрін жүзеге асыруға мүмкіндік береді (1-кесте).

**1-кесте – Болашақ физика мұғалімдерінің әдістемелік қызметі**

<b>Әдістемелік қызмет</b>	<b>Қызметтің мәні</b>	<b>Құзіреттіліктің атауы</b>
1. Танымдық іс-әрекет	Оқытылатын пәннің мазмұнын, оның даму үрдісін зерттеу. Кәсіби білім мен іскерлікті жетілдіру тәсілдерін меңгеру	Гносеологиялық
2. Жобалау-конструкциялық қызмет	Білім беру процесін жобалау	Жобалаушылық
3. Оқыту тәжірибелік қызметі	Білім беру процесін жүзеге асыру және оқушылардың оқу-танымдық қызметін басқару	Оқыту
4. Бағалау-түзету қызметі	Сабақтағы оқу жағдайын талдау, жалпы білім беру қызметінің нәтижелерін талдау және бағалау, олардың пән бойынша оқушыларды дайындауға қойылатын нормативтік талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарастыру	Диагностикалық
	Өзінің кәсіби қызметінің нәтижелерін талдау және бағалау (өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау).	Рефлексивті
5. Ғылыми-зерттеу қызметі	Әдістемелік мәселені қою және шешу, ғылыми-әдістемелік зерттеу әдістерін меңгеру.	Зерттеу

Біздің зерттеуде болашақ физика мұғалімдерінің әдістемелік құзіреттілігін теориялық аспектімен – әдістемелік ойлаумен қатар, оның кәсіби қызметке дайындығының практикалық аспектісі ретінде қарастырамыз. Бірақ, тек болашақ мұғалімнің әдістемелік әрекетін зерттеумен шектелмейміз және мұғалімнің әдістемелік даярлығының түрлеріне сәйкес келетін әдістемелік ойлауды дамыту құралы ретінде оқу-әдістемелік тапсырмаларды қарастырамыз.

Тапсырма – мәселені шешуге ынталандыру және басқару құралдарының бірі. Осылайша, оқу тапсырмаларын әдістемелік ойлаудың бір қырын дамыту құралы ретінде қарастырады, атап айтқанда, болашақ мұғалімдердің әдістемелік іс-әрекетінің жалпы құрылымындағы зерттеу іс-әрекеттері деп түсіндіреді [9].

Зерттеу барысында оқу-әдістемелік тапсырмаларды әдістемелік ойлаудың мәні болып табылатыны анықталды. Қалыптасқан әдістемелік ойлау оқу-әдістемелік тапсырмаларды анықтауға, оны сауатты қалыптастыруға, оны шешу жолдары туралы болжамдарды ұсынуға

және бағалауға, неғұрлым қолайлы болжамды іске асыру негізінде шешімнің оңтайлы нұсқасын табуға, алынған нәтижені талдауға және қажет болған жағдайда әдістемелік іс-әрекетке түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Поллит, Ахмед және Крисп [10] бағалауға арналған тапсырманың мазмұнына төмендегідей талаптар қояды:

- тапсырманы орындауға берілетін уақытты дұрыс белгілеу;
- тиімді жұмыс көлемін ұтымды анықтау;
- оқуға және жазуға берілетін уақытты есептеу;
- мәтін мазмұнының күрделілігін анықтау;
- ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жадыға түсетін танымдық жүктемені анықтау;
- бағалауға арналған тапсырманы орындау кезінде оқушылардың күйзеліске ұшырау мөлшерін анықтау.

Тапсырма әзірлеу барысында неге назар аудару керек?

Білім алушылар үшін жақсы практикалық тапсырма құрастыру – жай ғана техникалық жүзеге асыру емес, ол түсіну мәселесі, себебі олар алған білімін тәжірибеде қолданатын болады (1-сурет).



1-сурет – Тапсырма әзірлеу кезеңдері

Мысал ретінде, тұжырымның шындық/жалған екенін анықтау тапсырмасын қарастырайық.

«Шындық/Жалған» тапсырмасы – бұл тұжырым түрінде берілетін жабық тапсырма, оқушылар берілген тұжырымның ақиқат немесе жалған екенін анықтауы қажет. Басқаша айтқанда, әр сұрақтың тек екі мүмкін жауабы болады, оқушы сол екеуінің біреуін таңдайды. Мұндай тапсырмалар білу және түсіну дағдысын тексеруге қолайлы. Оқушылар тапсырманы тез түсініп, тез жауап беруі мүмкін; осындай тапсырманың көмегімен үлкен мазмұнды қысқа уақыт ішінде қамтуға болады [11].

Тапсырма әзірлеушіге (мұғалімге) мұндай тапсырмаларды құрастыру оңай және тез болады. Сондай-ақ, тексеру мұғалімнің пайымдауына байланысты болатын тапсырмаларға (ашық тапсырма) қарағанда, мұндай тапсырма барынша объективті, қойылған балл көбіне сенімді болады.

**Мысалы:**

1. Газ заңдары – изохора, изобара, изотерма, адиабата

- Шын
- Жалған

2. Мұз ерігенде жылу бөлінеді.

- Шын
- Жалған

3. Қатты, сұйық, газ тәріздес денелердің барлығында конвекцияның жүруі құбылысы жүреді.

- Шын
- Жалған

**Салыстыру және сәйкестендіру тапсырмасы**

Сәйкестендіруге қатысты сұрақтар оқиға, мерзім, атаулар мен оқиға болған жерлерді білу маңызды болып саналатын жағдайда білімді тексерудің барынша тиімді тәсілі болып табылады. Сәйкестендіру тапсырмалары көптеп жасалған эксперименттерді, олардың нәтижелерін, арнайы терминдер мен анықтамаларды есте сақтауды қажет ететін жаратылыстану ғылымында да қолдануға ыңғайлы.

**Сәйкестендіру түрлері:**

- 1) Терминдерді олардың анықтамасымен сәйкестендіру;
- 2) Бір-бірімен байланысты фразаларды сәйкестендіру;
- 3) Себебі мен салдарын сәйкестендіру;
- 4) Өлшем бірлікті басқа өлшем бірлігімен (одан ірі немесе ұсақ) сәйкестендіру;
- 5) Есепті оның шешімімен (жауабымен) сәйкестендіру [11].

Мысалы (2-кесте):

**2-кесте – Сәйкестендірудің мысалы**

1.	Термодинамикалық тепе-теңдік күйде болатын макроскопиялық жүйелердің жалпы қасиеттерін, бір күйден екінші күйге ауысу процестерін зерттейтін физиканың бөлімі		Статика
2.	Денелер жүйесінің тепе-теңдік заңдарын қарастырады.		Оптика
3.	Заттың құрылымын және қасиеттерін барлық денелер үздіксіз хаосты(тәртіпсіз) қозғалатын молекулалардан тұратынына негізделген молекулалық-кинетикалық тұрғыдан зерттейтін физиканың бөлімі		Динамика
4.	Жарық табиғаты, жарықтық құбылыстардың заңдылықтары және жарық пен заттың әсерлесуін зерттейтін физика бөлімі.		Термодинамика
5.	Денелер қозғалысын, осы қозғалысты тудыру себептерін қарастырмай оқытатын бөлім		Молекулалық физика
6.	Денелер қозғалысының заңдарын, осы қозғалысты тудыратын және өзгертетін себептерді қарастыра отырып оқытатын бөлім		Кинематика

**Көп таңдауы бар тапсырмалар**

Көп таңдауы бар тапсырма – оқушының жауабы ұсынылған тізімнің көлемінде шектелген, дәйекті жауабы берілген сұрақ түріндегі тапсырма. Мұндай тапсырма екі компоненттен тұрады: тапсырманың мәтіні және жауап нұсқалары, мұндағы дұрыс жауап – тапсырманың кілті, дұрыс емес жауаптары – дистракторлар болып табылады [11].

Мысалы:

1. Түнде көлдің беті мұзға айналды. Дұрыс тұжырымды табыңдар.
  - А. Су қатаю кезінде біраз жылу мөлшерін қоршаған ортадан алады.
  - Б. Су қатаю кезінде қоршаған ортаға біраз жылу мөлшерін береді.
  - В. Судың қатаю кезінде температурасы төмендейді.

2. Қалайыны газ жанарғысының жалынында ұстап тұрып, жеңіл балқытуға болады. Дұрыс тұжырымды табыңдар.

- А. Балку процесі кезінде қалайының температурасы ұлғаяды.
- Б. Балку процесі кезінде қалайыда кристалл торлар пайда болады.
- В. Балку процесі кезінде қалайының температурасы өзгермейді.

3. Даладан жылы бөлмеге мұз алып кірді. Дұрыс тұжырымды табыңдар.

- А. Мұз ерігенде жылу бөлінеді.
- Б. Еру кезінде молекулалардың орналасу тәртібі бұзылады.
- В. Еру кезінде мұздың молекулалары судың молекулаларына айналады.

### **Ойлануға берілген тапсырма**

Мұндай тапсырмалар сирек кездеседі. Олар оқушының өзі тақырыпты әбден ойланып, жаңа білімін өз әрекетінде қолдану жолын дұрыс табуын көздейді. Білімін өмірде қолдану туралы ойлану өздігінен шешім қабылдап, өз таңдауын негіздей білуге мүмкіндік береді. Мұндай тапсырмалар дайын жауабы көрсетілмеген ашық сұрақтар арқылы берілуі мүмкін, сұраққа оқушылар өз бетінше ойланып жауап жазады. Жауапты автоматты түрде тексеру мүмкін емес. Ойландыруды көздейтін жоғары деңгейдегі тапсырмалар оқушының оқыған материалды ой елегінен өткізіп, талдауын қажет етеді [11].

Жоғары деңгейдегі тапсырма әзірлеу үшін ашық сұрақтар құрастырып үйрену керек.

Том Кубисцын (Kubiszyn, Tom, 2007) ашық сұрақтардың пайдасын анықтап, олардың қатарына келесі оқу нәтижелерін қосты:

- өзара қарым-қатынасты талдау қабілеті;
- көзқарастырды анықтап, салыстыру
- болжау;
- қорытынды жасау;
- себеп-салдарлық байланысты түсіндіру;
- болжамдар ұсыну;
- өз көзқарасын дәлелдейтін деректерді ұйымдастыру;
- күшті және әлсіз жақтарын көрсету;
- әр түрлі дереккөзден алынған деректерді біріктіру;
- мақсат пен әрекеттердің сапасы мен құндылығын бағалау.

Питер В. Айразиан (Airasian Peter W, 1999) эссе жазу тапсырмасы бағалаудың «басты әдісі» деген болжам ұсынады. Көркем жазу (қолжазба) мен жазу стилі бағалаудың маңызды критерийлері болмаса да, сарапшының қабылдануына әсерін тигізе алады, демек бағалауға да әсері болады деген сөз. Айразиан бұларды «қосалқы факторларға» жатқызып, оларды тапсырманы ұқыпты орындаумен байланыстырады.

### **Мысалы:**

1. а) Қандай жағдайда энергия сәулелену арқылы беріледі?
  - б) Неге желсіз күні де көктерек жапырағы тербеліп тұрады?
  - в) Жіңішке полиэтилен пленкасы өсімдіктерді түннің суығынан қалай қорғайды?
- Жауаптарыңды мысалмен түсіндіріңдер.

2. а) Қатты, сұйық немесе газ тәрізді денелердің қайсысының жылу өткізгіштігі төмен?

Неліктен?

б) Неліктен терезе әйнектерінің төменгі бөліктері, жоғары бөлікпен салыстырғанда көбірек қатады?

в) Шыныаяққа ыстық кофе құйылды. Кофе тезірек суу үшін сүтті бірден немесе бірнеше уақыттан кейін құйған дұрыс па?

3. а) Қатты, сұйық немесе газ тәрізді денелердің қайсысының жылу өткізгіштігі жоғары?

б) Неліктен температурасы  $25^{\circ}\text{C}$  сумен салыстырғанда, ауа температурасы  $20^{\circ}\text{C}$  бөлмеде біз өзімізді жылы сезінеміз?

в) Желкенді қайықтарға қай уақытта айлаққа кіру оңай – түнде әлде күндіз? [12].

#### **Ашық тапсырмалар**

Ашық тапсырмалар жоғары деңгейдегі танымдық дағдыларды тексеруге, аргумент келтіре алуға, жеке көзқарасын білдіруге, сыни ойлай алуға және т.б. арналған. Ашық тапсырмалардың жауабы ұзақтығына (көлеміне) қарай ерекшеленуі, бір немесе бірнеше сөздерден (қысқа жауап) толық аргументативті пайымдауларға (толық жауап) дейін өзгеруі мүмкін.

**Қысқа жауапты** қажет ететін тапсырмаларда оқушылар бірнеше сөздерді, бір сөйлемді, қарапайым сызбаны немесе формуланы қолдана отырып, сұрақтарға қысқа нақты жауап беруі қажет.

**Толық жауапты** қажет ететін тапсырмаларда бірнеше кезеңдерден тұратын түрлі сөйлемдерді, түсініктемелерді, сызбаларды немесе дәлелдерді қолдана отырып орындауы қажет.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар нұсқаларының бірі эссе болып табылады. Эссенің көмегімен тек жазылым дағдысы ғана тексеріліп қоймайды, сондайақ, берілген сұрақты немесе мәселені әр түрлі көзқараста қарастыру, берілген тақырыптың түрлі аспектілерін ашып көрсету, өз көзқарасын аргумент түрінде келтіру, мәселені шешудің жолдарын ұсыну және т.б. меңгеруі тексеріледі [11].

#### **Мысалы:**

##### **Қысқа жауапты тапсырмалар:**

1. Атом мен молекуланың арасындағы айырмашылық қандай?
2. Қандай жағдайларда газдарды сұйықтыққа айналдыруға болады?
3. Жұғу дегеніміз не? Беттік керілу дегеніміз не? Молекуладағы атомдарды қандай күш ұстап тұрады? [13].

##### **Толық жауапты тапсырмалар:**

- а. 1. Бумен жылыту радиаторлары жақсы жылтыратылған болғаны дұрыс па, әлде оларды қара бояумен бояу керек пе?
- в. 2. Жаңбыр, бұршақ және қар қалай пайда болады?
- с. 3. Спортшы жүзу бассейнде, белгілі бір ара қашықтықты жүзіп, 130 кДж энергия жұмсады. Бұл энергия қандай энергия түріне айналды?

##### **Эссе тақырыптары:**

1. Жылулық құбылыстар
2. Газ заңдарының ашылуы
3. Термодинамиканың заңдарын өмірде қолдану мысалдары

#### **Қорытынды**

Тапсырмаларды шешу әрқашан физикалық білімді практикада қолдануға, іс-әрекеттің жаңа тәсілін өз бетінше пайымдауға, логикалық ойлауды, математикалық заңдылықтарды және нақты құбылыстарды сипаттайтын есептерді модельдік жағдайларда тану әдістерін қолдана білуді дамытуға мүмкіндік береді.

Осы мақалада аталған күзиреттілікті қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін бірнеше міндеттер таңдалып алынды. Бұған тапсырмалардың мазмұны, олардың әр түрлі деңгейі, сондай-ақ әр түрлі жоспарлылығы ықпал етеді. Мұғалім мен оқушы ақпараттық және (немесе) эксперименттік іскерлікті қалыптастыратын күрделілігі бір немесе әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды таңдай алады. Осылайша, жоғары оқу орнының оқытушысы, мұғалім оқушылардың дифференциациясы негізінде, сондай-ақ осы кезеңде физиканы оқыту процесінде қойылған мақсаттарды ескере отырып тапсырмаларды өзгерте алады.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. 5V011000 – Физика мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ. – Түркістан, 2018.
2. Иванов Д.А. Компетентностный подход в образовании. Проблемы, понятия, инструментарий: уч.-методич. пос. / Д.А. Иванов, К.Г. Митрофанов, О.В. Соколова. – М.: АПК и ПРО, 2003. – 101 с.
3. Зуев В.М. Болонский процесс и проблемы высшего экономического образования / Содержание, формы и методы обучения в высшей школе. Аналитические обзоры по основным направлениям развития высшего образования НИИВО. – Вып. 1 / В.М. Зуев. – М., 2005. – 56 с.
4. Tuning Educational Structures in Europe [Electronic resource]. Competences.Methodology. URL: [http://www.relint.deusto.es/tuning\\_proget/index.htm](http://www.relint.deusto.es/tuning_proget/index.htm).
5. Спенсер Л. Компетенции на работе / Л. Спенсер, С. Спенсер. – М.: ГИППО, 2005. – 384 с.
6. Brittel T.K. Compentency and Exellence / Т.К. Brittel // Minimum Competency Achievement Testing/Traeger R.M. / &Title C.k.(eds.)/ Berkely, 1980. – P. 23–29.
7. World declaration on higher education for the 21<sup>st</sup> century: vision and action [Electronic resource] // UNESCO [2010]. URL: [http://www.unesco.org/education/educprog/wche/declaration\\_eng.htm#world%20declaration](http://www.unesco.org/education/educprog/wche/declaration_eng.htm#world%20declaration)
8. Татур Ю.Г. Компетентностный подход в описании результатов и проектировании стандартов высшего профессионального образования // Материалы ко второму заседанию методического семинара: авт. Версия / Ю.Г. Татур. – М.: Исслед. центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – С. 12–23.
9. Кузовлева Н.Е. Развитие методического мышления в процессе профессиональной подготовки будущего учителя: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.02. – Липецк, 1995. – 233 с.
10. Pollitt A., Ahmed A., Crisp V. (2007) The demands of examination syllabuses and question papers [Емтихан курсы мен емтихан билеттеріне қойылатын талаптар]. Techniques for monitoring the comparability of examination standards [Емтихан стандарттарының сәйкестігін бақылау техникасы], pp. 166–206. London, Qualifications and Curriculum Authority.
11. «Физика» пәні бойынша «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018. – 37 б.
12. Тұрмамбеков Т.А., Сарыбаева Ә.Х., Батырбекова А.Ж. Молекулалық физика курсынан есептер мен тапсырмалар жинағы. – Түркістан: Тұран. – 98 б.
13. Полицинский Е.В., Теслева Е.П., Румбешта Е.А. Задачи и задания по физике. Методы решения задач и организация деятельности по их решению: учебно-метод. пособие. – Томск: Изд-во Томского педагогического университета, 2009–2010. – 483 с.

**REFERENCES**

1. 5V011000 – Fızıka mamandyǵy boyynsha bilim berý baǵdarlamasy. Q.A.Iasaýı atyndaǵy HQTÝ. – Túrkiстан, 2018.
2. Ivanov D.A. Kompetentnostnyı podhod v obrazovanıı. Problemy, poniatııa, instrýmentarıı: ých.-metodıch. pos. / D.A. Ivanov, K.G. Mitrofanov, O.V. Sokolova. – M.: APK ı PRO, 2003. – 101 s.
3. Zýev V.M. Bolonskıı protsess ı problemy vysshego ekonomıcheskogo obrazovanııa / Soderjanie, formy ı metody obýchenııa v vysshei shkole. Analıticheskie obzory po osnovnym

- napravlenniam razvitiia vysshego obrazovaniia NIIVO. – Vyp. 1 / V.M. Zýev. – M., 2005.– 56 s.
4. Tuning Educational Structures in Europe [Electronic resource]. Competences.Methodology. URL: [http://www.relint.deusto.es/tuning\\_proget/index.htm](http://www.relint.deusto.es/tuning_proget/index.htm).
  5. Spenser L. Kompetentsıı na rabote / L. Spenser, S. Spenser. – M.: GIPPO, 2005. – 384 s.
  6. Brittel T.K. Compentency and Exellence / T.K. Brittel // Minimum Competency Achievement Testing/Traeger R.M. / &Title C.k.(eds.)/ Berkely, 1980. – P. 23–29.
  7. World declaration on higher education for the 21st century: vision and action [Electronic resource] // UNESCO [2010]. URL: [http://www.unesco.org/education/educprog/wche/declaration\\_eng.htm#world%20declaration](http://www.unesco.org/education/educprog/wche/declaration_eng.htm#world%20declaration)
  8. Tatýr Iý.G. Kompetentnostnyı podhod v opisaniı rezýltatov ı proektirovaniı standartov vysshego professionalnogo obrazovaniia // Materialy ko vtoromý zasedaniıy metodicheskogo seminarı: avt. Versııa / Iý.G. Tatýr. – M.: Issled. tsentr problem kachestva podgotovki spetsialıstov, 2004. – S. 12–23.
  9. Kýzovleva N.E. Razvitie metodicheskogo myshleniia v protsesse professionalnoi podgotovki býdýego ýchıteliı: dis. ... kand. ped. naýk: 13.00.02. – Lıpetsk, 1995. – 233 s.
  10. Pollitt A., Ahmed A., Crisp V. (2007) The demands of examination syllabuses and question papers [Emtihan kýrsy men emtihan bıletterine qoıylatyn talaptar]. Techniques for monitoring the comparability of examination standards [Emtihan standartтарының саıkestigin baqylaý tehnikasy], pp. 166-206. London, Qualifications and Curriculum Authority.
  11. «Fızıka» páni boıynsha «Baǵalaýǵa arnalǵan tapsyrmalardy ázirleý jáne saraptaý» pedagog kadrlardıń biliktiligin arttırý kýrsynyń bilim berý baǵdarlamasy. Muǵalimge arnalǵan nusqaýlyq. – Astana: «Nazarbaev Zıatkerlik mektepteri» DBBU Pedagogıkalıq sheberlik ortalyǵy, 2018. – 37 b.
  12. Turmambekov T.A., Sarybaeva Á.H., Batyrbekova A.J. Molekýlalyq fızıka kýrsynan esepter men tapsyrmalar jınaǵy. – Túrkıstan: Turan. – 98 b.
  13. Politsinskiı E.V., Tesleva E.P., Rýmbeshta E.A. Zadachi ı zadaniia po fızıke. Metody resheniia zadach ı organizatsııa deiatelnosti po ih resheniıy: ýchebno-metod. posobie. – Tomsk: Izd-vo Tomskogo pedagogicheskogo ýnıversıteta, 2009 – 2010. – 483 s.

Ж.М. ЕСІРКЕПОВ<sup>1</sup>, О. ДҮЙСЕНОВ<sup>2✉\*</sup>

<sup>1</sup>педагогика ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті  
(Қазақстан, Қызылорда қ.), e-mail: zhandos-1978@mail.ru

<sup>2</sup>педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: onalbek.dyisenov@ayu.edu.kz

## АРНАЙЫ ДӘРІГЕРЛІК ТОП СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН БЕЙІМДІК ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ МОДЕЛІ

Бұл мақалада жоғары оқу орындарында арнайы дәрігерлік топ студенттеріне дене тәрбиесі пәнін жүргізіп, ұйымдастыру барысында кездесетін өзекті мәселелер қарастырылады. Авторлар ЖОО-дағы көпжылдық тәжірибелеріне сүйене отырып, арнайы дәрігерлік топ студенттеріне арналған бейімдік дене тәрбиесінің моделін жасап, тәжірибеге енгізуді ұсынады. Дене мүмкіндіктері шектеулі студенттерді (тірек-қимыл аппараты зақымданған) дене тәрбиесі жаттығуларына жүйелі түрде қатыстыру арқылы қызығушылықтарын арттыру жолдары блоктарға бөлініп, ғылыми тұрғыдан зерттеледі. Жалпы модель үш блоктан тұрады. Әр блокта тірек-қимыл аппараты ауыратын студенттерді сауықтыру мәселелері жан-жақты зерделенеді.

**Кілт сөздер:** дене тәрбиесі, арнайы дәрігерлік топ, дене жаттығулары, дене қабілеттері, дене шынықтыру-сауықтыру қызметі, инновациялық технология.

Zh.M. Esirkepov<sup>1</sup>, O. Dyusenov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Candidate of Pedagogical Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University  
(Kazakhstan, Kyzylorda), e-mail: zhandos-1978@mail.ru

<sup>2</sup>Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Khoja Akhmet Yassawi  
International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkestan), e-mail: onalbek.dyisenov@ayu.edu.kz

### Model of Adaptive Physical Education for Students of Special Medical Groups

In this article the actual questions arising at the organization and carrying out of discipline of physical education of students of special medical groups in higher education institutions are considered. The authors, based on many years of experience in the University, propose to develop and implement a model of formation of the profile-developing environment for students of special medical groups. Ways to increase the interest of students with disabilities (with diseases of the musculoskeletal system) to systematic physical education are divided into blocks and studied from a scientific point of view. The General model consists of three blocks. In each block, the issues of rehabilitation of students with diseases of the musculo-skeletal system are comprehensively studied.

\* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Есіркепов Ж.М., Дүйсенов О. Арнайы дәрігерлік топ студенттеріне арналған бейімдік дене тәрбиесінің моделі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №3 (117). – Б. 224–234. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.021>

\* **Cite us correctly:**

Esirkepov J.M., Dúisenov O. Arnary dárigerlik top stýdentterine arnalǵan beıımdık dene tárbiesiniń modeli [Model of Adaptive Physical Education for Students of Special Medical Groups] // *Iasaýı ýniversitetiniń habarshysy.* – 2020. – №3 (117). – B. 224–234. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.021>



**Keywords:** physical culture, special medical group, physical exercises, physical abilities, sports and recreational activities, innovative technologies.

**Ж.М. Есиркепов<sup>1</sup>, О. Дюенов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>кандидат педагогических наук, Кызылординский университет  
имени Коркыт Ата (Казахстан, г. Кызылорда), e-mail: zhandos-1978@mail.ru

<sup>2</sup>кандидат педагогических наук, Международный казахско-турецкий университет  
имени Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г. Туркестан), e-mail: onalbek.dyisenov@ayu.edu.kz

### **Модель адаптивного физического воспитания для студентов специальных медицинских групп**

В данной статье рассматриваются актуальные вопросы, возникающие при организации и проведении занятий по дисциплине «физическое воспитание» для студентов специальных медицинских групп в вузах. Авторы, опираясь на многолетний вузовский опыт, предлагают разработать и внедрить в практику модель формирования профильно-развивающей среды для студентов специальных медицинских групп. Пути повышения интереса студентов с ограниченными физическими возможностями (с заболеваниями опорно-двигательного аппарата) к систематическим занятиям физической культурой разделены на блоки и изучаются с научной точки зрения. Общая модель состоит из трех блоков. В каждом блоке всесторонне изучаются вопросы оздоровления студентов с заболеваниями опорно-двигательного аппарата.

**Ключевые слова:** физическая культура, специальная медицинская группа, физические упражнения, физические способности, физкультурно-оздоровительная деятельность, инновационные технологии.

#### **Кіріспе**

Арнайы дәрігерлік топтардағы (АДТ) дене тәрбиесі – бұл дене шынықтырудың ең қажетті түрі және ерекше қасиеттерді талап етеді. Сонымен қатар, арнайы дәрігерлік топтағы студенттердің дене қабілеттері мен қозғалыс дағдыларының жан-жақты дамуына мүмкіндік жасайды. Студенттер АДТ-та шұғылдана отырып, қажетті қимыл-қозғалыс дағдыларын меңгеру барысында өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігіне ие болады және дене шынықтыру-сауықтыру қызметі арқылы әлеуметтендірудің маңызды факторы болып табылады.

АДТ сабақтары сауықтыру және бейімдік дене тәрбиесі қағидаларына негізделеді. Дене жаттығуларының көп болуы және олардың вариативтілігі психикалық ауруларға байланысты дене жүктемесін дараландыруға, денсаулықты нығайтуға, ағзаның жұмыс қабілетін арттыруға және студенттерді дене шынықтыру-сауықтыру қызметіне тартуға мүмкіндік береді [1; 2; 3; 4].

Арнайы зерттеулер көрсеткендей, соңғы жылдары АДТ-да психологиялық үдерістерді, психомоторлық және координациялық қызметтерді қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде. Дене мүмкіндіктері шектеулі студенттер қозғалыс қызметін орындау кезінде оң эмоционалдық-психологиялық ақуалды қажет етеді [5; 6; 7].

Денсаулығында ауытқулары бар студенттердің дене шынықтыру-сауықтыру қызметі олардың білім беру үдерісіне бейімделу дәрежесінің көрсеткіші болып табылады [8; 9].

Студенттер арасында дене тәрбиесі мен спортты танымал ету қажеттілігі олардың жеке басының сұраныстары мен құқықтарын қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар даму ерекшеліктерімен, өмір сүру жағдайының тұрақты өзгеруімен, сондай-ақ қоғамның жоғары білікті мамандарды даярлауға «әлеуметтік тапсырысымен» байланысты [10].

Бұл ережелер «Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының 19-бабында нақты көрсетілген [11]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында

денсаулық сақтау саласындағы бірқатар міндеттер анықталады, оның бірі білім алушылардың дене тәрбиесінің қазіргі заманғы инновациялық технологияларын дамыту болып табылады [12]. Аталған заңды және Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауларын орындау үшін Үкімет мәжілісінде білім беру үдерісі, денсаулық сақтау мәселелері түрлі деңгейдегі мамандар мен басшылардың қызу талқылауына айналып, жетекші ғалымдардың назарын аударды.

Алайда, оқу орындарында дене тәрбиесі жөніндегі қолданыстағы бағдарламалардың тиімділігі аз, себебі ағзаның функционалдық жағдайы туралы жедел ақпараттың жоқтығынан жеке-сараланған тәсілге көңіл бөлінбейді, дене тәрбиесіне бөлінген сағаттар саны жеткіліксіз. Сондықтан арнайы дәрігерлік топ студенттері үшін инновациялық педагогикалық технологияларды әзірлеу және енгізу қажет, ол дене тәрбиесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Дене тәрбиесі арқылы студенттерде өз мүмкіндіктеріне саналы қарым-қатынас қалыптасады, ағзаның толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті дене жүктемесінің алынуына, сондай-ақ дене жаттығуларымен жүйелі түрде шұғылдануға деген қажеттілік пайда болады. Дене мүмкіндіктері шектеулі студенттер үшін ЖОО жағдайында сауықтыру білім беру ортасын құру өте маңызды.

**Жұмыстың мақсаты** – мемлекеттік ЖОО-да арнайы дәрігерлік топ студенттеріне арналған бейімдік дене тәрбиесінің моделін теориялық және эксперименттік тұрғыдан негіздеу.

Бұл модельді біз ағзаны нығайтуға, оның бейімделу мүмкіндіктерін іске асыруға, әрбір жеке тұлғаның өзін-өзі белсендіруге және әлеуметтендіруге бағытталған дене шынықтыру-сауықтыру қызметінің инновациялық технологиясы ретінде қарастырдық.

Бейімдік дене тәрбиесі қоғамның барлық мүшелері үшін тең жағдай жасауға мүмкіндік береді, олардың қоғамдық, мәдени, дене шынықтыру-спорт өміріне қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Модельді әзірлеу арқылы, біз бейімдік дене тәрбиесі көмегімен келесі міндеттерді шешуді көздедік:

- дене мүмкіндіктері шектеулі студенттерге сауықтыру бағытындағы ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар жасау;
- дене тәрбиесі арқылы денсаулықты нығайтуға және ғылыми сауаттылық пен білімділікке тұрақты қызығушылықты қалыптастыру;
- ағзаның сыртқы ортаның қолайсыз факторларының әсеріне және психоэмоциялық күйзеліске төзімділігін қамтамасыз ететін дене шынықтыру-сауықтыру қызметінде мотивациялық қажеттілікті қалыптастыру.

Бейімдік дене тәрбиесі – дене мүмкіндігі шектеулі, тірек-қимыл аппараты зақымданған адамдардың дене, когнитивтік және психикалық қабілеттерін дамытуды дараландыру негізінде оқыту, тәрбиелеу, сауықтыру және дамыту міндеттерін сапалы шешуге мүмкіндік беретін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар, оңалту іс-шаралары мен педагогикалық технологиялар кешені болып табылады. Сонымен қатар, бейімдік дене тәрбиесі қозғалыс белсенділігі мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға, жүргізуге, өзін-өзі жетілдіруге, денсаулықты сақтау жағдайларын жасауға тұрақты мотивацияны құрудан тұрады, сол арқылы мамандықты меңгеруге, өмір сапасын арттыруға ынталандырады.


Модельдің мақсаты интегралдық тәсіл негізінде денсаулықты сақтау және нығайту болып табылады. Біз қарастырған модель арнайы дәрігерлік топтардың оқу үдерісін жетілдіруге арналған үш блоктан тұрады (1-сурет).

**1-блок. Тірек-қимыл аппараты зақымданған студенттерге арналған бейімдік дене тәрбиесінің ұйымдастыру-педагогикалық жағдайлары.** Ұйымдастыру-педагогикалық жағдайлар ЖОО әкімшілігінің, педагогтардың, дәрігерлердің, психологтардың, дене тәрбиесі

мамандарының және мүмкіндіктері шектеулі студенттердің білім беру үдерісіне қатысатын барлық құрылымдық бөлімшелердің үйлестірілген іс-әрекеттерін қамтиды.

Осы блоктың құрамдас элементтері келесі міндеттерді көздейді: бейімделген білім беру ортасын құруға қабілетті жоғары білікті мамандарды тарту; оқу-әдістемелік кешен құру; оқыту және бақылау технологиялары негізінде жеке оқыту бағдарламаларын әзірлеу.

Ұйымдастыру-педагогикалық жағдайларды жүзеге асыру үшін Қорқыт Ата университетінде жүзу бассейні бар спорттық кешені пайдалануға берілді, ауру ерекшеліктерін есепке алатын жабдықтар алынды. Дене тәрбиесі кафедрасының базасында сауықтыру орталығы құрылды. Дәрістік сабақтар жалпы лекте, осы оқу түріне бөлінген оқу сағаттарын сақтай отырып, негізгі оқу жоспары бойынша өткізілді. Дәрісханалық жүктеме практикалық сабақтар үшін қарастырылған сағаттарды қысқарту есебінен азайтылды. Өзіндік жұмысқа және «дене тәрбиесі» пәніне сағат саны көбейтілді. Осындай өзгерістер арқылы сабақты тиімді ұйымдастыру және тиісті әдістемелік қамтамасыз ету нәтижелі болды.



1-сурет – Тірек-қимыл аппараты ауыратын студенттерге арналған бейімдік дене тәрбиесінің моделі

**2-блок. Оңалту-түзету іс-шаралары.** Құрамдық элементтер келесі міндеттерді көздейді: тірек-қимыл аппараты зақымданған студенттерге арналған әлеуметтік, педагогикалық, медициналық оңалту бағдарламаларын әзірлеу; оқу жүктемесін өзгертуді келісу; психологиялық тренингтер; дәрігерлік-педагогикалық бақылау, коммуникациялық қабілеттілікті дамыту және әлеуметтік бейімдеу. Түзету-оңалту бағдарламасына емдік-сауықтыру массажы, бассейнге бару кіреді. Мұндай кешендік тәсіл денені сауықтырудан басқа, ағзаның бейімделу мүмкіндіктерін арттыруға, иммундық жүйені нығайтуға мүмкіндік береді.

**3-блок. Дене шынықтыру-сауықтыру қызметіндегі педагогикалық технологиялар.** Құрамдық элементтер келесі міндеттерді көздейді: бейімдік дене тәрбиесінің белсенді компоненті ретінде және оқу үдерісінің сапасын арттыру үшін модульдік-рейтингтік жүйені енгізу; дене жүктемесін оңтайландыру есебінен дене тәрбиесі жүйесін жетілдіру, денсаулық жағдайын түзету үшін рекреациялық бағдарламаларды әзірлеу; жеке тұлғаны дамыту құндылықтарын, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Дене тәрбиесі кафедрасы ректорат, деканат және сауықтыру орталығы арасындағы байланыстырушы буын болып табылады, сондай-ақ АДТ-қа жатқызылған студенттермен дене шынықтыру-сауықтыру қызметін жүргізудің кепілі ретінде әрекет етеді.

Оның күзіретіне кафедрада дене жүктемелерін саралау негізінде оқу үдерісін оңтайландыруға бағытталған педагогикалық жағдайларды ұйымдастыру, дене шынықтыру-сауықтыру қызметіне студенттерді тарту кіреді. Сонымен қатар, кафедраға жоғары білікті мамандарды тарту, ЖОО-ның барлық құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, мекемелермен денсаулық мониторингін ұйымдастыру бойынша байланыс орнату құқығы берілген.

Интегралдық тәсілдің әдістемесі негізінде біз: дене шынықтыру-сауықтыру қызметінің педагогикалық технологиялары, денсаулық мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, тестілеу мен семестрлік бақылау негізінде дене жүктемесін оңтайландыру, рекреациялық сабақтарды есепке ала отырып, оқытудың модульдік-рейтингтік жүйесін қолдануды қарастырдық.

Модульдік-рейтингтік жүйе – білім беру компонентін және көлемі мен қарқындылығын біртіндеп арттыра отырып, сондай-ақ педагогикалық, медициналық-биологиялық және психофизиологиялық бақылауды пайдалана отырып модульдер бойынша дене жүктемесін іске асыруды көздейді.

Дене жүктемесі сауықтыру-түзету сипатында болады және ағзаның функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға, дене бітімі мен омыртқаны ұстап тұруға, сенсомоторлы және психомоторлық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін бұлшық еттерді нығайтуға бағытталған.

Дене жаттығулары бірінші кезекте дене жүктемесі ретінде емес, құрдастарына, оқытушыларға, бейімдік дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның әлеуметтену үдерісін жеделдетуге мүмкіндік беретін дене белсенділігінің өсуіне бағытталған сауықтыру құралы ретінде қарастырылады.

Жылдық оқу модулі 44 аптадан тұрады, оның ішінде бірінші және екінші академиялық кезең кіреді. Бұл ретте студенттің үлгерімін бағалаудың рейтингтік жүйесі ескеріледі. Бірінші және екінші жарты жылдықта екі модульден тапсырады.

Әрбір модульде жеке тұлғаның бейімделу жағдайына, диагнозына және дене дайындығының деңгейіне байланысты дене жүктемелердің мақсаттары, міндеттері, бағыттылығы анықталған. Бұл жеке-сараланған тәсілді қамтамасыз етеді.

Әрбір модуль, өз кезегінде, пәннің бірінші және екінші модульдеріне бөлінеді және шешілетін міндеттерге байланысты үш кезеңге ие: созылмалы, өтпелі, базалық.

Созылмалы кезең – дене жүктемесінің жиынтығымен, ағзаны тірек-қимыл аппаратын түзетуге бағытталған арнайы жүктемеге біртіндеп жеткізумен сипатталады.

Өтпелі кезең – дене жүктемесінің біртіндеп жоғарылауын және оның қарқындылығын арттыруды көздейді. Базалық кезең – аэробтық, жалпы, арнайы, жылдамдық-күш, төзімділік, және басқа да дене қабілеттерін дамытуға бағытталған құралдар мен әдістердің әр түрлі жиынтығымен негізгі дене жүктемені қамтиды. Аурудың дәрежесіне байланысты түзету жаттығулары таңдалды. Бейімделу жаттығулары сессия және демалыс кезеңінде жоспарланды. Орта қарқынды дене жүктемесі белсенді демалыс құралдарын пайдалана отырып дербес орындалды.

Рейтинг жүйесі «дене тәрбиесі» пәні бойынша студенттердің оқу іс-әрекетінің барлық түрлерін интегралды бағалау балымен көрсетілген. Оның мақсаты рейтингтік жүйеде сапаны кешенді бағалаудан тұратын жинақтау болып табылады және оқудың барлық кезеңінде студенттердің жүйелі жұмысын жетілдіру үшін қолданылады.

Бұл жүйе педагогикалық бақылау технологиясын қолдануға негізделген және ағымдағы және аралық бақылауды қамтиды. Ағымдағы бақылау – бұл оқу модулі, академиялық кезең және оқу жылы ішінде білімді меңгеру деңгейін үздіксіз жүзеге асыратын сабақтар барысында жүзеге асырылады.

Аралық бақылау оқу материалын меңгеру деңгейі мен барысын жүйелі тексеру және бағалау мақсатында оқытушымен жүргізіледі. Аралық бақылау пән бойынша сынақ түрінде әр академиялық кезең аяқталғаннан кейін сессия кезеңінде жүзеге асырылады.

Пәнді меңгеру оқу модульдері бойынша балл санымен анықталатын сынақпен аяқталады. Қорытынды баға дене дайындығының деңгейін анықтауға және салауатты өмір салты мен денсаулықты нығайту мәселелері бойынша теориялық білімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сынақ және емтихан сессиясы кезінде сабақтар алдын ала келісім бойынша студенттерге қолайлы уақытта өткізіледі және жүйке жүйесіндегі психикалық шиеленісті шешуге бағытталады.

Жазғы демалыс кезінде студенттер жеке бағдарламалар бойынша алған қозғалыс дағдылары мен дене қабілеттерін жетілдіреді. Өзін-өзі бақылау бастапқы өлшем бірліктеріне қатысты жүзеге асырылды (саны, реті, метр, минут және т.б.).

Егер дене жүктемесі ағзаның функционалдық мүмкіндіктеріне қатысты болған жағдайда ғана қозғалыс белсенділігіне қажеттілік қалыптасуы мүмкін.

Оқытудың барлық кезеңінде дене жүктемесі жеке тұлғаның функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес және ауруды есепке ала отырып біртіндеп ұлғайтылды. Сабақ спорт залында, таза ауада, жүзу бассейнінде өткізілді. Аэробтық аймақта жалпы төзімділікті ЖСЖ бойынша жүктемеге бақыланды (120–140 соғу/мин).

Әр сабақтың соңында 8–10 минут тыныс алу гимнастикасын игеруге бөлінді. Бассейнде гипоксикалық мүмкіндіктерді дамыту үшін тыныс алу кідірісі бар жүзу жаттығулары орындалды. Бұл жалпы дамыту жаттығуларының санын қысқарту және аэробтық кезеңде жүктеме көлемін төмендету есебінен болды, бірақ жүктеме қарқындылығын біртіндеп арттыру көзделді.

Педагогикалық эксперимент барысында жүзуге ерекше көңіл бөлінді. Жүзу жүктемесі жүйке жүйесін нығайтуға, шынығуға, оң эмоцияларды белсендіруге, жалпы және арнайы төзімділікті жетілдіруге бағытталған. Жаттығулар төмен қарқындылықпен орындалды (ЖСЖ 110–120 соғу/мин).

Күш, жылдамдық-күш қабілеттері мен жылдамдықты дамыту міндеттері кезеңнің негізгі міндетімен қатар шешілді және аз жүктемелерден басталды. Негізінен айналмалы жаттығу әдісі қолданылды.

Психофизикалық жаттығу элементтері әрбір сабақта қолданылды. Осы мақсатта алға қойылған міндеттерге байланысты 5-10 минут уақыт бөлінді. Психофизикалық жаттығу физиологиялық үдерістерді (тыныс алу, бұлшық ет тонусы) реттеп қана қоймай, психикалық (көңіл бөлу, қабылдау) және психомоторлық қызметтердің дамуына мүмкіндік берді.

Емтихан сессиясы мен демалыс кезінде әр студент алдында аэробтық мүмкіндіктерді қол жеткізілген деңгейде ұстап тұру міндеті қойылды.

Педагогикалық эксперимент дәстүрлі жүйемен салыстырғанда АДТ-да дене шынықтырумен айналысудың ұсынылған модульдік технологиясының артықшылығын көрсетті. Сабақ тек оқу үдерісінде ғана емес, сонымен қатар емтихан сессиясы мен демалыс кезінде дене жаттығуларының жеке кешендерін қамтитын сауықтыру жаттығулары бағдарламасы бойынша жүргізілді.

Сауықтыру жаттығуларының бағдарламасы сауықтыру-түзету сипатында болды. Және бұлшық ет топтарын қалыптастыруға бағытталған дене жаттығуларының арнайы кешендерін оқу үдерісіне енгізу арқылы ағзаның резервтік және бейімдеу мүмкіндіктерін арттыруға, статикалық жаттығулардың көмегімен арқа, іш, иық белдеуінің бұлшық ет топтарын дамытуға бағытталған.

Бағдарлама аралық бақылау нәтижелері бойынша әр академиялық кезеңнен кейін түзетілді. Рекреациялық бағдарлама арқылы студенттер сауықтыру бағытындағы жыл бойғы жаттығуларды орындады.

№1 кестені талдаудан эксперимент аяқталғаннан кейін эксперименттік топтағы осы бағдарлама бойынша сабақтардан өсу әсері байқалатынын көруге болады.

**1-кесте – Экспериментке қатысушылардың дене дайындығы көрсеткіштерінің динамикасы**

Бақылау жаттығулары	Топтар	БТ-I	БТ-II	ЭТ
	көрсеткіштер мәні (M±σ), P < 0,05 кезінде			
1. Уақытты есепке алмай үздіксіз жүзу (мин)	дейін	20±2,3	20±1,6	20±2,4
	кейін	18±3,6	25±2,68	35±3,2
	<b>өсімі,%</b>	<b>-10,00</b>	<b>+25,00</b>	<b>+75,00</b>
2. Еденде іште керіліп жатып кеуде мен аяқты көтеру, қолдары бас артында (с)	дейін	24±0,3	20±0,17	18±0,8
	кейін	23±0,4	22±0,6	32±0,5
	<b>өсімі,%</b>	<b>-4,20</b>	<b>+12,00</b>	<b>+77,00</b>
3. Еденде отыру қалпынан тығыздалған доп лақтыру (см)	дейін	503±0,2	480±5,2	450±4,6
	кейін	508±1,1	530±5,8	510±6,6
	<b>өсімі,%</b>	<b>+0,99</b>	<b>+10,40</b>	<b>+13,10</b>
4. Эстафеталық тест (сиқырлы таяқ) (см)	дейін	18±2,3	18±1,6	19±1,9
	кейін	17±3,6	16±2,5	15±2,3
	<b>өсімі,%</b>	<b>-5,60</b>	<b>-11,12</b>	<b>-21,06</b>
5. Қозғалыстағы тепе-теңдікті ұстап тұру қабілеті	дейін	2,33±0,23	2,47±0,19	2,68±0,41
	кейін	2,31±0,19	2,39±0,16	2,55±0,24
	<b>өсімі,%</b>	<b>-0,90</b>	<b>-3,20</b>	<b>-4,80</b>
6. Бұлшық еттердің күші мен төзімділігі	дейін, әлсіз	100,00%	100,00%	100,00%
	кейін, әлсіз	16,30%	-	-
	қанағаттанарлық	28,70%	37,50%	-
	жақсы	55,00%	62,50%	100,00%

Кестеден эксперименттік топ студенттерінің барлық бағалау тестілері бойынша функционалдық және бейімделу мүмкіндіктері мен дене дайындық деңгейінің жақсарғанын көруге болады. Медициналық карталарды талдау негізінде арқа бұлшық еттерінің күші мен төзімділік көрсеткіштері 100%-ға жақсарды.

Дене тәрбиесі мұғалімі арнайы дайындықпен, патология негізін, ағзаға түсетін дене жүктемесінің әсерін білуі керек. Ол диагноз қойған дәрігердің тапсырмаларын және ұсынылған дене жаттығуларының түрлерін, орындау мөлшерін, ырғағын, ұзақтығын және шынықтыру поцедуларын ескеруі қажет. Мұғалім міндетті түрде студенттің жүктемесін

көтеруін, жүрек соғысын, тыныс алуын, шаршаудың сыртқы белгілерін үнемі бақылап отыруы керек.

Мұғалім дене тәрбиесінің рөлін және студенттің денсаулығын нығайту үшін шыңдау, рационалды тамақтану, өзін-өзі бақылау, өзіндік жаттығуларды орындауға бағытталған (шаңғымен серуен, мөлшерлі жүру және жүгіру және т.б.) жан-жақты қалыптасқан теориялық білімі болуы қажет. Жаттығу барысында тамыр соғу жиілігін, тыныс алуды, дене түсін және студенттің жалпы жағдайын қадағалап отыру керек. Күз және көктем мезгілдерінде дәрумендерді барынша көп пайдалануға назар аударған дұрыс (әсіресе С және Е дәрумені) [13].

Тыныс алу мүшелері ауруы кезінде жаттығуларды таза ауада топтық әдіспен орындап, ал қыс мезгілінде жаттығуды ғимарат ішінде жүргізген тиімді. Залды желдетіп, ылғалды тазалап, мүмкіндік болса кварц жүргізіп, гигиеналық талаптарға сай болуын қадағалаған жөн.

Сайып келгенде денсаулық көптеген факторларға тәуелді болып келеді. Көптеген өзара байланыстылық пен себеп-салдарды айқындау әдісі арқылы студенттердің денсаулығын қалыптастыратын жекелеген факторлардың рөлін анықтауға болады. Мәселеге бұл тұрғыдан келу факторларды денсаулыққа қауіпті факторлар және оны нығайтатын факторлар деп бөліп алуға мүмкіндік береді. Алайда, сауықтыру шараларын іске асыру үшін істелінетін әрекеттің қайда, неге бағытталғандығын ғана емес, фактордың өз табиғатын да білу керек. Студенттердің денсаулығына әсер ететін фактор атаулының бәрі өз табиғаты жағынан үш негізгі топқа бөлінеді: биологиялық факторлар тобы, қоршаған орта факторларының тобы және әлеуметтік-экономикалық факторлар тобы.

Биологиялық қауіпті факторлар тобына тұқым қуалайтын ауыр зардап пен ауытқудың асқынуын жатқызады. Миопия, сколиоз тәрізді кең тараған аурулардың тұқым қуалайтын ерекшелігі бар екені белгілі. Қоршаған ортаға тән қауіпті факторлар тобына қолайсыз климаттық-географиялық жағдайлар және өмір сүретін ортаның зиянды химиялық заттармен ластануы жатады. Әлеуметтік-гигиеналық қауіпті факторлардың ең бастылары – гипокинезия (қимыл белсенділігінің жеткіліксіздігі), оқу жүктемесінің тым көптігі, тиімді тамақтанбау, ұйқы, оқу сабақтары мен демалыс режимінің бұзылуы, гигиеналық дағдылардың орнықтауы мен жағымсыз әдеттердің орын алуы [14].

Адам денсаулығының қалыптасуына әсер ететін факторлардың күрделі кешенінің ішіндегі басты орындардың бірін қимыл-қозғалыс иеленеді. Қазіргі медицина бір уақыт ішінде адам ағзасының өсуі мен дамуына септігін тигізетін, оның денсаулығын нығайтуға жағдай туғызатын, көптеген ауруларға ем болатын дене тәрбиесі жаттығуларынан өзге жан-жақты пайдалы нәрсені қазіргі таңда білген емес.

Қимыл-қозғалысты денсаулық негізі ретінде қарай отырып, оның сауықтырғыш ерекшелігі бірқатар жағдайды толық әрі дұрыс сақтағанда ғана мүмкін екенін есте ұстау керек. Қимыл-қозғалыс әр түрлі болуға тиіс, ал олардың саны ағзаның биологиялық қажеттігіне сәйкес және жекелеген органдар мен жүйелердің морфофункционалдық жетілу дәрежесіне сай болуы қажет.

Өкінішке орай, оқу орындарындағы медицина қызметкерлерінің қимыл-қозғалыстың биологиялық рөлі жайлы, жеткіліксіз немесе артықша қимыл белсенділігінің өсіп келе жатқан ағзаға тигізетін зиянды әсері туралы, сондай-ақ әр түрлі жастағы балалар мен жасөспірімдердің тәуіліктік қимыл белсенділігіне берілетін гигиеналық нұсқаулар жөніндегі білімдері жеткілікті деңгейде емес.

Қимыл белсенділігімен қатар, шынығудың да адам ағзасына тигізер пайдасы орасан зор. Шынығу – бұл қоршаған ортаның әр түрлі әсерлеріне ағзаның тез бейімделуіне мүмкіндік беретін шаралар жүйесі.

Шынығу – денсаулықты нығайтудың негізгі құралдарының бірі. Табиғаттың табиғи факторларын (ауа, сау, күн сәулесі) дұрыс пайдалану қоршаған орта мен патогендік

микроорганизмдердің зиянды әсерлеріне қарсы тұруды арттыруға мүмкіндік береді. Техникалық өркениет біздің өмірімізге қолайлы жағдайлар жасап бере отырып, сонымен бірге адамды табиғаттан ұзақ мерзімге бөліп тастайтын қазіргі кезде ол аса маңызды мәселелердің біріне айналды [14].

Шынығу ауаның, судың, күн сәулесінің теріге үнемі және қайталап әсер етуі ағзада жылылықты реттеп отыруға бағытталған өзгерістерге негізделеді. Бұл сыртқы ортаның өзгерістеріне ағзаның бейімделу қабілетін арттырады. Жылуды реттеу механизмдерін қайта құруда орталық жүйке жүйесі басты рөл атқарады. Ыстықтың ұзақ уақыт бойы әсер етуі жүйкені шынықтырады.

Ағзаның физиологиялық қызметіне әсер ететін шынығудың түрлері мен әдістері бойынша жүргізілген ғылым-зерттеу жұмыстары шынығуды ұйымдастырудың негізгі принциптерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бірінші принцип – шынығудың біртіндептілігі. Егер шынықтырушы фактор біртіндеп ұлғайтыла берсе ғана шынығу оң нәтиже береді. Күші аз әрекеттен күші көп әрекетке көшу жылдамдығы ағзаның жағдайымен, осы әсерге білдірілген оның реакциясымен анықталады.

Шынығудың алғашқы кезінде қолданылған әрбір процедура (мысалы, су құйыну) жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелері тарапынан жауап беру реакциясын байқатады. Бір процедураны қайталап орындай беру, мысалы, температурасы бірдей суды күн сайын қайталап құйынғанда, дененің бұған жауап беру реакциясы барған сайын әлсіреп, ақыры мүлде тоқтатылады. Тітіркенгіштердің әсер-күшін арттырған кезде (одан да суығырақ су құйынғанда) әлгі реакция тағы да қайталанады. Қатты тоңып қалмау үшін судың немесе ауаның температурасын күрт төмендетуге болмайды, бірақ, сонымен бірге аз ғана төмендету шынығуға септігін тигізе қоймайтынын есте ұстаған жөн.

Екінші принцип – шынығудың жүйелілігі. Шынығу барысында ұзақ үзіліс жасау шартты рефлекстердің біртіндеп жойылуына алып келеді. Бала кезден бастап жүйелі түрде шынығуға әдеттенудің маңызы зор, сонда ол керекті қажеттіліктерді өсіре түседі.

Үшінші принцип – шынығу құралдарының көптүрлілігі. Шынығу мақсатында қандай да бір тітіркендіргішті ұзақ уақыт қолдану ағзаның тек осы тітіркендіргішке деген қарсылығын ғана арттырады.

Сауықтыруға, дене дамуын жақсартуға және аурудың алдын алуға шынығудың зияны тимейтіні сияқты, шынығуға жоғарыда аталған шынығу шараларының пайдасы болмаса, зияны тимейді. Тек қана шынығудың әдістері мен тиісті құралдары оқушының жас ерекшелігі мен денсаулық жағдайына лайықты етіп іріктеп алынуы керек.

### **Қорытынды**

Оқу үдерісінің барлық субъектілерінің қызметін біріктіруге мүмкіндік беретін дене шынықтыру-сауықтыру қызметіне интегралдық қажеттілік негізінде тірек-қимыл аппараты зақымданған студенттер үшін бейімдік дене тәрбиесінің моделін құрудың мақсатқа лайықтылығы эксперимент жүзінде расталды.

Педагогикалық эксперимент нәтижелерімен тірек-қимыл аппараты зақымданған студенттердің дене шынықтыру-сауықтыру қызметіне интегралдық тәсілдің артықшылығы анықталды, мұны ағзаның бейімделу мүмкіндіктерін сақтауға, дене және функционалдық дайындық деңгейін арттыруға, қозғалыс белсенділігіне тұрақты қажеттілікті қалыптастыруға, салауатты өмір салтын жүргізуге бағытталған инновациялық технология ретінде қарастыруға болады.

Ұйымдастыру-педагогикалық жағдайлар дене мүмкіндіктері шектеулі студенттердің денсаулығын нығайтуға бағытталған модельдер мен оңалту-түзету іс-шаралары тұлғаның мәдени құзіретін қалыптастыру, өзінің кәсіби қызметін ойдағыдай жүзеге асыру және әр түрлі сауықтыру іс-шараларына қатысу қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, қазіргі кезде ауруды және дене ақауын болдырмауды ғана емес, әр түрлі органдар мен жүйелердің қызметін жақсартуды және ағзаның сыртқы әсерге жоғары



қарсылығын қамтамасыз етуді өз міндетіне алған бүгінгі медицина денсаулық ұғымының аясын едәуір кеңейтіп, тереңдете түсуде.

Алайда, адамның денсаулығында әлі де түрлі ауытқулар жоқ емес. Студенттерді дәрігерлік тексеруден өткізу кезінде әсіресе тонзиллит, миопия, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы сияқты созылмалы аурулар жиі байқалып қалады. Бірқатар студенттерде, ағзаның жұқпалы ауруға қарсы тұру қабілетінің төмен екені көрінеді. Тамақтану мен дене тәрбиесінің дұрыс жолға қойылмауы кейбір оқушыларды май басып, семіздікке ұшыруына себеп болады.

Тиімді қимыл белсенділігі, дұрыс тамақтану, тиімді күн режимі, шынығу, салауатты өмір салтына тәрбиелеу сияқты факторларды кеңінен пайдалану балалар мен жасөспірімдердің функционалдық-психологиялық мүмкіндіктерін және олардың оқу мен еңбекке деген қабілетін дамытуға қолайлы жағдай туғызады. Бұған қазіргі әлеуметтік құрылыс барлық мүмкіндіктерді жасап отыр.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Виленская Т.Е. Принципы формирования и организация физического воспитания в специальных медицинских группах // Теория и практика физической культуры. – 2005. – №1. – С. 25–26.
2. Козина Э.М. Физкультурно-оздоровительная деятельность как социальной фактор формирования здоровья современной студенческой молодежи: Автореф.дис... кан. соц. наук. – Пенза, ПГУ, 2007. – 23 с.
3. Люлина Н.В. Занятия в специальной медицинской группе: Учебное пособие. – Красноярск, КГТЭИ, 2005. – 158 с.
4. Ермегияев Т.А., Таймазов Н.А., Канагатов И.Б., Давиденко Д.Н., Салов В.Ю., Григорьев В.И. Физическая культура – спорт-здоровье: Учебное пособие / Под общей ред. проф. А.К. Кульназарова. – Астана, 2010. – 258 с.
5. Есиркепов Ж.М. Оценка физической подготовленности студентов специального медицинского отделения // Сборник статей по материалам XXXII Международной заочной научно-практической конференции. – М., 2014. – №11 (32). – 89–95 с.
6. Шанина Г.Е. Адаптивная физическая культура как фактор социального здоровья лиц с ограниченными возможностями // Теор. и практ. физ. культ. – 2015. – №1. – С. 56–58.
7. Есиркепов Ж.М., Головченко С.В., Зульпухаров Х.Ш. Поведенческие факторы здоровья и физической активности подростков: гендерный аспект // Сборник статей по материалам XXXII Международной заочной научно-прак. конференции. – М., 2014. – №11 (32). – 83–89 с.
8. Ержанов С.Ө., Қуатбеков Ш.Н. Бейімдік дене тәрбиесіндегі педагогикалық қызмет субъектісінің сипаттамасы // «Жаңа әлемдегі дене тәрбиесінің өзекті мәселелері» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қызылорда, 2018. – 121–124 б.
9. Байжанов Е.Қ. Мүмкіндігі шектеулі студенттердің дене жүктемесін оңтайландыру // Ізденіс. КЗ ғылыми ақпараттық, танымдық журналы. – 2017. – №3. – 29–34 б.
10. Utegenov Zh. Yessirkeпов Zh. Rysbaeva G. On the socialization problems of studen's personality during and upbringing // Life Science Journal. – 2014. – V. 11 – Iss. 10s. – P. 250–253.
11. Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ.
12. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.
13. Сатыбалдина А.Е., Дәулет Г.Д., Лесбекова Р.Б. Әртүрлі аурулар кезіндегі қолданылатын емдік дене шынықтыру әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: ҚазСТА, 2019. – 148 б.
14. Бұғыбаева С.Ж., Лесбекова Р.Б., Есжан Б.Ф., Кисебаев Ж.С. Жасерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы: Оқу құралы. – Алматы: ҚазСТА, 2017. – 204 б.

**REFERENCES**

1. Vilenskaia T.E. Printsipy formirovaniia i organizatsiia fizicheskogo vospitaniia v spetsialnyh meditsinskih grúppah // Teoriia i praktika fizicheskoi kúltúry. – 2005. – №1. – S. 25–26.
2. Kozina E.M. Fizikúltúrno-ozdorovitelnaia detatelnost kak sotsialnoi faktor formirovaniia zdorovia sovremennoi stúdencheskoi molodeji: Avtoref. dıs... kan. sots. naýk. – Penza, PGÝ, 2007. – 23 s.
3. Líylina N.V. Zaniatia v spetsialnoi meditsinskoi grúppe: Ýchebnoe posobie. – Krasnoiarsk, KGTEI, 2005. – 158 s.
4. Ermeguaev T.A., Taimazov N.A., Kanagatov I.B., Davidenko D.N., Salov V.Íy., Grigorev V.I. Fizicheskaiia kúltúra – sport-zdorove: Ýchebnoe posobie / Pod obei red. prof. A.K. Kúlnazarova. – Astana, 2010. – 258 s.
5. Esirkepov J.M. Otsenka fizicheskoi podgotovlennosti stúdentov spetsialnogo meditsinskogo otdeleniia // Sbornik statei po materialam XXXII Mejdýnarodnoi zaochnoi naýchno-prakticheskoi konferentsii. – M., 2014. – №11 (32). – 89–95 s.
6. Shanina G.E. Adaptivnaia fizicheskaiia kúltúra kak faktor sotsialnogo zdorovia lits s ogranichennymi vozmojnostiami // Teor. i prakt. fiz. kúlt. – 2015. – №1. – S. 56-58.
7. Esirkepov J.M., Golovchenko S.V., Zýlpýharov H.Sh. Povedencheskie faktory zdorovia i fizicheskoi aktivnosti podrostkov: gendernyi aspekt // Sbornik statei po materialam XXXII Mejdýnarodnoi zaochnoi naýchno-prak. konferentsii. – M., 2014. – №11 (32). – 83–89 s.
8. Erjanov S.Ó., Qýatbekov Sh.N. Beimidik dene tárbiesindegi pedagogikalıyq qyzmet sýbektisiniń sıpattamasy // «Jańa álemdegi dene tárbiesiniń ózektı máseleleri» Halyqaralyq gýlymi-praktikalıyq konferentsiia materialdary. – Qyzylorda, 2018. – 121–124 b.
9. Baijanov E.Q. Múmkindigi shekteyli stúdentterdiń dene júktemesin ońtailandyryń // Izdenis. KZ gýlymi aqparattyq, tanymdyq jýrnaly. – 2017. – №3. – 29–34 b.
10. Utegenov Zh. Yessirkepov Zh. Rysbaeva G. On the socialization problems of studen's personality during and upbringing // Life Science Journal. – 2014. – V. 11 – Iss. 10s. – P. 250–253.
11. Dene shynyqtyryń jáne sport týraly Qazaqstan Respýblikasynyń Zańy. 2014 jylgy 3 shildedegi № 228-V QRZ.
12. Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń 2016 jylgy 1 naýryzdaғы № 205 Jarlyғы.
13. Satybaldina A.E., Dáylet G.D., Lesbekova R.B. Ártúrli aýrylar kezindegi qoldanylatyn emdik dene shynyqtyryń ádistemesi: Oqy quraly. – Almaty: QazSTA, 2019. – 148 b.
14. Buғыbaeva S.J., Lesbekova R.B., Esjan B.Ĝ., Kisebaev J.S. Jaserekshelik fiziologiiasy jáne mektep gıgıgienasy: Oqy quraly. – Almaty: QazSTA, 2017. – 204 b.

**Б.Ж. АЙДАРОВ<sup>1</sup>✉, Ю.Н. КАМАЛОВ<sup>2\*</sup>**

<sup>1</sup>PhD докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
(Шымкент, Қазақстан қ.), e-mail: baha7-9@mail.ru

<sup>2</sup>педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент, Қазақстан қ.), e-mail: iusubaty@mail.ru

## ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҰТҚЫРЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Автор мақалада кәсіптік оқыту мамандарын кәсіби даярлау барысында анықталған міндеттерін табысты жүзеге асыру үшін, болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығының жалпы құрылымын авторлық көзқарас тұрғысынан оқырмандарға жеткізуді мақсат етеді.

Осы мақсатты жүзеге асыру барысында болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығының негізгі құрылымын құраушылар анықталып, негізгі ұғымдар айқындалды. Адам өмірінде меңгерген мамандығы шеңберінде икемді түрде жаңғырып, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзін жетілдіре алатындай ұтқыр бола алады. Бірақ ол үшін белгілі бір жеке және кәсіби қасиеттерге ие болуы керек.

Кәсіби ұтқырлықтың құрылымдық элементтері: жеке тұлға сапасы; адамның іс-әрекеті; адамның өзін және қоршаған ортаны түрлендіру процесі; ұтқырлық түрлері (тік және көлденең); сипаттамалары (объективтік, субъективтік және мінезін зерттеу) екендігі тұжырымдалды.

**Кілт сөздер:** кәсіби ұтқырлық, ұтқырлық, педагог, кәсіптік оқыту, кәсіби ұтқырлықтың құрылымы, әлеуметтік ұтқырлық.

**B.Zh. Aidarov<sup>1</sup>, Yu.N. Kamalov<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD Doctoral Student, M. Auezov South Kazakhstan University  
(Shymkent, Kazakhstan), e-mail: baha7-9@mail.ru

<sup>2</sup>Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan University  
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: iusubaty@mail.ru

## Structure of the Professional Mobility of the Teacher

In the article, the author aims to bring to readers a generalized structure of professional mobility of future teachers for the successful implementation of tasks defined in the course of professional training of professional training specialists from the author's point of view.

During the implementation of this goal, the main components of professional mobility of future teachers of vocational training are defined and the main concepts are formulated. In the life of the person can be mobile, flexible to change and creative self-realization in the framework of the acquired profession. But only if he has certain personal and professional qualities.

It is formulated that the structural elements of professional mobility are: the quality of the individual; human activity; the process of transformation of the individual and the environment;

\* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Айдаров Б.Ж., Камалов Ю.Н. Педагогтың кәсіби ұтқырлығының құрылымы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №3 (117). – Б. 235–243. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.022>

\* **Cite us correctly:**

Aidarov B.J., Kamalov Yu.N. Pedagogtyń kásibi utqyrlyǵynyń qurylymy [Structure of the Professional Mobility of the Teacher] // Iasayı ǵnıversitetiniń habarshysy. – 2020. – №3 (117). – B. 235–243. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.022>

types of mobility (vertical and horizontal); characteristics (objective, subjective and characterological).

**Keywords:** mobility, professional mobility, teacher, professional training, structure of professional mobility, social mobility.

**Б.Ж. Айдаров<sup>1</sup>, Ю.Н. Камалов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*PhD докторант, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова  
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: baha7-9@mail.ru*

<sup>2</sup>*кандидат педагогических наук, доцент  
Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова  
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: iusubaty@mail.ru*

### **Структура профессиональной мобильности педагога**

В статье поставлена цель довести до читателей обобщённую структуру профессиональной мобильности будущих педагогов для успешной реализации задач, определенных в ходе профессиональной подготовки специалистов профессионального обучения с авторской точки зрения.

В ходе реализации данной цели определены основные составляющие профессиональной мобильности будущих педагогов профессионального обучения и сформулированы основные понятия. В жизни человек может быть мобильным, гибко перестраиваться и творчески самореализоваться в рамках приобретенной им профессии, но только в том случае, если он обладает определенными личностными и профессиональными качествами.

Автором сформулировано, что структурными элементами профессиональной мобильности являются: качество личности; деятельность человека; процесс преобразования личности и окружающей среды; виды мобильности (вертикальная и горизонтальная); характеристики (объективная, субъективная и характерологическая).

**Ключевые слова:** мобильность, профессиональная мобильность, педагог, профессиональное обучения, структура профессиональной мобильности, социальная мобильность.

### **Кіріспе**

Техника мен технологиялар барынша жедел қарқынмен қарыштап келе жатқан қазіргі уақытта аса қажетті жаңа, заманауи мамандықтарды меңгеру мәселесі де өзекті бола түсуде. Ал игерген мамандығымен жұмысын одан ары қарай жалғастыру үшін кез келген мамандықтың иесі заманауи өнеркәсіптік-техникалық, ақпараттық-технологиялық жаңалықтар мен өзгерістердің үдемелі қарқынына ілесуі мақсатында өз кәсіби біліктілігін, кәсіби ұтқырлығын үнемі және толыққанды арттырып отыруы қажет. Мұндай процестер, яғни күнделікті тұрмыс-тіршілікте онсыз өмір сүру мүмкін болмай қалған кез келген техниканы (компьютердің жаңа нұсқалары, жұмыс істеу мүмкіндігі сағат сайын өзгеріп, дамып жатқан смартфондар) меңгеру немесе соған қарай бейімделу қажеттілігі күн өткен сайын арта түсуде. Бұл ретте біздің бүгінгі әңгімеміз мұғалімнің кәсіптік ұтқырлығы хақында өрбімек.

### **Негізгі бөлім**

Әрине, бұл тақырыпты айтулы ғалымдар айтарлықтай қарастырып, өзінің ғылыми тұжырымдамаларын, анықтамаларын ғылыми айналымға шығарғаны белгілі. Біз алдыменен солардың біршамасына тоқталуды жөн көрдік.

Педагогтың кәсіптік ұтқырлық құрылымын барынша ұғынып, терең түсінуі еліміздегі үнемі өзгеріп отыратын элеуметтік-экономикалық даму жағдайымен тығыз байланысты

десек, әсте қателеспейміз. Өйткені адамның тіршілік қызметінің өндірістік, кәсіптік, денсаулық сақтау, білім беру және басқа да салаларында өтіп жатқан барлық дерлік жаңғырту үдерістері еңбек нарығындағы оқиғалардың өзгерістерімен бірге алға жылжитыны белгілі. Осынау алмағайып заманда болып жатқан құбылыстарды ұтқырлықпен қабылдау қажеттілігі өзінің кәсіптік мәртебесін ауыстыруға деген мұқтаждықтан да туындап жататыны анық.

«Кәсіптік ұтқырлықтың» ғылымаралық категорияларының әр түрлі жақтары саналуан ғылым саласы өкілдерімен зерттелген және зерттеліп те келе жатыр. Экономистер кәсіптік ұтқырлықты әлеуметтік-экономикалық кеңістіктегі еңбекке қабілетті тұрғындардың қозғалысы ретінде қарастырады. Ал социологтар қоғамның әлеуметтік тобындағы адамдардың орын ауыстырулары деп түсіндіреді. Психологтар болса жеке адам құрылымының қайта құруға дайындығы және тіршілік қызметінің жаңа жағдайларына бейімделуі дейді. Педагогтар жаңа техниканы және кәсіптік қызметті меңгеруге қабілеттілік ретінде қарастырады [1]. Шынында да қазір оқушының білімін бағалаудың өзі электронды күнделік арқылы жүзеге асырылатын мүмкіндік қолға алынып жатқан тұста интернетсіз өмір сүру мүмкін емес. Ал оны пайдалану соңғы ақпараттық-технологиялық кеңістікке кіре білумен тікелей байланысты. Әлеуметтік желілердегі сан алуан тақырыпты қозғайтын сан қырлы «жаңалықтар» да көпшіліктің назарын өзіне аударып, әркімге әр қилы әсер етуде. Олардың жағымды да, жағымсыз да жақтары жұртшылықты әрі-сәрі күйге түсіріп жатқаны да жасырын емес.

Ал, қабілеттілік дегенде, біз жеке адамның бойынан табылатын құбылысты түсінетініміз рас. Бұл ұғымды тұңғыш рет грек ойшылы Платон пайдаланған екен. Оның ойынша әрбір адам өзінің бойындағы қабілеті арқылы жұртшылық алдында көзге түседі. Бір кісі көпшілікті басқарғанды, соларға жөн сілтегенді жақсы көрсе, екінші бірі оның қол астында, соның айтқанымен ғана тіршілік етеді. Сондай-ақ адам қабілеттерінің тұқым қуалайтындары да бар. Бұл тұста адамзат баласының ақыл-парасаты, ой-өрісі оның өскен ортасына, алған білімі мен тәрбиесіне байланысты дамып отыратынын айтпай кетпеуге тағы болмайды.

Қалай болғанда да кез келген адам өзінің қарым-қабілетіне қарай әрекет ететіні рас. Сол секілді әрбір мұғалім де өзінің өткізілетін пәнін, оның әрбір сабақ үстіндегі түсіндіретін, оқытатын тақырыбын шәкіртіне әр түрлі амал-әдістермен жеткізеді. Оқытудың әдіс-тәсілдерін дамыту мәселесі де осы кезде туындайды. Себебі адамның (мұғалімнің) қабілетін дамытатын нәрсе – оның таным процесіне тікелей байланысты. Ал таным дегеніңіз үздіксіз дамуын жалғастырып отыратын күрделі де қиын процесс. Айналада болып жатқан барлық іс-әрекеттер, құбылыстар адамның өзіндік танымы арқылы оның бойына сіңіріліп жатады. Сол сияқты әсіресе, ақпараттар ағыны толастамай, әлемді жаһандану процесі билеп жатқан тұста адам санасының тоқырап қалуы, мынау алмайып ғасырдың алпауыттары дүниежүзін өздерінің алып күштерімен бағындырғысы келіп жатқан кезеңде артта қалмай, соған ілесуге ұмтылу – бұл өркениеттен мақұрым қалмай, адам баласының қол жеткізген жетістіктерін игеруге жасалған ұмтылыс болуы керек.

Осы себептен де кәсіптік оқытудағы педагог қызметінің ерекше өзгешелігі болғандықтан кәсіптік ұтқырлық оның айрықша белгісі бола түседі, бұлай қалыптаспаған біздің түлектеріміз тұлға ретінде де, кәсіпқой ретінде де көріне алмайды. Сондықтан да ең алдыменен оның құрылымдық құраушыларын анықтау қажет болып табылады.

Кәсіптік ұтқырлықтың жалпылама мойындалған маңызы субъектінің ішкі (тұлғалық-психологиялық) және сыртқы (практикалық-қызметтік) өзгерістерге тұрақты дайындығы және оларға қарай шұғыл түрде әрекет ете алатын әлеуметтік және кәсіптік ептілігі ретінде түсіндіріледі [2]. Бұл да сайып келгенде, білім, білік, дағды секілді категориялармен астасып жатады. Осылармен астаса отырып, кәсіптік ептілік, кәсіптік шеберлік қалыптасып, арта түседі.

Психологиялық-педагогикалық ғылымда «кәсіптік ұтқырлық» категориясы әр түрлі мағынада түсіндіріледі (Л.А. Амирова, Ю.И. Биктуганов, Т.М. Большакова, Л.В. Горюнова, В.Н. Дюнина, Э.Ф. Зеер, Б.М. Игошев, Ю.И. Калиновский, Е.А. Климов, А.К. Маркова, Л.М. Митина, Н.С. Пряжников және т.б.).

Кәсіптік ұтқырлық, ең алдымен, жалпы кәсіптік білімдердің жоғары деңгейін қалыптастыру және жинақталған кәсіптік тәсілдер мен түйінді құзіреттіліктер жүйесін игеру арқылы адам дамуының ішкі тетіктерін қамтамасыз ететін, кәсіптік қызмет шарттарының өзгерістеріне бейімделетін, оның ойдағыдай табыстылығымен шарттастырылған адамның қасиеті немесе сапасы ретінде түсіндіріледі (Ю.И. Биктуганов, Б.М. Игошев, Ю.И. Калиновский, О.В. Кердяшева, В.А. Мищенко, Е.А. Никитина және т.б.).

Мәселен, Л.К. Фортова мен А.Ю. Кужековтың пікірлері бойынша [3] кәсіптік ұтқырлық – бұл өзіне төмендегі құрамдарды кіріктіретін тұлғаның ықпалдастық қасиеті:

- өзінен білім алу мотивациясы эволюциясын болжамдайтын кәсіптік ұтқырлықтағы қалыптастырылған эндогенді қажеттілік, сондай-ақ мамандықтың ақиқаттылығы мен өзгерістерін позитивті жағынан қабылдауға барабар қарама-қарсылықтарды (антиподтарды) қалыптастыру;

- жалпы білім беретін және кәсіптік білімдер, құзіреттіліктер – виталды (тірлей), әлеуметтік және біліктілік;

- жеке тұлғаның креативті, сыни ойлау, когнитивті мүддесін бастаушы кәсіптік ұтқырлыққа деген қабілеттілігі;

- кәсіптік өзін-өзі маңыздандыруға дайындық.

Бұл екі ғалым да педагогтардың кәсіптік ұтқырлығын жеке адамның өз бетінше білім алуға деген құштарлығынан туындайтын қажеттілік деп түсіндіреді. Демек, жеке тұлғаның өзінің білімін жетілдіруге деген құлшынысы, қызығушылығы болуы керек. Ал мұның өзі дүниежүзілік өркениеттен хабардар болып, соған ілесіп отыру, цифрландыру ғасырының жетістіктерін өз мұқтажықтарына пайдалану көрініс болып табылатыны анық.

Ресейлік ғалым Ю.И. Калиновский бізге үздіксіз білім беру жүйесіндегі ересектерге білім беру мәселелерін қарастырғандығымен белгілі. Ол елдегі білім беру саласындағы дағдарысты андрагогтарға (ересектерге) білім беру арқылы жоюға болатындығын атап көрсеткен. Дағдарыстың болуы себебін ол өркениеттің индустриалдық (техногендік) сатысынан өркениеттің постиндустриалдық (ақпараттық) сатысына өтуіне байланысты дейді. Ресейдегі білім беру саласындағы дағдарыс өркениеттің «қуып жетуші» дамуындағы кезекті сатысынан туындап отырғандығын нақтылады. Бұл тақырыпты ол аймақтағы (РФ, Тюмень облысы мысалында) педагогтардың әлеуметтік-кәсіптік ұтқырлығын дамытудың жолдарымен байланыстырып, зерттейді [4].

Сондай-ақ Ю.И. Калиновский жеке адамның мынадай қасиеттері мен сапасын бөліп алып қарастырады: айналаға ашықтығы, адамдарға және өзіне деген сенімділігі, икемділігі, шапшаңдығы, бақылаудың оқшаулығы, толеранттылығы (төзімділігі); шеберлігі: рефлексия, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі анықтау, мақсатты тұжырымдау; қабілеттілігі: әлеуметтегі өзгерістерді көре білуі және оның мәнін түсінуі; оқиғаның дамуының нұсқалылығын және баламалылығын көре білуі; ойлаудың (креативті ойлау) конструктивтілігі, жемістілігі; микросоциумдағы, топтағы қажетті өзгерістерді жобалау; мәселелерді шешу; өзгерістерге бейімделуі (қайта жобалау) [4].

Б.М. Игошев [5] педагогтың төмендегі қасиеттерін жеке ұтқырлығы деп атап өтеді: әр түрлі қоғамдық іс-шараларға, әр түрлі бағыттағы мазмұнды жобаларға қатысуын және қатысуға дайындығын айқындайтын әлеуметтік белсенділігі; әлеуметтік және кәсіптік белсенділіктің сан түрлі саласына әрекеттік қызығушылығы; әр түрлі қоғамдық оқиғаларға, әрекеттің сан алуан түрлеріне функционалды жоғары бейімділік; кез келген істің шығармашылық қарым-қатынасына креативтілік, көңілділік, кез келген оқиғаның шығармашылықпен жасалуы.

Оның шәкірті әрі ізбасары Ю.И. Биктуганов [6] өзінің жетекшісінің ғылыми ізденістерін жалғастыра отырып, педагогтың кәсіптік ұтқырлығын бағалау критерийлеріне адамның мынадай қасиеттерін ендіреді: кәсіптік-педагогикалық бейімділік; конструктивті шешімдерді қабылдау және кәсіптік-педагогикалық қызметтің әр түрлі жағдайларында, оның ішінде кәсіптік тәуекел жағдайларында өзін жүзеге асыру қабілеттілігі; реалистік (қабылданған шешімдердің оқыту және тәрбиелеу қажеттіліктеріне сәйкес келеді және практикада іске асырылуы да мүмкін); уәжділік (шығармашылық кәсіптік-педагогикалық өзін-өзі көрсетудің қажеттілігі, кәсіптік ұтқырлық); сабырлығы (кәсіптік ұтқырлыққа шарттастырылған ерік-жігерлік және эмоционалдық жүктемелерді көтеруге қабілеттілік); болжамалылық (кәсіптік қызметке, кәсіптік қызметтегі тәуекелділікті болжамдауға қабілеттілік); эмоционалдық-еріктік табандылық (кәсіптік-педагогикалық қызметтің әр түрлі жағдайларындағы өзінің эмоциялары мен еріктік әрекеттерін басқару қабілеті); бастамашылдық (педагогикалық жобаларды жасау процесіндегі белсенді және өзіндік қызметке қабілеттілік, оқу және оқудан тыс жұмыстарда жобаларды жасауда оқушылардың шығармашылық қызметтерін белсенділендіру); рефлексивтік (кәсіптік-педагогикалық қызметте өзін-өзі талдауға, өзін-өзі реттеуге және өзін-өзі бақылауға қабілеттілік).

Кәсіптік ұтқырлықтың жеке адамның бейімделу және субъектілі қалыптасуы процесіне (Дворецкая Ю.Ю.); жеке адамның оның құрылымында құндылықтық-мағыналық сындарлы түріндегі жекелей қасиеттері мен жасалуы бірлігінде көрсетілген тұлғалық бағдарына (Амирова Л.А.); кәсіптік қызмет субъектісінің жекелей және әрекеттік сипаттамаларының сандық және сапалық өзгерістеріне (Львов А.Ю.); субъектінің мақсаттары олардың алған мамандықтары немесе жаңа мамандықты меңгеруі шеңберінде жаңа жетістіктерді алу болып табылатын қызмет түрлеріне (Малыгина О.А.) және көптеген т.б. байланысты анықтамалары бар.

Педагогикалық ғылымның ұғымдық базасында «кәсіптік ұтқырлық» феноменінің көптеген анықтамаларының бірі ретінде Л.В. Горюнованың [7] ұсынған түсіндірмесі біз үшін ұнамдырақ болып тұр. Ол өзін құрайтын үш біртұтас кешенге құрылымданған:

- адам даумының ішкі тетіктерінде түйінді, жалпы кәсіптік құзіреттіліктердің қалыптастырылуы арқылы қамтамасыз ететін *жеке тұлғаның қасиеті*;

- адамның мамандығында және өмірінде өзін-өзі іске асыруы нәтиже болып шығатын оқиғалармен анықталған (детерминирленген) өзгермелі ортадағы *адамның әрекеті*;

- адамның өзін өзі және оны қоршаған кәсіптік және өмірлік ортасында *өзгерту процесі*.

Осы көзқарас тұрғысынан автор кәсіптік ұтқырлықтың негізгі мынадай құраушыларын атап өтеді:

- педагогтың кәсіптік ұтқырлығын қамтамасыз ететін *құзіреттіліктер жиынтығы*, оның қатарындағы түйінді құзіреттіліктер: денсаулықты сақтау, азаматтық, әлеуметтік өзара әрекеттестік, байланыста болу, ақпараттық-технологиялық және жалпы кәсіптік құзіреттіліктер: педагогикалық өзара әрекеттестік, ұйымдық, жобалық;

- *өзгерістерге дайындық* орнықтылықтың және «реактивті» бейімделудің синтезі ретінде;

- *белсенділік* педагогикалық қызметтің және ондағы өзінің қайта жасалуына (өзгеруіне) қабілеттілігі ретінде [8].

Бұл жерде адамның өзінің мамандығы мен өмірден алғандарының нәтижесінде ұтқыр, жылдам қайта құрылуы және шығармашылықпен өзін-өзі іске асыруы туралы сөз болып тұр. Бірақ, егер ол тек белгілі бір жеке және кәсіптік қасиеттерге иеленген жағдайда, құзіреттіліктердің жиынтығын меңгерген кезде ғана жүзеге асады. Ал оның ұтқырлығының дәрежесі мен деңгейі кәсіптік-тұлғалық қалыптасу процесінде өмір тіршілігінің еңбек нарығының талаптарына сәйкес тұрақты өзгеріп отыратын жағдайындағы әрекеттерде оның іске асырылуы кезінде ғана шыңдалуы мүмкін. Және, әрине, педагогикалық құралдар мен

технологияларды белсенді түрде қолдану, білім беру ортасының әлеуетін тиімді пайдалану кезінде де шындала түсетіні анық.

Болашақ маманның кәсіптік ұтқырлығының негізін құрайтын көптеген қасиеттері мен сапалары кезінде ол тұлғалық және кәсіби дамуына қуатты ынталылық алады.

Егер кәсіптік ұтқырлықтың мағыналық бағдарлары туралы айтатын болсақ, онда ұтқырлық кәсіптік өзіне-өзі білім беру, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі өзгерту, өзін-өзі дамыту қажеттіліктерін қанағаттандыру отырып, нарық сұраныстарына бейімделумен тікелей байланысты екендігін атап өткеніміз орынды.

Кәсіптік ұтқырлық адамның өз мамандығын, орнын, қызмет түрін және т.б. өзгерту қабілеттілігімен ғана емес, сонымен қатар өзінің кәсіби шеберлік деңгейін арттыруға бағытталған өзіндік және стандартты емес шешімдерді қабылдай алуымен де сипатталады. Бұл еңбек нарығына сұраныстың және қатаң бәсекелестік жағдайындағы материалдық қамтамасыз етілудің кепілдігі болып қызмет етеді.

Ғылыми қоғамдастықта ұтқырлықтың тік (вертикалды) түрі туралы да, көлденең (горизонталды) түрі туралы да жиі айтылады. Мұндай ажыратуды ХХ ғасырдың 20-жылдары әлеуметтануда бірінші рет П.А. Сорокин енгізді [9]. Тік әлеуметтік ұтқырлық дегенде жеке тұлғаның немесе топтың әлеуметтік мәртебесінің өзгерістері, қызметкердің кәсіптік-жіктік құрылымда төменгі деңгейден жоғары қарайғы (жоғарғы-төменгі ауысулар) қызметтік баспалдақтары бойынша қозғалысы түсініледі. Ал әлеуметтік құрылымда жеке тұлғаның немесе топтың ауысуының жұмыс түрі көлденең әлеуметтік ұтқырлықты көрсететін сол немесе басқа мамандықтар немесе лауазымдар шеңберінде бір мәртебелі деңгейге шығатын әлеуметтік мәртебеде өзгеріссіз болады.

Заманауи ғалым Б.М. Игошев [10] педагогикалық білім беруге қатысты тік және көлденең ұтқырлық ұғымын түсіндіреді. Атап айтқанда, автор тік кәсіптік ұтқырлық дегенде педагогтың мансаптық баспалдағы бойынша мұғалімдіктен білім беру саласының кез келген деңгейін басқаруға дейінгі (оқу ісі жөніндегі меңгеруші, директор немесе білім беру басқармасының басшысы) көтерілу қозғалысына дайындығын түсіндіреді. Әрі зерттеуші әңгіменің мансап туралы емес, білім беру саласы қызметкерінің жайсыз менмендігіне бірыңғай құрылғандығын атап өтеді. Нақтырақ айтқанда әңгіме бұл жерде маманның үздіксіз әлеуметтік-кәсіптік дамуы туралы болып тұр, егер ол табиғи жолменен өзінің кәсіптік қызметімен ұтқырлықтың мейлінше жоғары деңгейіне дейін «өссе», оның бұл саладағы алдыңғы жүріп өткен жолында жинақталған тұтас жұмыс тәжірибесі одан ары қарай кәсіптік өсуі және дамуы үшін мықты іргетасты қамтамасыз етеді.

Б.М. Игошев мұғалімнің көлденең кәсіптік ұтқырлығы жөніндегі түсіндірмесінде кәсіби шеберлікті (бірінші санатты мұғалім, жоғары санатты мұғалім, кәсіби байқаулардың жеңімпаздары және т.б.), сондай-ақ олардың білім беру мекемелерінің әр түрлі типтері мен түрлеріндегі, қызметтің инновациялық және жобалық ұйымдары жағдайындағы мемлекеттік және мемлекеттік емес және т.с.с., сондай-ақ кәсіптік қызметті ауыстыруға қажеттілік кезіндегі жұмысқа кәсіптік дайындығын болжамдайды.

Ғалымдар кәсіптік ұтқырлықтың мәндік сипаттамаларын оның объективтік, субъективтік және мінезтану жақтарымен ажыратады. Объективтік жақтарына мәртебелік позициясы үшін мамандығын амалсыздан өзгертуге алып келетін ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық алғышарттар, сондай-ақ осы өзгерістер процесінің өзі жатады.


Субъективтік жақтары құрамында қызметкердің мүддесінің өзгеру процесін және кәсіптік мәртебесінің өзгерістері туралы шешімдерді қабылдау дәлелін, жұмыс орынының немесе қызмет түрінің ауысуын атайды. Кәсіптік ұтқырлықтың мінезтану позициясымен бірге тұлғаның аралас мамандықты меңгеруге және еңбек қызметі саласының ауыстыруға дайындығы немесе бейімділігі ретіндегі барынша жоғары немесе барынша төмен орнықты қасиеті ретінде шығады. Бұл айтылғандардың негізінде біз кәсіптік ұтқырлықтың құрылымының сызбасын жасадық (1-сурет).



Көріп отырғанымыздай, кәсіптік ұтқырлық құрылымы оның негізгі элементтері бірлігімен ұсынылған:

- адам даумының ішкі тетіктерінде түйінді, жалпы кәсіптік құзіреттіліктердің қалыптастырылуы арқылы қамтамасыз етілетін жеке тұлғаның қасиеті;
- адамның мамандығында және өмірінде өзін-өзі іске асыруы нәтиже болып шығатын оқиғалармен анықталған (детерминирленген) өзгермелі ортадағы адамның әрекеті;
- адамның өзін өзі және оны қоршаған кәсіптік және өмірлік ортасында өзгерту процесі;
- адам өзі-өзін және оны қоршаған кәсіптік және өмірлік ортасында тұлғаның қайта өзгеру процесі;
- кәсіптік ұтқырлықтың түрлері: тік және көлденең;
- кәсіптік ұтқырлықтың сипаттамалары: объективтік, субъективтік және мінезтанушылық.

Осылайша, философиялық, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық әдістер - энциклопедиялық талдау, әдебиет, синтез, эксперимент, байқау, сауалнама, тестілеу және басқа да әдістер арқылы қарқынды түрде оның құрылымын анықтау және болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру қажеттілігі туып отыр.



1-сурет – Кәсіптік ұтқырлықтың құрылымы

Өйткені әлемдік өркениетте өз орнын тауып, жаһандану ағысына енген еліміздің алдында үлкен міндеттер тұр десек, бүгінгі білім беру жүйесінде оқушыларды белгілі бір білім жиынтығымен қаруландыру, сол алған білімін тиімді пайдалануға үйрету, баланың ерекшеліктеріне, қабілетіне, қызығушылығына қарай бейіндік бағыттау алға шықты. Соған байланысты оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану да көп векторлық сипат алды. Әрине, болашақ педагог кадрларды даярлайтын оқытушылар да осы жағына баса көңіл бөліп отыр. Студенттерге дәріс оқығанда оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалануды мақсат тұтатын оқытушылар білімгердің сабаққа деген қызығушылығын арттыру үшін, оны білімге баулу үшін әр түрлі тәсілдерді қарастыруы керек, ең бастысы оларды жалықтырмауы қажет. Сол үшін сабақ өткізудің әлемдік деңгейдегі соңғы жаңалықтарымен таныс болғаны дұрыс. Себебі, үнемі іздену, жағымды жаңалықтардан құлағдар болу – педагогтың басты міндеті.

Мұның барлығы да, сайып келгенде, педагогтың кәсіптік ұтқырлығын қалыптастыруға апаратын жол болмақ.

### **Қорытынды**

Біз бұдан бұрынғы бір ғылыми мақаламызда болашақ мұғалімдердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңыздылығына тоқталған болатынбыз [11]. Онда болашақ мұғалімнің кәсіптік ұтқырлығы білім беру үдерісіндегі және қоғамда қалыптасатын түрлі проблемалық жағдайларға жауап қайтарудың тиімді негізі болатындығы айтылған-ды. Ал бүгін белгілі ғалымдардың пікірлеріне, жасаған тұжырымдарына сүйене отырып, педагогтың кәсіптік ұтқырлығының құрылымына ден қойдық. Қорыта келе айтатынымыз, педагогтың кәсіптік ұтқырлығы оның өз іс-әрекеттерін инновациялық тұрғыдан жаңаша іске асыруы, өзін-өзі жетілдіруі, өзгеріп, түрленіп отырған қоршаған ортасына бейімделуі демекпіз.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Морозова С.А., Сыманюк Э.Э. Профессиональная мобильность как фактор реализации инновационной деятельности педагога // Образование и наука. – 2012. – № 4 (93). – С. 50–60.
2. Сайт помощи психологам и студентам /psinovo.ru>... po...i... professionalnaya\_mobilnost.html
3. Фортова Л.К., Кужеков А.Ю. Профессиональная мобильность молодежи на современном этапе развития российского общества // Молодой ученый. – 2015. – №13. – С. 715–716.
4. Калиновский Ю.И. Развитие социально-профессиональной мобильности андрагога в контексте социокультурной образовательной политики региона: дис. ... д-ра пед. наук. – СПб., 2001. – 284 с.
5. Игошев Б.М. Организационно-педагогическая система подготовки профессионально мобильных специалистов в педагогическом университете: монография. – М.: ВЛАДОС, 2008. – С. 108–109.
6. Биктуганов Ю.И. Профессиональная мобильность педагога: учеб. пособие / Ю.И. Биктуганов. – Екатеринбург: Урал. гос. пед. ун-т., 2016. – С. 120.
7. Горюнова Л.В. Составляющие профессиональной мобильности современного специалиста // Изв. высш. учеб.заведений. Поволжский регион. Общественные науки. – 2007. – № 1. – С. 63–68.
8. Горюнова Л.В. Профессиональная мобильность специалиста в контексте компетентностного подхода // Гуманитарные и социально-экономические науки. Спецвыпуск «Педагогика». – 2006. – № 3. – С. 42–46.
9. Игошев Б.М. Профессиональная мобильность учителя: организационно-педагогический аспект // Известия Уральского гос. ун-та. – 2008. – № 56. – С. 34–40.
10. Сорокин П.А. Социальная и культурная мобильность // П.А. Сорокин // Человек. Цивилизация. Общество / Общ. ред., сост. и предисл. А.Ю. Согомонов; пер. с англ. (Серия: Мыслители XX века). – М.: Политиздат, 1992. – 543 с.
11. Айдаров Б.Ж., Ұзақбаева С.А., Камалов Ю.Н. Болашақ мұғалімдердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңызы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2019. – №4. – 151–160 б.

### **REFERENCES**

1. Morozova S.A., Symaniyk E.E. Professionalnaya mobilnost kak faktor realizatsii innovatsionnoi deiatelnosti pedagoga // Obrazovanie i nauka. – 2012. – № 4 (93). – S. 50–60.
2. Sait pomoi psihologam i studentam /psinovo.ru>... po...i... professionalnaya\_mobilnost.html

3. Fortova L.K., Kýjekov A.Íý. Professionalnaia mobilnost molodeji na sovremennom etape razvitiia rossiiskogo obestva // Molodoi ýchenyi. – 2015. – №13. – S. 715–716.
4. Kalinovskii Íý.I. Razvitie sotsialno-professionalnoi mobilnosti andragoga v kontekste sotsiokýltýrnoi obrazovatelnoi politiki regiona: dis. ... d-ra ped. naýk. – SPb., 2001. – 284 s.
5. Igoshev B.M. Organizatsionno-pedagogicheskaiia sistema podgotovki professionalno mobilnyh spetsialistov v pedagogicheskom ýniversitete: monografiia. – M.: VLADOS, –2008. – S. 108–109.
6. Biktýganov Íý.I. Professionalnaia mobilnost pedagoga: ýcheb. posobie / Íý.I. Biktýganov. – Ekaterinbýrg: Ýral. gos. ped. ýn-t., 2016. –120 s.
7. Goriýnova L.B. Sostavliaiýie professionalnoi mobilnosti sovremennogo spetsialista // Izv. vyssh. ýcheb.zavedenií. Povoljskii region. Obestvennye naýki. – 2007. – № 1. – S. 63-68.
8. Goriýnova L.B. Professionalnaia mobilnost spetsialista v kontekste kompetentnostnogo podhoda // Gýmanitarnye i sotsialno-ekonomicheskie naýki. Spetsvypýsk «Pedagogika». – 2006. – № 3. – S. 42–46.
9. Igoshev B.M. Professionalnaia mobilnost ýchitelia: organizatsionno-pedagogicheskii aspekt // Izvestiia Ýralskogo gos. ýn-ta. – 2008. – № 56. – S. 34–40.
10. Sorokin P.A. Sotsialnaia i kýltýrnaia mobilnost // P.A. Sorokin // Chelovek. Tsivilizatsiia. Obestvo / Ob.red., sost. i predisl. A.Íý. Sogomonov; per. s angl. (Serii: Mysliteli HH veka). – M.: Politizdat, 1992. –543 s.
11. Aidarov B.J., Uzaqbaeva S.A., Kamalov Íý.N. Bolashaq muǵalimderdiń kásibi utqyrlyǵyn qalyptastyrdyń mańyzy //Iasaýi ýniversitetiniń habarshysy. – 2019. – №4. – 151–160 b.

ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ

ӘОЖ 902.03; МҒТАР 03.41.91;  
<https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.023>

М. ГУРСОЙ<sup>1</sup>✉, К.М. ЖЕТИБАЕВ<sup>2</sup>, Б. СИЗДИКОВ<sup>1</sup>, М. ҚОЖА<sup>3\*</sup>

<sup>1</sup>PhD доктор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан, Түркістан қ.), e-mails: muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz; bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

<sup>2</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры (Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz

<sup>3</sup>тарих ғылымдарының докторы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры (Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: mukhtar.kozha@ayu.edu.kz

ШАНШАР-АСАРШЫҚ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІНДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН  
БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мақалада Шаншар-Асаршық археологиялық кешенінде жүргізілген барлау нәтижелері мен қазба жұмыстары барысында жасалған жаңа ғылыми тұжырымдамалар сөз болады. Бұл жерде адамдардың палеолит және темір дәуірі кезінде өмір сүргені және отырықшы мал шаруашылығы мен көшпенді мал шаруашылығы кәсібімен айналысқандығы туралы деректер айтылады. Жиналған керамикалар макроскопиялық тұрғыдан сарапталып, талдау жүргізіліп, сипаттамасы жасалынды. Табылған керамикалық заттар басқа жердегі керамикалық заттармен салыстырылып, тұжырымдамалар жасалынды. Сонымен қатар Шаншар-Асаршық қалажұрты Орта Азиядағы басқа қалалармен салыстырылып, архитектуралық ерекшелігі мен құрылымы айқындалды. Табылған заттай деректер арқылы ескерткіштің болжамды мерзімдемесі жасалынды. Мақалада Шаншар-Асаршық археологиялық кешенінде археологиялық қазба жұмыстарының жүргізілу қажеттіліктері айтылды.

**Кілт сөздері:** археология, мәдениет, керамика, топографиялық жұмыстар, хронология, нысандар, қорған.

M. Gursoy<sup>1</sup>, K.M. Zhetibayev<sup>2</sup>, B. Sizdikov<sup>1</sup>, M. Kozha<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

(Kazakhstan, Turkestan), e-mails: muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz; bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

<sup>2</sup>Candidate of Historical Sciences, Professor of Khoja Akhmet Yassawi International

Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkestan), e-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz

<sup>3</sup>Doctor of Historical Sciences, Professor of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkestan), e-mail: mukhtar.kozha@ayu.edu.kz

The Results of Research Work in the Archaeological Complex Shanshar-Asarshyk

The article discusses a new scientific concept made in the course of the excavation and the results of exploration at the archaeological complex of Shanshar-Asarshyk. It provides data on the existence of people during the Paleolithic and iron age and their occupation of sedentary animal husbandry and nomadic cattle breeding. The collected ceramics were analyzed from a macroscopic

\* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Гурсой М., Жетібаев К.М., Сиздиков Б., Қожа М. Шаншар-Асаршық археологиялық кешенінде жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижелері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2020. – №3 (117). – Б. 244–252. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.023>

\* **Cite us correctly:**

Gursoy M., Zhetibayev K.M., Sizdikov B., Kozha M. Shanshar-Asarshyk archeologiyalyq kesheninde júrgizilgen barlaú jumystarynyń nátiжелeri [The Results of Research Work in the Archaeological Complex Shanshar-Asarshyk] // *Iasayı úniversitetiniń habarshysy*. – 2020. – №3 (117). – B. 244–252. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.023>

point of view and described. The found ceramic objects were compared with ceramic objects from other places and the corresponding conclusions were made. In addition, The Shanshar-Asarshyk settlement was compared with other cities in Central Asia and its architectural features and structure were revealed. With the help of the discovered material data, a predictive Dating of the monument was made. The article substantiates the necessity of conducting archeological excavations in the archaeological complex of Shanshar-Asarshyk.

**Keywords:** archeology, culture, ceramics, topographical work, chronology, object, mound.

**М. Гурсой<sup>1</sup>, К.М. Жетибаев<sup>2</sup>, Б. Сиздиков<sup>1</sup>, М. Кожа<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*PhD доктор, Международнй казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г. Туркестан), e-mails: muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz; bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz*

<sup>2</sup>*кандидат исторических наук, профессор Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г. Туркестан), e-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz*

<sup>3</sup>*доктор исторических наук, профессор Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г. Туркестан), e-mail: mukhtar.kozha@ayu.edu.kz*

### **Результаты исследовательских работ на археологическом комплексе Шаншар-Асаршык**

В статье рассматривается новая научная концепция, выработанная в ходе раскопок и результаты разведки на археологическом комплексе Шаншар-Асаршык. В ней приводятся данные о существовании людей в эпоху палеолита и железного века и занятия ими оседлым животноводством и кочевым скотоводством. Собранная керамика была проанализирована с макроскопической точки зрения и описана. Найденные керамические предметы были сопоставлены с керамическими предметами из других мест и сделаны соответствующие выводы. Кроме того, было проведено сравнение поселения Шаншар-Асаршык с другими городами Центральной Азии, выявлены его архитектурные особенности и структура. С помощью обнаруженных вещественных данных сделана прогнозная датировка памятника. В статье обосновывается необходимость проведения археологических раскопок в археологическом комплексе Шаншар-Асаршык.

**Ключевые слова:** археология, культура, керамика, топографическая работа, хронология, объект, курган.

### **Кіріспе**

Сырдың ортаңғы ағысы палеолит дәуірінен бастап адам баласына өз мәдениетін қалыптастыру үшін барынша ықпал жасағаны белгілі. Бұған Отырар ауданындағы кейінгі мустье дәуіріне жататын Ақсу-Арыс ескерткіші мен неолит дәуіріне жататын Маятас, Жаңашілік 1, 2, 3 тұрақтары дәлел. Өңірде тек палеолит дәуірінде ғана емес ерте темір дәуірінде де адамдар өмір сүріп, көшпелі және отырықшы мәдениет қалыптастырған. Өйткені бұл өңірде шикізат көздері, малдарға ыңғайлы жайылымдар мен егіндік жерлер көп болған. Осы дәуірге жататын қалалық мәдениеттің үлгілері Отырар ауданының шетінде Сырдарияның сол жағалауынан табылған. Сырдарияның байырғы арнасы аймағында Шаншар-Асаршык және Аққорған археологиялық нысандары орналасқан. Бұл нысанның жоспарлары төрткүл сипатта болып, жер бедерінде мұнара орындары анық көзге ілігеді [1]. Осы нысандар күні бүгінге дейін зерттелмей, тарихқа толы сырын топырақ астына бүгіп жатыр. Егер осы нысандар зерттелсе, «Қазақстан аймағында тек көшпелі мәдениет дамыған» деген бұрынғы бір жақты пікірлердің бұрыстығы дәлелдене түсер еді.

Бұл мақаланы жазудағы мақсатымыз бұрын ғалымдардың назарынан тыс қалған Шаншар-Асаршык археологиялық кешені жайында мағлұмат беру, нысанды аналогтары мен салыстыру, барлау жұмысы кезінде табылған керамикаларды салыстырмалы тұрғыда талдап олардың хронологиясын белгілеу, топографиясы жайында баяндау және ең басты

мақсатымыз Шаншар-Асаршық археологиялық кешенінде жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижесін ғылыми айналымға енгізу болып табылады.

Мақалада жүйелеу әдісі қолданылады. Бірінші кезекте барлау жұмыстары кезінде табылған керамикалар көлеміне қарай құты, миски және хум деп жіктеліп сипаттамалары жасалады. Екінші кезекте салыстырмалы тұрғыдан талқыланып хронологиясы белгіленеді. Мақала барысында қарастырылатын топографиялық жұмыстар да жоғарыдағы әдіске сәйкес жүргізіледі. Ең соңында қорытынды жасалып, пікірлер айтылып, ұсыныстар жасалады.

Мақала тек барлау жұмыстарының нәтижесін қамтығандықтан, Шаншар-Асаршық археологиялық кешеніне байланысты типтік жіктеу жүргізілмейді. Сонымен қоса аталмыш нысанның нақты қандай ескерткіш екендігі белгісіз болуына байланысты біз бұл мақалада қала, қалашық немесе керуен сарай деген нақты тоқтамға келмей жалпы археологиялық кешен, нысан немесе ескерткіш – деген сипаттамамен қарастыруды жөн көрдік.

### **Барлау жұмыстары**

2018 жылдың тамыз айында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне қарасты, Археология ғылыми-зерттеу институтының археолог ғалымдары Көксарай ауылының оңтүстік-батысында 16 шақырым жерде орналасқан Шаншар-Асаршық (Мұқтар Қожаның айтуына қарағанда бұл нысан негізінен ең алғаш 1903 жылы Н.В. Рудневтың картасында Асаршық қамалы «Төрткүл» деп белгіленген екен) археологиялық кешеніне **(1-карта)** [2] барып ең алдымен аталмыш нысанның жоспарлануына назар аударып, оның қазіргі ғылыми айналымда «қорғанды төрткүл» деп сипатталып [3, 74-б.] жүрген археологиялық ескерткіштер қатарына жататындығына көз жеткізді.

Бізден алдын жасалған барлау жұмыстары кезінде Шаншар-Асаршықтың жалпы ауданының 140 га екендігі, орталық бөлігінде төртбұрышты қамал орналасқандығы, бұл қамалдың солтүстік-шығыс қабырғасының ұзындығының 80 м, солтүстік қабырғасының 85 м, оңтүстік-батыс қабырғасының 82 м, ал қорған дуалдарының енінің 10-15 м, биіктігінің 2–3 м екендігі анықталған. Сонымен қоса қамалдың төрт бұрышында төрт мұнара, оңтүстік-батыс қабырғасының ортасында бірінің диаметрі 8 м, екіншісінің диаметрі 6 м келетін қос мұнара белгілі болған. Бұлар қорған ішіне кіретін қақпаны белгілеп тұр. Қамал мен оның айналасындағы аймақты тағы бір қатар қорған қоршап тұр. Мұның қабырғаларында 23 мұнараның орны бар. Жоғарыда аталған қамалдың 310 м шығысында екінші бір қамал орналасқан. Бұл қамалдың өлшемі 50 x 50 м, биіктігі 3 м-ге дейін жетеді. Оңтүстік-батыс қабырғадағы қақпасы мұнарамен бекітілген. Төрткүлдің солтүстік-батысында орналасқан сайға 11 мұнаралы қабырғамен қоршалған алаң жапсарласады. Бұл төрткүлдің қақпасы оңтүстік-шығыс қабырғаның ортасында орналасқан [4, 18–19-бб.].

Осы мақаланың авторлары қорғанның ішімен қосқанда қорғанының жиегінен бастап айналасын 5–6 км қашықтыққа дейінгі аралықта барлап көтерме материалдар ретінде құты, хумның ернеулері, бір моншақ және қазіргі этнографиялық кезеңге жататын бір сырға жинап алған болатын<sup>1</sup>. Жиналған керамикалар лабораториялық сараптамадан өткізіліп, сызбалары жасалып, беріктігі анықталды. Ал табылған сырға түрлі химиялық ерітінділермен тазартылды. Енді осы материалдардың сипаттамасына кезек берейік.

### **Жиналған керамикалардың сипаттамасы**

Бұл тараушада жиналған керамикалар макраскопиялық тұрғыдан сарапталып, талдау жүргізіліп, сипаттамасы жасалады.

#### **А. Құты**

1. Құты. Боялмаған. Ернеуінің диаметрі – 18 см, қалыңдығы 0,5 см. Ернеуінен 1 см төмен жеріне батырма өрнек түсірілген. Ернеуінің шеті жұқалана келіп сыртқа қарай аз

<sup>1</sup> Дегенмен бұл жерде керамика сынықтары көп кездесе бермейді.

мөлшерде қайырылған. Сыртын ыс шалған (Сызба 1, 1). Қолда пошымдалған. Ыдыстың құрамына тас және құм қосылған. Температура жеткіліксіз болуына байланысты ыдыстың қамырында қалың қара өзек пайда болған.

2. Құты. Боялмаған. Ернеуінің диаметрі – 14 см, қалыңдығы 0,7 см. Ернеуінің шеті сыртқа қарай аз мөлшерде қайырылған. Қолда пошымдалған. Ыдыстың құрамына тас және құм қосылған. Температура жеткіліксіз болуына байланысты ыдыстың қамырында қалың қара өзек пайда болған (Сызба 1, 2).

3. Құты. Боялмаған. Ернеуінің диаметрі – 20 см, қалыңдығы 0,8 см. Ернеуінің шеті сыртқа қарай өте аз мөлшерде қайырылған. Қолда пошымдалған. Ыдыстың құрамына тас, құм, шөп және шамот қосылған. Температура жеткіліксіз болуына байланысты ыдыстың қамырында жұқа қара өзек сызық пайда болған.

#### **б. Меске**

1. Меске (Миски). Боялмаған. Ернеуінің диаметрі – 24 см, қалыңдығы 1,0 см. Ернеуінің шеті сыртқа қарай аз мөлшерде қайырылған. Қолда пошымдалған. Ыдыстың құрамына тас және құм қосылған. Температура жеткіліксіз болуына байланысты ыдыстың қамырында қалың қара өзек пайда болған.

2. Меске (Миски). Ыдыстың ішкі және сыртқы жағы қоңыр ангобталған. Ернеуінің диаметрі – 24 см, қалыңдығы 1,0 см. Ернеуінің шеті сыртқа қарай тартылған. Бұл ыдыстың балшығы мұқият тазартылып көзеші шарқында пошымдалған. Өте жақсы күйдірілген. Ыдыстың қамырында ешқандай өзек байқалмайды.

#### **в. Хум**

1. Хум. Ернеуінің диаметрі – 34 см, қалыңдығы – 1,0 см. Ернеуінің шеті ішке жатқызылып сыртқа қарай қалыңдатылған. Ернеуінің 3,5 см төменіне, қалыңдығы 3 мм, биіктігі 2 мм рельеф өрнек айналдыра түсірілген. Ыдысқа тас, құм және шөп қосылып көзеші шарқында пошымдалған. Өте жақсы күйдірілген. Ыдыстың қамырында ешқандай өзек байқалмайды.

### **Салыстырмалы және хронологиялық талдау**

Археологтар үшін керамика бөлшектері өте маңызды болып табылады. Өйткені керамика бөлшектерін лабораториялық сараптамадан өткізу арқылы, оның қандай ыдыс екені, диаметрі, қоспалары, өрнектері, жасалу әдісі анықталады. Әр бір кезеңнің керамикасы өзіндік қасиеттерімен ерекшеленеді. Сондықтанда, әр бір ыдысты аналогтарымен салыстыру арқылы оның қай мәдениетке және қай кезеңге жататындығына көз жеткізуге болады.

Жоғарыда қарастырылған керамикаларға келер болсақ, әсіресе 1-құтының ернеуіндегі батырма өрнек **(1-сурет)** Хорезм аймағындағы Тешик-Қаладан табылған керамикалардағы өрнектерді көлеңке сияқты қайталамаса да соларға ұқсас келеді **(3-сурет)**. Сонымен қоса, осы жердегі керамикалардың қамырындағы өзектер мен тұтқасының сыртындағы науашалар Шаншар-Асаршықтағыларға **(4-сурет)** жақындай түседі. С.П. Толстов Тешик-қаладан табылған керамика бөлшектерін б.з. 6 ғасырына мерзімдеп африг мәдениетіне жатқызған [5, 144; 51-сурет].

Сонымен қоса Талас өзенінің сол жағалауындағы Садыр-Курган қаласында табылған ернеудегі өрнек **(2-сурет)** 1-құтыдағы өрнекті көз алдымызға елестетеді. Бұл ернеудің де астыңғы жағы батырма өрнекпен безендірілген. А.Н. Бернштам осы және басқа да табылған керамикалар бойынша Садыр-Курган қаласын б.з. VIII ғасырына мерзімдеген [6, 122-б.].

### **Табылған сырғаның сипаттамасы**

#### **1. Салпыншақ**

Құлаққа ілетін сымның төменгі жағына төрт ілмегі бар таратқыш дәнекерленіп осы ілмектерге «S» тәрізді сым өткізілген. Ал «S» тәрізді ілмектің төменгі жағының беткі қабатына қиғаш қырлары бар жапырақ тәрізді ұшы сүйір әшекей ілінген **(6-сурет)**.

#### **2. Салыстырмалы және хронологиялық талдау**

Жоғарыда сипатталған салпыншақ қазақ халқының XIX ғасырда қолданған күміс сырғаларына өте ұқсас келеді. Мұндай сырғаларды Астанадағы «Ұлттық музей» қорынан көруге болады [7, 45-б.].

### **Топографиялық жұмыстар**

#### **1. Топографиялық жұмыстардың сипаттамасы**

Жоғарыда атап өткеніміздей, Шаншар-Асаршыққа барған кезде ең алдымен аталмыш қалашықтың жоспарлануына назар аударылып, қалашықтың қазіргі ғылыми айналымда «қорғанды төрткүл» деп айтылып жүрген археологиялық ескерткіш екендігіне көз жеткізген болатынбыз. «Қорғанды төрткүл» деп, сыртқы қорғанның іш жағында көлемі әр түрлі төрт бұрышты немесе төрбұрыш пішінді қамалы мен осы қамалдың орта тұсында немесе бір бұрышында цитаделге ұқсас бөлігі болатын ескертіштерді атаймыз. Біз барлау жүргізген Шаншар-Асаршық қалашығы нақ жоғарыда жасалған сипаттамаға сай жоспарланған. Қалашықтың сыртында сопақшалау келген сыртқы қорғаны мен осы қорғанның ішкі жағында қос төрткүлі бар. Яғни осының өзі Шаншар-Асаршықты «қорғанды және қос төрткүлді» деп жіктеуге негіз береді.

Енді аталмыш төрткүлде атқарылған топографиялық жұмыстарға тоқтала кетсек. Біз қарастырып отырған нысанның жобасын ең алғашқылардың бірі болып Археология ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, т.ғ.д. Мұқтар Қожа жасап ғылыми айналымға еңгізген [4, 18; 2-сурет]. Ал, топографиялық жобасын Мұқтар Қожа, Гурсой Музаффар және Сиздиқов Бағдаулет түсіріп шықты. Бұл жұмыстар Trimbel атты лазерный тахеометрмен орындалды. Түсіру кезінде тек қана сыртқы қорғанның ішіндегі қос төрткүлде 4851 нүкте (координата) алынып осы арқылы арнайы компьютерлік бағдарламада топо жобасы дайындалды (**7-сызба**). Осы жоба арқылы қарастырып отырған археологиялық нысанда қос төрткүл бар екендігін сонымен қоса батыс жақтағы төрткүлдің сырты дуалмен қоршалып орта тұсына цитаделге ұқсас қамал тұрғызылғандығын, шығыс жақтағы төрткүлдің шығыс бұрышына да цитаделге ұқсас қамал жоспарланғандығын көруге болады.

### **Салыстырмалы және хронологиялық талдау**

Төрткүлдер Сырдария бойы, Хорезм аймағы, Шу, Талас, Жетісу өңірі және Орталық Қазақстанда кездеседі. Негізінен Сыр өңіріндегі төрткүлдерді мүлдем зерттелмеген десек қателеспейміз. Тек қана С.З. Ахмет жазған мақаласында ғана біз қарастырып отырған өңірдегі төрткүлдер біршама қамтылған. Осы мақалаға назар аударсақ төрткүлдердің басым бөлігінің Сырдарияның сол жағалауында орын тепкендігін, сонымен қоса осы территорияда Шаншар-Асаршық сияқты бір қорған ішінде қос төрткүлі бар ескерткіштер қатарына Қисыққұдық Аққорғаны I-II мен Баусексеуіл төрткүлі сынды нысындардың жататындығын көруге болады. Аталмыш автор төрткүлдердің өмір сүрген уақытын үстіңгі қабаттарда жиналған керамика үлгілеріне қарап, б.з. 1-мыңжылдықтың бірінші жартысы мен XI–XIII ғасырларға мерзімделеді деп топшылаған [3, 74-б.]. Ал, кейбір көтерме керамикалар бойынша Шаншар-Асаршықтың жасы б.з.д. I ғ. жатқызылған [1].

Сырдарияның төменгі ағысында С.П. Толстов зерттеген Ниль-кала (**4-сызба**), Кош-Парсан (**5-сызба**) және Якке-парсан (**6-сызба**) [2, 124-125-бб.] қалашықтарын да Шаншар-Асаршықпен салыстыруға болады. Өйткені бұл жерде де қаланы жоспарлау түсінігі бірдей. Сонымен қоса Хорезмдегі төрткүлдердің б.з. V–VIII ғасырларға жатқызылуының өзі біз қарастырған керамикалардың мерзімімен тұспа тұс келеді. Осының өзі төрткүлдердің таралу аймағының кең екендігін көрсетіп қана қоймай, Сыр өңірінің археологиялық мәдениеттерге өте бай екендігін дәлелдейді.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, Сырдарияның сол жағалауында орналасқан Шаншар-Асаршық археологиялық кешені осы күнге дейін зерттелмей тың күйінше жатыр. Біз жүргізген барлау жұмыстарының өзі аз да болса нысанның тарихи келбетін ашып берді. Біріншіден айтар



болсақ, Шаншар-Асаршық археологиялық кешенінің айналдыра қорғанмен қоршалып күзетшілер тұратын мұнаралармен жабдықталуы, бұл жердің өз кезеңінде маңызды нысан екендігін, бай шаруалар мен мәдениеті шарықтау шегіне жеткен халықтар тұрғандығын және де бұл жердің арнайы жасақталған әскерлер тарапынан күзетілгендігін болжауымызға мүмкіндік береді.

Екіншіден, осы мақаланы жазу барысында Шаншар-Асаршық сияқты, яғни жоспары ұқсас немесе бірдей ескерткіштердің Сырдария бойында, Хорезм аймағында, Шу, Талас, Жетісу өңірі [8] мен Орталық Қазақстанда кездесетіндігіне және таралу аймағының кең екендігіне көз жеткіздік.

Үшіншіден, бізден алдыңғы барлаушылардың Шаншар-Асаршық археологиялық кешенін б.з.б. I ғасырға жатқызғандығын аңғардық. Бірақ өзіміз жинаған бірнеше керамикалар Шаншар-Асаршықта б.з. VI–VIII ғасырларында да халықтардың тұрмыс кешкендігін меңзесе, ал табылған салпыншақ кейінгі этнографиялық кезеңде де бұл жерде көшпелі халықтардың тұрғандығын көрсетіп берді. Жоғарыда берілген мерзімдерді Қазақстан тарихындағы мәдениеттермен тұспалдайтын болсақ онда Шаншар-Асаршықтың Қаңлы [9, 802-б.; 10, 55-б.], Түркі және Оғыз [11, 216-б.; 12, 87-б.] кезеңдерінде өмір сүргендігін айтуға болады. Осы орайда, аталмыш нысанды қандай тайпалар өмір сүрді, қаланы қай мақсатта қолданды және қай мәдениетке тиесілі болды деген сұрақ туындайды. Ал, бұл сұрақтардың жауабы алдағы уақытта жүргізілетін зерттеу жұмыстарының еншісінде жатыр.


Жоғарыда келтірілген мерзімдер тек жер бетінен жиналған бірнеше материалдар арқылы ғана жасалды. Сондықтан да, бұл мерзімдемені нақты деп айту қиын. Нысанның нақты жасын анықтау үшін археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу керек. Сонда ғана Шаншар-Асаршықтың төл жасы айқындалып, тарихи мәні мен құндылығы одан әрі ашыла түседі.

## Қосымшалар


### А) Карталар



1-карта – Шаншар-Асаршық археологиялық кешенінің географиялық орны




1-сызба – Құтылар




2-сызба – Мескелер




3-сызба – Хумдар




4-сызба – Ниль-кала



5-сызба – Кош-парсан



6-сызба – Якке-парсан



**Шаншар-Асаршық қалашығының топографиясы**

Қысқартулар және шартты белгілер	Топо планды орындағандар
Бағыт белгісі	т.ғ.д. профессор М.Қожа
Өлшем белгісі	РФД доктор М.Гурской
Бийіктік шкаласы	РФД доктор Б.Сиддиқов




7-сызба – Шаншар-Асаршық


Б) Суреттер



1-сурет – Ернеу. Шаншар-Асаршық



2-сурет – Ернеу. Садыр-Курган



3-сурет – Ернеу. Тешик-Қала



4-сурет – Тұтқа бөлігі.  
Шаншар-Асаршық



5-сурет – Топо план түсіру сәтінен көрініс



6-сурет – Салпыншақтың табылған сәті

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. <http://otrarmuseum.kz/exposition/archeology1.php>
2. <http://btimes.ru/tourism/kazakhstan/karta-kazakhstana>
3. Ахмет С.З. Сырдың орта ағысындағы төрткүл типтес құрылыстар // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – 2010. – №2 (25).
4. Қожа М. Көксарай атауымен Асаршық-Шаншар қалажұртын зерттеудің кейбір нәтижелері. Отырар. Тарихи-этнографиялық альбом 2. – Алматы: «TOLAGAI 2050», 2018.
5. Толстов С.П. Древний Хорезм. Опыт историческо-археологического исследования. – М.: Издание МГУ, 1948.
6. Бернштам А.Н. Городище Садыр-Курган. Археологические памятники Таласской долины. – Фрунзе: Изд-во Академии наук Киргизской ССР, 1963.
7. Оңғарұлы А. (жауап. ред.) Ұлттық музей топтамасындағы қазақтың зергерлік өнері. – Астана, 2016.
8. [https://e-history.kz/kz/contents/view/vzaimodeistvie\\_i\\_vzaimoobogashchenie\\_kultur\\_\\_319](https://e-history.kz/kz/contents/view/vzaimodeistvie_i_vzaimoobogashchenie_kultur__319).
9. Parzinger H. Die Frühen Völker Eurasiens. Vom Neolithikum bis zum Mittelalter. – München, 2011.
10. Podushkin, A.N. Toward analysis and semantic interpretation of kangju antropomorphous image from Southern Kazakhstan. Startum plus. // Archaeology and Cultural Anthropology. – 2016. – №4. – P. 55–68.
11. Артықбаев Ж.О., Пірманов Ә.Б. Қазақстан тарихы (энциклопедиялық басылым). – Алматы: Атамұра, 2008.
12. Зиливинская Э.Д. Очаги-алтари из раскопок городища Джанкент в Южном Казахстане // Российская Археология. – 2019. – №1. – С. 87–100.

REFERENCES

1. <http://otrarmuseum.kz/exposition/archeology1.php>
2. <http://btimes.ru/tourism/kazakhstan/karta-kazakhstana>
3. Ahmet S.Z. Syrдың орта ағысындағы төрткүл типтес құрылыстар // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – 2010. – №2 (25).
4. Qoja M. Kóksarai атауымен Asarshyq-Shanshar qalajurтын zertteýdiń keibir nátiželeri. Otyrar. Tarihi-etnografiyalıq albom 2. – Almaty: «TOLAGAI 2050», 2018.
5. Tolstov S.P. Drevniı Horezm. Opyt istoricheskó-arheologicheskógo issledovaniıa. – M.: Izdanie MGÚ, 1948.
6. Bernshtam A.N. Gorodie Sadyr-Kýrgan. Arheologicheskıe pamiatniki Talasskoı dolıny. – Frýnze: Izd-vo Akademii naýk Kirgizskoı SSR, 1963.
7. Ońgaruly A. (jaýap. red.) Ulıtyq múzeı toptamasındaғы qazaqtyń zergerlik óneri. – Astana, 2016.
8. [https://e-history.kz/kz/contents/view/vzaimodeistvie\\_i\\_vzaimoobogashchenie\\_kultur\\_\\_319](https://e-history.kz/kz/contents/view/vzaimodeistvie_i_vzaimoobogashchenie_kultur__319).
9. Parzinger H. Die Frühen Völker Eurasiens. Vom Neolithikum bis zum Mittelalter. München, 2011.
10. Podushkin, A.N. Toward analysis and semantic interpretation of kangju antropomorphous image from Southern Kazakhstan. Startum plus. // Archaeology and Cultural Anthropology. – 2016. – №4. – P. 55–68
11. Artyqbaev J.O., Pirmanov Á.B. Qazaqstan tarihy (entsiklopedialyq basylym). Almaty: Atamura, 2008.
12. Zilivinskaiıa E.D. Ochagi-altari iz raskopok gorodia Djankent v Iýjnom Kazahstane // Rossiıskaıa Arheologııa. – 2019. – №1. – S. 87–100.

Барлау жұмысына Жанысбеков Оразхан Кенжеғұлұлы, Жанысбеков Нұрмахан Кенжеғұлұлы және Сенгірбеков Қалықұл Мұсаұлы сынды қазақтың біртуар азаматтары демеушілік жасағаны үшін зерттеу тобы аты аталған кісілерге шексіз алғысын білдіреді.



**Т.Я. СӘТБАЙ\***

*тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қазақстан, Қызылорда қ.), e-mail: dastan.satbai@mail.ru*

## **СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОДАҚТАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ**

Мақалада соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстан шығармашылық одақтарының құрамы мен құрылымы қарастырылады. Соғыстан кейінгі жылдары жазушылардың, суретшілердің, композиторлар мен сәулетшілердің шығармашылық одақтары жұмыс жасап жатты. Бұл одақтар 30-жылдары, яғни соғысқа дейінгі жылдары құрылған болатын. 1957–58 жылдары бұларға қосымша журналистер мен кинематографистер одағы құрылды, сөйтіп олардың саны алтауға жетті. Қазақстан шығармашылық одақтарының сандық және сапалық құрамы баяу өсті. Өйткені маман кадрлар тұрақты жетіспеді, екіншіден, кеңестік өлшемдер бойынша дәстүрлі қолданбалы қазақ қол өнерінің өкілдері кәсіби мамандар болып саналмағандықтан шығармашылық одақтар қызметінің аясынан тысқары қалды. Кеңес жылдары суырыпсалма ақындар, ауыз әдебиетінің өкілдері, қолданбалы өнер, мелодист-композиторлар кәсіби мамандар болып саналмады. Мақалада сондай-ақ республика шығармашылық Одақтарының ұлттық құрамы қарастырылады.

**Кілт сөздер:** шығармашылық Одақтар, жазушылар, суретшілер, сәулетшілер мен композиторлар Одақтары, шығармашылық, суырып салма ақындар, ауыз әдебиетінің өкілдері, қолданбалы өнер шеберлері, мелодист-сазгерлер.

**T.Ya. Satbay**

*Doctor of Historical Sciences, Associate Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University  
(Kazakhstan, Kyzylorda), e-mail: dastan.satbai@mail.ru*

## **Composition and Structure of Kazakhstan Creative Unions in the Postwar Years (after the Second World war)**

The article examines the structure and composition of creative unions in Kazakhstan in the post-war years. In the post-war period, creative unions of writers, artists, architects and composers continued to function in the country. These unions were created in the 1930s, that is, before the great Patriotic war. In 1957–1958, the Union of journalists and cinematographers was additionally created, so the number of creative unions in the Republic reached six. The quantitative and qualitative composition of Creative Unions in Kazakhstan grew rather slowly. The reason for this was the constant lack of professional staff, and secondly, representatives of traditional Kazakh art were excluded from the activities of creative Unions, for the simple reason that they were not professionals by Soviet standards. In Soviet times, poets-improvisers, representatives of oral

**\* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Сәтбай Т.Я. Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстан шығармашылық одақтарының құрамы мен құрылымы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2020. – №3 (117). – Б. 253–262. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.024>

**\* Cite us correctly:**

Satbay T.Ya. Soğystan keingi jyldardağy Qazaqstan shyğarmashylyq odaqтарыnyñ quramy men qurylymy [Composition and Structure of Kazakhstan Creative Unions in the Postwar Years (after the Second World war)] // *Iasaуi ýniversitetiniñ habarshysy*. – 2020. – №3 (117). – B. 253–262. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.024>

literature, masters of applied arts, melodists-composers were not recognized as professionals. The article also examines the national composition of the creative unions of the Republic.

**Keywords:** creative unions, writers, artists, unions of architects and composers, artistic creativity, poets-improvisers, folklore, masters of applied art, melodist-composers.

**Т.Я. Сатбай**

*доктор исторических наук, ассоциированный профессор, Кызылординский университет имени Коркыт Ата (Казахстан, г. Кызылорда), e-mail: dastan.satbai@mail.ru*

### **Состав и структура творческих союзов Казахстана в послевоенные годы (после Второй мировой войны)**

В статье рассматриваются структура и состав творческих союзов Казахстана в послевоенные годы. В послевоенный период в стране продолжали функционировать творческие союзы писателей, художников, архитекторов и композиторов. Эти союзы были созданы еще в 1930-е годы, то есть до Великой Отечественной войны. В 1957–1958 гг. был дополнительно создан Союз журналистов и кинематографистов, таким образом, число творческих союзов в республике достигло шести. Количественный и качественный состав творческих союзов Казахстана рос довольно медленно. Причиной тому была постоянная нехватка профессиональных кадров, также представители традиционного казахского искусства оказались вне деятельности творческих союзов по той простой причине, что они не являлись профессионалами по советским меркам. В советское время поэты-импровизаторы, представители устной литературы, мастера прикладного искусства, мелодисты-композиторы не были признаны профессионалами. В статье также рассматривается национальный состав творческих союзов республики.

**Ключевые слова:** творческие союзы, писатели, художники, союзы архитекторов и композиторов, художественное творчество, поэты-импровизаторы, фольклор, мастера прикладного искусства, мелодист-композиторы.

#### **Кіріспе**

1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағының барлық халықтары мен әлеуметтік топтары үшін ауыр сын болды. Барлық әлеуметтік топтардың өкілдері сияқты Қазақстан шығармашылық Одақтарының өкілдері де соғыстың алғашқы күндерінен бастап майданға аттанды. Олардың көпшілігі ұрыс майдандарында ерлікпен қаза тапса, кейбіреулері ауыр жарақаттанып елдеріне оралды. Соғыс шығармашылық интеллигенцияның сандық және сапалық құрамына кері әсер етпей қойған жоқ. Алайда, соғыстан кейінгі онжылдықтарда да шығармашылық одақтардың сандық құрамының мейлінше аз болуы, тек соғыс ауыртпалықтарымен түсіндірілмесе керек. Соғыстан кейінгі кезеңде жазушылар, суретшілер, сәулетшілер мен композиторлардың шығармашылық Одақтары жұмыстарын жалғастыра түссе, 1957–1958 жылдардан бастап, республикада журналистер мен кинематографистердің Одақтары құрылды. Бұған дейін бұл мамандық иелері республикада болғанымен әлі шығармашылық Одақтарға бірікпеген еді.

#### **Негізгі бөлім**

Құрамына суретшілер, кескіндемешілер, мүсіншілерді біріктірген суретшілер Одағы мүшелерінің саны 1946 жылы 53 болса, сәулетшілер, құрылысшылар, жобалаушы-инженерлерді біріктірген Сәулетшілер Одағы мүшелерінің саны 31 болды. Өз қатарына прозаиктер, ақындар, драматургтер, сыншылар мен әдебиетші-ғалымдарды топтастырған жазушылар Одағы мүшелерінің саны 80, ал композиторлар, әншілер, күйшілерді біріктірген Композиторлар Одағы мүшелерінің саны бар болғаны 18 болды [1]. Алайда, бұл көрсеткіштер Қазақстан сияқты алып республика мен оны мекендеген халықтардың бай







Мамандарға деген мұндай зәрулік басқа да шығармашылық Одақтарға тән еді. Мысалы, 1946 жылы Қазақстан Суретшілерінің Одағына 53 адам мүше болса, 1954 жылы олардың саны тіпті 48-ге кеміп кетті, ал 1966 жылы, яғни 12 жылдың ішінде 122-ге дейін баяу өсті [13]. 1947 жылы Қазақстан жазушылар Одағы мүшелерінің саны 80, 1954 жылы 129 болғанымен олардың жартысына жуығы әдеби шығармашылықпен айналысқан жоқ. 1966 жылы Қазақстан Жазушылары Одағының құрамында 242 мүшесі болса, 1968 жылы 246-ға жетті.

Қазақстан Журналистер Одағы республикадағы газет, журнал, радио мен теледидар қызметкерлерін біріктірді. Алғашқыда оған 341 адам мүше болып кіріп, 1962 жылы Одақ мүшелерінің саны 2000-ға, 1964 жылы 2300-ге жетті. Айта кететін жәйіт журналистердің көпшілігі Одаққа мүшелікке кіруге асыққан жоқ. Мысалы, 1966 жылы Қазақстанда 5000-нан астам журналист еңбек етсе, оның 2452-і ғана журналистер Одағының мүшесі болды [14].

Құрамы сценаристерден, режиссерлардан, актерлардан, операторлардан, суретші, сыншы және кинозерттеушілері, кино өндірісін ұйымдастырушы, композиторлар, дыбыс операторларынан тұрған қазақстан кинематографистері ұйымдастыру комитетінің 1959 жылы 60 мүшесі, ал 1969 жылы 101 мүшесі бар еді [15]. Бұдан шығатын қорытынды Қазақстан шығармашылық Одақтарының саны мен құрамы мейлінше баяу өсті, немесе республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының қарқындарына оның сандық өсуі мүлдем сәйкес келген жоқ.

Кеңестік жүйе шығармашылық Одақтар мүшелерінің кәсіптік білім деңгейінің жоғары болуын қолдап отырғанымен, олардың білім деңгейі өте ала-құла еді. Мысалы, 1947 жылы Қазақстан суретшілері Одағының 53 мүшесінің 12-інің жоғарғы білімі, 5-нің аяқталмаған жоғары білімі, 8-нің орта білімі, 8-нің орта білімі, 8-нің аяқталмаған орта білімі, 7-нің арнайы білімі болған жоқ. 1954 жылы 48 одақ мүшесінің 16-ның жоғарғы білімі, 7-нің аяқталмаған орта білімі болса, 6-ның арнайы мамандығы болған жоқ, 2-і студия бітірді. 1966 жылы Суретшілер Одағының 122 мүшесінің 59-ның ғана жоғарғы білімі болды [16].

1969 жылы Қазақстан кинематографистерінің жалпы саны 101 болып, оның 58-нің ғана жоғары білімі болды [17]. 1954 жылғы жазушылар Одағы мүшелерінің білім деңгейіне зер салсақ, 129 жазушының 76-ның жоғарғы және аяқталмаған жоғарғы білімі, 32 жазушы мен ақынның аяқталмаған орта білімі, 7-нің бастауыш білімі, тіпті, 14-нің сауаты жоқ болғанын көреміз. 1966 жылы Қазақстан жазушылар Одағының құрамындағы 242 мүшесінің 154-нің жоғары білімі, 40-ның аяқталмаған жоғары білімі, 24-нің орта білімі, 4-нің аяқталмаған орта білімі, 6-ның білімі төмен болды [18]. Осы тұста Жазушылар Одағының мүшелерін жанрлар бойынша тарқата көрсетудің маңызы бар. Оның 91 прозаик, 90 ақын, 11 драматург, 26 сыншы және әдебиетші, 15-і аудармашы, 9 халық ақыны еді. Өйткені бұған дейінгі кезеңде жазушылар Одағының құрамында прозаиктерге қарағанда ақындар басым болып, драматург, сыншы, аудармашылардың үлес салмағы мүлде аз болатын. Бұл көрсеткіштер прозаиктердің өсе түскенін, онымен қатар кәсіпқой сыншылар мен әдебиет зерттеушілерінің, драматург, аудармашылардың әдеби тобының қатая түскенін байқатты.

Біз үш шығармашылық Одақ мүшелерінің білімдік санасына талдау жасадық, алайда оның сандық көрсеткіштері басқа да шығармашылық Одақтардың көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

Қазақстан шығармашылық Одақтарының өкілдері мемлекет тарапынан үнемі ынталандырылып отырды. Кеңестік көркемдік-идеологиялық, саяси талаптарға жауап берген өнер шығармалары үкімет тарапынан жоғары бағаланып, арнайы мемлекеттік сыйлықтар, атақтар белгіленді. Егер, 1939 жылы еңбектегі ерлігі үшін 11 жазушы орден, медальдармен марапатталса, 1954 жылы олардың саны 83-ке жетті, бір жазушы, ғалым-панфиловшы Мәлік Ғабдуллин Кеңес Одағының батыры атағын иеленді. 1966–1968 жылдары бірқатар жазушылар үкімет наградаларымен аталып өтті. Жазушылар Одағының мүшелері Ә. Шарипов, Ж. Молдағалиев «Еңбек Қызыл Туы» орденімен, Х. Ерғалиев пен С. Омаров

«Құрмет белгісі орденімен», Ә. Әлімжанов пен О. Сүлейменов «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды. Жазушылар Х. Есенжанов, Т. Ахтанов, С. Мұқанов, Ә. Әлімжанов Қазақ ССР-і мемлекеттік сыйлығының иегері атанса, ақын О. Сүлейменов Бүкіл Одақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, ал ақындар Қ. Мырзалиев пен Ж. Нәжімеденов Қазақстан Ленин комсомол сыйлығының лауреаттары атанды.

1947 жылы, 1 суретшінің «Қазақ ССР-нің халық суретшісі», 1 суретшінің «Өнерге еңбегі сіңген қайраткер» және 3 суретшінің «Қазақ ССР-нің халық әртісі» деген атағы, 2 суретшінің профессорлық лауазымы болса, 1958 жылы 1 суретшінің «Қазақ ССР-нің халық суретшісі», 8 суретшінің «Өнерге еңбегі сіңген қайраткер» және 2 суретшінің «Қазақ ССР-нің халық әртісі» атағы болып, 1 суретшінің профессорлық лауазымы болды. 1964 жылы 1 «Қазақ ССР-нің халық суретшісі», 15 суретшінің «Өнерге еңбегі сіңген қайраткер», 3 суретшінің «Қазақ ССР-нің халық әртісі», 1 суретшінің профессорлық лауазымы, 1 суретшінің өнер тану ғылымының кандидаты деген ғылыми атағы болды.

1948 жылы «Қазақ ССР-нің халық әртісі» атағын 3 композитор алса, 3 композитор «Қазақ ССР-нің өнеріне еңбегі сіңген қызметкері» атағын алды. 1954 жылы 4 композитордың «Қазақ ССР-нің халық әртісі», 5 композитордың «Қазақ ССР-нің өнеріне еңбегі сіңген қызметкері» атағы болды. 1969 жылы «Қазақ ССР-нің халық әртісі» атағын алған 4, «Қазақ ССР-нің өнеріне еңбегі сіңген қайраткері» атағын алған 9 адам болып, Қазақстан композиторлары Одағының 2 мүшесінің ғылым докторы, 6-ның ғылым кандидаты, 2-нің академик атақтары болды.

1963 жылы Қазақстан кинематографистері Одағы мүшелерінің ішінен «КСРО халық әртісі» атағын алған 1, «Қазақ ССР-нің халық әртісі» атағын алған 8, «Қазақ ССР-нің өнеріне еңбегі сіңген әртісі» атағын алған 4, «Қазақ ССР-нің өнеріне еңбегі сіңген қайраткер» атағын алған 7 киношебері болды. 1969 жылы 2 Одақ мүшесінің «КСРО халық әртісі», 13-нің «Қазақ ССР-нің халық әртісі», 13-нің «Қазақ ССР-нің өнеріне еңбегі сіңген қайраткері», 9-ның «Қазақ ССР-не еңбегі сіңген халық әртісі» атақтары болып, 1 адам «Қазақ ССР-і мәдениетіне еңбегі сіңген қызметкер» атағын иеленді. 1970 жылы кинематографистердің 2-і «КСРО халық әртісі» атағын алса, «Қазақ ССР-нің халық әртісі» атағын алғандардың саны 10-ға жетті [19]. 1967 жылы республиканың 86 газет, журнал және радио қызметкерлері мен Журналистер Одағының мүшелері Кеңес Одағының ордендері мен медальдарымен марапатталды.

Бұрынғы «артта қалған Ресей империясының шеткері аймақтарындағы халықтардың ішінен ұлттық мамандарды даярлау» дейтін уәж Кеңестік ресми насихаттың аса сүйікті дәйектердің бірі. Кеңестік насихат Қазақстан мен Орта Азиядағы кеңестендіру науқандарының табыстарын шығыс елдеріне үлгі ретінде көрсетуге тырысатын. Шынында да «ұлттық мамандарды даярлау», «Әйелдердің азаттық алуы» сияқты мәселелерде кеңес жүйесінің біршама табыстарға жеткенін мойындамасқа болмайды. Мысалы, 1940–1965 жылдар арасында ғылымды дамытуға жұмсалған қаржы көлемі 23 есе өсіп, осыған орай интеллигенция мен ғылыми қызметкерлердің саны жеті есе ұлғайды.

Шығармашылық Одақтар мүшелерінің ұлттық құрамы мен ондағы әйелдердің үлес салмағына көз жүгіртсек, кеңестердің бұл саладағы табыстарын асыра сілтеуге болмайтындығына көз жеткізуге болады. 1946 жылы Қазақстан Суретшілер Одағының 40 мүшесінің, тек 3-і қазақ, 23 орыс, 14-і қалған ұлт өкілдерінен тұрып, оның 4-і әйел болса, 1956 жылы 69 одақ мүшесінің 10-ы қазақ, 38-і орыс, 21-і қалған ұлт өкілдері және 13 әйел болды. 1966 жылы 122 суретшілер одағы мүшесінің 25 қазақ, 61 орыс, 36 қалған ұлт өкілдерінен тұрып, ондағы әйелдердің саны 22-ге жетті [20].

1947 жылы Қазақстан сәулетшілер Одағы мүшелерінің жалпы саны 30 болып, оның 17-сі орыс, 2-і қазақ, 11-і басқа ұлт өкілдері және 4-і әйел болды. 1956 жылы 39 одақ мүшесінің 4-і қазақ, 18 орыс, 17-сі басқа ұлт өкілдері болып, оның 6-ы ғана әйел еді. 1966 жылы өткен

Суретшілер Одағының VI съезіне қатысқан 100 делегаттың 60 орыс, 8-і қазақ, 11 украин, 21 басқа ұлт өкілдерінен тұрып, олардың 18-ін ғана әйелдер құрады [21].

1965 жылы Қазақстан кинематографистерінің саны 96-ға жетіп, олардың 44-і қазақ, 30 орыс, 22-сі басқа ұлт өкілдерінен тұрса, 1969 жылы Одақ мүшелерінің жалпы саны 101 болып, оның 48-і қазақтардан, 38-і орыстардан, 16-сы басқа ұлт өкілдерінен тұрды және 13-і әйел болды [22].

1948 жылы Қазақстан композиторлары Одағының мүшелігінде 18 адам болып, оның 8-і қазақ, 4-і орыс, 6-ы қалған ұлт өкілдерінен тұрды. Қазақстан композиторлары Одағында бұл жылдары бір ғана әйел болды. Ол Дина Нұрпейісова еді. 1954 жылы Композиторлары Одағының мүшелері 25-ке жетіп, оның 12 қазақ, 5 орыс, 8-і қалған ұлт өкілдерінен тұрды. Бұрынғысынша Одақ мүшелігінде бір ғана әйел болды, ал 1967 жылы Одақ мүшелерінің саны 37 болып, оның 19-ы қазақ, 16-сы қалған ұлт өкілдерінен тұрды. Бұл жылдары композиторлары Одағындағы әйелдердің саны 6-ға өсті. 1969 жылы Қазақстан композиторлары Одағының мүшелері саны 44-ке артып, оның 23-і қазақтар құрады [23].

Шығармашылық Одақтардың ішінде Жазушылар Одағында ғана қазақ ұлтының өкілдері басым болды. Өйткені, европалық үлгідегі қазақ интеллигенциясы қазақ төңкерісіне дейін-ақ қалыптаса бастап, негізінен ақындар мен жазушылардан тұрған еді. Қазан төңкерісінен кейін және Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдықтарында құрамы ақын-жазушылардан, ағартушы-ғалымдардан тұрған ұлттық интеллигенцияның қатары қатай түсті. Ондай қуатты интеллигенция шоғыры Ресей қарамағындағы Түркістан халықтарының ішінде, ол тұста жоқтың. 1937–1938 жылдары, нақ осы Қазақстан жазушылары Одағының мүшелері негізінен репрессияға ұшырағанымен, соғыстан кейінгі жылдары да жазушылар Одағы ғана өзінің негізгі ұлттық құрамын сақтап қалды. Алайда, 1946-1960 жылдары бұл Одақтың сандық көрсеткіші мейлінше жоғары болғанымен, сапалық құрамының жоғары болғанына күмән келтіруге болар еді. Мысалы, ақын Қ. Аманжоловтың айтуынша 1947 жылы Одақ құрамына тіркелген 117 мүшесінің 10-ны ғана белсенділік, нәтижелілік көрсеткен. Тіпті кейде, өмірінде үш қана мәтін жазып, Отан соғысының мүгедегі болғаны үшін ғана жазушылар одағына мүшелікке алынғандар болған [24].

1951 жылы Жазушылар Одағының құрамында Талдықорған облысының үй шаруасындағы әйелі Берсүгірова, 60 жастағы ҚазПИ-дің (қазіргі АлМУ) лаборанты Шәкірзянов, тіпті ешуақытта көркем шығарма жазбаған Хайдаров, Есбатыров, Николич, Никольская, Сүлейменов, Бегішов және тағы басқалар болды. 127 одақ мүшесінің 18-і жасы егде тартқан, қандай да бір болмасын әдеби шығармашылық қабілетінен айырылған адамдардан тұрды. Бұдан кейінгі жылдарда да мұндай практикаға жол беріліп отырды. Мысалы, 1954 жылы Қазақстан жазушылары Одағының 129 мүшесі болғанымен, олардың жартысына жуығы әдеби шығармашылықпен айналысқан жоқ. Қазақстан жазушылар Одағының осы жылғы ұлттық құрамына тоқталар болсақ, 129 Одақ мүшесінің 99-ы қазақ, 25 орыс, қалғандары басқа ұлт өкілдерінен тұрды [25], ал 1966 жылы 242 одақ мүшесінің 151 қазақ, 43 орыс, 12 ұйғыр, 5 еврей, 5 кәріс, 3 татар және 3 украиндық болды.

Біз, жоғарыда Қазақстан жазушылары Одағына мүшелікке қабылдау жұмыстарындағы жіберілген олқылықтарға тоқталдық. Оның өзіндік себептері де жоқ емес. Тоталитаризм жағдайында әрбір шығармашылық Одақ өзінің құрамын көбейтуге тырысатын, бұл одақтың мемлекет пен қоғам алдындағы беделін көтеруге мүмкіндік берсе, екінші жағынан одақтың материалдық жағдайын нығайтуға септігін тигізетін (Мысалы, мүшелікке жарнаның өсуі арқылы). Бұл өз кезегінде одаққа жаңа мүшелерді қабылдау ісінде талаптың төмендеуіне әкеліп соқтырып, Одақтар жұмысының әлсіз жақтарын құрады.

Кеңестік тоталитарлық қоғамдағы шығармашылық Одақтардың ұйымдық құрылымы да большевиктер партиясының, КОКП-ның ұйымдық құрылымы негізінде, қатаң орталықтандырылған үлгіде құрылды. Қазақстан шығармашылық Одақтарының жоғарғы жетекші органы – республикалық съездер болды. Съездер аралығында жылына кем дегенде

2–3 пленумы шақырылды. Ұйымдық және шығармашылық мәселелер бойынша республикалық Одақтар, Бүкіл Одақтық шығармашылық Одақтардың басқармаларына бағынды. Съездерде шығармашылық Одақтардың Басқармалары сайланып, олардың саны шығармашылық Одақтар мүшелерінің жалпы санына сәйкестендірілді. Басқарма, съездер аралығында тұрақты жұмыс істейтін атқарушы орган – Президиумды, кейде секретариатты өзінің мүшелері арасынан тағайындады да, одақтардағы нақты билік көп жағдайларда осы Президиум мүшелерінің қолында қалды.

Мұнымен қатар Шығармашылық Одақтарда көркемдік кеңестер, комиссиялар, шығармашылық секциялар жұмыс істеді. Жарғы бойынша мүшелікке кіруге тілек білдіруші міндетті түрде 1–2 жылдық кандидаттық мерзімнен өтуге тиісті болды. Жалпы жиналыстарда және конференцияларда Одақтың толық мүшелері шешуші дауыс құқын пайдаланды да, Одаққа мүшелікке кандидаттар кеңесші дауысқа ие болды. Бұл, шығармашылық Одақ мүшелерінің арасында өзіндік көлбеу иерархияны тудырды.

Шығармашылық Одақтарда, оларды материалдық-әлеуметтік жағынан қамтамасыз етіп отыратын арнайы қорлар құрылды. Әрбір шығармашылық Одақтың қолары /фондылары/, шығармашылық Одақтардың атымен Музфонд, Әдебифонд, Архфонд, Худфонд, Журфонд және Кинофондылар деп аталынды.

Шығармашылық Одақтардың жұмысында штаттық кесте маңызды рөл атқарады. Жұмыстың сапасы, нәтижесі көп жағдайларда штаттық кестеге байланыстылығы табиғи нәрсе. Сондықтан зерттеп отырған аралығымыздағы Қазақстан Шығармашылық Одақтарының штаттық кестесіне талдау жасау өзін-өзі ақтайды. 1947 жылы Суретшілер Одағының басқару аппаратында 6 адам жұмыс істесе, Сәулетшілер Одағында 1, Композиторлар Одағында 3, Жазушылар Одағында 3 адам жұмыс істеді. 1957 жылы Суретшілер Одағында 8, Сәулетшілер Одағында 1, Композиторлар Одағында 6, Жазушылар Одағында 18 адам штаттық кесте бойынша қызмет етті [26].

60-жылдардан бастап, Шығармашылық Одақтарының штаттық кестесінде баяу да болса, ілгері жылжулар жүрді. 1964 жылы Жазушылар Одағының аппаратында штаттық кесте бойынша 20, Композиторлар Одағында 6, Суретшілер Одағында 9, Сәулетшілер Одағында 3, Журналистер Одағында 4, Кинематографистер Одағында 5 адам жұмыс істеді. 1969 жылы штаттық кесте бойынша жұмыс істеген Жазушылар Одағында 26, Композиторлар Одағында 9, Суретшілер Одағында 14, Сәулетшілер Одағында 6, Журналистер Одағында 5, Кинематографистер Одағында 6 адам болды. Алайда, біздің зерттеуіміз, Қазақстан шығармашылық Одақтарындағы штаттық кестенің өсіп отыруы деңгейінің, шығармашылық Одақтар қажеттерін барлық уақытта толық өтей алмағандығын көрсетеді. Оның дәлелі, 1946-1970 жылдар аралығында, шығармашылық Одақтар басқармаларының төрағалары, жоғарғы инстанциялардан (Министрлер Кеңесінен, мемлекеттік жоспарлау комитетінен, бүкілодақтық мемлекеттік штат комиссияларынан, т.б.), штаттық кестені көбейтуді жыл сайын өтініп, сұранып отырды. Зерттеп отырған жылдар көлемінде бұл мәселе шешімін таппады. Дегенмен аса күрделі тоталитарлық кеңес жағдайында қазақ зиялылары шамашарқының келгенінше туған халқының мәдениетін қорғауға тырысты. Қазақ мәдениеті қайраткерлерінің ментальды, рухани бірлігі сақталынды [27].

### **Қорытынды**

Қорыта келе айтарымыз, тоталитарлық биліктің қазақстандық шығармашылық одақтарға қатысты ұстанған саясатын этнодеформациялаушы фактор ретінде қарастыруға болатындай. «Этнодеформация модернизацияның асқынған түрі. Модернизация қоғамды оң өзгерістерге бастап, ұлттық жаңғыруға түрткі болса, этнодеформация керісінше ұлтты дәстүрлі мәдени-рухани, әлеуметтік-экономикалық және саяси болмысынан ажыратып, эволюциялық даму бағдарын апатты арнаға бұратындығын» [28, 148-б.] негізге алсақ, онда шығармашылық одақтардың өз қызметіне сай барлық мүмкіндіктерін аша алмауының сыры айқындала түседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚРОМА. 1736 – Қазақстан суретшілер Одағының қоры I тізбе. 211-іс. 5 п. 1973 қор. I тізбе. 50-іс. 2 п, 1778 қор. 2-тізбе, 19-іс, 21 п, 1840 – Қазақстан Композиторлар Одағының қоры. 92-іс, 43 п.
2. Қазақстан Совет Суретшілер Одағының уставы. – А., 1940. I бет. Көшірмесі. ҚРОМА. 1736-қор. I тізбе, 55-іс.
3. Бұл да сонда. 3 п.
4. ҚРОМА. 1840-қор. I тізбе, 28-іс, 27 п.
5. Бұл да сонда, 139, 140 п.
6. Мұхамбетова Ә. Қағажу көрген қазақ музыкасы // Жұлдыз. – 1991. – №5. – Б. 155–156.
7. ҚРОМА. 1840-қор. I тізбе. 92-іс.79 п.
8. Бұл да сонда. 82 п.
9. ҚРОМА. 1840-қор. I тізбе. 92-іс. 146 п.
10. ҚРОМА. 1840-қор. 3-тізбе. 19-іс. 9 п.
11. ҚРОМА. 1773 қор. I тізбе, 210-іс. 10 п.
12. Бұл да сонда 283-іс, 1–2 п.
13. ҚРОМА. 1736-қор I тізбе, 211-іс, 5 п, 460-іс, 2 п. 873-іс, 1-8 п.
14. ҚРОМА. 1824 – Қазақстан Журналистер Одағының қоры. 1-тізбе. 2 п. 99-іс, 19 п, 28-іс, 56 п.
15. ҚРОМА. 2128 – Қазақстан Кинематографистер одағының қоры. 1-тізбе. 23-іс.
16. ҚРОМА. 1736-қор I тізбе, 211-іс, 5 п, 460-іс, 3 п. 873-іс. 1-8 пп.
17. ҚРОМА. 2128-қор. 1-тізбе. 23-іс. 215-іс, 224 п.
18. ҚРОМА. 1778-қор. 2-тізбе. 102-іс, 13,16 п. 744-іс, 1 п.
19. ҚРОМА. 2128-қор. 1-тізбе. 102-іс. 4–13 п. 215-іс. 224 п. 237-іс, 1 п.
20. ҚРОМА. 1736-қор. 224-іс. 17, 18 п., 542-іс, 1-7 п., 873-іс, 1-8 п.
21. ҚРОМА. 1773-қор. I тізбе. 45-іс, 1, 2 п., 117-іс. 1,2 п., 298-іс, 76 п.
22. ҚРОМА. 2128-қор. 1-тізбе. 146-іс, 5-7 п., 215-іс, 224 п.
23. ҚРОМА. 1840-қор. I тізбе. 84-іс, 4-49,59 п., 93-іс. 46 п., 266-іс. 4 п., 295-іс. 1 п.
24. ҚРОМА. 1778-қор. 2-тізбе. 19-іс. 25 п.
25. ҚРОМА. 1778-қор. 2-тізбе. 102-іс. 20 п.
26. ҚРОМА. 1736-қор. I тізбе, 255-іс. 3 п., 586-іс. 14 п. ҚРОМА. 1773-қор. I тізбе, 46-іс. 1 п., 136-іс. 21 п., ҚРОМА. 1778-қор. 2-тізбе. 13-іс. 15 п., 177-іс. 16 п., ҚРОМА. 1840-қор. I тізбе. 23-іс. 8 п., 146-іс. 18 п.
27. Темирханова А.С., Мейрбеков Т.П., Садықов Т.С. Академик Манаш Қозыбаев еңбектеріндегі ұлт мәселесі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2019. – №2. – Б. 23–25.
28. Khazretali M. Tursun, Nakan AS, Kanat K. Bazarbaev, Aral Rezhep, Murat Kelesh. Colonial Nature of Public Education as a Factor of Ethnical Deformation // utopía y praxis latinoamericana. año: 23, n° 82 (julio-septiembre), 2018, pp. 147–157.

REFERENCES

1. ҚРОМА . 1736 – Qazaqstan sýretshiler Odaǵynyń qory I tizbe. 211-is. 5 p. 1973 qor. I tizbe. 50-is. 2 p, 1778 qor. 2-tizbe, 19-is, 21 p, 1840 – Qazaqstan Kompozitorlar Odaǵynyń qory. 92-is, 43 p.
2. Qazaqstan Sovet Sýretshiler Odaǵynyń ýstavy. – A., 1940. I bet. Kóshirmesi. QROMA. 1736-qor. I tizbe, 55-is.
3. Bul da sonnda. 3 p.
4. QROMA. 1840-qor. I tizbe, 28-is, 27 p.
5. Bul da sonnda, 139, 140 p.

6. Muhambetova Á. Qaǵajy kórgen qazaq mýzykasy // Juldyz. – 1991. – №5. – B. 155–156.
7. QROMA. 1840-qor. I tizbe. 92-is. 79 p.
8. Bul da sonda. 82 p.
9. QROMA. 1840-qor. I tizbe. 92-is. 146 p.
10. QROMA. 1840-qor. 3-tizbe. 19-is. 9 p.
11. QROMA. 1773 qor. I tizbe, 210-is. 10 p.
12. Bul da sonda 283-is, 1–2 p.
13. KROMA. 1736-qor I tizbe, 211-is, 5 p, 460-is, 2 p. 873-is, 1-8 p.
14. QROMA. 1824 – Qazaqstan Jýrnalister Odaǵynyń qory. 1-tizbe. 2 p. 99-is, 19 p, 28-is, 56 p.
15. QROMA. 2128 – Qazaqstan Kınematografister odaǵynyń qory. 1-tizbe. 23-is.
16. KROMA. 1736-qor I tizbe, 211-is, 5 p, 460-is, 3 p. 873-is. 1-8 pp.
17. QROMA. 2128-qor. 1-tizbe. 23-is. 215-is, 224 p.
18. QROMA. 1778-qor. 2-tizbe. 102-is, 13,16 p. 744-is, 1 p.
19. QROMA. 2128-qor. 1-tizbe. 102-is. 4–13 p. 215-is. 224 p. 237-is, 1 p.
20. QROMA. 1736-qor. 224-is. 17, 18 p., 542-is, 1-7 p., 873-is, 1-8 p.
21. QROMA. 1773-qor. I tizbe. 45-is, 1, 2 p., 117-is. 1,2 p., 298-is, 76 p.
22. QROMA. 2128-qor. 1-tizbe. 146-is, 5-7 p., 215-is, 224 p.
23. QROMA. 1840-qor. I tizbe. 84-is, 4-49, 59 p., 93-is. 46 p., 266-is. 4 p., 295-is. 1 p.
24. QROMA. 1778-qor. 2-tizbe. 19-is. 25 p.
25. QROMA. 1778-qor. 2-tizbe. 102-is. 20 p.
26. KROMA. 1736-qor. I tizbe, 255-is. 3 p., 586-is. 14 p. QROMA. 1773-qor. I tizbe, 46-is. 1 p., 136-is. 21 p., QROMA. 1778-qor. 2-tizbe. 13-is. 15 p., 177-is. 16 p., QROMA. 1840-qor. I tizbe. 23-is. 8 p., 146-is. 18 p.
27. Temırhanova A.S., Meirbekov T.P., Sadyqov T.S. Akademik Manash Qozybaev eńbekterindegi ult máselesi // Iasaýı ýnıversitetiniń habarshysy. –2019. – №2. – B. 23–25.
28. Khazretali M. Tursun, Hakan AS, Kanat K. Bazarbaev, Aral Rezhep, Murat Kelesh. Colonial Nature of Public Education as a Factor of Ethnical Deformation // utopía y praxis latinoamericana. año: 23, n° 82 (julio-septiembre), 2018, pp. 147–157.

Э.У. ЗҰЛПЫХАРОВА<sup>1</sup>, А.Ю. БАЛТАБАЕВА<sup>2✉\*</sup>

<sup>1</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: [elmira.zulpkharova@ayu.edu.kz](mailto:elmira.zulpkharova@ayu.edu.kz)

<sup>2</sup>философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: [alyona.baltabayeva@ayu.edu.kz](mailto:alyona.baltabayeva@ayu.edu.kz),  
<https://orcid.org/0000-0003-3479-1827>

## ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ХАНҚОРҒАН ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ КӨРІНІСІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Мақалада Сайрам ауданының тарихи-мәдени ескерткіші Ханқорған қалашығының орта ғасырлардан Қазақ хандығы тұсы кезеңі аралығындағы көрінісі мен тарихына сипаттама беріліп, қалашықтың зерттелу тарихы қарастырылған.

Сонымен қатар, сонау көнеден жеткен ескерткіштерді зерттей отырып, тарих қоржынын толықтыра түсу мақаланың міндеті болып табылады. Ханқорған қалашығы Арыс өзенінің сол жағалауында орналасқан аттас елді мекенінің (қазіргі атауы Мадани) солтүстік-батыс шетіндегі ортағасырлық қала (Сайрам ауданы, Түркістан облысы). Ол сол жағалау бөлігінің аласау жайылма үстіне өзен аңғарына жақын салынған. Жалпы қазіргі Түркістан облысы аумағының тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін жазбаға түсірген. Бұл мақалада Ханқорған қаласының аз зерттелген тарихи ерекшеліктері қарастырылады.

**Кілт сөздер:** камал, қалашық, зерттеулер, ескерткіштер, мәдени мұра, қорған, Жібек жолы.

**E.U. Zulpykharova<sup>1</sup>, A.Yu. Baltabayeva<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkestan), e-mail: [elmira.zulpkharova@ayu.edu.kz](mailto:elmira.zulpkharova@ayu.edu.kz)

<sup>2</sup>Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkestan), e-mail: [alyona.baltabayeva@ayu.edu.kz](mailto:alyona.baltabayeva@ayu.edu.kz)

## Contemporary Condition, Medieval View and Location of the Great Silk Road City Khankorgan

The article describes the appearance, modern state, and history of the Khankorgan city study – as a cultural monument of the Sairam region of the Middle Ages during the formation of the Kazakh Khanate.

Supplementary, the goal of the article is to fill the gaps in history by studying ancient monuments. Khankorgan is a medieval city (Sairam district of Turkestan region) on the northwestern outskirts of the settlement of the same name (now Madani) on the left bank of the

\* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Зұлпыхарова Э.У., Балтабаева А.Ю. Ұлы Жібек жолы бойындағы Ханқорған қалашығының орта ғасырлардағы көрінісі және қазіргі жағдайы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2020. – №3 (117). – Б. 263–273. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.025>

\* **Cite us correctly:**

Zulpykharova E.Ū., Baltabayeva A.Ūy. Uly Jibek joly boyndaǵy Hanqorǵan qalashyǵynyń orta ǵasyrlardaǵy kórinisi jáne qazirgi jaǵday [Contemporary Condition, Medieval View and Location of the Great Silk Road City Khankorgan] // *Iasayı úniversitetiniń habarshysy*. – 2020. – №3 (117). – B. 263-273. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.025>

Arys river. It is built on a low floodplain on the left bank of the river. In general, it is recorded as a historical, cultural, and architectural monument of the territory of the modern Turkestan region. This article examines some of the little-studied historical features of the Khankorgan.

**Keywords:** castle, city, research, monuments, cultural heritage, mound, Silk Road.

**Э.У. Зулпыхарова<sup>1</sup>, А.Ю. Балтабаева<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>кандидат исторических наук, ассоциированный профессор,  
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: elmira.zulpkharova@ayu.edu.kz*

*<sup>2</sup>кандидат философских наук, ассоциированный профессор,  
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: alyona.baltabayeva@ayu.edu.kz*

### **Средневековый облик и современное состояние города Ханкорган, расположенного на Великом Шелковом пути**

В статье описывается внешний вид, современное состояние и история исследования города Ханкорган – культурного памятника Сайрамского района эпохи средневековья, относимого к периоду становления Казахского ханства.

Кроме того, задача статьи заключается в восполнении пробелов истории путем изучения древних памятников. Ханкорган – средневековый город (Сайрамский район Туркестанской области) на северо-западной окраине одноименного поселения (ныне Мадани) на левом берегу реки Арысь. Он построен в невысокой пойме на левом берегу реки. В целом, он зафиксирован как историко-культурный и архитектурный памятник территории современной Туркестанской области. Данная статья рассматривает некоторые малоизученные исторические особенности города Ханкорган.

**Ключевые слова:** замок, город, исследование, памятники, культурное наследие, курган, Шелковый путь.

#### **Кіріспе**

Тарих тағылымы мынаны үйретеді, кез келген өркениетті елдер өзінің ұлттық тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін, сол елдің көнеден жеткен мәдениеті мен өмір сүру салтын дәріптей отырып, төл тарихын қалыптастыру. Ол үшін ғылыми тұрғыда тиянақты зерттеулер жасалып, тұшымды ойлар айтылу керек.

Ұлы Жібек жолының бір тармағының бойында орналасқан Ханқорған кішігірім қалалардың бірі болып, қалада археологиялық экспедициялар тәуелсіздігімізге дейін аз жүргізілген (А.Н. Подушкиннің басшылығымен), сондықтан да бүгінгі күнде археолог-ғалымдар назарынан тыс қалып, мұртын бұзбаған күйінде, елеусіз жатқан төбеге айналған.

Сайрам ауданы аумағында 60 астам қорғандар мен қала-төбешіктердің орны анықталып, бұл тарихи-мәдени ескерткіштер өзіндік бір ерекшелігі бар, егіншілік пен мал шаруашылығын өзіне біріктірген «Арыс мәдениетіне» біріккен және де біздің зерттеу объектімізге айналған Ханқорған қалашығы дәл осы мәдениеттің бірі екендігіне көз жеткіземіз. Қазіргі таңда Сайрам ауданындағы тарихи-мәдени ескерткіштерді анықтау, ескерткіштердің пайда болу, даму тарихын зерттеу, сол қалалар мен қалашықтардың өмір сүру салтының қандай болғандығын анықтау мақаланың басты мақсатына айналды. Сондай-ақ:

Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Арыс өзені территориясындағы Ханқорған қаласы осы өлкедегі жеке тарихи-географиялық аудан ретінде қарастырылып, оның ортағасырлық қала мен елді мекендерінің осы уақытқа дейінгі зерттелу тарихы бір жүйеге келіп, олардың жалпы саны, тарихи-топографиялық құрылымындағы өзгерістер мен орналасу ерекшеліктеріне қарай топтастырылып, жіктеледі.




Жалпы Ханқорған қалашығының тарихи, мәдени өміріне қатысты тың мәліметтер жинақталып, олардың өзара байланыстары айқындалды.

Бұл ретте, сонау көнеден жеткен ескерткіштерді археологиялық тұрғыдан зерттей отырып, тарих қоржынын толықтыра түсу мақаланың міндеті болып табылады. Сонымен, Ханқорған қалашығы Арыс өзенінің сол жағалауында орналасқан аттас елді мекенінің (қазіргі атауы Мадани) солтүстік-батыс шегіндегі ортағасырлық қала (Сайрам ауданы, Түркістан облысы). Ол сол жағалау бөлігінің аласау жайылма үстіне өзен аңғарына жақын салынған.

### Негізгі бөлім

Синтезированные нами ПАВ значительно снижают величину поверхностного натяжения воды. Так, 0,5%-ные растворы кальциевых солей продуктов опыта №6 обладают поверхностным натяжением: при 20°C – 50,01, а при 40°C – 44,2; натриевых солей – 43,6 и 36,1; аммонийных солей – 44,4 и 37,3 эрг/см<sup>2</sup> соответственно. Близкие значения поверхностной активности натриевых и аммонийных солей и их преимущество по сравнению с кальциевыми солями несомненно обусловлено уменьшением гидрофильности

при переходе от солей одновалентных металлов (и аммония) к солям двухвалентных металлов.

Таблица 3 – Результаты лабораторных опытов по карбонатной флотации фосфоритов Каратау

Реагент	Расход руды, кг/т			Время флотации, мин	Продукты обогащения	Вес после сушки, г	Выход, %	P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> , %		MgO, %		Δα, %
	реагента	керосина	жидкого мыла					содержание	извлечение	содержание	извлечение	
Аммонийная соль продукта конденсации (опыт №6)	9	-	-	4	Карбонатный концентрат	29,4	32,5	20,9	16,7	5,92	71,3	-
					Фосфатный продукт	60,9	67,5	25,7	83,3	1,15	28,7	2,5
					Исходная руда	90,3	100,0	23,2	100,0	2,7	100,0	-
Кальциевая соль того же продукта	2	0,30	-	4	Карбонатный концентрат	21,5	23,4	19,0	16,0	8,2	71,1	-
					Фосфатный продукт	70,0	76,6	25,3	83,5	1,02	28,9	2,1
					Исходная руда	91,5	100,0	23,2	100,0	2,7	100,0	-
Фосфорная кислота (опыты ГИХСа)	10,0	-	-	7	Карбонатный концентрат	-	25,9	14,5	16,2	10,0	63,7	-
					Фосфатный продукт	-	74,1	26,3	83,8	2,0	36,3	3,1
					Исходная руда	-	100,0	23,2	100,0	4,1	100,0	-

Синтезированные реагенты являются хорошими пенообразователями. Максимальная устойчивость пены исследованных растворов, как правило, достигается при концентрации 0,25%, что, очевидно, связано с достижением в этой области критической концентрации мицеллообразования.

Реагенты опытов № 5 и 6 проверялись в качестве флотационного агента по отношению к фосфатным рудам Каратау, лабораторные результаты карбонатной флотации в открытом цикле без очисток приведены в таблице 3. Увеличение содержания фосфорного ангидрида в фосфатном продукте (по сравнению с исходной рудой) обозначено Δα. Для сравнения в таблице даны технологические показатели карбонатной флотации в таких же условиях той же фосфоритной руды, проведенной по разработанному ГИХСом и по принятому на комбинате Каратау режиму, в котором главным реагентом является фосфорная кислота [5].

Судя по данным таблицы 3, аммонийные и кальциевые соли продуктов конденсации опыта №6 обладают хорошими флотационными свойствами. С помощью солей аммония получен фосфатный продукт с содержанием 25,7% P<sub>2</sub>O<sub>5</sub> при его извлечении, равном 83,3%; магниевый показатель удовлетворяет требованиям технологии суперфосфатного производства. Пена обильная, светлая, гасится самостоятельно, без добавления керосина.

При обогащении руды кальциевыми солями получен фосфатный продукт с содержанием 25,3% P<sub>2</sub>O<sub>5</sub> при извлечении 83,5%. Расход реагента составляет всего 2,0 кг/т; пена гасится при добавлении 0,3 кг/т керосина.

Эти величины очень близки к показателям, достигаемым при использовании фосфорной кислоты. Учитывая, что последняя является дорогой и дефицитной, а технология обогащения фосфатных руд с её помощью очень сложна и требует аппаратуру из

легируемых материалов, применение синтезированных реагентов можно считать выгодным и перспективным.

### Выводы

Найдены оптимальные условия конденсации сульфированной нафталиновой фракции (180–240°C) с 40%-ным водным раствором формальдегида. Выяснена химическая природа синтезированных продуктов, которые по своим свойствам напоминают ПАВ типа «некалей».

Показано, что синтезированные продукты обладают хорошо выраженными поверхностно-активными свойствами и флотирующей способностью по отношению к фосфатным рудам Каратау.

### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Фазулзянов, Р.Р. Исследование деэмульгирующих и поверхностных свойств композиционных реагентов для нефтепромыслов / Р.Р. Фазулзянов, А.А. Елпидинский, А.А. Гречухина // Вестник Казанского государственного технологического университета. – 2011. – №10. – С. 169–172.
2. Беллами Л. Инфракрасные спектры сложных молекул. – М.: ИЛ, 1963.
3. Hummel K. Analyse der Tenside. Munchen, Verlag C. Hanser, 1962.
4. Кусаков М.М., Шиманко Н.А., Шишкина М.В. Ультрафиолетовые спектры поглощения ароматических углеводов. – М.: Изд-во АН СССР, 1963.
5. Мтрёмовский Л.И., Баскакова М.И. в сб.: «Обогащение фосфатных руд» // Труды Гос. науч.-исслед. ин-та горнохимич. сырья. – Вып. 8. – М.: Госгортехиздат, 1962. – С. 138.
6. Frank H.-G., Stadelhofer J.W. Industrial Aromatic Chemistry. – Berlin: Springer-Verlag, 1988. – 486 p.
7. Дональдсон Н. Химия и технология соединений нафталинового ряда / Пер. с англ. под ред. А.И. Королева. – М.: Госхимиздат, 1963. – 656 с.
8. Pawelleck D., Behre П., Bonse G. e. a.//Ullmanns Encyklopadie der technischen Chemie. 4-te Aull. B. 17. Weinheim: Verlag Chemie, 1979. – S. 83-41.26. 4d'5. Пат. з.
9. Джилльбсрт Э.Е. Сульфирование органических соединений / Пер. с англ. под ред. А.И. Гершеневича. – М.: Химия, 1969. – 414 с.
10. Cerfontain H. Mechanistic Aspects in Aromatic Sulfonation and Desulfonation. X. Y.: Intersciens Publ. 1968. – 314 p.
11. Багал И.Л., Салов В.В. // Ж-ВХО им. Д.И. Менделеева. 1984. – Т.29. – Вып. 5. – С. 572-577.
12. А. с. 910610 СССР. 1981.//Бюлл. изобр. – 1982. – №9. – С. 82.
13. Effenberger F.//Angew. Chem. 1980. – B. 92. – №3. – S. 147–168.
14. Friedel-Crafts and Related Reactions / Ed. G.A. Olah. N. Y.: Wiley, 1963-1964. – V.1. – 1031 p. – V. 2. – 1362 p. – V. 3. – 1606 p.,.
15. Effenberger F., Sohn E., Epple C.// Chem. Ber. – 1983. B. Mб. – N3. – S. 1195–1208.
16. Sepnanza M., Sparapani C. // J. Am. Chem. Soc. – 1980. – V. 102. – N 9. – P. 3120–3124.
17. Tan LK., Brownstein S. // J. Org. Chem. – 1983. – V. 48. – N3. – P. 302–306.
18. Buckley T.F., Rapoport H. // J. Am. Chem. Soc. – 1980. – V. 102. – N 9. – P. 3056–3062.
19. Olah G.A., Kobayashi S. // Ibid. 1971. – V. 93. – N25. – P. 6964-6967.
20. De Haan F.P., Covey W.D., Delker G.L. e. a.//J. Org. Chem. – 1984. – V.49. – N21. – P. 3953–3963.
21. Ланге, К.Р. Поверхностно-активные вещества: синтез, анализ, применение / К.Р. Ланге; под науч. ред. Л.П. Зайченко. – СПб.: Профессия, 2004. – 240 с., ил.
22. Olah G. AFriedel-Crafts Chemistry. N.Y.: Wiley, 1973. – 581 p.

23. Плохова С.Е., Саттарова Э.Д., Елпиндинский А.А. Изучение влияния анионных и катионных ПАВ на деэмульгирующую эффективность неионогенных ПАВ // Вестник Казанского технологического университета. – 2012. – №16. – С. 39–40.
24. Шилова С.В., Галиуллина Г.Х., Третьякова А.Я., Барабанов В.П. Мицеллообразование анионного ПАВ природного происхождения в водных средах // Вестник технологического университета. – 2015. – Т.18. – №16. – С. 44-46.
25. Лутфуллина Г.Г., Зиннатуллина З.А. О возможности регулирования пенообразующей способности композиций ПАВ // Вестник технологического университета. – 2015. – Т.18. – №15. – С. 197–199.
26. Лутфуллина Г.Г. Исследования влияния ПАВ на основе побочного продукта производства олеиновой кислоты на обезжиривание мехового сырья // Вестник Казанского технологического университета. – 2010. – №1. – С. 268–272.
27. Kumar N., Tyagi R. Characteristic and Application of Anionic Dimeric Surfactants: A Review. Tenside Surfactants: detergents. – 2019. – Том 56. – Выпуск 3. – С. 172–179.
28. Лутфуллина Г.Г. Исследование свойств анионоактивного ПАВ на основе жирных кислот пальмового масла и метанола // Вестник Казанского технологического университета. – 2014. – №22. – С. 99–100.

#### REFERENCES

1. Fazylzianov, R.R. Issledovanie deemylgiryuyih i poverhnostnyh svoystv kompozitsionnyh reagentov dlia neftepromyslov / R.R. Fazylzianov, A.A. Elpidinskiy, A.A. Grechikhina // Vestnik Kazanskogo gosydarstvennogo tehnologicheskogo yuniversityta. – 2011. – №10. – S. 169-172.
2. Bellami L. Infrakrasnye spektry slojnyh molekyl. – M.: IL, 1963.
3. Hummel K. Analyse der Tenside. Munchen, Verlag C. Hanser, 1962.
4. Kysakov M.M., Shimanko N.A., Shishkina M.V. Yltrafioletovye spektry pogloeniya aromaticheskikh yglevodородov. – M.: Izd-vo AN SSSR, 1963.
5. Mtemovskiy L.I., Baskakova M.I. v sb.: «Obogaeniye fosfatnyh ryd» // Trudy Gos. nauch.-issled. in-ta gornohimich. syria. – Vyp. 8. – M.: Gosgortehizdat, 1962. – S. 138.
6. Frank H.-G., Stadelhofer J. W. Industrial Aromatic Chemistry. – Berlin: Springer-Verlag, 1988. – 486 r.
7. Donaldson N. Himiya i tehnologiya soedineniy naftalinovogo riada / Per. s angl. pod red. A.I. Koroleva. – M.: Goshimizdat, 1963. – 656 s.
8. Pawelleck D., Behre P., Bonse G. e. a. // Ullmanns Encyklopadie der technischen Chemie. 4-te Aull. B. 17. Weinheim: Verlag Chemie, 1979. – S. 83–41.26. 4d'5. Pat. z.
9. Djilbrst E.E. Sylfirovaniye organicheskikh soedineniy / Per. s angl. pod red. A.I. Gershenovicha. – M.: Himiya, 1969. – 414 s.
10. Cerfontain N. Mechanistic Aspects in Aromatic Sulfonation and Desulfonation. X. Y.: Intersciens Publ. 1968. – 314 p.
11. Bagal I.L., Salov V.V. // J-VHO im. D.I. Mendeleeva. 1984. – T.29. – Vyp. 5. – S. 572-577.
12. A. s. 910610 SSSR. 1981.//Biyll. izobr. – 1982. – №9. – S. 82.
13. Effenberger F. // Angew. Chem. 1980. – B. 92. – №3. – S. 147–168.
14. Friedel-Crafts and Related Reactions / Ed. G.A. Olah. N. Y.: Wiley, 1963-1964. – V.1. – 1031 p. – V. 2. – 1362 p. – V. 3. – 1606 p.,.
15. Effenberger F., Sohn E., Epple C.// Chem. Ber. – 1983. V. Mb. – N 3. –S. 1195–1208.
16. Sepnanza M., Sparapani C. // J. Am. Chem. Soc. – 1980. –V. 102. – N 9. – P. 3120–3124.
17. Tan LK., Brownstein S. // J. Org. Chem. – 1983. – V. 48. – N3. – P. 302–306.
18. Buckley T.F., Rapoport H. // J. Am. Chem. Soc. – 1980. – V. 102. – N 9. – P. 3056–3062.
19. Olah G.A., Kobayashi S. // Ibid. 1971. – V. 93. – N25. – P. 6964–6967.



20. De Haan F.P., Covey W.D., Delker G.L. e. a. // *J. Org. Chem.* – 1984. – V.49. – N21. – P. 3953-3963.
21. Lange, K.R. Poverhnostno-aktivnye veestva: sintez, analiz, primenenie / K.R. Lange; pod naých. red. L.P. Zaichenko. – SPb.: Professia, 2004. – 240 s., il.
22. Olah G. *Friedel-Crafts Chemistry*. N. Y.: Wiley, 1973. – 581 p.
23. Plohova S.E., Sattarova E.D., Elpindinski A.A. Izýchenie vlianiia anionnyh i kationnyh PAV na deemýlgirýýýýy effektivnost neionogennyh PAV // *Vestnik Kazanskogo tehnologicheskogo ýniversiteta.* – 2012. – №16. – S. 39–40.
24. Shilova S.V., Galýllina G.H., Tretiakova A.Ia., Barabanov V.P. Mitsellobrazovaniia anionnogo PAV prirodnoho proishojdeniia v vodnyh sredah // *Vestnik tehnologicheskogo ýniversiteta.* – 2015. – T.18. – №16. – S. 44–46.
25. Lýtfýllina G.G., Zinnatýllina Z.A. O vozmojnosti regýlirovaniia penoobrazýýeyi sposobnosti kompozitsii PAV // *Vestnik tehnologicheskogo ýniversiteta.* – 2015. – T.18. – №15. – S. 197–199.
26. Lýtfýllina G.G. Issledovaniia vlianiia PAV na osnove pobochnogo prodýkta proizvodstva oleinovoí kisloty na obezjirivanie mehovogo syria // *Vestnik Kazanskogo tehnologicheskogo ýniversiteta.* – 2010. – №1. – S. 268–272.
27. Kumar N., Tyagi R. Characteristic and Application of Anionic Dimeric Surfactants: A Review. *Tenside Surfactants: detergents.* – 2019. – Tom 56. – Vypýsk 3. – S. 172–179.
28. Lýtfýllina G.G. Issledovanie svoistv anionaktivnogo PAV na osnove jurnyh kislót palmovogo masla i metanola // *Vestnik Kazanskogo tehnologicheskogo ýniversiteta.* – 2014. – №22. – S. 99–100.

Д.А. ДИЛЬБАРХАНОВА\*

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы  
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: dana.dilbarhanova@ayu.edu.kz*

## ЕКПЕ ЖАСАУҒА ҚАТЫСТЫ ДІНИ КӨЗҚАРАСТАР МЕН ҰСТАНЫМДАРДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ

Мақалада екпе жасаудың тарихы, бүгіні, болашағы қарастырылып, медициналық көзқарас тұрғысынан сипатталады. Екпе жасатудың артықшылықтары мен кемшін тұстары сараланады. Әлемдік тәжірибедегі және еліміздегі екпеге қатысты мәселелер жайлы сөз қозғалады. Түрлі дін өкілдерінің екпе жасатуға қатысты көзқарастары мен ұстанымдары талданып, ол ұстанымдардың негіздері мен сүйенетін дереккөздері, көздеген мақсаттары мен кедергі ретінде көретін тұстары жайлы талқыланады. Нақты деректер негізінде діндер атынан сөйлей алатын өкілетті тұлғалардың екпе жасатуға қатысты пікірлері, рұқсаттары мен тыйымдарына шолу жасалады. Қазіргі заманғы медицинаның мүмкіндіктерін ойға ала отырып, екпе жасатудың қажетті және маңызды, әрі қауіпсіз қадам екендігі көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** екпе, дін, заң, жеке бас бостандығы, діни сенім еркіндігі, мемлекет.

**D.A. Dilbarhanova**

*Lecturer of Khoja Ahmed Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: dana.dilbarhanova@ayu.edu.kz*

### Comparative Analysis of Views and Principles Regarding Vaccination

The article discusses the history, present, and future of vaccination and it is characterized from a medical point of view. The advantages and disadvantages of vaccination are differentiated. It discusses issues related to vaccination in world practice and in our country and analyzes the views and principles of representatives of different religions on vaccination, the basis and sources on which these principles are based, as well as their goals and sides, which are considered as obstacles. A review of the opinions, permissions and prohibitions of individuals who can speak on behalf of religion regarding vaccination is made based on accurate data. Taking into account the possibilities of modern medicine, it is shown that vaccination is a necessary and important step.

**Keywords:** vaccine, religion, law, individual freedom, freedom of religion, state.

**Д.А. Дильбарханова**

*преподаватель Международного казахско-турецкого университета им. Ходжа Ахмеда Ясауи  
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: dana.dilbarhanova@ayu.edu.kz*

### Сравнительный анализ религиозных взглядов и принципов в отношении вакцинации

\* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Дильбарханова Д.А. Екпе жасауға қатысты діни көзқарастар мен ұстанымдардың салыстырмалы талдауы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2020. – №3 (117). – Б. 330–338. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.030>

\* **Cite us correctly:**

Dilbarhanova D.A. Ekpe jasaýǵa qatysty dini kózqarastar men ustanymdardyń salystyrmaly taldaýy [Comparative Analysis of Views and Principles Regarding Vaccination] // *Iasayı universitetiniń habarshysy*. – 2020. – №3 (117). – B. 330–338. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.030>

В статье рассматриваются история, настоящее, будущее вакцинации, и она характеризуется с медицинской точки зрения. Преимущества и недостатки вакцинации дифференцированы. Обсуждаются вопросы, связанные с вакцинацией в мировой практике и в нашей стране. Анализируются взгляды и принципы представителей различных религий на вакцинацию, основы и источники, на которые опираются эти принципы, а также их цели и стороны, которые рассматриваются в качестве препятствий. Делается обзор на мнения, разрешения и запреты касательные вакцинации лиц, которые могут говорить от имени религии на основе точных данных. Принимая во внимание возможности современной медицины, показано, что вакцинация является необходимым и важным шагом.

**Ключевые слова:** вакцина, религия, закон, свобода личности, свобода вероисповедания, государство.

Адамзат тарихындағы ең алғаш үлкен көлемде екпе жасату оқиғасы Массачусеттегі пірадар Котон Мэйзер шешек ауруына қарсы жергілікті дәрігер көмегімен өзіне және тағы 200 адамға екпе жасатқан кезінде тіркелген болатын. Дәл осы сәттен бастап екпеге қарсы топтар да бой көрсете бастады. Бұдан кейін ағылшындық атақты пірадар Роуланд Хилл (1744–1833) шешек ауруына қарсы вакцинацияны танымал етуші Эдвард Дженнермен жақсы таныстығының арқасында өзі уағыз айтқан елдімекендердің тұрғындарын екпе жасатуға ынталандырған болатын [1, 75-б.]. Ол 1806 жылы әлі көптеген медицина ғылымының өкілдері бұл тәжірибеге қарсы болып, үйренісе алмай жүргенде, осы тақырыпта памфлет жазып шығады [2, 112-б.]. Бірақ барлық дін өкілдерінің екпеге қатысты көзқарастары мұндай бола қойған жоқ. Бостондағы бірқатар пірадарлар 1798 жылы вакцинацияға қарсы қауымдастық құрды. Өзгелері мұны қауіпті деп тауып, екпе жасауға ынталандырушы дәрігерлер адамдарды өлтіруге тырысып жүр деген пікірді ұстанды. Вакцинацияға қарсы шыққан қауымдастықтардың көпшілігі протестанттық бағытты ұстанатын елдерден шығып отырды. Мысал ретінде Англиядағы Квакерлер қауымдастығы мен Швециядағы Баптисттерді келтіруге болады. Ұлыбритания аумағында екпе жасауды реттеуге бағытталған бірқатар жарғылар шығарылып отырды. Ең алғашқысы 1840 жылы шешек ауруына қарсы екпеге тыйым салатын жарғы болды. Ал 1853 жылы жергілікті беделді қауым өкілдерінің талабымен сәбилерге міндетті әрі тегін екпе жасау жайлы жарғы қабылданды. 1871 жылдан бастап екпеден бас тартқан ата-аналарға айыппұл салынып, оны төлегенше түрмеге тоғытылатын болған. Бірақ қоғам қарсылығына ұшыраған бұл ұстаным 1898 жылғы жарғымен өзгертіліп, екпенің тиімді немесе қауіпсіз екендігіне сенбейтін ата-аналарға балаларына екпе жасатудан бас тарта алатын құқық берді.

Екпеге қатысты қоғам пікірі әр түрлі және терең сенімдерді қамтиды. Бұл жағдай түрлі мәдени көзқарастар мен құндылықтар жүйесінің тоғысында пайда болады. Вакцинацияға қатысты негізгі перспективалар жеке құқық және қоғамдық денсаулық тарапынан екпеге қатысты ұстанымдар, түрлі діни қағидалар мен вакцина объектері, вакцинаға қатысты қоғам арасындағы сенімсіздік пен күмән контекстінде сипаттала алады.

Көптеген мемлекеттер өз азаматтарынан белгілі бір иммунизациядан өтуді міндетті түрде талап етеді. Қазақстан Республикасында мектеп жасына жеткен балалар міндетті екпе картасына ие болу керек. Міндетті иммунизацияның тиімділігі, қауіпсіздігі, моралдық тұрғыда дұрыстығы – жеке тұлғаның таңдау еркін құрметтеу және жалпы қоғамның денсаулығын қамтамасыз ету деген екі түрлі мақсат арасындағы қарама-қайшылықтың арасында өзекті тақырыпқа айналған және маңыздылығын жоғалтар емес.

Жеке тұлға құқығы және қоғамдық денсаулықты сақтау арасындағы келіспеушілік АҚШ Жоғары Сотында осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын алғаш талқыланған болатын. Якобсон деген азамат пен Массачусетс билігі арасында болған сотта Кэмбридж қаласының тұрғыны шешек ауруына қарсы екпе жасатудан бас тартады, себебі ол заң оның өз денсаулығына жауап беру құқығына қол сұғып отыр деп шешеді. Сот Якобсонның өтінішін

кері қайтарады. Бұл 1905 жылғы сот шешімі жеке тұлға құқығын қоғамдық денсаулықты сақтаудың алдында шектеуге болатындығын көрсеткен мемлекеттің кейінгі іс-әрекеттер кешеніне де негіз болды [3, 652-653-б.].

Мұндай мәселе қоғамдық денсаулықты сақтау мүмкіндігінше көп адамды қорғап қалуға бағытталғандықтан, десек те қоғам ішіндегі жеке тұлғалар кейде өзге қалаулар мен талаптарға ие болатындықтан бой көрсетеді. Нақты екпе жағдайына қатысты айтар болсақ, мемлекеттік билік өкілдері жалпы халық денсаулығын қамтамасыз ету үшін жеке тұлғалардың құқығы мен қалауын екінші орынға ысырып қояды. Екпе жасатпаған тұлғалар жас балалар үшін, екпе қабылдай алмайтындай медициналық көрсеткіштерге ие тұлғалар үшін, тіпті екпе жасатқан тұлғалар үшін (себебі екпе 100 пайыздық тиімділікке ие емес) жаппай таралған ауру жағдайында үлкен қауіп тудыруы мүмкін. Десек те, екпе жасатудың да тәуекелді талап ететін тұстары бар екендігі жасырын емес. Сол себепті жеке тұлғалар өздерін және балаларын қорғап қала алуға таңдау еркі болғандығын талап етуге толыққанды құқығы бар. Ал мемлекет, өз тарапынан, қоғам қажеттіліктері мен жеке тұлға құқықтары арасындағы тепе-теңдікті сақтауға міндетті. Сондықтан қоғамдық денсаулықты сақтауды көздеушілер екпеге қатысты түрлі әлеуметтік-мәдени және діни ұстанымдарды біліп, құрметтеп, олардың халық арасында және жекеленген тұлғалар санасында қабылдануына және жетістікке ие болуына ықпал ете алуы тиіс.

Кейбір діндер және сенімдер жүйесі екпеге қатысты альтернативті ұстанымдарды ұсынады. Вакцинацияға қатысты діни негіздегі қарсылықтар этикалық дилеммаларға, адам тәні қасиетті және ол химиялық заттардан, жануарлар жасушаларынан ем таппау керек, Құдай тарапынан немесе табиғи жолдармен емделу керек деген кейбір діндердегі ұстанымдарға негізделеді.

Мысал ретінде, Католик шіркеуі екпенің, жеке тұлғаның және қоғамның денсаулығын сақтаудың маңыздылығын мойындағанымен, өз ерушілері, мүмкін болған жағдайда, түрлі жасушаларды құрамына енгізген екпе түрлеріне альтернативті ем-дом жолдарын қарастыруы керек деген ұстанымда [4, 545-б.]. Христиандық ғалымдар вакцинацияға қатысты ресми саясатқа ие болмағанымен, емделу үшін дұға мен жалбарынудың маңызы зор деген көзқарасты ұсынады [5].

Дін тарапынан екпе жасатуға қарсы көзқарастардың бой көрсеткеніне көп бола қойған жоқ. Вакцинацияға қарсы ересектер мен жас балалардың жалпы қоғаммен салыстырғанда үлесі аз болғанымен, олар үнемі ерекше назарға ие болады. Себебі инфекциялық аурулар орын алған жағдайда өте тез таралып, қоғамның басым бөлігін зақымдауы мүмкін [6, 112-б.]. Мысал ретінде, 1990 жылы Филадельфияда қызылша ауруының мектеп балаларының арасында кеңінен белең алуы фундаменталистік шіркеу ерушілерінің өз балаларына екпе жасатудан бас тартып, тек дұға көмегіне жүгінуді жөн көргенінен жүзеге асты [7, 290-б.]. 1994 жылы дәл осындай жағдай вакцинацияға қарсы Христиандық Ғылым қауымдастығының ерушілерінің арасында орын алды. 2005 жылы Индиана штатындағы қызылша ауруының асқынуы екпеге қарсы болған діни қауымдастық ішінде, саяхатқа барып, сол жақтан ауру жұқтырып келген, сосын шіркеудегі жиналыстарға қалмай қатысып жүрген жасөспірім қыздан бастау алады. Осы жағдайлардың негізінде және вакцинацияға қарсы діни ұстанымдардың кең белең алуына байланысты мемлекет нақты іс-шараларды қолға ала бастады.

Азия және Африка аймақтарында екпелерге деген сенімсіздік батыстық қауымдастыққа деген сенімсіздікпен бірге дамып келеді. Отарлау саясатының құрбаны болған қазіргі мемлекеттер екпе жасауды да саяси ойындардың бір бөлігі ретінде қарастырып, өздеріне жасалғалы отырған зиянның алғышарттарының бірі деп түсінеді. Мысалы 1990 жылы Камерунда қоғамдық денсаулық сақтау қызметкерлері әйелдерді бала көтеру қабілетінен айыру үшін арнайы екпелерді жасауды жоспарлап жатқандығы жайлы қауесеттер мемлекеттің халық иммунизациясын жүзеге асыру жайлы жобасының құрдымға кетуіне

себепкер болды [8, 165-б.]. 1999 жылы британдық журналист Эдвард Хупер «Өзен: АИВ/ЖИТС негіздеріне саяхат» атты еңбегінде ЖИТС тудыратын вирус маймылдардан адамдарға полиомиелитке қарсы екпе арқылы келген деп тұжырымдайды. Ол бұл екпенің АИВ-ның маймылдарға тән түрімен ауыратын маймыл жасушаларынан жасалғандығын, содан ол вирустың адамдарға тән кейіпке ауысқандығын жазады. Ғалымдар мен медицина саласының мамандары бұл тұжырымға көптеген қарсы дәлелдер ұсынғанымен, БАҚ өкілдері, жалпы халық Хупердің бұл теориясын назарға алып, жаһандық деңгейде талқылауға дейін жеткізді.

Мұсылман фундаменталистері тарапынан көрініс тапқан діни және саяси қарсылықтар Пәкістан, Ауғанстан, Нигерияда полиомиелит екпесіне қатысты күмән тудырды. Мәселен, оңтүстік Ауғанстандағы жергілікті Талибан қозғалысының өкілдері полиомиелит екпесін мұсылмандарға зиян келтіру және Алланың тағдырына қарсы шығу мақсатында жасалған американдық құрал ретінде сипаттайды. Екпеге қарсылық көптеген қанды оқиғаларға да себепкер болды. 2003 жылы Нигерияда үш түрлі аймақтағы дін көшбасшылары екпелердің ЖИТС тудыратын вирустармен уланғандығы және обыр ауруын тудыратын элементтер құрамдас бөлігі болып табылатындығы жайлы мәлімдеме жасады. Ушыққан мәселе ДДСҰ және ЮНИСЕФ қатысуымен діни және саяси көшбасшылардың арасында орын алған диалог арқылы ғана шешілді. Пәкістанда 2012 жылы бастау алған, Талибан қызметкерлері ұйымдастырған шабуылдарда жетпістен астам медицина мамандары өлтіріліп, полиомиелит екпелерінің қорларына үлкен зақым келтірілді.

Екпеге қатысты түрлі мәдени, діни, саяси көзқарастардың болуы, халық арасындағы күмән мен сенімсіздіктің орын алуы бұл мәселеге жеткілікті мөлшерде назар аударылмай жатқандығының, медицина қызметкерлері мен қарапайым адамдар арасындағы байланыстың күшейтіліп, сауаттандыру, хабардар ету шараларының дұрыс жолға қойылуы қажет екендігінің белгісі болса керек.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында компаративистикалық және герменевтикалық, контент-талдау секілді әдістердің мүмкіндіктерін қолдану арқылы төмендегі бірқатар кең таралған діндердің екпе жасатуға қатысты көзқарастарын қысқаша тұжырымдадық. Сол тұжырымдарға тоқталсақ.

**Буддизм.** 1022–1063 жылдары жазба деректерінде буддист емші екпеге ұқсас емдеу әдісін қолданғандығы жайлы мәлімет келтіріледі. Емші шешек ауруынан пайда болған қабыршақтарды алып, ауырмаған адамдардың мұрын қуысына орналастырған. Он төртінші Далай Лама полиомиелит екпесіне қатысты бағдарламаға белсенді қатысты. Бұл діндегі діни мәтіндер немесе доктриналарда екпеге қарсылық айтылмайды, буддисттік елдердің басым бөлігі екпеге оң көзқарас танытады.

**Христиандық.** Бұл діни сенімдегі шіркеулердің басым бөлігі екпе қолдануға қатысты канондық немесе қасиетті мәтіндік қарсылық келтірмейді. Кейбір бағыттары екпе жасау барысында қолданылатын түсік жасатқаннан кейінгі ұрық қалдықтары жасушаларына қатысты қарсылық білдіргенімен, доктриналық тұрғыда екпеге қарсы тыйым жасалмайды. Христ шіркеуі, Сайентология секілді бағыттар болса, ауру деген шынайы ұғым емес екендігін айтып, әрбір ауруды дұға жасау арқылы жеңуге болатындығына назар аударады. Бірақ тарихта осы шіркеулер ерушілерінің ішінде жұқпалы аурулардың жаппай таралу оқиғаларында шіркеу басшылығының екпе жасатуға келісім бергендігі туралы жағдайлар көптеп кездеседі. Даниялық Реформисттік шіркеуде екпеге қарсылық дәстүрі 1800 жылдары шешек ауруына қарсы екпе жасату басталғалы қалыптасқан. Бұл қарсылық сол кезеңдердегі екпенің сапасына қатысты мәселелерге, сонымен бірге олардың бұл екпе өздерінің құдаймен қарым-қатынасына кері әсерін тигізеді деген тұжырымға негізделеді. Осы қарсылық әсерінен даниялық қоғамда түрлі ауыр аурулардың жаппай таралуы орын алып отырды. Осы шіркеу ерушілерінің арасындағы ең соңғы үлкен жаппай ауыру жағдайы 2013 жылы тіркеліп, 1226 адамның қызылша ауруын жұқтырып, 176 адам аурудан кейінгі түрлі асқынуларға ие болып,

90 адам одан ары пневмониямен ауырып, 66 адам отитпен жалғастырып, 82 адам ауруханаға өте ауыр жағдайда жатқызылғандығы келтіріледі [9].

**Индуизм.** Бұл дін ерушілері өмірге деген құрметті насихаттайтын болғандықтан, адамға ұзақ және салауатты өмір сүру мүмкіндігін сыйлайтын барлық жаңа технологияларға құрметпен қарайды. Бұл дін ерушілері тарапынан екпеге қарсылық көрсетілген емес. Сиырға деген құрмет, оның етін жемейтіндігіне қарамастан екпенің құрамындағы жануар тектес жасушалардың болуы да олардың тарапынан ешбір қарсылық тудырып отырған жоқ.

**Ислам.** Мұсылмандарға шошқа етін жеуге тыйым салынған. Бірақ көпшілік ғалымдар екпеге қатысты «қажеттілік заңдылығына» сай үкім береді, яғни ислам құқығы бойынша «Қажеттілік тыйым салынған нәрсені рұқсат етілгенге айналдырады». Ислам ғұламалары және мұсылман дәрігерлер қауіп жоғары болып тұрған жағдайда, ауру дендеп бара жатқан кезеңде екпе жасатудың тіпті міндетті екендігін айтады. Ислам екпеге қарсылық танытпақ түгіл, оны жасатуды көп жағдайда құптайды да.

**Жайнизм.** Аз ғана мемлекеттерде таралған, ерушілерінің саны да аз бұл діннің екпеге деген көзқарасы олардың діни ұстанымдарына негізделеді. Ешбір тірі ағзаға зиян келтірмеуді насихаттайтын жайнизм өкілдері микроағзаларды өлтіріп алуға қауіптеніп тіпті антибиотиктерді де қабылдаудан бас тартады. Десек те, адамның өміріне қауіп төніп тұрған қатерлі жағдайларда (мәселен, жабайы аңдар шабуылы кезінде, жұқпалы аурулар тарап жатқанда) қолда бар мүмкіндіктерді пайдалануға тыйым салынбайды. Сол себепті бұл дін тарапынан екпе жасатуға қарсылық көрсетілген емес.

**Иегова куәгерлері.** Бұл шіркеу өз ерушілеріне қан құйдыруға, алмастыруға, қанның кез келген құрамдас бөліктерін (қызыл қан жасушалары, плазма) емдік мақсатта қолдануға тыйым салады. Қанды қолдану өз құдайларының заңдарына қарсы шығу деп ұғындырады. 1920–1940 жылдары шіркеу өздерінің адам қанына қатысты доктриналарына негізделіп отырып екпеге қарсы шықты. 1950 жылдардан бастап екпеге қатысты бейтарап көзқарасты ұстанса, 1990 жылдары екпенің клиникалық қуаты мен күшіне әбден көздері жеткендіктен, қарсылық танытуын қойды.

**Иудаизм.** Иудейлер денсаулықты сақтауға көмек беретін барлық әрекеттерге қолдау білдіреді. Әрине, бұл қатарға екпе жасату да қосылады. Сонымен бірге иудаизм жеке адамның емес, жалпы қоғамның саулығын бірінші кезекке қояды. Ал жаппай екпе жасау – қоғам саулығының кепілі. 1850 жылы танымал раввин Исроель Лишпутц Эдвард Дженнерді шешек ауруына қарсы екпені жасап шығу бағытында жасаған еңбегі үшін «дұрыс жолдағы өзге дін өкілі» деп сипаттаған. Екпе жасату бәріне қол жетімді болмаған бұрынғы кездері ортодоксалды раввиндер Шаббат күнгі тыйымдарды да жеңілдетіп берген. Иудейлерге де шошқа етін жеуге тыйым салынғандықтан, екпені жасатуға да қарсы келуі керек қой деген заңды тұжырым туындайды. Десек те, иудей ғалымдары бұл тыйымның шошқа етін ауызбен жеуге қатысты екендігін айтып, екпе құрамында болған жағдайда, мәселе туындамайтындығын түсіндіреді. Иудей екпеге қарсы шығушылар жалпы дін атынан, дін доктриналарына негізделіп емес, кейбір екпелердің қауіптілігі тұрғысынан сөйлеп жатыр деп қабылдауға болады.

**Соңғы күн әулиелері шіркеуі (Мормондар).** Бұл шіркеу балалар арасында алдын алуға болатын дерттердің тарап кетуін болдырмау үшін екпені қолдайтындығын анық айтты. Осы бірлестік ілімін таратушылар әлемнің түрлі мемлекеттеріне жіберілетіндіктен барлығы толыққанды қажетті екпелермен қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге олар екпені өздерінің гуманитарлық бағдарламасының ресми бөлігі ретінде белгілеген [10].

**Сикхизм.** Үнді түбегінде пайда болған әлемнің ерушілері саны бойынша бесінші үлкен діни сикхизм екпеге қатысты қандай да бір ережелер ұсынбайды. Статистикалық зерттеулер сикхтар балаларына жиі, тұрақты түрде екпе жасататындығын көрсетеді.

Біз жоғарыда әлем халықтары арасында кеңінен таралаған діни дәстүрлердің екпеге қатысты көзқарастарына жалпылама тоқталып өттік. Даниялық реформисттік шіркеуден

басқа діндердің ешбірі екпеге қатысты қатаң қарсылық пен тыйым салу ұсынбайды. Екпеге қарсылық білдірушілер тек өз тараптарынан, өз қызығушылықтарынан пікір білдіріп жатқандығын ескеруіміз керек. Исламда «Алла шипасыз дерт жаратпайды» деген түсінік бар. Канададағы Торонто Ислам институтының оқытушысы, ислам ғалымы Ахмад Құтты былай дейді: «Мүмкін болған немесе болашақ ауруларға қатысты екпе жасату біздің ғайыпқа деген иманымызға әсер етпейді. Сенушілер ретінде біз ғайыптың тек Аллаға аян екенін мойындаймыз. Сонымен қатар ислам біз өзімізді жағдаяттар мен мүмкін болған зияндарға өзіміздің жаратылыстағы Алланың заңдылықтарын қалай түсінетіндігімізге байланысты дайындауымыз керек екендігін түсіндіреді. Сол себепті мүмкін болған зиянның немесе аурудың алдын алу үшін Шариғат шеңберінде сақтық шараларын қолдануға мүмкіндік береді. Әлдекім әлі де сенімді болмайтын болса, біз Жүсіп пайғамбардың тарихына назар аудар аламыз. Ол болашақта орын алуы мүмкін қиындықтарға алдын ала дайындалып, дана және жан-жақты қаралған стратегияларды жасап шығады».

Адамзат екпе арқылы алдын алуға болатын ауруларға қарсы екпе салдыру тәжірибесі басталғалы екпеден бас тартуды қойған емес. Бас тартуға негіз болар себептерді басты үш категорияға топтастыруға болады:

- Медициналық негізде бас тарту: екпе компоненттеріне аллергия болу, иммундық жүйедегі ақаулар;
- Діни негізде бас тарту: өз ерушілеріне екпе жасауға тыйым салатын жүйеленген құрылымға ие діндер талаптарына қарсы шықпау;
- Философиялық негізде бас тарту: жеке сенім, тұжырым бойынша.

Екпеге абсолютті тұрғыда қарсы діндердің қатарына тек қана сенім емдейді деген көзқарасты ұстанатын Ақырзаман министрлері, Сенім ассамблеясы, Алғашқы ғасыр Інжілі шіркеуі секілді шағын христиандық шіркеулерді жатқыза аламыз. Ал кейбір діни топтар дін доктриналары қарсылық білдірмегенімен жеке пікір, саяси не әлеуметтік ұстанымдар мен мәселелер негізінде екпе жасатуға қарсы шығып жатады.

Жалпы діндердің көпшілігі екпені жақтайтын көзқарасты ұстанады. Мәселен, католиктер дінін тарихи жағдаяттарға байланысты екпеге қарсы дін ретінде тану стереотипі қалыптасқанымен, ресми Католик Шіркеуі балалардың немесе жалпы халықтың денсаулығына қауіп төніп тұрған жағдайда тіпті жасанды түсік өнімдерінің жасушаларынан жасалған екпелерді қолдану дін доктриналарына қарсы келмейтіндігін айтады. Ватикан екпе құрамында католиктік ұстанымдарға қарсы құрамдас бөліктер кездесер болса, оған баламалы шешім мен жол қарастыру керек екендігін, бірақ мүмкін болмаған жағдайда Фома Аквинскийдің «екі еселенген әсер» ұстанымын негізге ала отырып, екпеден бас тартпау керектігін жариялайды [11]. Иегова куәгерлері де екпеге қарсы діни бірлестік ретінде танылғанымен, 1952 жылы екпе жасатудың Сандар кітабы 17-тараудың 10–14 аяқтарында келген құдай бұйрығына қарсы емес екендігін жариялады. Иудаизм ұстанушыларының арасында көптеген екпелер құрамында шошқа еті не майы элементтері, желатин компоненттері болатындықтан, бұл олардың діни ұстанымдарына сәйкес келмей, екпе жасатудан бас тарту керек деген тұжырым қалыптасқан. Бірақ екпені қолдану мәселесі Галаха заңнамаларының құрамында медициналық ережелерге сай талданып, иудейлік дінбасылар екпе жасатудың еш әбестегі жоқ екендігін түсіндіруге тырысуда. Мұсылман көшбасшылары, имамдар екпе жасатудың ислами ұстанымдарға қайшы келмейтіндігін түсіндіруде. Ал индуизмнің ешбір тармағы екпеге қарсылық көрсеткен емес. Индуизм кеңінен таралған Непал, Үндістан аймақтарында екпе жасату көрсеткіштері өте жоғары деңгейде.

Екпе мәселесі соңғы кездері жалпы әлемде, біздің елімізде де кеңінен талқыланып жатқан сұрақтардың бірі. Ата-аналар балаларына екпе жасатудан бас тартуының түрлі себептерін келтіріп, өз ұстанымдарын ғылыми, діни, дүниетанымдық тұрғыдан дәлелдеуге тырысуда.

Екпе жайлы сұрақтың соншалықты өзекті болып кетуіне не себеп болып отыр? Ең алдымен бұл мәселені тек діндар адамдар емес, діннен мүлдем алыс адамдар да әлемнің әр түкпірінде көтеріп жатқандығын ескеруіміз керек. Бірақ діни сенім жүйесі мәнмәтінінде, әлем назары діни жағдайға, мәселеге байланып отырған уақытта бұл сұрақ өте өзекті және айқын болып көзге түседі. Екпеден бас тартудың ең алғашқы және негізгі себебі ретінде біз ақпараттың қолжетімділігін көрсете аламыз. Технологиялар дамып, әрбір азамат ғаламтор желісіне қосылып, бұрындары жабық, талқыланбайтын болып келген мәселелер жайлы мәлімет ала бастағалы адам өз өмірінің ең маңызды қырлары – денсаулығы мен салауатты өмірді қамтамасыз ету жайлы тереңінен, басқаша ойлана бастады. Міне осы себепті ғаламторды пайдаланушылар арасында (ал олардың қатарында сіз бен біз толық бармыз) екпе жасату-жасатпау мәселесі танымал болып, қайта-қайта бас көтеріп отыр.

Медицина мамандарының басым көпшілігі екпенің тиімділігін ғылыми тұжырымдар мен фактілерге, медициналық көрсеткіштерге сүйене отырып дәлелдеуге тырысады. Ал екпеге қарсылық танытушылар да өз кезегінде қолда бар ақпараттар, нақты жағдаяттар негізінде екпенің зиянды тұстары мен жағымсыз әсерлерін әшкерелеуге барын салады. Десек те, екпенің зияны жайлы тұжырымдардың көпшілігі ғылыми негіздерге сүйенбеген, қарапайым стереотиптер мен қате түсініктерге сай қалыптасқан болып шығады.

Уақыт өте келе екпе жасату мәселесі діни кейіпке ене бастады. Әлемдегі дінге қатысты қалыптасып отырған көзқарас пен ұстанымдар, саясаттар жиынтығын еске алар болсақ, бұл мүлдем таңданарлық жағдай емес. Қазіргі кезеңде діни реңк берілмейтін мәселе кемде-кем. Екпе жасату да медициналық таңдау, шешім аясынан шығып, діни ұстанымдарға байланған күрделі мәселе ретінде қарастырылып жүр. Жоғарыда берілген ақпараттарға сәйкес ешбір әлемдік не дәстүрлі дін өз ерушілерінің денсаулығын сақтау, жақсарту амалдарына тыйым салмайтындығы жайлы тұжырым жасай аламыз. Мәселен, ислам денсаулықты «Жаратушының берген аманаты» ретінде бағалап, оны сақтауға, ұқыптылықпен қарап, барынша аялауға үндейді. Осы себепті исламда екпеге қатысты тікелей тыйым жоқ. Мұның негізгі себебі – Пайғамбар заманында мұндай мәселенің бой көрсетпеуі. Бірақ екі тараптың да, яғни екпені жақтаушылар мен даттаушылардың, апологеттері осы мәселеге жанама түрде болсын қатысы бар діни мәтіндерді негізге ала отырып, өз тыңдаушыларын сендіруге тырысады. Ислам шариғатында жалпы екпені қолдануға мүлдем тыйым салатын нақты пәтуа жоқ. Осы ақпарат негізінде қазіргі мұсылмандар арасындағы екпеге қарсылық діни ұстанымдармен емес, қоғамдағы екіұдай пікірлермен мотивацияланады деген тұжырым шығара аламыз.

Исламды мемлекеттік дін ретінде жариялаған елдердің өзінде вакцинация тыйым салыну былай тұрсын, міндетті негізде жүзеге асырылатын үдеріс болып табылады. Сауд Арабиясы аумағында орналасқан мұсылмандардың басты қасиетті орны Мекке қаласында қажылығын өтеу үшін мұсылмандардан міндетті екпелердің боуы талап етіледі. Осының өзі екпенің ислам дүниетанымында харам не күнәлі іс емес екендігіне айқын дәлел бола алады.

Қазақстанда ресми мойындалатын тағы бір дін – Православиелік христиандықта да екпеге қатысты осы тектес ұстаным ұсынылады. Шіркеу қызметкерлері денсаулықтың маңыздылығын ескерте отырып, дін ұстанушыларды саналы шешім қабылдауға шақырады.

Ескере кету керек жайт – екпе жасату не жасатпау діни емес, қоғамдық мәселе. Балаларына, өздеріне екпе жасатудан бас тартқан ата-аналар қоғамдық өмірдің толыққанды қатысушысы болу барысында бірқатар кедергілерге кез болуы мүмкін. Мәселен, 2019 жылы елімізде екпе жасатудан 17 мың адам бас тартып, қоғамда алаңдаушылық тудырды. Осы жылы ҚР «Білім туралы» заңына мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне екпе жасатпаған балаларды қабылдамау жайлы түзету енгізілді. Қоғаммен араласудың ең алғашқы кезеңінен бастап баланың міндетті екпелері болуы талап етіліп отыр. Бұл талап өмірдің әрбір кезеңінде күшейіп, қатаңдана түседі. Сондықтан қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін бала ата-анасы ол дүниеге келгеннен бастап саналы таңдау жасай алу керек.



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша екпе жасау арқылы жыл сайын әлемде 3 миллионға жуық бала өмірін сақтап қалуға мүмкіндік туады. Ал екпеден бас тартушылардың көбеюі қызылша секілді мүлдем жойылып кетуге жақын қалған аурулардың халық арасында қайта белең алуының басты себебі болып отыр. Мысалы Ұлыбританияда 1997 жылы 91,5 пайыз балаға екпе жасалып, 1998 жылы қызылшамен ауырғандар саны 56 ғана бала болса, 2004 жылы 79,9 пайыз ғана балаға екпе салынып, 2006 жылы 740, 2008 жылы 1370 бала осы ауруға шалдықты [12]. Бұл Еуропадағы көптеген мемлекеттерге ортақ жағдай сипаттамасы болып отыр. Қазақстан үшін де бұл жағдай таңсық емес. 2019 жылы осы дерттен біздің елімізде 21 адам көз жұмып, 2018 жылғы 600 адамдық көрсеткіштен 2019 жылы 13 мың адамға жетіп, өсім 20 есе болып отыр [13].

Жалпы әлемдік ғылым екпенің пайдалы тұстарын әлдеқашан сан түрлі қырынан зерттеп, дәлелдеп қойған. Екпе жасатудың арқасында адамзат тарихының түрлі кезеңдерінде бой көрсеткен аурулар жеңіліске ұшырап, қазір тек тарихи дерек күйінде ғана бізге танылып отыр. Сондықтан екпе жасату, оған деген позитивті көзқарасты қалыптастыру – өркениетті, дамыған елдің бір сипатына айналған. Қазақстанда соңғы жеті жылда жұқпалы аурулардың алдын алуға қатысты іс-шараларға бөлінетін қаржы 12 есеге дейін өсіп, жағдайға байланысты үнемі толықтырылып отырады. Өткен жылғы қызылша ауруының өршуіне байланысты мемлекеттік бюджет қосымша 580 миллион теңге бөліп, екпе жасау аясы мен аудиториясын кеңейте түсті. Екпе балаларға елімізде тегін жасалатыны да назар аударарлық жайт. Ұсынылған деректер мен ақпараттар, талдаулар негізінде екпе еліміздің, халқымыздың денсаулығы мен салауатты өмірінің ажырамас бөлігі әрі тікелей әсер етуші фактор ретінде саналы көзқарас пен дұрыс тандауды, қарым-қатынасты талап ететін маңызды мәселе екендігін назарға ала отырып, тәні сау болғандықтан жаны да сау болар қоғам құруға бірлесе үлес қосу керек деген тұжырым жасай аламыз.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Bazin H. (19 January 2000). The eradication of smallpox: Edward Jenner and the first and only eradication of a human infectious disease. Academic Press. – P. 75.
2. Ian Glynn; Jenifer Glynn (30 August 2004). The Life and Death of Smallpox. Cambridge University Press. – P. 112.
3. Parment, W.E., Goodman R.A, Farber A. Individual rights versus the public's health – 100 years after Jacobson v. Massachusetts. N Engl J Med. – 2005; 352: 652-653.
4. Moral reflections on vaccines derived from cells derived from aborted fetuses. The National Catholic Bioethics Quarterly. 2006; 6: 541-549.
5. URL: <http://christianscience.com/what-is-christian-science>. Christian Science. Accessed 01/10/2019.
6. Aspinwall, T.J. Religious exemptions to childhood immunization statutes: Reaching for a more optimal balance between religious freedom and public health. Loyola Univ Chicago Law J. 1997; 29:109-39.
7. Rodgers, D.V., Gindler, J.S., Atkinson, W.L., Markowitz, L.E. High attack rates and case fatality during a measles outbreak in groups with religious exemption to vaccination. Pediatr Infect Dis J. 1993; 12:288-92.
8. Savelsberg, P.F., Ndonko, F.T., Schmidt-Ehry, B. Sterilizing vaccines or the politics of the womb: Retrospective study of a rumor in the Cameroon. *Medical Anthropology Quarterly*. 2000; 14:159–179.
9. Grabenstein JD. What the world's religions teach, applied to vaccines and immune globulins. *Vaccine*. 2013 Apr 12;31(16):2011-23. doi: 10.1016/j.vaccine.2013.02.026. Epub 2013 Feb 26. PubMed PMID: 23499565.
10. URL:<http://www.lds.org/church/news/church-makes-immunizations-an-official-initiative-provides-social-mobilization>: The Church of Jesus Christ of Latter-day Saints.

11. URL:<https://web.archive.org/web/20060507072740/http://www.academiavita.org/template.jsp?sez=Documenti&pag=testo%2Fvacc%2Fvacc&lang=english>. Pontifical Academy for Life (2005). «Moral reflections on vaccines prepared from cells derived from aborted human foetuses». *Medicina e Morale*. Center for Bioethics, Catholic University of the Sacred Heart. Archived from the original on 2006-05-07.
12. URL: <https://informburo.kz/cards/zachem-nuzhna-vakcinaciya-i-pochemu-otkazyvatsya-ot-privivok-slishkom-opasno.html>. А. Горбунова: Зачем нужна вакцинация и почему отказываться от прививок слишком опасно?
13. URL:<https://zonakz.net/2020/01/23/v-kazaxstane-vydeleny-dve-gruppy-riska-kotorym-rokazana-vakcinaciya-protiv-kori/> В. Радионов: В Казахстане выделены две группы риска, которым показана вакцинация против кори.

А.Е. ТАЖИЕВА<sup>1</sup>, Н.А. АБИЛКАЙЫР<sup>2</sup>✉\*

<sup>1</sup>доктор медицинских наук, профессор

Городская поликлиника №17 г. Алматы (Казахстан, г. Алматы)

<sup>2</sup>PhD докторант, Высшая школа общественного здравоохранения г. Алматы  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: [abilkaiyr.nazerke@gmail.com](mailto:abilkaiyr.nazerke@gmail.com)

## СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕХАНИЗМА ОКАЗАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ В ОБЛАСТИ ПЕРВИЧНОЙ МЕДИКО-САНИТАРНОЙ ПОМОЩИ

В статье исследованы особенности оказания государственных услуг в сфере первичной медико-санитарной помощи в целом, а также проведен подробный анализ действующего в Казахстане механизма оказания государственных услуг в здравоохранении. Исходя из выявленных недостатков, предложены пути их решения. Разработанные рекомендации в рамках данного исследования могут способствовать формированию действенной институционально-правовой основы для функционирования эффективной модели здравоохранения Казахстана, способной в полной мере удовлетворять запросы населения.

**Ключевые слова:** первичная медико-санитарная помощь, государственные услуги в здравоохранении, качество медицинских услуг.

А.Е. Тажиева<sup>1</sup>, Н.А. Абилкайыр<sup>2</sup>

<sup>1</sup>медицина ғылымдарының докторы, профессор

Алматы қ. №17 қалалық емханасы (Қазақстан, Алматы қ.)

<sup>2</sup>PhD докторант, Алматы қ. Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: [abilkaiyr.nazerke@gmail.com](mailto:abilkaiyr.nazerke@gmail.com)

## Алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету тетіктерін жетілдіру

Мақалада алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем саласында мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы ерекшеліктері зерттеліп, Қазақстандағы денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызмет көрсетудің қолданыстағы тетігіне толық талдау жасалған. Анықталған кемшіліктерге сәйкес оларды шешу жолдары ұсынылған. Зерттеу аясында әзірленген ұсыныстар Қазақстан тұрғындарының мұқтаждықтарын толық қанағаттандыруға қабілетті болатын тиімді денсаулық сақтау үлгісінің мықты институционалдық-құқықтық негізін қалыптастыруға ықпалын тигізуі мүмкін.

**Кілт сөздер:** алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем, денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызметтер, медициналық қызметтер сапасы.

### \* Цитируйте нас правильно:

Тажиева А.Е., Абилкайыр Н.А. Совершенствование механизма оказания государственных услуг в области первичной медико-санитарной помощи // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2020. – №3 (117). – Б. 339–349. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.031>

### \* Cite us correctly:

Tajieva A.E., Abilkaiyr N.A. Sovershenstvovanie mehanizma okazaniia gosydarstvennyh uslyg v oblasti pervichnoi mediko-sanitarnoi pomoi [Improvement of the Mechanism of Providing Public Services in the Field of Primary Health Care] // *Iasaуi yniuersitetiniñ habarshysy*. – 2020. – №3 (117). – B. 339–349. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.031>

**A.E. Tazhieva<sup>1</sup>, N.A. Abilkayyr<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>Doctor of Medical Sciences, Professor*

*City Polyclinic No. 17 in Almaty (Kazakhstan, Almaty)*

*<sup>2</sup>PhD Doctoral Student, Higher School of Public Health in Almaty  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: abilkayyr.nazerke@gmail.com*

### **Improvement of the Mechanism of Providing Public Services in the Field of Primary Health Care**

The article examines the features of the provision of public services in the field of primary health care in general, as well as a detailed analysis of the existing mechanism for the provision of public services in health care in Kazakhstan. Based on the identified shortcomings, the ways of their solution are proposed. The recommendations developed within the framework of this study can contribute to the formation of effective institutional and legal basis for the functioning of an effective model of health care in Kazakhstan, capable of fully satisfying the needs of the population.

**Keywords:** primary health care, public health services, quality of medical services.

**Введение.** Улучшение показателей деятельности системы здравоохранения находится в числе главных приоритетов Республики Казахстан. На протяжении ряда последних лет были предприняты радикальные меры по модернизации действующей системы здравоохранения, цели, приоритеты и меры были отражены в соответствующих программных и плановых документах. В число основных из них входят Государственная программа реформирования и развития здравоохранения «Саламатты Қазақстан» на 2011–2015 годы и Государственная программа развития здравоохранения Республики Казахстан «Денсаулық» на 2016–2019 годы, которые призваны вывести отечественное здравоохранение на качественно новый уровень [1; 2]. Реформам была подвергнута также сфера первичной медико-санитарной помощи (ПМСП). Однако несмотря на предпринимаемые меры по повышению доступности и улучшению качества услуг в данной сфере, действующий механизм оказания государственных услуг в сфере ПМСП требуют дальнейшей проработки и научного осмысления в целях его совершенствования.

**Результаты и обсуждение.** Одним из главных приоритетов развития отечественного здравоохранения является повышение качества и доступности ПМСП. В последние годы открыто 1963 новых участков врачей общей практики (ВОП) и 208 участков педиатрии. Их количество в 2018 году составило 2267 и 2058 соответственно. В результате врачебная нагрузка на одного ВОП в 2018 году снижена до 1773 человека против 2074 человека в 2016 году [3].

В 2018 году были утверждены Основные направления развития первичной медико-санитарной помощи на 2018–2022 годы (далее – Основные направления развития). В них было отмечено, что в ближайшей перспективе ПМСП «станет центральным звеном в системе организации оказания медицинской помощи населению с изменением ее взаимодействия с горизонтальными (амбулаторно-поликлинические) и вертикальными (психиатрическая, наркологическая, противотуберкулезная, онкологическая и другие) профильными службами» [4].

Значительная работа проведена по внедрению прогрессивных форм взаимодействия с населением, имеющим хронические неинфекционные заболевания, в число которых входят программы управления заболеваниями (ПУЗ). В мировой практике они получили известность под названием *disease management*, что дословно переводится как управление болезнью. Сущность данного подхода заключается в том, что пациент берет на себя обязательства стать активным участником в процессе профилактики и лечения, существующих у него хронических неинфекционных заболеваний. Необходимость внедрения ПУЗ обусловлена тем, что по данным ВОЗ смертность от хронических

неинфекционных заболеваний составляет в мире порядка 70%, а в Европейском регионе 86% [5; 6]. Широкий охват населения ПУЗ позволяет заметно улучшить качество жизни тех групп населения, которые страдают хроническими инфекционными заболеваниями. Мировая практика свидетельствует, что успешная реализация ПУЗ способствует выявлению заболеваний на ранней стадии и принятию эффективных мер, препятствующих их прогрессированию. В результате этого удастся добиться снижения числа обострений, осложнений и числа вызовов скорой медицинской помощи, а также уменьшение вызовов врача на дом.

В настоящее время разработана и утверждена Государственная программа развития здравоохранения Республики Казахстан на 2020–2025 годы (Госпрограмма-2025). Основные цели заключаются в повышении качества медицинской помощи и формирования у населения нашей страны приверженности к здоровому образу жизни за счет устойчивого развития системы здравоохранения. В результате реализации мер, предусмотренных Госпрограммой-2025, предполагается достичь роста следующих показателей:

- ожидаемой продолжительности жизни граждан до 75 лет;
